

**РУХАНИ
ЖАҢГЫРУ**



З. С. ТАЙШЫБАЙ

БАБАДАН ҚАЛҒАН БАЙТАҒЫМ

1 том

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М.Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

3. С. ТАЙШЫБАЙ

БАБАДАН ҚАЛҒАН БАЙТАҒЫМ

1 том

*5B050400 «Журналистика»
мамандығының студенттері үшін
оку-әдістемелік құралы*

**Петропавл
2018**

ӘОЖ 398(075.8)

ББК 63.5я73

Т 14

*M. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен шыгарылады
(21.02.2017 ж. №8 хаттама)*

Рецензенттер:

«Қазақстан-Петропавл» телеарнасының директоры, журналистика
магистрі Е. Б. Тоқшылық,

СҚО мемлекеттік архивінің директоры, т.ғ.к. С. З. Мәлікова

Тайшыбай З. С.

Т 14 Бабадан қалған байтағым: 5B050400 «Журналистика»
мамандығының студенттері үшін оқу-әдістемелік құралы /
З.С. Тайшыбай. Екінші басылым. - Петропавл: М. Қозыбаев
атындағы СҚМУ, 2018.

ISBN 978-601-223-044-4

Т. 1. - 2017. - 252 б.

ISBN 978-601-223-045-1

«Бабадан қалған байтағым» (1-2 бөлім) оқу-әдістемелік құралы
халықтың салт-дәстүрлері мен тіршілік дағдыларынан, мәдениеті мен
әдебиетінен мәліметтерді студенттер «Қазақ журналистикасының тарихы»
пәнінде пайдалана алады.

Оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындарының оқытушыларына,
магистранттарга, студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналған.

ӘОЖ 398(075.8)

ББК 63.5я73

© Тайшыбай З.С., 2018

© М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018

ISBN 978-601-223-045-1 (т.1)

ISBN 978-601-223-044-4 (орт.)

*M. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың сапа менеджменті жүйесі
ISO 9001:2015 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталған*

АБЫЛАЙ ХАНГА БАРАР ЖОЛДА

Қазақ топырағына абылайтанудың алғашқы соқпағын салған Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Орыс энциклопедиясы үшін жазып берген «Абылай» деген шағын мақаласында жас ғалым тұңғыш рет өз атасы Абылайдың қазақ тарихындағы орнын анықтап, келешектегі абылайтанушылардың көңіл аударатын бағдарларын белгілеп берді. Баспа жүзінде бұл еңбек Шоқан шығармалары жинағынан және Шоқан туралы замандастарының естеліктерінен құрастырылған «Записки Русского Императорского географического общества по отделению этнографии. том XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. Изданы под редакциею д.ч. Н.И. Веселовского. С.-Петербург Типография Главного управления Уделов. Моховая, 40. 1904.» деген кітаптың 1-7-беттерінде орыс тілінде басылып шықты. Төменде сол мақаланың Зарқын Тайшыбай қазақшалаған нұсқасын беріп отырмыз.

«Шоқан Уәлиханов және абылайтану мәселелері» деген зерттеу осы мәтіннің негізінде орындалды. Мақаланы жазу барысында Шоқан еңбектерінің жоғарыда көрсетілген 1904 жылғы тұңғышжинағымен қоса, кенес заманында Қазақстанда шыққан «Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах, Т-1У, Алма-Ата, 1981, С. 111-116.» деген басылым басшылыққа алынды.

Абылай

Орыс жылнамасында Сібір ханзадасы Абылай деген бар. Абылай – Орта жүздің XVIII ғасырда өмір сүрген ханы. Ол Орта жүздегі сұлтандардың кіші атасынан тараиды, үшінші атасында Әбілмәмбет ханмен немере болып туысады. 1739 жылы Орынборга барып Ресейдің мәнгі бодандығын қабылдаған. Оның атасы, оның да есімі Абылай, Түркістанды билеген, жауынгерлігімен аты шығып Қанішер Абылай деген айбарлы атақ иеленген. Оның Уәли деген ұлы әкесінің даңқына лайық болмаған; көрші хандардың бірі Түркістанды басып алғанда қаза тапқан. Он үш жастағы Абылайды әкесінің адад төленгіттерінің бірі бауырына басып, аман алғып қалған. Сол құлы жетім баланы

жасырып, Қазақ даласына [Арқаға] бой тасалап кеткен. Текті туыстарының шапағатынан мақрұм өскен жас Абылай, Жаксылық деген рудың бір байының есігінде жүрген. Аласапыран сол бір замандағы бір ұрыста Абылай өзінің ерлігімен, ақыл-айласымен жарқырап көзге түсken.

XVIII-ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақтар үшін қайғы-қасіретке толы зобалаң кез еді. Жонғарлар, Еділ қалмақтары мен Жайық казактары, башқұрттар жан-жағынан анталап, қазақ ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратты, малын айдал алып, адамдарын топ-тобымен қуып әкететін болған. Жеті ағайынды жұтты коса әкелген қытымыр табиғаттың ауыртпалығы халықтың жағдайын одан әрі қүйзелтіп жіберген. Қазақтың белгілі бір ел ағасы Орынборға келіп, «...сол кездегі қазақ жұртының қайғылы халі ит талаған қояндай...» болып еді дегені қағазда қалған [2]. 1723 қаралы жылдың қасіреті халық жадынан өшпей, осылай сақталған. Қар қалың түсіп, аяғы жұтқа айналған сол бір қырсықты қыстың соңын ала жонғар қоңтәжісі Қалдын Серен [3] қалың әскерімен, қазақ даласына қара құрттай қаптап келіп, қазақтың бұрынғы шапқыншылықтары мен бас асаулығы үшін өш алып, қырғынға ұшыратты.

Жонғарлардың қиянатынан тоз-тоз болған қазақтар тұз тағысындаш шашырап, мал-мұлкі мен бала-шағаларын, карияларын, арық-тұрық майдарын тастап, онтүстікке қарай шұбырып, безіп кеткен. Орта жұз Самарқан төнірегіне, Кіші жұз Хиуа мен Бұхара қарай ауып, қырғыздар Болордың аяқ жетпес шатқалдарына табан тіреп, тіпті үрей үстінде Гиссар асып кеткен.

Орта Азияның шөлейт даласында басына пана, малына жайылым таба алмай, жаңа қоңсыларымен атысып-шабысқан қазақтар Ресей сияқты іргелі мемлекеттің шегарасына таяп барып, қорғаныш іздейді, көмек сұрайды. Осынау қанды қырғын, қылыш шақта Абылай сұлтан ел көзіне түсіп, жүлдзызы жарқырайды. Ұрыс үстінде жанып түсіп, жарып шығатын батыр әрі ақылы кемел, сарабдал, алғыр сарбаз сипатында оқшаулана береді. Қын жерде қапысын тауып құтылып, қол бастаса жауын кирата женеді, данагөй аталады. Осылайша, әруақ қонып, қыдыр

дарыған Абылайды қазақтар өзінің құтқарушысы дәрежесінде танығанша, ол талай қын-қыстау сындарда шынығады. Екі рет тұтқында болады. Тау қырғыздарының, [4] тағы бірде Қалдын Сереннің колына түсіп қалады. [5] Әсіреке, Қалдын Сереннің тұтқынынан күткілуы ғажап. Жонғар ханының сүйікті ұлы Шарышты өлтіріп, қаһарлы қалмақтардың тегеурінінен қаймыққан қазактар Абылайды Қалдын Серенге ұстап берген. [6]

Берін айт та, бірін айт, демекші 1739 жылы [7] біз оны Орта жұз билеушілерінің арасында ең әлуеңтісі ретіндеге көреміз. Сонысына карай, орыс үкіметі де кебіне-көп Абылаймен және інісі Сұлтанбекпен [8] қарым-қатынас жасауға бейім болады. Өйткені, кезінде Орта жұзге барып-келіп жүрген орыстардың айтуынша, лауазымды ханның [Әбілмәмбет] қолында ешқандай билік болмаған. Қазақ ордасын жақсы білетін Тевкелев [9] бұл сұлтанды, «қазақ билеушілерінің ішінде ең айласы молы және әлуеңтісі» дегені бар.

1759 жылы Абылай патша сарайына өзінің туысы Жолбарыс сұлтанды [10] жіберіп, марапат сұраған, соған орай оған [патша атынан] құзырхат беріліп, жылына 300 рубль жалакы тағайындалып, 200 пүт ұн босатылатын болған.

Осы екі арада Орта Азияда Абылайдың халық алдында мансап беделін арттыруға себепкөр болған көптеген оқиғалар дөп келіп, оның мәртебесі, тіпті, шарықтай берді.

1745 жылы қазақтардың ежелгі дүшпаны Қалдын Серен өліп, Жонғарияда тақ таласы төңірегінде бүліншілік басталды. Қалмақ тайшылары бірінен соң, бірі Абылайға келіп жүгінді, көмек сұрады. Жонғардағы ежелгі қанды кегін ұмытпаған Абылай, оларды одан әрі қалжырату үшін, қырқысқандардың бірде біреуін, бірде екіншісін қолдан, әбден арандатты. Жонғар жеріне император Цян Лунның жеңімпаз әскері басып кіріп, күтпеген жағдайда оп-оңай жеңіске жетуі [11] де Абылайдың көршілер жөніндегі сыртқы саясатының орайын келтірді.

Жонғар мен Кіші Бұхарияны [12] бөгетсіз басып алған қытайлардың айдарынан жел есіп, жаугершілік рухы асып, басқыншылық тәбеті ашыла бергендей еді. Бәлкім, император

Цян Лун бір кездегі хань және тан әuletтерінің заманының аңсаған да шығар. 1756, 1758 және 1760 жылдары [13] Қытай жасақтары Орта жүздің жеріне бірнеше мәрте басып кіреді.

Кіші жүздің Нұралы ханы, Орта жүздің Әбілмәмбет ханы мен Абылай сұлтаны Аспанасты империясымен жақындасуға асықты. Абылай 1756 жылы өзін bogdyhanның вассалы ретінде танытып, княз мәртебесін иеленді, күнтізбе алды. Нұралы [14] Бейжіңге елші аттандырды. Қоқан ханы Ердене би [15] 1758 жылы, ал кейін оның ізін басқан Нарбота би де «тәнірі перзентінің» [16] қолтығына кірді.

Сырттай бағыныштылық танытқанымен, Орта Азия хандары іштей әлі де үрейлі болатын; қуатты деген Жонғарияның шаңырағы ортасына түсіп, кіші Бұхариядағы дін қарындастардың жат жүртқа қарап кетуінен олар қатты сескенді. Ақырзаман боларда қарақытай қаптайды деген заман келіп қалғандай болды. 1762 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға 130 адамдық қытай елшілігі келіп, [17] «императордың бұйрығымен көктемге салым Түркістан мен Самарқанға Қытай әскері келеді, болашақ соғыс қажетіне қазактар қаншама адам, ат пен өгіз, қой беруге тиіс», деп мәлімдегендеге, қазактар одан да қатты үрейленді. Орта Азия билеушілері әредік қылаң беріп қалатын алауыздықты, ұрыс-керісті жиып қойып, Қытайға қарсы одак құрды. Парсының Нәдір шахына [18] және Ауганстандағы дурранилер әuletінің көсемі танылған, Қандағар билеушісі Ахметке [19] қолбасылық тізгінін ұстартты.

Ал, Абылай, бір жағынан осынау одакты қолдағанымен, Қытай үкіметінен іргені аулақ сала қоймады, тіпті олармен алыс-берісті пысықтап, бұрынғыдан да жақындаса түсті. Ол ол ма, Бейжіңге Әділ деген ұлын аманат атап жіберді. Абылайдың мынадай бағыныштылық ниетіне разы болған bogdyhan, мол сый-сияпатпен, арнайы құзырхат жазып, Әділді әкесіне кері қайтарды.

Осы екі арада Абылай, Сайрамкөл деген жерде Іленің bas губернаторына [20] жолығып, Қытаймен сауда жасау жөнінде келісімге келді. Осы мәміле нәтижесінде Тарбағатай (Шәуешек)

мен Іледе (Құлжа) сауда жәрменкелері ашылып, қазақтар айдан әкелген малдарын Қытай тауларына айырбастауға мүмкіндік алды.

Богдыханның [21] мұндай жылы ықыласы, әсіресе сыйлықтары мен шен-шекпені пайдакұнем және мансапкор қазаққа қатты ұнайтын жөні де бар еді. Қытаймен жақындастан сайын Абылай, Ресейден ашықтан-ашық алыстай бастады. Сөйтіп, 1771 жылы хандыққа салланып алғаннан кейін, ант беру үшін шақырылса да, Ресей шегарасына жоламай қойды. Хандық лауазымды халқым салап, өзі берген, «тәнір ұлының» құзырхатын алғанмын, дейтінді шығарды.

Соған карамастаң, орыс үкіметі арнайы кісі жіберіп, Абылайдан ант алуға, оған қайтсе де хандық лауазым белгілерін (қылыш, ішік пен бөрік) тапсыруға әрекеттенді. Онысы - орыс үкіметі бекітпесе де хан бола береді еken деген теріс ой қазақ арасына тарап кетпеуі үшін жасаған шарасы еді. Абылай өзінің ұлдарына: «Қытаймен жақындаса беріндер, бірақ Ресейден қол үзуге болмайды», деп айтып отырады еken. Оның ойынша, қытай жағынан хан билігіне қауіп жок, ал орыстар қазақтың өзін-өзі билеуіне мұрсат бермей, қысым көрсетуден тайынбайды. Шынында, дәл сол кездегі жағдайда қазақтар Ресейдің қамкорлығына онша мұқтаж да емес-ті.

Орта жүзде Абылайдың билігі мейлінше бекем болатын, сонымен бірге оған Ұлы жүз (қолдағы құжаттарда: үйсіндер) де Абылайға бағынған. Жонғарлардың түбіне қытай жетті; қазақтардың шапқыншылығына ұшыраған, әсіресе, Абылайдың өзінен қатты қиянат көрген торғауыттар азып-тозып Ілеге әрен жеткен; Пугачев бұлігінен кейін берекесі кетіп, үкіметтің рахымына жалынған Жайық казактары өз бетінше қимылдай алмайтын; енді қазақтың некен-саяқ дүшпаны айлакер қырғыздар мен Орта Азияның кейбір хандары ғана еді. Бұлар казак сұлтандарынан Түркістанды, Созақты, Сайрам мен Шу-Ташкент арасындағы қалаларды тартып алушан әлі де үмітті болатын.

Абылайдың тұла бойын кернеген әулиелік пен жеңімпаздық шабыт қазақтарға ғажайып қуат-жігер беріп, 1770

жылы Абылай, Шат өткелі арқылы оңтайын тауып өтіп барып, Туро өзені тұсында тау қырғыздарына бас салды, сол бойы тоқтамастан, дүшпанын Шу өзені аңгарына дейін қуып шықты. Шуға келіп құятын Қызылсу және Шамси өзендері бойында барша қырғыз бас қосып, Абылаймен айқасып берді. Сол бір қанды шайқастар осы уақытқа дейін «Жайыл қырғыны» [22] деген атпен қырғыздың жадында қалған. Қырғыздардың қазактан көрген ауыртпалығы сондай, мысалы, солты руының Толқын деген атасынан 40 жан ғана қалыпты. [Қырғыз жорығынан] Абылай Сібір шебіне таяу Кекшетаудағы өзінің ежелгі қонысына, мол олжамен оралды, көп қырғызды алдына салып айдал әкелді. Солардың ұрпағы осы күні жаңа қырғыз, бай қырғыз деген екі ру болып, өніп-өсіп отыр.

Онымен тоқтамай, Абылай Ташкентке, Ходжентке жорық жасап, Жизаққа дейін барды, жеті қаланы бағындырды, Әзірет, Сайрам, Шымкент, Созақ деген қалаларды қайтарып, Ташкенттен алым алыш тұратын болды.

1774 жылы Абылай үйсін игі жақсыларының сұрауы бойынша, оларға билеушілікке Әділ деген ұлын тағайыннады, оған Талас өзені бойында қалашық салып, [23] диқан қарақалпактарды әкеп қоныстандырыды. [Абылайдың] 71 ұлы болды, ата-бабасының дәстүрімен оларға Орта жұз бен Ұлы жүзден тиісті ел-қоныс бөліп беріп, өзі Түркістанда тұрактап қалды. [24] Сол жерде 1781 жылы қайтыс болды, мәйті Кожа Ахмет Яссави мешітіндегі әulet зиратына жерленді. Осынау атақты қазақтың саяси өмірінің баяны, міне, осындей.

Жеке басының дара қасиеттерімен ғана зор мәртебеге жеткен Абылай, осы бір ұшқыр мінезді, құштарлыққа тоймаған, құмары қанбаған халықтың кадір-күрметіне ие бола білді. Тіпті, оның атақ-абыройының астарында ғажайып тылсым құш болған.

Әбілмәмбет қайтыс болған соң, халқы Абылайды, өзге сұлтандардың ішінде ең тандаулысы ретінде, қазақ тәртібі бойынша, [марқұм] ханның өз кіндігінен тараган ұлдарының мұрагерлік құқы бола тұрса да, бірауыздан хан сайлады. Абылайды хан сайлау рәсімін көзімен көрген орыстың

айтуынша, сан қырыдан жиналған ел ағалары оны жеңіл ақ киізге отырғызып, басына көтерген. Қаһармандығын, дариядай даналығын жарыса мақтап, мадақ жырына қосқан, оның ерлігі туралы біріне-бірі айтып тауыса алмаған. Ханның сырт киімін сыптырып алысып, жыртыс түрінде таратып әкеткен де, қолына жыртыс тигендердің қуанышы қойнына симай, жаңа ханның асыл қасиеттеріне тәнті болысты, деседі.

Қазактың ешбір ханы Абылай сияқты шексіз билік құзіретіне ие болған емес. Ол алғаш рет өз тарапынан өлім жазасын қолдануды енгізді, жазаның бұл түрі бұрын халық қатысқан хан кеңесінің пәрменімен ғана мүмкін болатын. Хандық дара билікке орынсыз бөгет жасаган күшті деген ру басылары мен сұлтандардың бассыздығын ауыздықтап, тәртіпке салды. Әлбетте, мұндай соны қадамдарға, кейбір сұлтандар мен билер әуелде наразылық білдірген кезі де болған [25]. 1781 жылы Дайыр сұлтан (26 Барак сұлтанның ұлы) Орынбор губернаторына шағымданып, Абылай билігімді зансыз тартып алды, деп арыз да берген. [Кейбір] ру басылары, Польшадағы сияқты Абылайға қару кезенбек те болған. Бірақ, оларды ханның «төлеңгіттері» тізеге салып, Абылайдың темірдей берік тәртібін мойындауға мәжбүр етті.

Осынау хан, өз қарашыларының заманалардан санаға сіңіп, бойы үйренген, бұлжымас әдетке айналған бас асаулығын ауыздықтап, өзінің іс-әрекеттерін тылсым сырға бөлегені соншалық, ұрпақтары оны әлі күнге әулие санайды, шапқын жорықтарда «Абылайлап» ұрандатып атой салса, бойына күшкуат алады.

Қарап отырсаңыз, Абылай айтыпты деген өситеттерінен де Ақсақ Темір саясатының салқынын байқайсыз: «қазақ тайпалары арасындағы дау-шарды біржола тыйып тастауға болмайды, хан билігі мәнісінің өзі сол алауыздық пен дау-шарды шешіп отыруда», дейді екен.

Қазактың аныз-эфсаналарында Абылай есімі асқақ айбарлы; халықтың түсінігінде, Абылай заманы қазақ қаһармандығының ғасыры саналады. Оның жорықтары мен батыр серіктерінің ерлігі толғауы тоқсан, құлаш-құлаш қисса-

дастандарға арқау болған. Сыбызының сырбаз сарыны мен қобыз шанагынан құйылған күйлерде Абылай заманы мен кезеңдерінің сыры мен сымбаты сақталған. [Әлқисса,] қаһарлы Баян батыр қаза болатын жорық жайлы «Шаңды жорық», қиырдағы құба қалмактарды қақырата шабуға қыраулы қыста аттанып, олжаға қолы жеткенше, қалың жасақтың жеті құн азықсыз ашығуы «Қоржын қақпай» күйлерінен көрініс тапқан. Кейінгі ұрпақтарға мұндай күйлер Абылайдың жеңімпаз туы астындағы даңқты кездерден келіп жеткен хикая, ерлік пен өрлік ұраны сияқты әсер береді.

Қазақшадаған 3.Тайшыбай.

Аудармашының түсініктегі

1. Ш. Уәлиханов шығармаларының бес томдық жинағын құрастыруышылар «Абылай» деген еңбектің түпнұсқасы толық сақталмағанын ескерткен. (405 бет).

2. «Қазақтың белгілі бір ел ағасы...» Кіші жүздің табын Бекенбай батыр екендігі сол кезден сақталған басқа бір құжат бойынша анықталған (қараңыз: Казахско-русские отношения XVI-XVIII в.в. Алма-Ата, 1961, док. №25-74). Бірақ, Ш. Уәлиханов шығ. жинағын құрастыруышылар бұл Бекенбайды Орта жүздің қыпшақ Бекенбай батырымен шатыстырып алған. (406 бет).

3. 1723 жылғы жоңгар шапқыншылығының зардалтары қазақ тарихында «Ақтабан-шұбырынды, Алқакөл-сұлама» деген атпен қалғаны мәлім. Ш. Уәлиханов жинағын құрастыруышылар бұл жорықты Қалдын Серен емес, Сыбан Раптанның жиені Шона Даба бастап келгенін көрсетеді. (406 бет).

4. Абылай тау қырғыздарының қолына тұтқын болып түскені осы уақытқа дейін дәлелденбеген, алайда, қырғыздардың ауыз әдебиетінде сондай сөз бар. Бәлкім, бұл әңгімені Шоқан қырғыз арасында болғанда естуі мүмкін.

5. «...Шарышты өлтірді» деген әңгіме қазақтың ауыз әдебиетінде кездесіп отырады, бірақ тарих жүзінде дәлелденген жоқ. Ал, 1741 жылғы бір соғыста Абылай Қалдын Сереннің жақсы көретін бас батырын мерт қылды деген жазба дерек бар.

Шоқан қазақ арасына кең тараған осы анызга сүйеніп жазуы мүмкін.

6. Жансақ пікір, бұл да ел арасындағы ауызша анызға байланысты жазылған. Абылай соғыс қымылдары үстінде Қалдын Сереннің ұлken ұлы Лама Доржы бастаған әскердің қолына Ереймен таулары маңында 1741 жылы көктемде тұтқынға түскен.

7. Орыстың мұрагат құжаттарында Абылай сұлтанның есімі 1737 жылдан көріне бастайды. 1737 жылы жазда Қазыбек би бастаған Орта жүз бен Әбілқайыр хан бастаған екі жүздің құрылтай болып, осы жыында Әбілқайыр аға хан болып сайланады, құрылтайға Абылай-баһадұр сұltан қатысады. 1738 жылы Орынбор экімшілігіне бастық болып тағайындалған В.Урусов Әбілқайыр ханды, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды Ресей императорына ант беру рәсіміне шақырады. Бұл рәсімге Кіші жүздің Әбілқайыр ханы ғана келеді. Ал, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан 1739 жылы келмек болғанымен, келесі 1740 жылы тамызда ғана Орынборға келіп, В. Урусовпен кездеседі. Ескерте кету керек, осыдан кейін Абылай Ресейдің бірде-бір қаласына, шегара бекінісіне ат ізін салған емес, бірде-бір биік шенді орыс ұлығымен бетпе-бет кездескен емес. Тек қана елші жіберіп, хат жазысу тұрғысында байланыс жасап отырған.

8. Сұлтанмұхаммет сұлтан туралы айтылған, сақталған құжаттарда Абылайдың немере інісі Сұлтанбек, Солтанмәмет сұлтан аталады, ол Ертістің орта ағысындағы Кереку, Железин маңын қоныстанған.

9. Тевкелев М., орыс-қазақ байланыстарында маңызды шаралар тындырыған тілмәш, мәмілегер, кейін генерал-майор, 1731 жылы Ресей императоры атынан Кіші жүзді бодандыққа қабылдау рәсіміне елшілік бастап келгеннен бастап, өле-өлгенше осы қызметінен ажырамаған. Татар ғалымы Шихабуддин Маржанидің зерттеуі бойынша осы Тевкелевтің казақ хандарымен қандас туыстығы бар екендігі анықталған.

10. Жолбарыс сұлтан – Абылайдың немере інісі Сұлтанмұхаммет сұлтанның ұлы 1759 жылы тамыз айында

Петербургте болған. Сол жолы Ресей үкіметі Абылай сұлтанды қайтсе де, Қытаймен жақындастырмауды көздең, оны «бауырға тарту» жөнінде бірқатар қадам жасаған. Сақталған құжаттарға қарап, Шоқан бұл сый-марапаттарды Абылай өзі сұрап алған деп, жаңсақ түсінген. Солардың бірі –Ресей сыртқы істер алқасының шақыруымен Абылай атынан Жолбарыс сұлтанның сапарға шығуы. Осы елшіліктің нәтижесі ретінде шығарылған жарлықта мына мәселелер шешілген: 1) 1759 жылдан бастап Абылай сұлтанға жылына 300 рубль жалақы тағайындалсын, оның 100 рублі оған жасырын беріледі және оның үстінен Абылайға, басқа ел ағаларына 500 рубльдің сый-сияпты берілсін; 2) Абылай сұлтанды Орта жүздің ханы деп жариялау қажет болғанымен, бұлайша Кіші жүздің Нұралы ханын ренжітіп алмау үшін (оның Орта жүзге де біраз билігі бар) Абылайға құпия түрде айтылсын: егер ол Троицкіге немесе Орынборға аманат тапсыратын болса, өзіне хан лауазымын беру туралы мәселе көтеруіне болады, содан кейін ол, жалақы жағынан Нұралымен теңеседі және 3) Біздің қолымызға түсіп, шоқынғысы келіп, тілек білдірген тұқындарды қайтару жөнінде Абылайдың талабына, бұл мәселе қаралып жатыр деп жауап берілсін.

11. Жоңғар хандығы тек қытай әскерлерінің күшімен талқандалды деген жаңсақ пікір сол заманнан бастап, осы уақытқа дейін кең тарап, тарих ғылымында орнығып қалғанын ескертуді өзімізге парыз санаймыз. Шынында, жоңғар хандығын Абылай бастаған қазақ әскерлері қайта-қайта шабуылдан әлсіреткен еді. Міне, соның нәтижесінде ғана «қытай әскерлерінің оп-онай жеңіске жеткені» туралы аңыз қалыптасқан. Орыс және қытай тарихшылары, нақты жазба деректер бола тұрса да, көніл аударғысы келмейді де, осынау тарихи құбылысқа Абылай бастаған қазақ әскерлерінің қосқан үлесін «ұмыт қалдырады», тиісінше, қазақ тарихшылары да сол соқпақтан шықпайды (Ауд.)

12. Шығыс Түркістан деп аталатын аймақ, қазіргі ҚХР Шыңжан автономиялы ауданы.

13. 1756 жылы мамыр, маусым айларында Қытайдың манчжур (шүршіт) генералдары Дардана және Хадаха бастаған 20 мыңдық әскері Ертістің Ақсу тұсынан кешіп өтіп, Әмірсананы ұстауға келе жатырмыз деген сұлтаумен соғыс бастады. Орта жұз жеріне келуі мүмкін басқыншыларды Абылай бастаған қазақ жасақтары Баянаула тауларына жеткізбей, қарсы алды. Бөгенбай, Қожаберген, Жауғаш және басқа да батырлар қатысқан бұл қантөгіс соғыс Ку, Кент, Қарқаралы тауларында үш айға жалғасты. Ақыры, Қарқаралы тауының оңтүстігіндегі Жарлы деген аңғарда шешуші айқас болып, Қытай әскері жеңілгендігін мойыннады да, «күн сұтып кетті» дегенді сұлтау етіп, қазактармен келісімге келіп, еліне қайтуға мәжбүр болды. Әскердің дені қазақтар шүршіт деп ататын «чурдженъ-манжур» ұлтынан болғандықтан, қазақ тарихында Шүршіт соғысы деген атпен қалған бұл жеңіс, қазақ жерінің тұтастығын сактап қалуда айтулы белестердің бірі еді.

14. Нұралы сұлтан, (1790 ж. к.б.) - Әбілқайыр ханның ұлы, Кіші жүздің ханы (1749-1785).

15. Ердене би – Қоқан ханы.

16. Қытай императоры Цян Лунның лақып аты, билік мәртебелі, қасиетті деген мағнада.

17. Қытайлар бұл жорықтан тартынған.

18. Нәдір шах (1688-1747), Таймасқұл хан атанған, парсы елінің шахы (1736-1747), ол кезде Бұхара мен Хорезмнің оңтүстік аймақтарына билік жүргізген.

19. Ахмет, Ахмед шах Дуррани, Ауғанстанның ханы (1747-1773).

20. Қытай империясы Жонғар хандығы күйрекеннен кейін босап қалған қазақ қоныстарын игеру мақсатында Іле аңғарын әкімшілік бөліс ретінде жеке қалыптастырып, оған губернатор тағайындал қойған болатын.

21. Богдыхан – Қытай императоры Цян Луннің лақып аты, Батыстағы Ресей мен Қазақстан, Орта Азия хандықтары ауызекі әңгімелерде оны богдыхан (Әулие текті билеуші) деп ататын болған, Қытай халқы мен қарауындағы басқа елдер оны «Тәнірі перзенті» деп атаған.

22. Қырғыздың белгілі ел ағасы, атақты батыры Жайыл қазақ әскерлеріне қарсы құреске басшылық еткен, сол соғыста өзі, екі ұлымен мерт болған. Сондықтан, қырғыз тарихында бұл шайкас «Жайыл қырғыны» деген атпен, қалған. Яғни, Жайыл батыр бастаған әскердің қырғынга ұшырауы, дегенді білдіреді.

23. Көне талас қаласының орнында, қазіргі Жамбыл облысының орталығы, Тараз қаласы.

24. Жаңылыс жазылған. Орыс барлаушыларына жалған мәлімет беріліп, Абылай Түркістанға ордасын көшіреді екен деген қауесет таратылғаны рас. Шын мәнінде, Абылай хан Қазақстанның солтүстігін Ресейге беріп кетпеген, оңтүстікегі ұрыстарды аяқтап, Көкшетаудагы ордасына қайта аттанғалы отырғанда, оқыстап қаза болған. Бұл оқиға жөнінде Шоқан пайдаланған жазба деректердің ақиқаттығына сын көзімен қарау қажет.

25. Үздіксіз соғыс жағдайындағы қазақ қоғамын бір орталықтан ширақ басқару үшін Абылай, нақты жағдайларға байланысты ежелгі билер институтының пәрменін тежегені рас. Қорғаныс мұддесіне байланысты жеке-дара билікті өз қолына шоғырландырғанымен, Абылай жалпы ұлттық маңызы бар күрделі мәселелерді ақылдасып шешуде, хан кенесі институтының қажеттігін жоққа шығармаған. Кей жылдары ғана болмаса, жылына кемінде бір рет хан кенесі шақырылып, оған Орта жүздің Қазыбек биі бастаған аға билері мен батырлары, Ұлы жұз бен Кіші жүздің хандары, сұлтандары, батырлары мен билері шақырылып тұрғаны нақты дәлелденген.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ АБЫЛАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

«Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде, – деп жазады Ш.Уәлиханов, – Абылай поэтикалық әсірелеуге түсken бейнеде суреттеледі. Абылай кезеңі – қазақтың ерлік рухы асқақтаған дәүірі. Оның жорықтары мен батырларының көzsіз ерліктері эпикалық әңгімелердің сюжетіне айналған. Сыбызғы мен

домбырада ойналатын күйлердің басым көпшілігі оның дәуірі мен өмірінің әр кезеңдеріне арналған».

Абылайтанудың екі жұз жылғы тарихына шолу жасағанда, Шоқан Уәлихановтың «Абылай» деген мақаласы, қай жағынан қарағанда да, ерек тұрады. Фалымның бұл еңбегі Абылайдың өмірі мен қызметіне арналып қазақ зерттеушісінің талабынан туған, халық жадынан өшпей сақталған естелік әңгімелерді жазба деректермен байыта, нақтылай отырып жазылған алғашқы талпының болғандығымен құнды. Оған дейін Абылай есімін тарихи жәдігерлерге енгізген, жалпы Ресейге, одан әрі Еуропаға таныс еткен орыс авторлары болатын. Орыстың П.Н. Рычков, А.И. Левшин бастатқан зерттеушілерінің жазғандарына сүйене отырып және өз тарапынан талпына ізденген Шоқан абылайтанудың бастау көзі деуге тұрарлық мұра қалдырыды. Кейін, тіпті осы уақытқа дейін, Абылай хан тақырыбына қалам тартқан қазақ авторларының бәрі дерлік Шоқанның бұл мақаласына соқпай кеткені жоқ. Олар, әдетте, бұл мақаланы даусыз ақиқат ретінде қабылдап, айтылған тұжырымдарға, келтірілген деректерге сілтеме шүбесіз жасайды.

Алайда, мақаланың жазылған кезіндегі қазақ тарих гылымының, оның ішінде абылайтанудың денгейін, жазба деректердің қаншалықты ашылып, деректану тұрғысынан зерттеліп, сұрыпталғанын еске ала отырып, Шоқанның жазғандарына тереңірек үціліп, түсіндірме беру қажеттігін де жоққа шығаруға болмайды. Ондағы кейбір жаңсақ пайымдаулар мен уақыт реті бұзылған, ауыс баяндалған оқиғаларды өз орнына қойып алмасақ, бір кезде қағазға түсіп қалған мәліметтер бүгінгі ұрпақты жаңылдыруы да мүмкін.

Біріншіден, Шоқан бұл мақаланы асығыс жазғаны байқалады. Эскери қызметкер ретінде, үнемі ат үстінде жүрген жас ғалым, XVIII ғасырдағы қазақ тарихына терең бойлап, байыпты зерттеуге мүмкіндігі болмаған. Мұрағат қорларында ұзақ отыруға жағдайы келмегендіктен, Шоқан өз заманында жарық көрген еңбектерді және өзі қазақ ішінде, қыргыз арасында естіп, ел аузынан жазып алған маглұматтарды

пайдаланған. Мақаланың сөздік үшін арнайы тапсырыспен ықшам көлемде дайындалғанын, уақыттың тар болғанын да түсіну қажет. Қазақ халқының тарихи даму үдерісін пайымдауда, оның ішінде Абылайдың жеке тұлғасын бағалауда автордың алған тәрбиесі, сол кездегі өзі қызмет еткен мемлекеттің тәртібіне қарай қалыптасқан қоғамдық-саяси көзқарасы әсер еткенін, сондай-ақ, қазақ халық әдебиетінің ықпалы болғанын көреміз. Соған қарамастан, жас ғалымның байқампаздығы, ой қорытудағы сұңғылалығы арқасында танымдық, деректік құны маңызды бұл еңбектердің біздің заманымызға жетуі – үлкен олжа.

Негізгі тақырыпқа кіріспес бұрын, Шоқанның алғырылығын көрсететін мына бір-екі мысалды назарға алайық.

«Сот реформасы туралы» еңбегінің «Билер сотының көне халықтық түрі» деген бөлімінде Шоқан қазақ арасындағы дәстүрлі билер институтының тарихына шолу жасай келіп, билерді «... халық өз арасынан арнайы сайлап алмайтындығын және олардың өкімет тарапынан бекітілмейтіндігі» туралы тұнғыш байқап, ғылыми тұжырым жасады. «Қазақтар мұндай құрметті атақта халықтың әдет-ғұрып заңдарын жете білуі және тапқыр шешендік дарыны арқасында ие болған. Би атану үшін ол адам өзінің заң білгірлігі мен шешендік қасиеттерін қалың қауымға мойындана білуі қажет», деп жазады. Бұл – өз кезі үшін ерекше маңызды ғылыми жаңалық еді. «Ал, билердің балалары да әке өнегесін дамытып, өздерін таныта білсе ғана, әкесінің даңқы мен атағын жалғастырмақ» дегенде де Шоқан Дағала өркениетіне тән демократиялық озық дәстүрге қызыққанын байқатқан.

Осы орайда, мысал ретінде Шоқан ХVIII ғасырда өмір сүрген Орта жүздегі арғын-каракесек Қаз дауысты Қазыбек бидің есімін атап, оның Бекболат деген ұлы, Тіленші есімді немересі мен шөбересі Алшынбайдың да би болғандығын көрсеткен. Жас ғалым бұл деректерді 1854 жылы Қарқаралы-Қу өнірі арқылы Сарырқаны аралаган кезде ел аузынан жазып алған. Сондықтан да, жазба деректегі шындыққа қабыспайтын тұстары бар. Мысалы, «...Орта жүздің әлуettі сұлтандарының

бірі Барак Кіші жүздің ханы Әбілқайырды мерт қылғанда, бұқіл қазактан төрт биді сайлап алып, соларға жүгінген,-дейді Шоқан. - Олардың арасында Ұлы жүзден Төле би мен Кіші жүзден Эйтеке би болған». Міне, бұл да, тарихи шындықтан алшақ, ауызша сакталған аныз болатын. Осы уақытқа дейін сакталып келе жатқан бұл анызды қағазға түсіргенде, Шоқан оның ақиқаттығына шек келтірмесе керек. Алайда, жұрт аузынан жазып алған деректі пайдаланғаны үшін жас ғалымның жазығы жоқ екендігіне көзіміз жетеді. XX ғасырда кеңес зерттеушісі В.А. Моисеев жұз жылдан кейін бастап, бірқатар қазақ тарихшылары да осы жазбаны дерек ретінде қабылдап, қайталап келеді.

Шынында, Шоқан мұрасындағы осынау ұшқары жазылған пікірлер кейін ашылған жазба құжаттарда басқаша тиянақ табады. Ресей прхивінде сакталған құжатта Барак сұлтанның: «...Кіші жұз алшын төртқара руының біи Қаратоқа, қаракесектен Қожанай мен Мәмбет аталақ, Орта жұз бағаналы найман Өтебай билерге сәлем айтып: «Әбілқайыр ханды жазықсыз өлтірдің» деп кінәмді мойныма қойсандар, биліктеріңе құлмын. Бұқіл мұкаммал-байлығымды таразының бір басына, шыбын-жанымды екінші басына қойындар. Мал-мұкаммалымды аласындар ма, басымды аласындар ма, ерік сендерде», деген.[1] Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы - Абылай, 2011, 1-том, 157-бет.деген дерек бар. Және Барак сұлтанның аузынан шыққан деген бұл сөздердің рас-өтірігі Ресейлік тыңшы-барлаушылары тарапынан тексеріліп, шындық екені бескітілген. Сондай-ақ, Эйтеке бидің бұл оқигадан едәуір бұрынырық өмірден өткені де қазір толық дәлелденген. Тақырыбымызға тікелей қатысы жоқ болса да, бұларды тілге тиек, ескертпе ретінде ғана ұсынамыз.

Осылайша, жоғарыда айтылған аз-кем мысалдардан көрініп тұрғандай, **«Шоқан және абылайтану мәселелері»** деген проблема дербес, теренірек қарастыруды тілейді.

Алдымен, Шоқаннның бұл тақырыпқа қалай келгеніне шолу жасап көрейік. Шоқанмен 12 жасынан бірге оқып, бірге оскен, сырлас та мұндас адад досы Григорий Потанин өзінің

«Шоқан Уәлиханов туралы өмірбаяндық мағлұматтар» деген жазбасында мынадай дерек қалдырыған: «...1857 жылы Сібір әкімшілігі кеңесінің бастығы К. К. Гутковский маган Омбы облыстық мұрағатынан Сібір қазактары (Орта жұз. – 3.Т.) тарихына байланысты материалдар жинауды тапсырды. Мен мұрағаттағы қағаздардың арасынан «Генерал Киндерманнның әскери-жорық кеңесі» деген қорды [2] (Омбы облыстық мемлекеттік тарих мұрағатында бұл қор қазір «Әскери-жорық кеңесінің қоры, немесе 1-кор» деп аталады. - 3.Т.) ашып, қызыға қарай бастадым. Киндерманнның Қырға, қазақ арасына жіберген тыңшыларының жиган-терген мағлұматтарына қатты қызықтым. Бұл жөнінде Шоқанға айттым. Содан бастап, ол маган жиі келіп-кетіп тұратын болды. «Не қызық таптың?» деп ынтыға сұрап қоятын. Әсіреле жонғардың бір генералы Енисей қырғыздарын Түркістандагы Шу өзеніне қарай күштеп, жер аудара көшіргені туралы дерек тапқанда, Шоқан екеуміз қатты қуандық». [3] (Ч.Ч. Валиханов собр.соч. в пяти томах Т.5.1985. С.385).

Енді біз Г.Н. Потаниннің осы жазбаларының ізіне түсіп, деректердің уақыт кезеңін нақтылай түссең, мына жағдайларды байқаймыз.

1854 жылғы К. К. Гутковский экспедициясының құрамына енгізіліп, қазақ арасына сапарға шығатын болып, сапар алдындағы дайындық есебінде Шоқан маусым-шілде айларында, Омбы мұрағатында отырған. Демек, қазіргі зерттеу нәтижесінде, мұрағат корларын қарап, Сібір әкімшілігіне қарайтын қазактардың тарихын жазу жөнінде әуелде, Г. Н. Потаниннен бұрын Шоқанға тапсырма берілгені анықталып отыр. Шоқан «...мұрағатта 1854 жылдың 8 шілдесінен бастап, 27-сіне дейін жұмыс істеген» [4]] Ч.Ч. Валиханов собр.соч. в пяти томах Т.5.1985. С.98-99). Жас ғалымның қазақ тарихына қалам тартуға арнайы тапсырмамен кірісіп, мұрағат корларындағы жазба деректерді актаруы осылай басталған.

Бірақ, қызмет бабына байланысты, экспедиция сапарына қосылған Шоқан мұрағаттағы жұмысына еріксіз үзбелік жасап, Қазақстанның шығыс, орталық және онтүстік аймақтарын

аралауға аттанып кетті. Орталық Қазақстандағы Нұра өзені анғарындағы Ботағай, Сарысу бойындағы Жұбан ана, Айтболат сиякты сәүлөт өнерінің көне ескерткіштерін зерттеді. Одан әрі Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына жолы түседі. Осы сапарында қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінің ұлгілерін, осы еki ұлттың тарихы мен этнографиясына қатысты мол материал жинап алды.

Келесі, 1855 жылы Ұлы жүзді Қоқан хандығының ықпалынан шығарып, Ресейге қосу үшін үйымдастырылған әскери экспедицияның қызметкері бола тұра, Шоқан ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге уақыт таба білгені де зерттеуші ретіндегі үлкен ерлік.

Кейін, Шоқан Омбы мұрагатына қайта оралып, атасы Абылайға қатысты мұрагат қорларын зерттеуге тағы да біраз уақыт тапқан. Бірқатар маңызды құжаттардың көшірмелерін алған. Сондай-ақ, 1856 жылы Омбыға келген Г.Н. Потанин, Омбы мұрагатына қайта отырып, «...орыстың шегара бастиқтарының көрші Жонғар хандығымен және Шығыс Түркістан қалаларымен жазысқан хаттарын көшіріп алыш, Шоқанға беріп тұрғанын» жазады. Олардың арасында Абылайдың аты аталмаса да, сол дәуірдің бейнесіне сәуле түсіретін оқигалар, Абылайдың кезіндегі, мысалы қазақ-жонғар қактығыстары туралы, жонғар хандығының ішкі құрылымы туралы мұрагат деректері бар. Осылайша шолу ақпарат түрінде Шоқанның қолымен қағазға түсken біраз жазбалар біздің заманымызға жетті.

1856 жылы Шоқан М.М. Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қатысып, қырғыз жүртүн зерттеді, Ыстықкөл аймағының картасын жасауға қатысты. Қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарының тарихы, этнографиясы жайлы мәліметтер жинады, ауыз әдебиеті нұсқаларын, мысалы «Манастың» үзінділерін жазып алды. Осынау, желісі ұзак, күрделі эпостардың ғылыми маңызын сергек түсінген Шоқан «Манас» туралы: «...қырғыздардың ежелгі мифтері мен азыздары Манас тұлғасының төнірегіне шоғырланған энциклопедия деуге болады. Осы жағынан, ол даланың

«Илиадасы» десе болғандай. Аса ауқымды эпопеяда қырғыз халқының өмірі, әдет-ғұрпы, жағрафиясы, діни, емшілік ұғымдары, көршілерімен қарым-қатынасы мол қамтылған», деп ерте-ақ баға берген.

Бұл орайда Шоқан қырғыздың көне тарихы жөнінде К. Риттердің, А. Гумболт, шығыстанушы Шott пен Клапроттың жазған еңбектерді параптап, шолу жасайды. Келесі жылы тағы да қырғыз жерінде болады. Осы сапарларда жинаған материалдарды Шоқан «Жонғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы», «Ыстықкөл сапарының күнделіктегі», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы» атты еңбектерін жазғанда пайдаланады. Сапар үстінде көнекөз қариялардан, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардан сұрап, қағазға түсірген түрлі аныз-әпсаналарды «Абылай ханның жорығы туралы» деген тақырып төңірегіне топтап, бірқатар мәліметтерді «Абылай» деген мақалада пайдаланған. [5] (Ч.Ч. Валиханов Собр. соч. в пяти томах Т.5. 1985. С.77-79).

Сонымен Шоқан айтып отырған «Сібір ханзадасы» деген кім? Шоқанның «Абылай» деген мақаласы: «*Орыс жылнамасында Сібір ханзадасы Абылай деген бар. Абылай – Орта жүздің ХVІІІ гасырда өмір сурген ханы*» деп басталатыны көпке мәлім. Бұл сөйлем, осы материалды энциклопедияға лайықтап дайындаған редакция қызметкерлерінің жаңынан қосқаны болар, деген ой көкейден кетпейді Өйткені, кейін Шоқан Уәлиханов шығармаларының 5 томдық жинағын шығарушылар: «Абылай» деген еңбектің түпнұсқасы толық сакталмағанын» ескерткен [6] (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах, Т-2, Алма-Ата, 1981, С.405) Ал, автор кезінде өз атасы Абылайдың «Сібір ханзадасы» деп аталмағанын жақсы білуге тиіс.

Бұл атап Г.Ф. Миллердің «Сібір тарихы» (1-том) кітабындағы «Көшім ханның Есім деген ұлынан туған немересі - Аблайгирим, Абылай, Абле, Абла» деген есімдерге сүйеніп, «Шоқанның атасы Абылай болуға тиіс» деген жорамалмен алғынған ба, деп топшылаймыз. [7] (Миллер Г.Ф. История

Сибири. Изд-во Академии наук СССР, Москва-Ленинград, 1937. том, 413, 416, 423, 424, 443, 447, 449, 462, 471, 479, 490, 491, 546, 557, 586 - беттер).

Г.Ф. Миллер жинаған бұл материалдарда Көшім ханның Есім деген ұлынан туатын немере ұлдары Абылай мен Дәүлеткерей қалмақ қолын жетелеп, 1628 жылдан байлай қарай, Ресейдің Сібірдегі иеліктерін, атап айтқанда, Тары, Том, Үркіт, Чат...уездерін дамылсыз шапқаны, Сібір татарлары мен казактарына тыныштық бермене туралы жүйелі түрде тіркелген бірнеше акпар бар. Ең ақырында, 1641 жылы қыркүйектің басында орыстың арнайы жазалаушы жасағы шығып, Тобыл өзені бойындағы Қосқарағай деген жерде Абылайдың қолын талқандап, «Есімнің Абылай және Тәуке деген ұлдарын, олармен қоса 54 қалмақты тұтқындал Уфа қаласына жеткізгені» баяндалған. (Миллер... 586-бет). Г. Миллер жинап құрастырған құжаттар жинағында Көшім ханның ұлдары катарында: Әлей (ұлкен ұлы), Есім, Қанай, Әзім, Көбей Мұрат (Көбеймұрат), Кедей (Кедай) деген есімдер аталады (Миллер... 166-бет). «Абылайдың әкесі Есімнің ағасы Әлей Көшімұлының мекені Тобыл бойындағы Арас қарағай деген жерде», деген анықтама кездесті.

«Сібір тарихының» (Миллер... 68-бетіндегі) мына мағлұматтар назар аударуга тұратын сияқты: «...бұхаралықтар Көшімнің ұлы Қанайды Бұхараның Сауран деген қаласына билеуші болуға шақырыпты. Себебі, Көшім ханның бәйбішесі, яғни Қанайдың туған шешесі сол Сауранда тұрады еken. Көшім хан қартайған бәйбішесін бір кезде сонда көшірген көрінеді. Бұхара жерінде Аблаканның **Бақа хан деген ағасы** (астын сыйған. - З.Т.) тұрады....Әкесі Көшім ханды алдаң шақырып алып, қалмақтар өлтіргені сияқты, мені де шақырып алып, бұхараадағы ногай мырзалары қастық қыла ма деп, Қанай мырза онтүстікке баруға, корқулы.» (Миллер, 557-бет).

Осы мәтінге берілген түсінікте (1937 жылы жазылған. - З.Т.) мынадай деректер берілген: «Бұхараның Шавран-Савран қаласы» 1597 ж. грамотада аталады. [7] (Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Лгр., 1933, стр.

298.) «Бұхара жеріндегі Абла ханның ағасы Бақа хан дегеніміз – Бақи-Мұхаммет (1599-1605), Абла (1597 жылғы грамотада – Обла) деген, бәлкім II Абдолла болуы мүмкін».

Ал, Көшім ханның жоғарыда аттары аталған Аблай мен Тәуке деген немерелері тұтқындалғанда қолға түспей кеткен тағы бір немересі Дәүлеткереій, бұдан кейін де бірнеше жыл бойы соғысын тоқтатпай, орыс мекендерін шабады да, ақыры, 1648 жылы өз еркімен орыс үкіметіне қол тапсырып, татулық сұрайды. Бұл туралы: «Патша ағзам маған кешірім жасап отыр, енді оның қалаларына соктықпаймын», деп Дәүлеткереій айтыпты деген және содан кейін ол Тобылға көшіп келіп, қоныстаныпты деген жазба дерек сақталған (Миллер... 528-бет).

Бұл деректерді «Сібір тарихынан» теріп алып, Шоқанның өз атасы туралы зерттеуіне қатысты ұсына отырып, біз Аблай ханның атасы деп аталатын «Абылай ханзада» деген тағы бір тұлғаның өмірде болғанын көрсетуді ғана міндет тұттық. Көшім ханның немересі деп хатқа түскен дәл осы Абылай Шоқанның өз атасы, яғни тарихтағы Абылай ханның «қанішер» аталатын атасы, деп кесіп айтуға дәлеліміз әзірге жеткіліксіз. Осы деректі келтіре отырып, Абылай ханның ататегін әлі де зерттей түсу керектігін жоққа шығармаймыз.

Сондықтан да, «*Абылай – Орта жүздің ХVІІІ ғасырда өмір сүрген ханы. Ол Орта жүздегі сұлтандардың кіши атасынан тарайды, үшінші атасында Әбілмәмбет ханмен немере болып туысады*», деп Шоқан берген мағлұматтың төнірегін тереңірек қазсак та, әртүрлі пікірлер айтылып, осы уақытқа дейін тиянақ таба қоймағандықтан, бұл пікірді қостау-қостамаудан тартындық.

«*Оның атасының есімі де - Абылай, Түркістанды билеген, жауынгерлігімен аты шығып Қанішер Абылай деген айбарлы атақ иеленген. Ол Абылайдың Уәли деген ұлы әкесінің даңқына лайық болмаган; көрші хандардың бірі Түркістанды басып алғанда қаза тапқан,*»- дейді Шоқан және өзі мұның қайдан алынған дерек екенін көрсетпейді, осы уақытқа дейін

ауыздан-ауызға көшіп, анық-қанығы піспеген дудамалдың басын ашатып дерегі болмағанға үқсайды.

Бұл арада мынаны ескерту парыз: Абылайдың өз аузынан айтылып, ақиқат түрінде қағазға түскен немесе бұл әулетті жақсы білетін біреудің жүйелеп таратып берген канондық ататек шежіресі әзірге табылған жоқ. Тіпті, Абылай сұлтанның атасын, шыққан тегін, аға-інілерін анықтап, зерттегісі келген Ресейдің А. Тевкелев бастаған барлаушылары да жарытымды ештеңе атқара алмаған. Әртүрлі нұсқаларда өзгере беретін мұндай деректерге қытайлар да назар аударған. Сонда, Абылай сияқты ой-өресі кен, естігенін ұмытпайтын зерек жанның өз ататегін жасырып ұстауына не себеп? Ауыз әдебиетінде Абылайдың «тегі сарт, құлдан шыққан, тіпті, Ұлы жүздің жаныс руынан...» деген сияқты алып-қашпа сөздердің шығуына не себеп?

Рас, Абылай, 1740 жылы тамызда Ресей генералы Урусовпен сөйлесіп отырганда: «...Біздің әкелеріміз бен аталарымыз да хан болған. Берген сертке адалдық - дәстүрімізде бар» деген. Аталарын мақтан тұта жазған хаттары да бар. «Менің ата-бабаларым Барак хан, Жәнібек хан, Жәдік хан, Шығай хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Болат хан, Қайып хан, Әбілқайыр хан, Әбілмәмбет хан, олардан соң енді, мен, Абылай ханмын», – деген жолдарды оқимыз. [8] (Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Лгр., 1933, стр. 298.) (РИСММ. 122 к., 122/2 т., 1766-1769, 18-іс, 189 п.)

Байқап отырсақ, Абылай сұлтан уақыт жағынан өзіне таяу Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандарды «ағаларым» деп қадір тұтады, сыйлайды, арқаланады. Бірақ накты мағлұмат беруден тайсақтайды. Қазақ салтымен, «ар-намыс, ұят т.с.» мораль өрісінде тәрбие алған азаматтың тегінде, өз бетіне шіркеу түсіретіндей біреу немесе бір оқиға болғанға үқсайды және намысқой Абылай, соны бойына мін көретіндей. Жоғарыда Шокан жазған: [...] Абылайдың атасы] Қанішер Абылай деген айбарлы атақ иеленген. Ол Абылайдың Ұәли деген ұлы әкесінің даңқына лайық болмаған...» деген сөздерге назар аударсақ, осы

түйткіл көкейден кетпейді. Тіпті, Абылайдың немере ағасы болып есептелетін, біз білгенде, сол кездегі ең жақын туысы Сұлтанмұхаммет (Солтанбет, Солтанбек) те, одан бір ата ғана алыс саналатын Әбілмәмбет сияқты салиқалы азаматтар Абылайдың кімнен, қашан тұғанын, қайда өскенін білетін едіғой. Бұл жөнінде Шоқанның өз экесі Шыңғыстан неге сөз қалмаган? Бұл құпияны олар да ашқысы келмеген. Сонда, Шоқан жазғандай, «экесі Абылайдың «даңқына лайық болмай» абыроның дақ түсірген өз экесі [көркем] Уәли шығар... Атам қазақтың «сүйекке таңба» боларлық құпияны сақтай білуге тезімі де, намысқойлығы да жететін серке мінезі тағы бар.

Демек, қисынға тоқтамаса, болмайтындей. Абылай хан тарихын көп жыл зерттеу барысында, ана-мына құжаттарды қарап, сараптау үстінде Абылайдың азаматтық тұлғасы, мінез-құлқы, ақыл-парасаты, жалпы білім деңгейі туралы белгілі дәрежеде пікір қалыптастырып, мынадай тұжырымға келдік.

«Сабалақ», «Әбілмансұр». Абылайдың әкесі жазым болып, анасының қолында қалған күннің өзінде, ол иесіз, тексіз перзент емес еді. Ата туыстан кенде емес, аға-бауырлары, немере, шөбере туыстары, қайын жұрты барышылық, тамыры терен, бұтагы кен, жапырақ жайған хандар мен сұлтандар тұқымы фой. Бірге тұмаса да қандас атасы Тәүке хан тірі, оның орнын басқан нағашысы Қайып ханның, оның ұлы Батыр сұлтанның қолында, өзімен тұстас болашак Құдайменде, Сұлтанмахмұт, Сейіт, Есім, Қайып, Нұралы, Ералы сұлтандармен бірге өсіп, одан соң, әкесінің көзін көрген үлкен агалары Сәмеке, Болат, Күшік хандардың, Барак, Әбілмәмбет сұлтанның тәрбиесінде болғандығына күмән келтірудің жөні жоқ-ау.

Көзін ашқаннан хан ордасында, ақсүйек шаңырағында тәрбие көрген, жақсы рухани білім алған, дәстүрлі соғыс өнеріне машықтанған, бұла өсіп, бой қуаты шыныққан, ой-өрісі кен, ішкі мәдениеті бай, ұстамды жігіт болып жетілген. Ешкімнің түйесін бақпаған, (түйе деген тұлікті білетіндер оны басқа малдар сияқты тәулік бойы күзетіп, өргізіп жаймайтынын түсінер еді. Жігітке жылқышылық жарасады, қойды «қой мінезді» көнбіс.

жуас адам бағады. Сиыр әзелден көшпелі қазақтың малы емес. Демек, «Төле бидің түйесі» дегеніміз, кәдімгі ұндастік жолымен жасалған, айтуға жеңіл сингармонизм екендігін түсіндіріп, көп сөзге бой алдыруға мәжбүрміз. - 3.Т.) жаман тонды «сабалақ бала» емес, Арқаға, Көкшенің тауына кездейсок «керуенге еріп», немесе Ораз аталақтың, кей аңызда Бөгенбай батырга (был да сингаронизм және Абылайды міндетті турде бір мықты батырга мінгестіру керек болған. Ондай Қабанбай алыста жатыр. - 3.Т.) мінгесіп, оның шапанының шалғайына тығызып, бас сауғалап келмеген. «Атығай Жақсылық, кей жерде Дәuletбай, Дәuletкелді деген байдың малшысы» болмаған. «Сабалақ» атануы рас болса да, был есімді кейін, ұрыстарда танылған батыр бейнелі тұрпатты Абылайға жонғарлар сыйлаған. Қалмақ тілінде «сабалах» деген жауынгер, жаужүрек батыр дегенді білдіреді, [5] (Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Монголша-қазақша сөздік. Улаанбаатар-Өлгий, 1984, 403-бет) ал, «әбілмансұр» деген сөз мұсылманша жеңімпаз, жолы болғыш деген магнада, қасиетті ұғым. Қазақ тарихшылары бірін-бірі қайталап, Абылайдың ғылыми өміrbаянына «азан шақырып қойған есімі – Әбілмәнсұр еken» дегенді оқулықтарға, анықтамалықтарға қосып жіберген. Бір білсе, Шоқан білуге тиіс, деп оның жазғандарына назар салсак, оның «Абылай» деген осы мақаласында да, басқа жазбаларында ешқандай «Әбілмансұр» кездеспейді.

Мұндай атақтың қосарланып жүруі де, таң қаларлық салт емес, талай халықта бар, мысалы, Ақсак Темірдің атына қосарланып, «Сайыпқыран Темір», кейде « Әбілмансұр Темір» деп аталғаны да мәлім. « Уложение Темура». Ташкент. Изд. лит. и искусства им. Гафура Гуляма. перевод Х. Кароматова, 1999, часть 1, стр.1

Ресей мұрагатынан ашылған алғашқы құжат, деп санауга боларлық, Абылайдың 25 және 30 жасындағы жағдайынан хабар беретін деректер минау:

1. 1737 жылдың 28 шілдесінде Орта жүз бен кіші Жұздің иғі жақсылары бас қосып, «Ор мен Електің жоғары ағысындағы жайлауда отырған» арғын-қаракесек Қаз дауысты Қазыбек бидің

алдында өткен Хан кеңесінің Әбілқайырды бас хан сайлаған шешіміне қол қойғандар қатарында «Әбілмәмбет сұлтан, Барак сұлтан, Керей сұлтан, Батыр сұлтан, Барактың ұлы Әділ сұлтан, Нұралы сұлтан, Абылай-баһадүр сұлтан, алты алаштың үлкендікішілі билері мен батырлары...» деп хатқа түскен [5]. (Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты. 248-кор, 1164-тігінді, 751-пар ҚХА, 1-157).

2. Сібір губерниялық кенсесіне 1743 жылғы 20 желтоқсанда қызыл сұрғышпен бекітіп жіберген хатын Абылай сұлтан «Тобылдағы ең үлкен командирге Абылай Мұхаммет баһадурден» деп бастаған. [6]

(Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1743 жыл, 8-іс, 1-10-пар.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 120. С. 307-312., ҚХА, 1-331,) Бұдан кейінгі құжаттарда да Абылайдың өзі жазған толық аты-жөні «Абылай-Мұхаммет-баһадүр-сұлтан».

Ұлы тұлғалардың ісі мен сөзі бара-бара айналып кететінін тәтпіштеп түсіндіріп жату артық болар. Оның, бер жағында «Қазактардың аңыз-әңгімелерінде, – деп жазады Ш. Үәлиханов, – Абылай поэтикалық әсірелеуге түскен бейнеде суреттеледі. Абылай кезеңі – қазактың ерлік рухы асқақтаған дәүірі. Оның жорықтары мен батырларының көзсіз ерліктері эпикалық әңгімелердің сюжетіне айналған...». [7] (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти томах. Т. IY. A., 1985, с.116).

Ал енді, халқының құрметіне бөлленген сондай адамның әкесі мен атасы туралы сез болғанда, осы мәліметтерді өзі неге беріп кетпеген деген түйткілдің де жөні бар ғой. Мұның мәнісі мынау деп ойлауға хақымыз бар сияқты. Абылайдың арғы атасы «Еңсегей бойлы ер Есім» екені, «Есім салған ескі жолдың» қазақ үшін қасиетті ұғымға бастайтыны рас. Одан кейін, аты аңызға айналған әз Тәуkenің атына байланысты естеліктерді тебірене тындастын қазақ көп.

Қазақ жадындағы жыр-толғауларда, мысалы, Бұқар жырау, Үмбетей жырау т.б. айтыпты делінетін, Шәкәрім қажы, Мәшінүр Жұсіп, Шәді Жәңгірұлы, Олжабай ақын т.б.

жазғандарында кездесетін әртүрлі нұсқаларды дерек санап, тиянақ көріп, талғамай-тексермей қабылдау – XX ғасырда тым қолайлы бола қоймайды. Адамзаттың аргы-бергі тарихында мұндай шешуі қиын түйіндерді оңайлатып, мифтендіріп жіберген мысалдар көп. Күнаға жазбасын, тарихта болған Гайса пайғамбардың Мәрия анасының құрсағына құн нұрымен пайда болуы, ет-сүйектен жаралған Мұхаммет пайғамбардың экесі туралы дерек сақталмауы, т.с., айта берсе, жалғыз қазактағана емес, пір тұтып, аспандатқан тұлғаларды катардағы пендеден туғыза салмайтыны мәлім. «Атақты тұлғалардың жас құнінде жетімдік қүйін тартып, қарапайым кісілердің қолында малшы немесе аңшы болып, құн кешіп, кейін өзіне лайықты орынға, таққа ие болуы – тек қазақ фольклорындаға емс, әлемдік фольклорда жиі кездесетін сюжет». [8] (Әбсадықов А. Хан Абылай: тарихи шындық және халықтық таным, Қостанай, 2000. «Абылай хан». Энциклопедия, Алматы, 2013. 109,110-беттер).

Абылай Арқаға қалай келген? Демек, осындағы шытырман шимайдың шетіне жете алмай, құпияның сырын аша алмаған, бірақ, ел аузында сақталған әңгімелерге қанып, жас Абылайдың кісілігіне, өнеріне, ерлігіне тәнті болған Шоқан, энциклопедияға арнайы дайындаған ғылыми мақаланы аңыз ізімен, мысалы, былай өрбітеді: «...Он үш жастагы Абылайды экесінің адад толенгіттерінің бірі бауырына басып, аман алып қалған, сол құлы жетім баланы жасырып, Қазақ даласына [Арқаға] бой тасалап кеткен болып көрсетіледі».

Бұл арада, Абылайдың жетім қалып «Ораз атальықтың» (Шоқанда «төленгіті, құлы») тәрбиесінде болуы» сол кезде орын алып, ел арсына тараған басқа бір фактіден, яғни, «Хиуаны билеген Мұса деген хан 1712 жылы қаза болғанда, оның артында қалған Сәтемір деген ұлын Оразалы деген атальық (ханның құлы) жасырып, аман сақтап қалыпты деген аңызға» [9] («История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков», III том. Алматы 2005, С. 104.) ұқсас, ауыз әдебиетіндегі ежелгі асыра дәріптеу, айтулы тұлғалар тәңірегіндегі мифтік әсірелеудің тағы бір мысалы. Бұдан әрі Шоқан, тағы да аңыз желісімен: «Аласапыран сол бір замандағы бір ұрыста (Бұқар

жырау...1733-34 ж. соғыстар) Абылай өзінің ерлігімен, ақыл-айласымен жарқырап көзге түскен», деп жазады. Мұндай байламға негіз болған, Бұқар жырау айтыпты делінетін: «Сен жиырма жасында/ Ақсұнқар құстай түледің...» деген сөздер. бұған қоса Абылай есіміне байланысты Үмбетей жырауға телінетін жыр нұсқаларында да осында жолдар бары рас. Бұл арада болашақ ханның ат жалын тартып мініп, билік тұтқасын ұстағаны 20 жас щамасында екені туралы дерек назар аударуға тұрады және Ресей мұрагаттарында сақталған құжаттарда осы оқиғаға қатысы бар-ау деген деректер сақталған. Олар, мысалы, мыналар:

1732-1733 жылдардагы азаттық соғыстарында «Абылай-баһадүр» атағы шығып, жеке батылдығы мен ерлігі, қол бастаушы өнері көпке мәшіүр болып, көзге түсे бастаған, деген тезистің шындыққа жанасымды екенін жазба деректермен дәлелдеуге болатын сияқты. Айталақ, 1732 жылы хатталып қағазға түскен мәліметтерде Жонғар хандығына елші әрі барлаушы ретінде барған майор Угримов 1732 жылдың 1 желтоқсанында Сібір губернаторына жазған хатында: «Биылғы жаз айларында Үргіде (жонғар хандығының астанасы. - З.Т.) «поптар мен бұқаралық дихандар ғана» қалғанын, басқалары, тіпті бозбалаларға дейін ат мініп, қытайлықтар мен қазақтарға қарсы соғысуға кеткен», деп жазған. Сол 1732 жылғы қазак-жонғар қактығыстары туралы нақты деректер бар. Біреу емес, бірнешеу.

[1732] жылғы 24 шілде. Сәмеке ханнан Әбілқайыр ханға келген қазақ жігіті: «Жонғар қоңтайшысының 30 мың қолы қазақты шабуға келе жатыр, Әбілқайыр хан сақтанып отырсын және қалмақтарға қарсы әскер шығарсын», деген хабар әкелді.

Әбілқайыр хан өз ауылдарына хабар таратып, ел ағаларына қол жасақтау жөнінде тапсырма берді; қоңтайшының әскери қайда, қанша, басқарушысы кім, қазактарды шауып-тонап жатқан жок па екен?.. деп, біліп келуге жіберді.

16 тамызда Әбілқайыр ханның Орта жүзге жұмсаған жауашысы Ақжігіт қайтып келді. Оның айтуынша: «[1732 жылы] Қазактар қалмақтармен соғысып жатыр, қалмақ әскерінің

басшысы Чакбо, қарулы қолының саны 7 мыңнан асады. Естүінше, қалмақтар 20-дан аса киіз үй мен біраз жылқы-қой әкетіпті». Ал, Тевкелевтің башқұрттардан естүінше, «қоңтайшы қалмактары 200 тұндікті шауып, 6 мыңнан аса жылқы мен 10 мың қойын айдап әкетіпті... [10] (Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы - Абылай, 2011, 1-том, 101-бет)

Осындай жазба деректердің молдығы жыр-толғауларда айтылатын «Абылай жиырма жасында көзге түскен...» деген тезисті уақыт жағынан алғанда, бекіте түседі. Бірақ, одан әрі, анызға арқау болған «Шарышпен» жекпе-жек мәселесі сын көтермейтінің байқауға болады. Біріншіден, көп соғыстардың бірінде, жекпе-жекте қарсы жақтың бір батырын женгені үшін тарихтарға даңқы кеткен Абылай бола қалуы қысынсыз. Екіншіден, Қалдың Сереннің мұндай ұлы болмаған, үшіншіден, осындай сәтті пайдаланып, қолдан «Абылай жасайық, деп Төле би мен Қазыбек би ақылдастыпты да, «төре тұқымы емес» жас батырды қаһарман жасап ала қойыпты (профессор Т. Омарбеков) деген сияқты ертегіге бергісіз жорамалдар жазба деректермен тиянақталмайды. Бұл арада, Қалдың Сереннің тұсындағы жонғар хандығының тарихында да, қазақ-жонғар соғыстарында да Шарыш деген антропоним кездеспейтінін косып айтамыз.

Сонымен, 1732-1733 жылдардағы соғыста шапқыншылардың бетін қайтарып, енсе көтере бастаған шакта, хандықты басқарудың әкімшілік жүйесі мен қорғаныс қуатын жетілдіруге бағытталған реформа дүниеге келген. Сәмеке хан, ерекше батылдығымен көзге батыр-сұлтандарды іріктеп, аймактарға тағайыннады. Мысалы, Әбілмәмбетті – Түркістанға, Абылайды Көкшетауға, Сұлтанмұхамметті – Ертіс бойына (Жәміш бекінісіне таяу), Әбілпейізді Орталық Қазақстанға, арғын-алтайға, Құдайменде сұлтанды қыпшақ-керейлерге, (Торғайдан батыска қарай келеді). сұлтандыққа бекітіп, тиісті аймактарды бөліп беріп, билетті. Демек, «Тәуке хан өлгеннен кейін Қазақ хандығы ыдырай бастап еді» деген тезистің де кисыны жоқ, қайта, Болат ханнан кейін билікті қолына алған Сәмеке, ұлан-байтақ Орта жүзді аймактарға бөліп, әрқайсына

жеке басқаруши тағайындал, бір орталықтан басқарудың жаңа жүйесін құрды. Сәмеке ханның бұл шаралары сол кезде жаңаша қалыптаса бастаған қазак-орыс қатынастарына байланысты сақтық шаралары деп түсінске, дұрыс болар.

Қарап отырсаңыз, жаңа билеушілерді, неғұрлым солтүстік шегараға қарай орналастырганын байқайсыз.

Бұл тағайындаулар, шамамен, 1732-33 жылдарға сәйкес келеді. Қазақстан тарихында, әлі де болса, көмескілеу қалып келе жатқан осы жағдага тереңірек үніліп, байыпмен пайымдасақ, Абылайдың Түркістаннан солтүстікті бетке алуы, кездейсоқ, «керуен көшіне ілесіп» келу емес, қазіргіше айтқанда, жаңа қызметке тағайындалуына байланысты десек, тарихи шындыққа қисынды келеді. Және Абылай сұлтан жалғыз емес, немерес ағасы, Сұлтанмұхаммет сұлтан (Бақы сұлтанның ұлы Ибақ, оның ұлы, Сұлтанбек немесе Сұлтанбет) да тағайындалып келіп, солтүстік-шығысқа орналасады), Жолбарыс сұлтан (Сәмеке ханның Есім атты ұлынан туатын немересі), Құдайменде сұлтан (Торғайдан батысқа қарай аймаққа билеуші болып) бірнешеуі келеді.

Шоқан қолымен қағазға түскен «Абылай» атты мақала мәтініне тағы да оралып, ондагы пайымдардың деректік негіздеріне үнілсек, мысалы, мына тұста «Ақтабан шұбырынды, алқақөл сұлама» трагедиясын көрсетіп, Шоқанның А.И. Левшинге тікелей сілтеме жасағанын байқаймыз.

«ХVIII-ғасырдың алғашқы оп жылдығы (ширеғі деген дұрыс болады. – З.Т.) қазақтар үшін қайғы-қасіретке толы зобалаң кез еді. Жоңгарлар, Еділ қалмақтары мен Жайық казактары, башқұрттар жан-жасағынан анталап, қазақ ауылдарын шапқынишылыққа ұшыратты, малын айдан алып, адамдарын топ-тобымен қуып әкететін болған. Жеті ағайынды жұтты қоса әкелген қытымыр табигаттың ауыртпалығы халықтың жағдайын одан әрі күйзелтіп жіберген. Қазақтың белгілі бір ел ағасы Орынборга келіп, «...сол кездегі қазақ жұрттының қайғылы халі ит талаган қояндай...» болып еді дегені қағазда қалған.

Жоғарыда аты аталмаған «белгілі бір ел ағасы» шақшақ Бөгөнбай батыр екені және бұл сөздерді 1748 жылы Орбекінісіне он кісіні бастап келгенде Ресейдің биік шенді дипломаты А. Тевкелевке айтқаны қазір жазба деректермен дәлелденіп отыр [11] (Тайшыбай З.С. Қазактың ханы - Абылай, 2011, 1-том, 373-бет.) «Сол бір қаралы жылдың қасіреті халық жадынан өшіпей, осылай сақталған,- дейді де, Шоқан, - Қарқатың түсін, аяғы жұтқа айналған сол бір қырсықты қыстың соңын ала жсоңгар қоңтәжісі Қалдын Серен қалың эскерімен, қазақ даласына қара құрттай қаптан келіп, бұрынғы шатқынышылықтары мен бас асаулығы үшін қазақтан өш атып, қыргынға ұшыратқанын; жсоңгарлардың қиянатынан тоз-тоз болғап қазақтар тұз тағысындаи шашырап, мал-мұлкі мен бала-шагаларын, қарияларын, арық-тұрақ малдарын жолға тастан, оңтүстікке қарай шұбырып, безіп кеткенін; Орта жуз Самарқан төңірегіне, Кіши жуз Хиуда мен Бұхарага қарай ауып..., Болордың аяқ жетпес шатқалдарына табан тіреп, тіпті үрей үстінде Гүссар асып кеткенін» тарихи деректер негізінде дәл баяндайды.

«Осынау қанды қыргын, құлды шақта Абылай сұлтан ел козіне түсіп, жұлдызы жарқырайды. Ұрыс үстінде жсанып түсіп, жарып шығатын батыр әрі ақылды кемел, сарабдал, алғыр сарбаз сипатында оқшаулана береді. Қыын жерде қапысын тауып құтылып, қол бастаса жауын қирата жеңеді, даңғағай аталағы. Осылайша, әруақ қонып, қыідыр дарыған Абылайды қазақтар өзінің құтқарушысы дәрежесінде танығанша, ол талай қыын-қыстау сындарда шынығады».

Бұл тұста бір сақтық керек сияқты. Абылай сұлтанның көзге түсіп, зор абыройға бөлленгенін халық басына түскен қасырет кезіндегі еңбегімен ұштастыра баяндаған Шоқанның пікірін, әлбетте, Абылай осы «Ақтабан шұбырынды...» кезінде 1723-24 жылдары танылып еді деп, сезбе-сөз түсінуге де болмайды.

Кейінгі зерттеушілер, мысалы белгілі кеңес тарихшысы В. Моисеев Шоқанның осы жазбаларын қалтқысыз қайталап

ұшқарылық жасаған. Себебін, кейін ашылған жазба деректер негізінде нақтыламайды.

Кейбір авторлар, мысалы Ж. Қасымбаев Орта жүздің ханы Әбілмәмбетті «... Жоңғар шапқыншылығы елге қауіп төндіріп тұрған жылдарда жылдарда елдің басын қоса алмады» [12] (Абылай хан. Энциклопедия. 115-бет) деп жазғырады. Тағы бір авторлар «Абылайдың алғыр да жігерлі билеуші екендігін дәлелдеу үшін, Әбілмәмбет ханды «әлжуаз, босбелбеу» біреу деп көрсетеді. Мұндай сыңаржақ сипаттаудың негізінде Шоқанның «Абылай» мақаласындағы «Орта жұзге барып-келіп жүрген орыстардың айтуынша, [Әбілмәмбет есімді] тақтағы ханның қолында ешқандай билік болмаған», деген жалғыз сөйлем жатқандай. Байыпташ қарасақ, Шоқан Әбілмәмбетті қадалып зерттемеген және өзі ескерткендей, «барып-келіп жүрген орыстардан» естігенін жазған. Бұл үшін ол кінәлі емес.. Ақиқатында, Әбілмәмбеттің де талай ұрыста қол бастап басқыншы жауга қарсы аттанғаны, жеңіске жеткені, [13] (Моисеев, 115-116-беттер), Әбілмәмбетті 2000 әскерді бастап, жонғарға қарсы кеткені, [14] (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Жонғар істері қоры, 113/1-тізбе, 1741. 1-іс, 6-сырт пар.) оның ел таныған сыйлы қолбасы, ұстамды билік иесі болғаны дәлелденген. Абылай сұлтан ерекше құрметтеп, есіміне табынған Әбілмәмбет ханның тұлғасы туралы көрнекті қазақ тарихшысы Әбілсейіт Мұхтардың ([15] «Әбілмәмбет хан туралы пайым» // Егемен Қазақстан. - 2012. - 15 қараша) зерттеуінде жеткілікті мағлұмат бар екеніне сілтеме жасап, тізгін тартамыз.

Абылай ... «1739 жылы Орынборга барып Ресейдің мәңгі бодандығын қабылдаған», деп жазғанда Шоқан, қазіргі бізге ақиқаттан аттағандай болып көрінер. «Тұлғаны заманы, коршаған ортасы қалыптастырады» немесе «қоғамда тірлік етіп, қоғамнан тыс бола алмайсың» деген қағиданың, әрине, Ресей армиясының офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановқа да қатысы бар. Орысша «подданный» деген сөздің түркі тіліндегі «бодан», «ел», «көрші, тату жұрт» яғни, «бірігіп, ынтымақтасып ел болайық...» деген түсінігі жас Шоқанға мәлім болмауы

мүмкін. Екіншіден, 1740 жылдың күздінде Әбілмәмбет ханмен бірге ресми өкіл ретінде ант қабылдағаннан бастап, кейін жүйелі түрде ант қабылдау рәсімінде қол қойылған құжаттарда «мәңгі» деген сөз кездеспейді. Мұндай сөз Шоқанға дереккөз болған А.И. Левшиннің кітабында да жазылмаған. (1832 ж. 142-бетті қараңыз.) Тағы бір мәселе, Абылай мен Әбілмәмбеттің Орынборға баруы 1739 жылы емес. Левшиннің көрсетуінше, Татищевтің оларға 1738 жылы шақырту жібергені рас, Абылай мен Әбілмәмбет сұлтандар «биыл шалғайдамыз, келесі, 1939 жылы барамыз дегені де рас, бірақ «1939 жылы бұл кездесудің сәті түспеді...Татищев Петербургке кетіп қалды...» Яғни, 1737 жылы қайтыс болған Орта жүздің Сәмеке ханының орнына 1939 жылы таққа отырған жаңа ханы Әбілмәмбет пен сұлтаны Абылайдың Орынборға барып, жаңа губернатор Урусовпен кездесіп, Ресей патшасына адад көршілік антын қабылдауы 140 жылғы 23 тамыз берендей болған.

Өз тарапымыздан атап көрсетуге тұрарлық дерек - Абылай сұлтанның, кейін хан сайланған соң да, Ресейдің генерал шенді ұлығымен, Ресейдің бекінісі мен қаласында алғашқы және соңғы бетпе-бет кездесуі болатын. Ұзак мерзімді билік қызметінде Абылай Ресей үкіметімен және шегара әкімшілігімен елші жіберу, хат жазысу жолымен байланысып отырған.

Абылай екі рет тұтқында болған ба? «...[Абылай] Тау қырғыздарының, тағы бірде Қалдың Сереннің қолына түсіп қалады. Әсіресе, Қалдың Сереннің тұтқыннынан құтылуы гажсан. Жоңгар ханының сүйікті ұлы Шарышты өлтіріп, қаһарлы қалмақтардың тегеурінінен қаймықкан қазақтар Абылайды Қалдың Серенге ұстап берген» деп жазғанда Шоқаннің қолында Қазақ хандығындағы 1739-1741 жылдардағы оқиғалар, оның ішінде қазақ-жонғар, қазақ-қырғыз катынастарын айғақтайтын деректер жеткіліксіз болғанын байқау қын емес. «Абылайдың қыргыз тұтқынына түсіү» туралы әсіре таратылған аңызды сол қырғыз арасында болғанда естісе керек.

Ал, Абылайды «қазактардың жауға ұстап бергені» туралы деректі қайdan алғаны мәлімсіз. Бәлкім, бұл – орыстар тарарапынан тараған қауесет болуы да мүмкін. Оның есесіне, абылайтанудың қазіргі жағдайында Абылай сұлтанның 1741 жылғы ақпан-қантарда Жонғар тұтқынына душар болуы нақты деректермен басқаша дәлелденіп отыр.

1740 жылдың күздінде ойрат жасактары Орта жүзге шабуыл жасады. Бұл жолы олар қазактардың едәуір ұйымдастырылған қарсылығына тап болды. Қазақ батырлары әр тұстан кірген жаудың бетін қайтарды. Сол жылы қараша айында ойрат тұтқынынан қашып ىциқкан Абыз Байболов деген қазақ Жәміш бекінісіне келіп: «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет екі мың қолмен Қалдын Серенниң қалмақтарына қарсы кетті» деп хабарлаған.» ([16] (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Жонғар істері қоры, 113/1-тізбе, 1741. 1-іс, 6-сырт пар). Қыргын ұрыстар басталды. Соның алдында гана Әбілмәмбетпен бірге Ресей бодандығын қабылдап келген Абылай да осы соғыстың жуан ортасынан көрінген еді. [17] (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Жонғар істері қоры, 113/1-тізбе, 1741. 1-іс, 6-сырт пар).

1741 жылғы ақпанның соңын ала жонғар қолбасы Септен мен Қалдын Серенниң үлкен ұлы Лама Доржы 30 мыңдық әскермен қазақ даласына басып кірді. Олар қазақ жасактарымен ұрыс сала отырып, Тобыл мен Есілге дейін өтті. Бұл ұрыстардың нәтижесі туралы сақталған құжаттар бар. Мысалы, 1741 жылғы 1 маусымда Жәміш бекінісінің комендантты подполковник Зоринге жеткізген ақпарында Жонғар әскербасы ноян Септен: «өзінің он бес мыңдық қолымен жонғар жеріне аман-есен қайтып оралғанын, қазақтардың қолында болған 3 мың тұтқынын босатып әкелгенін» хабарлаған. «Септен биыл 1740-1741 жылдың қыс айларынан көктемге дейін Об пен Тобыл өзендері аймағында болыпты. Қалмақ әскери Есілге келгенде, Шілікті және Шідерті деген жерде, қасында 200 жасағы бар Абылай сұлтанға кездесіп, соғысып калыпты. Қалмақтар қазақтарды жеңіп, Абылай сұлтанды тұтқынға алыпты. ...Олардың ішінен Барақ сұлтанды, Тұрғын сұлтанды, Алыпқаш

және Қобутыған (осылай жазылған- З.Т.) батырды ұстап, жонғар жеріне жөнелтіпті...» [18] (Ресей империясының сыртқы саясат мұрагаты. Жонғар істері қоры, 113/1-тізбе, 1741 жыл., 1-іс, 41-42-сыртқы пар) Қ.х.А. 1-том, 215,216-беттер).

Абылай сұлтанды тұтқынға... – Абылай сұлтанның жорықта жүріп жау қолына түсіп қалғанын анық көрсететін құжат осы. Ал, екінші рет, айтальық қырғыздардың қолында тұтқын болмаған.

Абылай сұлтан жонғар тұтқынында шамамен 1741 жылғы қантардың аяғынан 1743 жылғы наурызға дейін болды. Әуелде Қалдын Серен оны өз Ордасында ұстады. 1742 жылы мамырда Ақшора батыр бастап барған елшіліктің көзінше Абылайдың аяқ-қолына кісен салынуын («Қазақтың ханы – Абылай», 1-томындағы 63-құжатты қараңыз. - З.Т.). Қалдын Сереннің Абылайдың артынан іздел келген қазақ делегациясына қазақтарға қыр көрсетіп, өзінің айтқанын істеткісі келген саясаты деп түсіну керек. Дәл осы оқиғадан кейінірек Тобыл қаласынан Жонғар хандығына барып келген сержант Александр Подзоров Абылай сұлтанның ел астанасында, Харачин отогінің зайсаны Цегук дегеннің құзеті астында екенін айтып келген. «Абылайдың жанында бір ұлы және 20 қазақ бар екен. Абылайды қөргім келіп еді, құзетшілер жолатпай қойды», деген. Бұл арадағы жаңсақтық, Абылайдың жанында болған өз ұлы емес, Есімханұлы Жолбарыс сұлтан, Абылайға шөбере туыс. (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Жонғар істері қоры, 113/1-тізбе. 1743 ж., 2-іс, 39-40 парапттар).

Әбілқайыр ханға еріп Орынбор комиссиясының бастығы И. И. Неплюевке келген жонғар елшілері Қасқа мен Бараң: Абылайдың жекпе-жек ұрыста «Қалдын Сереннің туысы болып келетін көрнекті бір батырын мерт қылғаның, жонғар ханы Абылайды сол үшін ұзағырақ ұстап отырғанын, бірақ Абылайды тұтқын ретінде қорлық қөрмегенін, « хан оған құрмет көрсетіп отырғанын...» айтқан. Ал енді, Абылайдың тұтқындағы жайына қайта келетін болсақ, жазба деректерге қарағанда 1742 жылдың мамыр-маусымында Қалдын Серен Абылай сұлтанды хойт нояны, өзінің немере інісі Дауашыға жіберіп құзеттірген.

Осында ол Дауашымен және Қалдын Сереннің жиені болып келетін жиырма бір жастағы жас жігіт Әмірсанамен жақын танысып, дос болады. Абылайға жеке киіз үй тігіп беріп, арнайы күткен. Абылай тұтқында да бос жатпаған. Ойрат тілін үйренген, ойратша хат таныған. Жонғар хандығының ішкі саясат жағдайын, мемлекеттік құрылымын зерттеген. Осы кезде Абылай жонғар хандығының қуаты халқының бірлігінде, бір орталықтан бағындыратын мемлекеттік биліктің күшінде екеніне көз жеткізген. Шоқан Уәлихановтың жазбаларында Абылай сұлтанның тұтқында болғаны жөнінде ел аузынан жиналған деректер баршылық. Солардың ішінде, мысалы: «Қалдын Серен бірде тұтқындағы Абылайдан: «Өзің білгенде ел билеушілерден кім күшті», деп сұрапты дейді. Сонда Абылай: «Әуелі Қондыкер, орыстың ақ патшасы, Ежен хан, Қалдын [Серен], сонан соң, мен!» - деп жауап береді. Қалдын [Серен]: «Мен, мен!» деп төсін ұрса керек. Сонда Абылай оған: «Аз гана жұртты билейсің, бірақ одан да көп халыққа лайықсың» деген екен».

Жоғарыдағы сөйлемнің қисыны бұзылғанын байқаймыз (Ежен хан, Қалдын [Серен], сонан соң, мен, мен деп...) Бұл арада басын аша кететін бір кішкене гана түйткіл бар. Қалдын Сереннің: «мен, мен» дегенінің мәнісін, бәлкім, Абылай сұлтан түсінбей қалып, қазақ ұғымы бойынша пайымдал: «Қалдын Серен: «мен, мен!» деп көкірегін қағып, мен-мендік танытты», деп айтып келген. Немесе, осы әңгімелерді Шоқанға жеткізген адам, Қ. С. айтты деген сөздерді қазақша (монг.ман-солай, дұрыс, дәл айтасың) айтқан, оны Шоқан сол күйінде түсініп, орысшага «Я! Я!» деп аударып жазған. Кезінде тасқа басылып қалған сөздер, таңба түрінде сақталып, монголша білетін адамға кездеспей, кездессе де, үстірт оки жөнелгенде байқалмай, сол бүрмаланған күйінде ұрпактан-ұрпакқа жетіп келеді. Екіншіден, осы сөздерді айтушы мен жонғар ханын. ата жауымыз деп қабылдайтын қазақ оқырманның психологиясын да ескерейік. Біздің ойымызша, дұрысы: Абылайдың жауап сөзін макұлдаған Қалдын Серен қалмақша «ман, ман» яғни «иә, иә!» деп отырған. Монгол тілінде «ман» деп айтылып, мен деп естілетін сөз, «иә»

деген макұлдауды білдіретін одагай екенін көрсету парыз. Демек, бәрі өз орнына келді. Эйтпесе, Қалдын Серен тұтқынның алдында өзін асқақтатып: «Мен, мен!» деп тақаппарлық танытпас керек. Хан деген аты бар емес пе? Сондай-ак, әр тұста қылаң беріп жүрген: «Абылайды «зинданда» ұстаптымыс, деген де қазақтың әсіре қоспасының бірі (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах, Т-1, Алта-Ата, 1981, С.216-222). Жоңғар хандығының сол кезеңдегі ытариҳына үңілгенде, ешқандай «зиндан» болмағаны және оның Абылай атына қатысы жоқтығы байқалды.

Шоқанның көрсетуі бойынша Абылайдың некелі әйелдерінің бірі -*Топыш сұлу* – қалмақтың *Хочу мерген деген нойанының* (Қалдын Сереннің жақын туысы) қызы, Абылай тұтқыннан босаганда, Қалдын Серен өз қолымен некесін қиган. *Одан: Қамбар мен Қасым тұады.* (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах, Т-4, Алта-Ата, 1981, С. 173). Әдеб.: Сулейменов Р. Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана ХVІІ-ХVІІІ века (о внешней и внутренней политике Аблая). – Алма-Ата: Наука, 1988, С.36-37; Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи ХVІІ-ХVІІІ вв. Алма-Ата, 1991. С. 127; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 101, 220-беттер; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах, Т-3, Алта-Ата, 1981, С.322.

Реті келіп тұрғанда, Қалдын Серен некесін өз бауырындай танып, кінәсін кешіріп, разылықпен аттандырған Абылай сұлтанға ақ тілекпен некесін өзі қызып, қосып, қолынан ұзаткан, кейін Қамбар мен Қасым атты екі сұлтанды берген ханым, Кенесарының әжесі, ел аузында «Топыш сұлу» аталған тұлға жөнінде де қолдағы деректі оқырман назарына ұсынсақ деймін. Бірде Қалдын Сереннің өз қызы екен, Шоқанда «*Қалдын Сереннің жақын туысы Хочу мерген деген қалмақ нойанының*» қызы аталатын бүл қалындықтың тегі кім екені туралы «1743 жылы сәуір айының аяғында орыс елшісі Миллер Түркістандағы Сейіт ханның дастарханында отырғанда, сол маңын қоңыраты Мәмбетбай деген қазақ айтыпты: «...Қалдын Серен Абылайды сый-сияпатпен аттандырып, оған Түркістанга таяу Сүйіндік

деген ауылды шапқанда, қолға түскен бір тексті қызды қалындыққа беріпті. Айтылған Сүйіндік ауылына қалмақтар тұрғылықты орналасқан болса керек». Сонымен, Топыш ханымның қалмақ қызы екені және беки түседі.

Абылай марапат, жалақы сұраган ба? «...1759 жылы Абылай патша сарайына өзінің туысы Жолбарыс сұлтанды жіберіп, марапат сұраган, соган орай оған [патша атынан] құзырхат беріліп, жылына 300 рубль жалақы тағайындалып, 200 нұт ұн босатылатын болған», деп жазған Шоқанның бұл пайымдауын нақтылауға және толықтыруға тұра келіп отыр.

Шынында, Абылай жалақы да марапат та сұрамаған. Абылайды марапаттау, жалақы ұсынып, оның Қытай бағытындағы ұстанымынан тайдыру ниеті сол кездегі Ресей әкімшілігінің ең биік деңгейінде, оның сыртынан шешілген. Қазақ хандығының Қытай мемлекетімен жақындастырынан қатты қауіптенген Ресей патшалығының шегара әкімшілігімен жазысқан хаттарында, ешбір бүркемесіз көрінеді. Мысалдар мынау: «З.С. Тайшыбай. Қазақтың ханы –Абылай. Алматы. «Ел шежіре», 2011, 1-том. 510-554-беттер. 2-том, 9-31-беттер» деген кітабымызда берілген деректерде. «...Абылай сұлтан қытайлармен соғыспайды, татуласыпты. Бірақ, қытайлар алдаң жүрген жоқпа деп, қазактар қатты сескенеді...», «...егер қытайлықтар зұлымдық жасап, қазақтарға қарсы шабуыл бастаса, өз әскеріммен бетін қайтарамын, деген Абылайдың ниеті дұрыс», «Абылай сұлтан қытайлармен татуласыпты, қытай әскерінің бастықтарына сыйлық беріпті», «...менің қытайлықтармен жасасқан бейбіт көршілік шартым туралы жазбаша хабарлауымды сұрапсыздар...», «...Еренқабырға деген жерде біздің Орынбордағыдай сауда орталығын ашуға келістім және осы мәселе бойынша Қытай bogдыhanыna 13 кісі елшілік жібердім», «...Абылай жіберген адамдардың айтуынша, қытайлар бұрын жонғарлар басып алған жерлерді қазақтарға бермекші...», «Абылайдың беті Ресейге теріс емес», «...қытайлар Абылай сұлтанмен... қалай тіл табысып қалды деп, жан-жақты барлау жүргізіп жатырмыз», «...Абылай сұлтанға есімі жазылып, зерленген қылыш... жіберілді». Дәлірек айтсақ, 1759 жылы 22

қантарда А.Тевкелев пен П.Рычков тағы да осы қазак-қытай қатынастарынан қауіп көріп, Абылайды бауырға тарта түсү үшін, оған жалақы төлеу туралы Ресей сыртқы істер алқасына ұсыныс енгізген. Ұсыныс қабыл алынып, канцлер, граф Воронцовтың колы койылып, Орынбор әкімшілігіне жіберілген нұсқауда бұл туралы сөзбе-сөз былай делінген: «Абылай сұлтанға биылғы 1759 жылдың басынан бастап, жалақы төлегеніміз дұрыс. Орынбордың шет ел шығындары есебінен Кіші жүздің ханы Нұралының жалакысын азайтып, 600 рубльді Абылай екеуіне тең етіп, 300 руб. тағайындалсын». Бұған қоса, басқа шығындарына жұмсауға тағы 100 руб. Абылай сұлтанға берілуі керектігі көрсетілген. Сонымен қатар хатта Абылай сұлтанды жергілікті халықтың көпшілігі хан деп атایтыны, казак арасында Абылайдың беделі биік екені атап көрсетілген.

Сонымен, 1759 жылы тамыздың 3-дегі құжат бойынша Ресей патшасы Елизавета Абылай сұлтанға жылына 300 р. Жалақы тағайындалды. Бұл жалақы: «Карауындағы Орта Жүздің халқын жақсы-жайлы басқарып, Ресей шегарасында ешқандай оғаш қылыштар жасамауын, бізге сырттан жау тиіп қалғандай болса нағыз сенімді бодан халық ретінде қызмет көрсетуге дайын болады»,- деген сеніммен, марапат ретінде беріліп отыр [C.598].

Түсінігіміз айқынырақ болуы үшін, сол заманның құжатына жүгініп, Ресей сыртқы істер алқасының 1759 жылғы 31 тамыздағы жарлығынан ұзінді келтірейік:

1) 1759 жылдан бастап Абылай сұлтанға жылына 300 рубль жалақы тағайындалды, оның 100 рублі оған жасырын беріледі және оның үстіне Абылайға және ел ағаларына 500 рубльдің сый-сияпаты берілсін;

2) Абылай сұлтанды Орта жүздің ханы деп жариялау қажет болғанымен, бұлайша Нұралы ханың шамына тимеу үшін (оның Орта жүзге де біраз билігі бар) Абылайға құпия түрде айтылсын: егер ол Троицкіге немесе Орынборға аманат тапсыратын болса, өзіне хан лауазымын беру туралы сөз козғауына болады, содан кейін ол жалақы жағынан Нұралымен тенеседі... [20] (Сборник указов и узаконений о киргизских

степных областей. Издание неофициальное (Сост. Ст. советник Тургайского обл. правл. И. И. Крафт) – Оренбург: Тип. П. Н. Жиринова. 1898. – II. 1759 г. С. №681. 224-227).

Бұдан кейін де, Қытай ықпалынан қайтару үшін арнайы тапсырмамен 1759 жылғы 28 қарашада Абылай сұлтанға аттанған барлаушылар Ураков пен Гуляевқа берілген құпия нұсқаудың: «Қытайлармен арамыздың қазіргі жағдайларға байланысты қазақтың Орта жүзінің сұлтаны Абылайдың мәнжайын біліп, Орта жүздің бірден-бір билеушісі ретінде оған нағыз хандық лауазым беру мүмкіндігін анықтап қайтыңыздар», деп басталуы тегін емес. Ресейдің казак-қытай қатынастарынан қатты абыржуы сондай: «...Түркістанда тұрып жатқан Әбілмәмбет ханның Орта жүзге қандай дәрежеде билік жүргізетінін білуіміз керек. Өйткені, Әбілмәмбет ханның әлеуеті болып тұрғанда, оған қоса Абылай сұлтанды хан етіп жарияладап жіберсек, Әбілмәмбеттің намысына тилеміз, сөйтіп ол Қытайға бет бұрып кетуі мүмкін», деген терең сырды да жасыра алмаған.

«...сондықтан, анық-қанығына көз жеткізіп, біз хандыққа тағайындасақ, аманат бере ме еken деп, Абылайдың тамырын басып, білу қажет. Тіпті, өзіне ашып айтуға да болады: «Ресей патшасына қалтқысыз адалдығының ежелден мәлім, өзініздің, не жақыныңыздың баласын Орынборға, яки Троицк бекінісіне аманатқа беріп қойсаныз, тіпті жөн болар еді». Ресей сырқы істер мекемесіндегі тісқаққан, әккі генералдар, Абылайдың «оңай шағылатын жаңғақ еместігін» біледі де, мына барлаушыларды ескертіп, егер «...Абылай сұлтанның өз балаларын немесе ел ағаларының балаларын аманатқа бергісі келмейтінін, хандық лауазымнан бас тартатынын сезе бастасаңыз-ақ, әңгіменің желісін басқа жаққа бұрып: «жай ғана өз пікірім ғой, айтылған жерде қалсын», деп жіңішкертіп барып, тізгінді тарта қойыныз».

«...Сөз арасында, Абылай сұлтанның биыл жазда осында, Орынборға келіп, маған жолықпақ болған уағдасын есіне салып, тағы да шақырыныз», деп мұқият ескертеді. Бұл дегенініз, Абылай сұлтанның мінезін, шар болаттай шымыр жігерін еріксіз мойындауың көрінісі. [21] (Ресей империясы сыртқы

саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры.122-тізбе, 1759 жыл, 4-іс. 450-452-сырт. пар.; Казахско-руссские отношения в XYI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. Док. № 234. С. 603-605. Қ.Х.А., 2-том, 62,63-беттер)

Міне, осындай анық дерек-дәлелдерден кейін: «Абылай. Ресейден қаржат түрінде жалақы сұраған ба? Күн-көрісі нашар болған ба? Әлде, баққұмар адам ретінде өз қызметіне марапат сұрады ма?» деген сұрактарға жауап іздеп көрейік. Өкінішке қарай, кейбір авторлар, осы фактіні қазірге дейін теріс түсіндіріп жүр.

Екеуі де емес. Ресей патшасының, сондай-ақ, Қытай патшасының өздері жүргізетін кейбір істерді алдын-ала зандастырып алатын дәстүрі бар. Сол тәртіп бойынша, мысалы казактың хан-сұлтандарына, беделді батырларын «жем тастап», «қолға түсіруге» тырысады. Әсірсесе, қазақ халқының «бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем», «қолынан дәм тату», «су ішкен құдығына түкірмеу», «сыйға – сый, сырага - бал», «өзінді сыйлаганның құлы бол» деген ежелден келе жатқан моральдық ізгі ұстанымын бұрмалап пайдаланып, өзіне қарсы жұмсаған. Шынында, олардың сыйлығы мен марапаты ақпейіл қазаққа күрүлған тұзак еді. Және іштей біріне-бірі жазысқан хаттарында қазактың «тәтті құмарлығы», немесе «алғанды жақсы көретіндігі», «қызмет көрсеткенді ұнататындығы» туралы табиғи мінезін іс жүзінде пара беру арқылы алдарқату үшін пайдаланып отыру керектігін үнемі қайталап отырады. «Оларға күш көрсетіп сескендіріп алмауға баса көніл бөлу керек», - деген сияқты айла-амалдарды, мысалы, қазақ тұрмысын жақсы білетін А. Тевкелев, П. Рычков, И. Веймарн үлкен саясат деңгейіне көтеріп, патша сарайына ұсыныс ретінде жеткізіп отырады.

«Хандары мен сұлтандарына жалақы тағайындал, мақтау, марапат қағаздарын жіберіп тұру, тәуір деген ел ағаларына тархандық атақ беріп, кейде, ыңғайына қарай, ақшалай, заттай сыйлық бейімдей алар едік». Деген сөздер осының айғағы. Ол үшін, әрине, «қолынан тиісті өтініш жаздырып алу керек. Сактық жасай отырып, өтініш жазудан бір рет бас тартса, кейін ебін тауып бұл мәселеге қайта-қайта оралып отырган жөн»,

дегенде жоғарыда айтылған түпкі мақсатқа жетуде табанды болу жағын көздеген.

«Өтініш жаздырып алу...» дегеннің астарын түсіну үшін, әрірек шегініп, сонау 1722 жылы Ресей императоры I Петрдің, тілмәш А. Тевкелевке «...мейлі, миллион шығын болса да, қолдарынан бір жапырақ қағаз жаздырып алу керек», дегенін еске алайық.

Табиғаттың қатал сыйнына төтеп беріп, «аяқты майдың тісіне еріп жүрген» көшпелі шаруашылықтың ең басты кепілі де, мұқтаждығы да - жайылым екендігі мәлім. XYIII ғасырдың ортасында Ертіс пен Есілдің Ресей жағына қарай, сол кездің тілімен айтқанда, «ішке қарай» мал жаюға мүмкіншілік тарыла берді. Жаз қуан, қыс қатты болған жылдары қазақ малы жайылым мен тебіннен тарығатын кездер жиі кездесетін. Кейбір есептерге қарағанда, әрбір он жылда 3-4 рет жұт болған еken. Мұндай жағдайда қазақ билеушілері, оның ішінде, әрине Абылай да, шегара әкімшілігінен жайылым сұрап, майды өзендерден өткізіп бағудын амалын қарастыратын. Дәл, осындағы ділгір шақта, Ресей генералдары майдалап отырып, «өтініш жаздырып алу» амалын құр жібермеген.

Жазба деректерде мұның бірнеше мысалы кездесті. Айталақ, 1760 жылы генерал Веймарнның ұсынысымен Абылайды «отырықшыландырып, сырттан бақылап отыру үшін» оған тұрғын үй, кора-қопсы салып беру туралы ұсыныс туып, жоғары бастықтар қолдаған кезде, Абылай бұл «жақсылықты» қабыл ала қоймаған. Тентек сұлтан «әртүрлі себептермен келісім бермей» жүр деуіне қарағанда, 1761, 1762, 1764 жылдары бірнеше мәрте қайталанса да, Абылай, өзінің қыстау-үйге деген мұқтажын білдіре қоймаған. Яғни, мұқтаж болмаған. Ақыры, аңысын аңдыған Ресейлік көршілері қолынан қағаз жаздырып алған.

Сондай-ақ, хат жаздырып, қол қойдырып алу амалына себеп болатын басқа да бір-екі себебі айта кетсек артық болмас. Ол кезде, қазактар тарапынан «шегара бұзу» фактілері жиі кездеседі еken. Айталақ, боран-шашинда ығып кеткен жылқыларын іздең барған қазақ жігіттері амалсыз қолға түсіп,

калады. Тіпті, жасыратыны жоқ, оңай олжа соңына түсіп, «мал аламыз» деп нағыз ұрлықты кәсіп ететіндер де ел ішінде болған ғой. Солар ұсталып қалғанда, оларды босатып алу үшін, қазак жағы шегара бастықтарына кіріптар болатын да, олардың сұраған қағазына амалсыз қол қойғаны да кездесетін жағдай.

Осыншама тәтпіштеп түсіндіруіміздің мәнісі, Абылайдың, немесе басқа бір билік иесінің «өз өтініші, «колхаты», «жазбаша сұрауы бойынша» дегендерді сол күйінде ақиқат факт деп қарамай, зерттеп, әр хаттың астарына үңіліп, түсініп барып, қорытынды жасау керек шығар. Жоғарыда, «Абылайдың сұрауы бойынша оған 300 рубль жалақы тағайындалды» деген де, осында «қакпанның» бір түрі. Эйтпесе, Абылай сұлтан жыл сайын берілетін 300 рубль ақшамен не мұқтажын өтейді? Сарыарқаның төсінде өре жайылып жүрген миллион жылқының бір мыңын сатуға айдатса, Абылайдың қолын кім қағады? Өкінішке қарай, қазақ тұрмысын білмейтін А. Левшин сияқтылар, одан кейін XVIII ғасырдың қыры-сырын жете түсінбеген тарихшылар, мұрагатта сақталған қолхат қолына түссе-ақ, қудіксіз сенетін болған.

Қазақ-қытай қатынастары туралы. «1745 жылы қазақтардың ежелгі дұшпаны Қалдың Серен өліп, Жоңгарияда тақ таласы төңірегінде бүлінишлік басталды. Қалмақ тайшылары бірінен соң, бірі Абылайга келіп жүргінді, көмек сұрады.

Жоңгардағы ежелгі қанды кегін ұмытпаған Абылай, оларды одан әрі әлсірету үшін, қырқысқандардың бірде біреуін, бірде екіншісін қолдан, әбден арандатты.

Жоңгар жеріне император Цян Лунның жеңімпаз әскери басып кіріп, күтпеген жағдайда оп-оңай жеңіске жетуі де Абылайдың көршилдер жөніндеңгі сыртқы саясатының орайын келтірді», деп жазғанда Шоқанның сүйенген дерегі - орыс авторлары мен жауап алушы қытай жағының таратқан пікірлері. Бүкіл Орталық Азияны тітіретіп, Қытайдың өзіне әлденеше шабуыл жасаған Жоңгар армиясын «Цян Луннің жеңімпаз күтпеген жағдайда оп-оңай женуі» шындық емес, тарихи үдеріс мүлде басқаша жүрген. Қалдың Серен өлгеннен

кейін, тақ таласының тараптарын кезек-кезек қолдаған Абылай бастаған қазақ әскерлері жонғар армиясын қажытып, титығына жеткен. Мысалы, 1754-1755 жылдардағы жорықтарда Орта жүз жасақтары қатарынан Кіші жүздің Ералы сұltан бастаған батырларын көреміз. Қазактардан қайта-қайта женіліс тапқан бір кездегі қуатты жонғар әскерінің беті қайтып, моральдық жағынан іріп-шіруге душар болғанының мысалы көп. Әдете, бір кезде айтылып қалған тезистің кейін де қайталана беретіні сияқты, орыс тарихшылары мен әскери мамандары Жонғар армиясы тападай-талтұсте басып кірген Қытайға әскеріне неге лайықты қарсылық көрсетпеген, көрсетсе – қандай дәрежеде? деген сұрақ зерттеушілерге, әлбетте Шоқанға да маңызды болмағанға ұқсайды. Соған қарамастан, біз өз тарапымыздан, бұл мәселенің қазақ тарихына, оның ішінде Абылай хан тарихына қатысты кейбір тұстарына көңіл аударуды жөн санаймыз.

Қазақ-қытай қатынастарына байланысты Шоқан: «Жонғар мен Кіші Бұхарияны бөгетсіз басып алған қытайлардың айдарынан жесел есіп, жсаугершілік рухы асып, басқыншылық тәбеті ашила бергендей еді. Бәлкім, император Цян Лун бір кездегі хань және таң әулеттерінің заманынын аңсаган да шыгар, деп келеді де: «1756, 1758 және 1760 жылдары [13] Қытай жасақтары Орта жүздің жеріне бірнеше мәрте басып кіргенін» жазады.

Бұл «басып кірулердің» себебі мен салдарларына Шоқан тоқталмайды. Ресей және Қытай мұрағаттарында, мысалы 1756 жылы Қытай-манчжур (қазактардың есінде «шүршіт» деген атпен қалған. - З.Т.) әскерлері «Әмірсананы қуып, ұстап әкетуге келдік» деген желеумен Орта жүзге басып кіріп, Баян тауларында қазақтардың қатты қарсылығына ұшырады. Шілденің аяғы, тамыздың басында басталған қазақ-қытай әскерлері Ку, Қарқаралы, Кент тауларында екі айдан аса жалғасып, қазан айының аяғында, Қарқаралы сыртындағы Жарлы алқабында, яғни атақты Нұра өзенінің бастауында Қытай әскерлерінің женілісімен аяқталды. Қытай әскерлерін Дардана және Хадаға деген генералдар бастап келгені мәлім. Қазақ

жағынан соғыс Абылай сұлтанның қолбасылығымен жүргізілген. Сакталған жазба құжаттарда қазақ батырларынан Бөгенбай, Қожаберген, Ақтанберді, Жауғаш т.б. есімдері аталады. Жазба деректер З.С. Тайшыбай. Казактың ханы – Абылай. Алматы. «Ел шежіре», 2011, 1-том. 448-569-беттер. 2-том, 9-34-беттерінде келтірілген. Бұл оқиғаға байыпты тоқталған себебіміз, казақ-қытай қатынастарының қалай басталып, қалыптасты және дамыды деген сұрақтардың жауабы осы соғыстан басталады. Талдап тоқталатын болсақ:

- 1) Бұған дейін Қазақ хандығы мен Қытай патшалығы біріне-бірі дәл осылай бетпе-бет келген емес,
- 2) Алғашқы қактыстардан кейін Қазақ хандығын жоңғарлар сияқты оп-оңай басып алудың орайы келмейтінін сезген Қытай басшылығы қазақтар жөнінде ұзақ мерзімді, стратегия ұстанғанды жән сезгендей сынай танытты,
- 3) Жоңғар хандығы тарих сахнасынан аластатылып, Қытай империясы бұрынғы жоңғар жерлерін занды мұрагер ретінде иеленіп, Абылайдың сыртқы саясаты жаңадан қалыптаса бастаған геосаяси жағдайға тез бейімделуі керек болды.
- 4) Тиісінше, Ресей империясы мен Қытайдың қазақ даласына деген «сыпайы» бәсекелестігі жаңа сипат алып, 1758-1760 жылдары агрессияға ұласа жаздаған болатын.

1756-1758 жылғы қақтығыстардан кейін, бірден Пекинге елші жіберіп, дипломатиялық қатынастар жолына түсуді қалаған Абылайдың сыртқы саясаты өзінің өміршендігін таныта бастады. Империялық тәбеті күшті, жан саны да, қару-жарагы да мығым көршімен жағаласа беруден пайда таппайтынын сезіп, стратегиялық мұддені көздеген Кіші жүздің Нұралы ханы, Орта жүздің Әбілмәмбет ханы мен Абылай сұлтаны «...Аспанасты империясымен жақындасуға асықты...», деп жазғанда Шоқан шындықты дәл ашқан.

Бұдан әрі зерттеуші «...Абылай 1756 жылы өзін bogdyhanның vassalы ретінде танытылып, княз мәртебесін иеленіді, күнтізбе алды.

Нұралы Бейжіңге елші аттандырды. Қоқап ханы Ердене би [бек] 1758 жылы, ал кейін оның ізін басқан Нарбота би де «тәңірі перзентінің» [қытай императоры] қолтығына кірді...» деп, және тағы Абылай атасының қазақ-қытай қатынастарын реттеуде қанша шиеленісті оқигаларды бастан кешіргенін тізіп жазған:

«Сырттай багыныштылық танытқанымен, Орта Азия хандары іштей әлі де үрейлі болатын; қуатты деген Жоңгарияның шаңырагы ортасына түскені өзінше, енді кіші Бұхариядагы дін қарындастардың қытайлық жат жұртқа қарап кетуінен олар қатты сескенді. Сол заманның хабаршысындағы: «Ақыр заман боларда қарақытай қаптайды деген заман келіп қалғандай болды», деген Шоқанға негіз болған құжаттар қазір табылып отыр.

Мысалы, Шоқанның «Абылай» атты еңбегіндегі мына жолдарды архив құжаттарымен салыстырып, көрелік: ««1762 жылы Орта жүздің ханы Эбілмәмбет пен Абылай сұлтанга 130 адамдық қытай елшілігі келіп [22], «императордың бүйрекшімен көктемге салым Түркістан мен Самарқанга Қытай әскері келеді, болашақ соғыс қажетіне қазақтар қаншама адам, ат пен өгіз, қой беруге тиіс», [23] (Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаев). - Алматы, «Санат», 1996. 235-бет.) деп малімдегендеге, қазақтар одан да қатты үрейленді. Орта Азия билеушілері әредік қылаң беріп қалатын алауыздықты, ұрыс-керісті жиын қойып, Қытайга қарсы одақ құрды...» [24] (Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы - Абылай, 2011, 2-том, 173-175-беттер)

Барлаушы Ф. Гордеевтің Троицк бекінісінің бастығы Т. Масаловка 1762 жылғы 6 қазанда тапсырған мәлімхатынан алынған мына маглұматтар жоғарыдағы мәтіннің жалғасы деуге тұра尔лық дерек және сол бір аласапыран кзенде бабаларымыздың қандай жағдайға душар болғанын көрсетеді, деп ойлаймыз:

«[1762 жылғы] 12 тамызда сіздің тапсырмаңыз бойынша Орынбор қаласынан аттанып, патша ағзамның таққа отырғанына

байланысты грамоталарды қазақтың Орта жүзінің Абылай және Сұлтанмахмұт сұлтандарына апарып тапсырдым. ...

Қазақ арасында олардың Ресей жағына деген жат пигылы мен іс-әрекетін көрген жоқпын. Бірақ, қазақтар қытайлықтардан қатты қауіптенуде. Олар Қытай жағы Ресеймен қосылып алғып, қазақтарды екі жақтан қысымға алуы мүмкін деп ойлады екен. Сол үшін Ресей жағы да, Қытай жағы да қазақ жерлерін қоршап шегара шебін тартып жатыр-мыс.

Қытайлар жонғар қалмақтарынан босаған жерлерге көп әскерін әкеліп, Іле өзенінің бойында қазірдің өзінде бекіністер салып тастапты. Алдағы уақытта тағы да салмақ. Қазақтарды қалмақтардан босаған жерлерге өткізбейді. Отken көктемде сол жерлерге өткен Орта жүздің Қазыбек биі мен Қабан бінене қарайтын қазақтарды шауып, адамдарын тұтқынға алышты, мың жылқысын тартып әкетіпті. Қазақтар жалынып жүріп, адамдарын тұтқыннан әрең босатыпты. Қазақтардың қолында тұтқында болған жонғардың әйел-еркектерін қытайлар тартып әкетіпті.

Мен өз тарапымнан оларға айттым: «Қазақтар ежелден Ресейдің боданы, сондықтан Ресей тарапынан ешқандай қауіп жоқ, оған күдіктенуге болмайды. Ал, қытайлықтардың алдауына түсіп қалсаңдар, олардан қорлық көресіндер. Қытайлар тиісе қалса, қаймықпай қарсы тұрып, қорғанындар. Ауылдарынды Ресей шегарасына қарай көшіріп жіберіндер», дедім. Қазақтар менің айтқаныма қуанысып қалды.

Олардың сезіне қарағанда, Баркөл көлі маңында орналасқан қытай әскерінің қолбасы Әбілмәмбет ханға, Абылай сұлтанға және барша қазақ халқына елші арқылы хатпен бұйрық жолдапты. Қытай богдыханы қазақтың әрбір тұндігінен бір пұттан құрт жинап, бір мың ірі қара, қарулы он мың атты қазақты азық-тұлігімен келер көктемде Есіл немесе Ертіс өзендерінің жоғарғы ағысына шығаруды талап етіпті, олардың Баркөліндегі 40 сан (әрбір санда 10 мың адам) әскери келесі көктемде Ертістен өтіп, Самарқанд және Түркістан қалаларына аттанбақ көрінеді. Онда Хазірет-Қожаның кесенесіне тәуәп етпекпіз, депті.

Бұл хабардан сескенген қазактар, Әбілмәмбет хан бастаған сұлтандар мен иғі жақсылар бас қосып жиналып, егер қытайлар тиісіп, Ресей жағы ешқандай Қытайга көмек бермейтін болса, қытай патшасына бағынбаймыз, оның талаптарын орындамаймыз, Ресей патшасынан жарлық болмаса, қытайдың әскерін Ұлы жүздің жеріне, Самарқанд пен Түркістанға өткізбейміз, деген мәмілеге келіпті.

Осылайша, Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан және қазактың ел ағалары Қытайдан келген 36 елшіні Әбілмәмбет ханның ұлы Файзолла сұлтанның ордасынан қайтарып жіберіпті. Сұлтандар мен ел ағалары жасырғанымен, қара халықтың айтуына қарағанда, олар қазан айында Қытайдың богдыханына хат жазып, қазақтардың жоғарыда айтылған үйгарымын хабарламақ.

Әбілмәмбет хан қытай жағынан қауіптеніп, осы жаз Түркістаннан Арқаға, Ертістің жоғарғы ағысына көшіп кетіпті. Абылай сұлтан Қылشاқты өзені жағасында, Құлсары мен Құлеке батырлар Есіл бойында өз халқымен бірге қыстамақ. Сұлтандық шаммет сұлтан Ертіс бойында, Железин бекінісіне қарсы мекенінде.

Абылай сұлтан Кіші жұз бен Орта жүздің қазақтарынан көп қол жасақтап алып, өзінің ордасынан Бұхария мен түркімендердің ортасындағы Қарақалпақ елін шабуга аттанбақ.

Былтырғы көктемде Абылай сұлтанның атынан Қытай богдыханына елшілікке барған Абылайдың немере інісі Керей сұлтан серіктерімен әлі қайтып оралған жоқ. Қазақтың әртүрлі рулары Қытайға саудаға жылқы апармақ.

Түркістаннан Орта жүзге Абылай еліне келген сарттың 30 саудагері маталарын алтын мен күміске айырбастап алып, 1800 жылқыны Қытайға сатамыз деп айдал кеткен. Естуімізше, қытай патшасына сыйлыққа тартпақ». [25] (Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы - Абылай, 2011, 2-том, 173-175-беттер).

Күжаттан көрініп отырғандай, бұл кезде қазақ-қытай сауда қатынастары жүйелі қалыпқа түсken болатын. Қытай мемлекетімен жақындық Ресейге ұнамағаны Шоқанның жазбаларынан былайша көрініс тапқан: Абылай «...Қытай

үкіметінен іргені аулақ сала қоймады, тіпті олармен алыс берісті пысықтап, бұрынғыдан да жақындаса тусты. Ол ол ма, Бейжіңге Әділ деген ұлын аманат атап жіберді. Абылайдың мынадай бағыныштылық ниетіне разы болған bogдыхан, мол сый-сияптаң, арнайы құзырхат жасаып, Әділді экесіне кері қайтарды. Осы екі арада (қай жылы екені белгісіз. - З.Т.) Абылай, Сайрамқол деген жерде Іленің бас губернаторына жолығын, Қытаймен сауда жасау жөнінде келісімге келді. Бұл мәселені де архив деректерімен нақтылауымызға болады. Абылай сұлтан Орынбор губернаторы Неплюевке 1758 жылдың 15 қантарында жазған хатында өзінің Қытай мемлекетімен байланысын жасырмайды, тіпті егжей-тегжейлі айтып береді: «Аяғөз және Айтаңық деген жерде 1757 жылғы маусым айының басында... 60 мың қытаймен келісім-шарт жасасып, Еренқабырға деген жерде... сауда ашпақ болдым».

Шоқан бұл оқиғаны әрі қарай былай сабактаған: *Осы мәміле нәтижесінде Тарбагатай (Шәуешек) мен Іле (Күлжса) сауда жәрмеңкелері ашылып, қазактар айдал әкелген малдарын Қытай тауларына айырбастауга мүмкіндік алды. Богдыханның мұндаи жылы ықыласы, әсіресе сыйлықтары мен шен-шекпені пайдакұнем және мансапқор қазаққа қатты ұнайтын жөні де бар еді. Қытаймен жақындасқан сайын Абылай, Ресейден ашықтан-ашық алыстай бастады».*

Шоқаннның бұл деректері, «әсіресе, пайдакұнем және мансапқор қазактар...» туралы жазғандары А.И. Левшиннің жазғандарымен үндес келеді: *Бірақ, Абылай мұнысымен Ресейден ат құйрығын кесіп, мұлде күдері үзіп кеткен жоқ, императрицага ададығын әрқашан қайталап отырды*. «... Ресейге берген анты үшін жауапкерлігін ойлаған жоқ, өзіне ғана тиімді екі ұшты жағдайды ескерді; яғни, біріншіден, екі мемлекеттен де тәуелсіз болуды және екеуіне де жақын көрінбек болды; екіншіден, Ресейден ашық қол үзіп кетуден тартынды, себебі оның қарауындағы қазактардың едәуір белігі орыс шегарасының іргесін, яғни, аса қолайлы жерлерді мекен ететін» .. [26] (Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей (под

общей редакцией академика М.К. Козыбаев). - Алматы, «Санат», 1996. 235-бет.).

Абылайдың қосвекторлы сыртқы саясаты туралы 1943 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихының» Е. Бекмаханов жазған «Абылайдың хандық билігі» тарауында [27] (Қазақ ССР тарихы, Алматы, 1943 ж. 251-бет): Қалай болғанда да Абылай патша үкіметінен де, Қытаймен де байланысын үзбеді. Саяси тұрғыда мұндай екіжақты бодандық оған тиімді еді. Патша үкіметімен тұс шайысып қалса - Қытайға, Қытаймен сұыса қалса, Ресейден қолдау күтетін. Аблай, орыстардан гөрі Қытайдан көбірек қауіптенетін»... «Қытай мен Ресейдің арасындағы қайшылықтарды өз пайдасына шеше отырып, Абылай казак жерлерін екі империядан да тәуелсіз ұстады. Абылай саясатының тең басты ұтысы осы еді», деген бағаның әділдігін, ғылыми тиянағының берік екенін уақыт көрсетті.

Абылай өмірінің екінші кезеңі, Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін, хан сайлануына байланысты Шоқан: Ол «...1771 жылы хандыққа сайланып алғаннан кейін, ант беру үшін шақырылса да, Ресей шегарасына жоламай қойды. «Хандық лауазымды халқым сайлап, өзі берген», «тәңір ұлының» құзырхатын алғанмын, дейтінді шыгарды», деп орыс әкімшілігінің ұстанымы тұрғысынан пайымдайды.

Тарихи ақиҳатқа келетін болсак, Абылай сол кездегі қалыптасқан тәртіпті ұстанып, мәдениетті түрде хат жазғаны рас. Ол хатты Абылайдың ұлы Тоғым сұлтан 1778 жылы сәуірдің 19 күні Петербургке келіп, сыртқы істер алқасы арқылы II Екатерина патшага 26 сәуір күні орысша аудармасымен қоса тапсырады: «... менің аталас туыстарым Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандар өмірден өтті. Олардың ізін басқан маған хандық кезек келді. Олар қайтыс болғаннан кейін қазактың үш жүзі - Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің хандары мен сұлтандары, Ташкент пен Түркістан аймағының үлкен-кішісі тілек қосып, 1771 жылы Түркістан қаласында, біздің мұсылман жұртының әулиесі Қожа Ахмет зиратының басында, өз дәстүріміз бойынша құран ұстап, қол жайып, мені қазактың үш Алашының ханы етіп, ақ кигізге көтерді.

Содан бері өз дәстүрімізбен хандық құрып, билік жүргізіп келемін. Сондықтан, сіздің әзиз қолыңыз қойылып, алтын мөрініз басылып, мені хандыққа бекіткен грамотынызды сұраймын. Және сіздің тарапыңыздан менің хандық дәрежем бекітіледі деген үміттемін». (Орысша мәтінді қазақшалаған мен. - З.Т.).

Патша кеңесінің қызметкелері хаттың қысқаша мамұнын: «Қазақтың барлық үш жүзінің сұлтандары мен ел ағалары мені хандыққа сайлады. Сондықтан, сол үш жүзге хан етіп бекітуді сұраймын» деген түрде императрицаға баяндайды.

Тиісінше, сыртқы істер алқасы өз тарапынан сөз қосып, былай түсіндіреді: «Бүкіл қазақтың атынан хан болып сайландым», - деп Абылай өзіне тиесілі лауазым шегінен артық атақты орынсыз иеленбек ниеті бар екенін Патша ағзамға білдіруді өзімізге борыш санаймыз. Өйткені, Ұлы жүз Абылай тұратын Орта жүзден мүлде тәуелсіз, жер жағдайы да қашық болғандықтан, бұл жүздің Абылайға өгейлік танытуы мүмкін екендігі жөнінде де бізге мәлім. Ал, Кіші жүздің іргесі Орта жүзден бөлек әрі олардың өзінің 1749 жылы бекітілген Нұралы ханы бар. Демек, Кіші жүздің өкілдері де Абылайды хандыққа сайлаган Орта жүздің сайлауына қатыспауы, тіпті қатысуға тиіс еместігі әбден мүмкін.

Сондықтан, патша ағзам, Абылай сұлтанның бұл өтінішін қарап, оның бір ғана Орта жүз қазактарының жаңадан сайланған ханы екендігін тиянақтап, тиісінше Ұлы жүз бен Кіші жүздің оған қарайтын-қарамайтыны жөнінде ештеңе жазбасақ, дұрыс болар.

Осылайша, Кіші жүздің мысалымен, Абылайдың билік құзыретін бір ғана жүздің аймағымен шектеп қойсақ, кейін бұл бастықтардың міндеттері туралы заң жасауға негіз болар еді. Қазірдің өзінде Кіші жүздің Нұралы ханы сияқты, басқа екі жүздің хандарын да бірінен-бірін артық санамай, тең ұстай жөн болар. Сейтіп, біздің шекараларымыздың тыныштығы үшін қазактар ешқашан да ортақ бір ғана ханның билігіне табынбағаны маңыздырақ.

Хан сайланып отырған Орта жүздің бастығы Абылай сұлтан туралы өз елдерінде айтылып келе жатқан мадақ пен қошемет көп екен деп, сол үшін оған ешқандай артықшылық берілмеуі керек. Керісінше, мысалы, оны қарым-қабілеті тәмен басқа да билеушінің (мұндай мысалымыз бар) денгейінде ғана танып отырғанымыз жөн.

Кіші жүздің ханы Нұралыға, Ресей жағына шын берілген сенімді билеуші болса да, жалпы қазактың ханы есебінде хандыққа бекітілгенде Кіші жүз аталмаған болатын. Ол Орта жүзді де өзіне қаратып, олардың ел ағаларын бағындырып алуы тиіс еді. Алайда, Нұралы басқа жүзді өзіне қаратпақ түгілі, өзінің Кіші жүзінде, басқа сұлтандар мен ел ағаларынан аспай, толық билік жүргізе алмай отырғаны мәлім ғой.

Сондықтан, осы тақылеттес бұрынғы жағдайлардан сабак ала отырып, Абылай сұлтанға хандық айрықша белгілер бергенде, оны ерекшелемей, сырттайтын ғана ескерген дұрыс болар еді. Мысалы, көп шығын шықпауы үшін жаңа сайланған ханға арналған тон мен басқиімді тіктіруге бұлғын мен түлкі терісін алуға рұқсат берсеңіз екен.

Граф Н.Панин, граф Иван Остерман. Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері коры, 122-қор, 1778 жыл, 1-ic, 77-84-пар.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1964 г. док. № 43. С. 88-89.

Осылайша Абылай ханың сұрағаны болмай, оның өкілеттілігін мейлінше шектеп, бір ғана Орта жүздің шеңберінде қалдырган, 1778 жылғы, 24 мамырда С.-Петербургте дүниеге келген құжат мынау: «...Біз Абылай сұлтанның Ресей тағына мейлінше адаптацияның бағалап, оның етінішін қолдаймыз, қазактың Орта жүзінің ханы етіп бекітеміз». Орыстың тарихи әдебиетінде көрінген, одан Шоқан алып қайталаған: Абылай «...ант беру үшін шақырылса да, Ресей шегарасына жоламай қойды. «Хандық лауазымды халқым сайлат, өзі берген», «тәңір ұлының» құзырхатын алғанмын, дейтінді шыгарды», деп ауыздан-ауызға көшіп жүрген әңгіменің ұзын-ыргасы осындаі.

Осындай жағдайда Қазақ хандығына мейлінше шексіз тегеурінді ықпал жүргізіп, тәуелсіздігінен айырмақ болған келген Ресей империясының, оның патшасы Екатерина Алексейқызының ниетін жүзеге асырмауга бекінген Абылай хан өмірінің сонына дейін орыс патшалығына мойын ұсынбады. Ресей әкімшілігі болса, өз тарарапынан «тентек ханны» арынын баспақ болып, Абылай ханға дипломатияның түрлі әдістерін қолданды. Іңғайы келгенде қоқан-лоққы жасап, тіпті, оның көзін жойып жібергісі де келді.

Кезінде Шоқан басшылыққа алған А.И. Левшиннің кітабында бұл кезең былай бағаланған: «...Абылай сұлтанның абыроны айдан-айға асып, әлуеті күшіне берді. Жасы кемелденіп, құлығы мен тәжірибесіне ақыл-айласы қосылып, саны да, сапасы да артық жұртшылығын арқаланып, Ресей императоры мен Қытай богдыханына тікелей барыс-келіс жасап отырған Абылай, Орта жүздің бүкіл билік құзіреті мен құқығын өз қолына шоғырландыра берді. Өзінің қадір-қасиетіне кәміл сенімді билеуші ретінде, ол жеке басының биік мәртебесімен, сауысқандай сақ іс-әрекетімен, әлует-күшімен дүмпандарын тітіретті, қажет десе бірде орысқа, бір де қытайға бодан болғандығын, алайда, екеуінен де мұлде тәуелсіз билік иесі екендігін әйгіледі. Бұл жағдай, әсіресе, 1771 жылдан бастап, сырттай Ресейге бағынышты болғансып, бұрынғы екіжүзділігін қойып, ашықтан-ашық өзін хан жариялағаннан кейін, айрықша көріне бастады.

Орыс үкіметі одан бұл лауазымды кім бергенін сұраганда, Абылай тайсалмастан: «торғауыттарды талқандағаным үшін және Әбілмәмбет бақылық болғаннан кейін, жалпы қазақтың үш жүзі ғана емес Түркістан мен Ташкент халқы бірауыздан сайлап, хан болдым, енді ата-бабаларымның салтымен, Түркістанда, Қожа Ахметтің зираты басында, ежелгі хандар мекенінде тұрамын» дегенді айтқан. Демек, Абылайға, Ресейдің адамы болданы ретінде атқарар міндеттері туралы ескертудің өзі кеш еді. Оның орнына, түрлі айла-тәсіл ізделеп, Ресейдің қолдауынсыз қазақ даласында хан болудың қисыны келмейтінін халықтың құлағына құюдан басқа әрекет қалмаган»

[28] (Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы - Абылай, 2011, 2-том, 254-бет).

Мұның айқын мысалын Екатеринаның Абылай хан атына 1777 жылғы 12-желтоқсанда жазған хатынан көруге болады. Ресей-Қазақ қатынастарына байланысты құжаттар қатарында жоқ, ғылыми айналымға тұнғыш рет қосылып отырған бұл деректің маңызына тоқталып өткен жөн.

Біріншіден, Ресей патшасы халық сайлаған ханды мойындағысы келмей, бұрынғысынша: «Аса құрметті Абылай сұлтан...» деп бастайды. Одан әрі: «Бізге мәлім болып отырғанына қарағанда, сіз, құрметті сұлтан, біраз уақыттан бері өзіңізді бүкіл қазақ ордасының ханымын деп жүрген көрінесіз», - деп кемсіте сөйлеп келеді де, өктемдік танытып, қоқан-лоққыға басады.

«Патша ағзамның атынан өзіңізге берілмеген атақты иемденуініз жөн емес; Сіз, құрметті сұлтан, есіңізде болсын, Кіші жүздің ханы Нұралы да хандықты өз бетімен алмаған болатын. Бұл атақты оған Ресей патшасы беріп, айрықша белгілермен марапаттаған еді ғой». [29] (Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы - Абылай, 2011, 2-том, 254-бет).

Бұл оқиғалар Шоқан қаламынан мынадай тұжырым түрінде қағазға түсіпті: «*Соган қарамастан, орыс үкіметі арнайы кісі жіберіп, Абылайдан ант алуға, оған қайтсе де хандық лауазым белгілерін (қылыш, ішік пен бөрік) тапсыруға әрекеттенді. Онысы – «орыс үкіметі бекітпесе де хан бола береді еken деген теріс ой қазақ арасына тарап кетпейі» үшін жасалған шара еді. Абылай өзінің ұлдарына: «Қытаймен жақындаста беріңдер, бірақ Ресейден қол үзуге болмайды», деп айтып отырады еken. Оның ойынша, қытай жағынан хан билігіне қауіп жоқ, ал орыстар қазақтың өзін-өзі билеуіне мұрсат бермей, қысым көрсетуден тайынбайды. Шынында, дәл сол кездегі жағдайда қазақтар Ресейдің қамқорлығына онша мұқтааж да емес-ті».*

Қазақ-қырғыз қактығыстары туралы Шоқан, бұл жорықтардың себебіне тоқталмайды, және солардың біреуі туралы ғана жазған, ал, Левшиннің «Абылай 1760 жылы

кыргыздарды күйрете шапты» деген дерегін ескермеген. «1770 жылы Абылай, Шат өткелі арқылы оңтайын тауып өтіп барып, Туруғанда тау қыргыздарына бас салды, сол бойы тоқтамастан, дүшпанын Шу өзені аңгарына дейін қып шықты. Шуга келіп құятын Қызылсу және Шамси өзендері бойында барша қыргыз бас қосып, Абылаймен айқасып берді. Сол бір қанды шайқастар осы уақытқа дейін «Жайыл қыргыны» деген атпен қыргыздың жасадында қалған», - дейді де, бұл әңгімелер «қыргыздардың өткендеңі өмір тарихы туралы кәріқлақ қариялардан естіп білгеніміз», еді деп ескерtedі. Автордың өзі жазып отырғандай, қазақ тарих ғылымының казіргі деңгейінде, бір кезде Шоқан сияқты жас зерттеушіні тамсандырған аныздарға тоқтала талдауды жән көрмедік. Бұл өз алдына жеке зерттеуге тұрарлық және едәуір зерттелген тақырып.

Абылай хан «1781 жылы қайтыс болған», деген деректі Шоқан да қолданған. Қазір толық анықталып отырғандай, ұлы ханның өлімі туралы хабар, бүкіл әлемде қалыптасқан дәстүр бойынша, ел қауіпсіздігі мұддесіне орай әуелде жабық ұсталған. Тек, Уәлидің Ресей әкімшілігіне жазған хаты ресми хабар түрінде қабылданған болса керек. Осы уақытқа дейін «Абылай хан 1781 жылы дүниеден өткен» деп айттылып келеді. Көзге көрсетіп, қолға ұстатқан деректерге әлдекімдер аудармайды.

Жағда хатшы 1780 жылғы қазанда Абылай ордасынан Орынборға аттанып кетеді. Ол хан Ордасынан Петропавлға кетерден он бес күн бұрын, 1780 жылғы 25 қыркүйек шамасында Көкшетауға «Абылай ханың қасынан (оңтүстіктен) оның ұлдары Шыңғыс сұлтан мен Есім сұлтан, Дат батыр бастаган біраз адамдар келген». Түркістаннан Көкшетауға дейін салт атпен кемінде бір алтaltyқ жол екендігін ескерсек, Абылай хан 1780 жылғы 19-20 қыркүйекте тірі. Олар ханның жорықтағы жеңістерін айтқан. Келер көктемде, яғни, «1781 жылдың басында Абылай сұлтан Көкшетаудағы ордасына қайтып келеді» деген. (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. 122/3-кор, 1779-1780 жылдар, 1-ic, 75-77 сырт. пар.;

Жарияланған: «История Казахстана в русских источниках ХVI-XX веков». VI-том. А. 2007. С.139-145.).

Петропавл бекінісінің коменданты С.В. Сумароков өзінің бастығы генерал Н.Г. Огаревке Абылай ханының қазасы туралы мынадай өтініш айтады:

«1781 жылғы 9 ақпанды Абылай хан өлді деп хабарлаған екенсіз. Шынында дәл осылай ма, Құлыбек батырды шақырытып алғып, біліп берініз, анық-қанығына жету – біз үшін өте қажет. Барлық күш-жігерінді салып, Құлыбек батырды Абылайдың өлген жеріне жіберіп алыныз. Абылайдың өлгегін рас па, неден өлгенін анықтасын. Құлыбек кісі жіберемін десе, жол шығынын толық өтейміз, оған қам жемесін» (Омбы облыстық мемлекеттік мұрафаты. 1-қор, 1-тізбе, 226-іс, 52-пар. Бұрын жарияланбаған.).

Ресей үкіметі қазақ ханының қашан, қалай қайтыс болғанын мұқият тексерген. Бірінің соңынан екінші тыңшы жіберген. Бұл тексерудің құжаттары «З.С. Тайшыбай. Қазақтың ханы – Абылай» деген кітапта, екінші томның 399-420 беттерінде берілгендейтін, оларды қайталай берудің қажеті бола кояр ма екен? Ақиқатында Абылай хан 1780 жылғы 15 қыркүйек пен 16 қазан арасында, Түркістанға жақын Арғыс өзенінің бойында өмірден өткен. Сол кезде Ресейдің шегара әкімшілігіне жеткен бір хабарда оны «сарттар улап өлтіріпті» деген жорамал бар. Бірақ, осы уақытқа дейін нақты дәлелі жоқ.

Еңбектің қорытынды болігінде Шоқан: «Қазақтың ешибір ханы Абылай сияқты шексіз билік құзіретіне ие болған емес. Ол алғаш рет өз тарапынан өлім жазасын қолдануды енгізді, жазаның бұл түрі бұрын халық қатысқан хан кеңесінің пәрменімен гана мүмкін болатын», деп жазған. Бұған біздің тарапымыздан қосатынымыз, Абылай есіміне қатысты құжаттарда, айтальық, шетелдік тыңшы-барлаушы жазбаларында оның өлім жазасын қолданғаныы жөнінде дерек кездеспеді және жанама мағлұматтар да жоқ.

Тиісінше, толассыз соғыс, қорғаныс мұддесіне орай: «Хандық дара билікке орынсыз бөгет жасаған күшті деген ру басылары мен сұлтандардың бассыздығын ауызызықтан, тартіпке салды. Әлбетте, мұндай соны қадамдарга, кейбір

сұлтандар мен билер әуелде наразылық білдірген кезі де болған» деген Шоқанның ой қорытындысы сол кездегі тарихи қажеттілікке толық сай келетін шындық. Бірақ, жазба деректерде Абылайдың қандай да бір жаза кескені, немесе оған наразылық туралы деректер жоқ. Мұны арнайы атап отырған себебіміз, Абылай сұлтанның, кейін хан тағына отырған соң да басқару ісі, мінез-құлқы, мөлшерден артық іс-әрекеті Ресей әкімшілігіне мейлінше мәлім болып отырған. Абылайдың, оның төнірегін барлап, бақылап отыруға орыс билігі күш те, қаражат та аямаған. Тұтас құрылған барлау, бақылау жүйесі, жалақы алатын штаттағы барлаушы-тыңшылары – бәрі-бәрі сақадай-сай жұмыс істеген. Солардың тынымсыз еңбегі осы заманға жетіп, зерттеушілерге дерек болып отыр.

Шоқан шығармасының соңғы сөйлемдерінің бірінде атақты Баян батырдың 1771 жылы қаза болғаны, мұны «Шаңды жорық» оқиғасымен байланыстыруы да зерттеушінің қалдарған құнды деректердің бірі екенін айтудымыз керек. Ең ағы, Абылай туралы аныз-әпсаналарды, қисса-дастандарды, Абылай шығарып, тартыпты деген күйлерді ата-баба мәдениеті мен өнерінің құнды қазынасы ретінде бағалап, тарихта қалдырған Шоқан еңбегі ұлтқа, туган халқына адал қызмет етудің көрінісі екенін үрпақтарымыз біле жүрсе екен. «Шоқан өз қазағын сүйіп өтті. «...бәрінен де жүрегіме жақын қазағымды, сосын Сібірді (атамекенімді, деп оқыңыз.-З.Т.), одан кейін Ресейді, сосын барып бүкіл адамзат атаулыны сүйемін» деп отыратын.

Григорий Потаниннің өз қолымен жазып кеткен осы сөздерді Тәуелсіз Отанымыздың маңдайшасына жазып қойсак.

БАЯН және САРЫ БАТЫРЛАР туралы жазба деректер

*Ресей мұрагаттарында XVIII ғасырдағы қазақ тарихына
қатысы бар, оның ішінде ұрпақтары қазір Солтүстік
Қазақстан облысын мекен еткен
батыр бабаларымыздың бейнесіне жарық түсіретін
құжаттар сақталған*

Омбы облыстық мемлекеттік мұрагатының 1-қорынан Баян батырдың есімі аталған туралы мұрагаттан екі құжат кездесті.

Бұл арада мен мынаны айтуға тиіспін. Біріншіден, бұл құжаттардың ақиқаттығына құмән келтіруге болмайды. Өйткені, бұлар біреулердің еріккеннен айта салған, немесе екінші, үшінші біреу арқылы жеткен хабар емес, осы құжаттар қағазға түспестен бұрын тексерілген, тергеліп, анықталған деректер. Мысалы, төмендегі бірінші құжат кеңсе қызметкерінің анықтап сұрауынан туған, ал, екінші құжат тергеушінің алған жауабында келтірілген мағлұмат.

Мен Баян батырды нақты зерттеп, арнайы тексерген емеспін. Менің жоспарлы бағыттым - Абылай сұлтан, Абылай хан тақырыбына құрылған. Сондықтан, негізгі тақырыптан ауытқып, көлденең кездесіп қалған деректі ескерсем де, одан әрі терендете қарауға уақыт та, басқа мүмкіндік те жете бермейді. Ал, Абылай заманының жазба құжаттарында, басқа да көптеген мағлұмат кездесе беретіні заңды. Іздеушісі табылса, соларды ашып, ұрпақтар игілігіне жаратуға болар еді, деген ниетпен үлкендей-кішілі оқырманды хабардар етпекпін.

Айталық, 1733-34 жылдары Қазақ хандығының солтүстік аймағын басқаруға Сәмеке ханның тағайындауымен келген 20-25 жастағы жас сұлтандар: атығай-қарауылға бас болған Абылай сұлтанмен бірге «Абылайдың туған ағасы» немесе «немере ағасы» деп әртүрлі жазылатын Сұлтанмахмұт, торғай қыпшақтарын билеген Құдайменде, Сәмекеұлы Жолбарыс

сұлтандар (құжаттарда Солтанмәмет, Мәмет деп жазылған, қазір ұрпактары Солтанбек, Солтанбет деп атайды. Ақын Бақытжан Қанапияновтың атасы.-3.Т.) туралы деректер бар. Бұлар Сәмеке ханның аймақтарды билеу жоспарына сәйкес, шегараға іргелес слерді басқаруға тағайындалып келгендейктен орыс әкімшілігінің назарына бірден іліккен, есімдері мен қызметтері сол кезде хатқа түскен.

Қазақтың ел билеушілері мен көпке сөзі жүретін ықпалды тұлғалары қатарында, өзгені айтпағанда, қазіргі Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары аумағын мекендеген атығай Қарбағай (Қарбағас), Құлсары, оның ұлдары Құлыбек пен Өтеғұл, Құлеке, Есберлі батыр, Балта Керей Тұрсынбай батыр, оның туыстары Өтешшұлы Елеусіз, Теміrbай, Сарғалдақ, Тастанғым Сарғалдқұлы, уақ Баян, Сары, Дербісәлі, атығай Жәпек, Жаулыбайұлы Байжігіт тархан, Бабеке, Бәйімбет, Байтоқа, Тоқ, Баубек батыр, Қожаберген батыр және оның інісі Жаубасар батыр, Жанғи батыр т.с. Төлек мырза, Тәуекел молла Мендібайұлы деген көрнекті тұлғалардың есімін жаңғыртатын жазба деректер бүгінгі ұрпактарына қымбат жәдігер ретінде қажет болуы мүмкін.

Маған кездескендері «Қазақтың ханы – Абылай» (Алматы, «Ел-шежіре», 2011 жыл, 1-том, 638 бет; 2-том 639 бет) деген кітаптарымның есім көрсеткішінде тіркелген. Кітапта мұрагат қорының көрсеткіштері анық жазылған. Қайта барып тексерісі келетіндер болса, оңай тауып алады.

Өзімнен сұрағандарға шамам келген дерек тауып беремін, бердім де. Мысалы, Бәйімбет, Құлсары, Құлеке, Баян, Сары батырлар туралы зерттеушілерге көмектестім.

Әсіресе, 1-кор, 1-тізбе, 184-істі тағы да қарап көрсе деп, Баян және Сары батырлар немесе оның туыстары мен қарулас серіктегі туралы мына деректерді ортаға салдым.

Бұл іс және оған көршілес істер 1771 жылғы «Құба қалмақ» көшіне байланысты Ресейдін Сібір шегара әкімшілігі арнайы жасақтаған тергеу-зерттеу тобы жинаған маңызды құжаттарды қамтиды. Мен одан Абылай ханға қатыстыларын гана теріп алдым. Тергеушілер қалмақтардың басшысы кім

болғанын, олардың қазақтардың қолына, нақты қай руда, қай ауылда, қай ел ағасында, қай уақытта болғаны туралы тәтпіштеп сұраған. Кейін, сол тергеудің нәтижесі бойынша Абылай ханға хат жазып, тұтқын қалмақтар мен түрікмендерді, башқұрттарды (тіпті аты-жөндерін атап) Ресейге қайтарып беру туралы талап қойған. Түрікмендер деп отырғаным, Еділ қалмақтары өздері ауа көшіп келе жатқанда сол жолда кездескен орыстарды, түрікмендер мен башқұрттарды, қарақалпақтар мен татарларды өздерімен бірге тұтқындалап, ала кеткен де, жол бойы құл ретінде сатпақ болған [2-285, 286, 289]. Мысалы, Абылайға жазған бір хатында қалмақ басшысы Убашы «...бізді қазақ жері арқылы аман өткізіп жіберсөң, қалмақтың 100 жақсы қызын беремін» десе, екінші хатта, «бір мың құл беремін» деп сендіреді.

Сол қалмақтар, Абылай бастаған қазақтарға сенбей, алдақ кетпек болып, аяқ астынан қарулы қақтығысқа арандады да, қазақ батырлар олар айдал бара жатқан тұтқындарды орысы, түрікмені, башқұрты және басқалары бар, тартып алып қалады. Олардың ұрпақтары, қазақ болып, жеке руларға кірме болып, сіңіп, Солтүстікте осы уақытқа дейін сақталып отыр.

Баян батыр туралы алғашқы құжат 1758 жылы Төленгіт хандығының (Алтайға қарай) Тау-төлек болысын шауып кеткен қыпшақ Қошқарбай батырдың «мәселесіне» байланысты Ресей шегара бастықтарының Абылайға жазған хаттарының бірінде кездесті. Мұнда негізінен найман болысы туралы айтылғандықтан, аты аталған Баянды найман болар-ау деп те күдіктенген. (Найманда да төртуыл Баян есімді азамат болғаны құжаттардан кездесті. – З.Т.) Бірақ мұнда Сэттібай деген Сибан-керей азаматы аталған соң, бұл нагыз уақ Баян батыр екеніне көзім жетті.

Айта берсе, сөз көп, құжаттар мынадай. Қошқарбай батыр «Бараба татарлары» деген атпен белгілі Қытай мен орыс екеуіне де салық төлеп тұрган Таутелек болысын 1759 ж. барып шауып алғанда, сол жорыққа уақ Дербісәлі батыр да қатысқаны құжаттарда сақталған.

1. 1760 жылғы 22 тамыз. Абылай сұлтанға шекара бастығы генерал Веймарнның хатынан:

-«Қайыпназар мен оның серіктегі арқылы жіберген хатыңызды алғып, Сіздің өзініздің және бүкіл еліңіздің сау-сәлемет жүріп жатқанына шын жүректен бек қуандым. Ресей жағы да тыныш, айта қалғандай бөтен жаңалығымыз жоқ, Жолбарыс сұлтан өзі көріп кеткен, жағдайды толық айтып жеткізген болар деген сенімдемін.

Қошқарбай батыр шауып, айдал әкеткен аңшы татарларды қайтармақ ниетінізді естіп, Ресей алдындағы сенімді бодандық борышыңызды адаптацияныңызға, құрметті Абылай сұлтан, аса көп ризалық білдіреміз және бұл қызметтіңіз біздің патшамыз таралынан ескерусіз қалмайтынын, лайықты сый-сияпатқа бөленеттіңізді хабарлаймын.

Қадірмен доссымыз, Абылай сұлтан. Сіз тілмәш Гордеев арқылы айтып, сол тұтқын татарлар анығында Ресей азаматтары болған-болмағанын білгіңіз келеді еken. Олардың мәнісін түсіндіріп, биылғы 1759 жылы сол кездегі бригадир фон Фрауендорф сізге бірнеше мәрте хат жазған еді ғой. Сәуірдің 1-де, тамыздың 8-де, тіпті биылғы мамырда тұтқындардың атын атап, түсін түстеп тізім жіберген болатын.

Қошқарбай батыр және басқа да қазақтарыңыз әкеткен тұтқындар туралы биылғы 29 қантарда және 9 маусымда, құрметті Абылай сұлтан, өз атыңызға тағы да хат жазып, сұрап едік қой. Бұл аңшы татарлар нағыз Ресей азаматтары, Кузнец аймағы Путяты болысына қарайды. Ал, басқа қос азаматтығы барлар (двоеданцы) да Бараба татарлары емес, өте ертеден, кемі бір жұз жылдан бері Ресейге қарайтындар, дәлірек айтқанда 1625 жылдары бағынған. Міне, содан бері 135 жыл өтті, олар Кузнец әкімшілігіне аң терісінен салық төлеп келеді. Және де ол халық ешқашан жонғар ханына бағынышты болып көрген емес. Енді ғана Сіздің қазақтарға тұтқын болып отыр.

1758 жылы олардың елін қазақтар шауып, 35 еркегі мен 3 эйелді өлтіріп, 89 еркек пен 137 эйелді тұтқындаған, 319 жылқысын айдал әкеткен. Қолды болған мал-мұліктің құны 1990 сом 75 тиынға бағаланған. Бұлардың арасынан төрт татар

әйелін босатқан, олар біздің жаққа келді. Айтұынша, Сәттібай деген ел ағасына қарайтын найман болысында тұрыпты. Ондағы иелері Айтұған, Баян, Байгүтті деген қазактар болса керек.

Адамдарымызды осы аталған елдерден және басқа да ауылдардан іздел тауып, босатсаныздар еken. Ерлер мен әйелдерін түгелдей, айдал әкеткен қара малдары мен жылқыларын да қайтаруыңды сұраймын.

Өз тараапымнан сізге, аса қадірлі Абылай сұлтан, шілденің 9-жүлдізында жолдаған хатымда хабарлағанымдай, Сіздің қазактардың тұтқынынан біздің бекіністерге қашып келген қалмақтарды (аттары аталған, орысша бұзып жазылғандықтан қын оқылады: Аманаки, Челини, Батуни болуы керек. - З.Т.) Қошқарбай батырдың үш атын сіз жіберген Қайыпназар бастаған адамдарыңызға табыстап, жетектетіп жібердік. Ал, қазактар жағынан қашқан басқа үш қалмақ әйелін адамдарыңыз өздері тауып әкетіпти.

Сіздің елшіңіз Қайыпназар бізден керей болысының екі әйелін, Байсары деген қазактың 8 жылқысын, тағы да қалмақтар мен қазактардың балаларын тауып беруді талап етті, бірақ мұндай жандар әзірше біздің жақтан анықталған жоқ.

Табыла қалса, сөз жоқ, қайтарамыз...

Генерал фон Веймарн.

(Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1-қор, 1-тізбе, 83-іс, 34-40-пар. З. Тайшыбай, «Қазактың ханы-Абылай», 2-том, 120-121- беттерде).

2. 1773 жылғы 26 ақпан. Баян батырдың қайтыс болғаны туралы Қазақ тұтқынынан қашып шыққан қалмақ әйелі Жарга Бардазамаева тілмәш сержант Иван Шарин арқылы жауап алғанда мыналарды айтқан:

Менің атым Жарга Бардазамаева, 40 жастамын, бұрын Еділ бойында, Енатьев бекінісіне қарсы мекенде, Дотбир Дундуков княздің қарауындағы елде тұрганмын. Жайлауда 15 жасар қызым ауырып, оны емдеть үшін Обашы ханның еліне баруға мәжбүр болдым. Ол ел шығысқа, бұрынғы жонғар жеріне

жаппай ауып бара жатыр екен. Мен солармен бірге кеттім. Балқаш (Балхасы) көлінің жағасына келгенде атымыз өлді, 30 шакты адам жаяу қалды.

Бізді қазақтар ұстап алды да, ауыл-ауылға таратып бөліп жіберді. Мен Абылай сұлтанға қарайтын Уақ болысының ел ағасы Баян батырдың иелігінде болдым. Баян батыр қайтыс болардың алдында мені өзінің інісі Хабин Тулту Булуковқа (Бөлек?) берді. Осы уақытқа дейін сонда болдым.

Ол елде жағдайым қызын болды. Басқа қалмақтар сияқты мен де бұрын Ресейдің қоластында болғандығымнан қашып шықтым. Тұн ішінде бір түйені ұстап алып қаштым. Приозерный станицасына бір шақырым қалғанда түйені далага тастап, өзім Баян аулаға жаяу келдім... (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-кор, 1-тізбе, 184-іс, 216-пар).

3. 1773 жылғы 26 ақпан. Қазақ тұтқынынан қашқан Еділ қалмағы Даразы Шарытовтың айтқандарынан.

- 1771 жылы мамыр айында ...Балқаш көліне жеткенімізде, атымыздың аяғы сынып, қазақтардың қолына түстік. Мені керей болысының қазағы Сегізбай алып кетті.

...Қазақтардан естігенім: Абылай сұлтанға қытайдың ханы елші жіберіп, қолындағы қалмақтарды босатып, қытай жағына беруді сұрапты. Оған Абылай сұлтан: «Менің қолымда біраз Еділ қалмақтары бар екені рас. Олардың көбі кәрі, ауру, бала-шаға, әл-қуатсыз адамдар. Басқаларын қазақтар бөліп-бөліп алып кеткен. Және де бұрынғы кезде қалмақтар қазақтарға көп жаулық көрсетіп, қазақтарды қырған, талап-тонаған. Сондықтан, қазақтар бұл қалмақтарды оңайлықпен бермейді», деп жауап беріпті... (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-кор, 1-тізбе, 184-іс, 235-пар. Қазақтың ханы-Абылай», 2-том, 283- бет).

4. 1773 жылғы 26 қаңтар. Қазақ тұтқынынан қашқан Еділ қалмағы Дерегардың айтқандарынан:

...Балқаш көліне жеткенімізде атымыздың аяғы сынып, қазақтардың қолына түстік. Мені сибан керей болысының қазағы Кожаназар Сәттібай иеленді. Жағдайым жаман болды.

Кожаназардың әйелі мені қүйеуінен қызғанып, ұрып-соқты, қорлық көрсетті. Содан соң еріксіз қашып шығып, орыс бекінісіне келдім. Мен де бұрын Ресейдің азаматы болғанмын... (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 184 –іс, 235-пар. Қазақтың ханы-Абылай», 2-том, 281- бет).

Осы «Шаңды жорық» оқиғасына қызыққан жас Шокан кезінде ел аузынан мына бір әңгімені де жазып алған еken, қазақшалап берген мен. - З.Т.

«Бұл соғыста [Абылай хан әскері] саннан (түмен-он мың. 3.Т.) аса болса керек. Хан [Абылай] жинаған әскерді күткізіп, үнсіз тұрып қалады, сөйтсе Баян батыр келсін деп тосқан еken. Батырлар жағы «қашан, қашан» десіп, дуылдастып, дегбірсіздене береді. Бір кездे 540 жауынгерімен [Баян батыр] келеді де, хан алдында қасқайып, «Дат, хан ием, бұйрығынды айт, мен дайын», дейді. Сонда ғана хан үн шығарып: «Міне, Баян батырдан осыны күтіп едім», дейді.

Дәл осы уақытта, бір тәулік жерде, жорықтың алдын бастап, 500 сарбазымен соғысып бара жатқан қанжығалы Жанатай батыр мерт болған еken. Ол былай болыпты: Жанатайдың інісі Үйсінбай жер шолып жүріп, қалмақтардың үш түйесін алдына салып, айдал келсе, Арқандар деген тағы бір інісі одан сауға сұрайды. Сонда, ағасы тұрып: «Қалмақтың түйесі көп, қол-аяғың бүтін, дені-карың сау, өзің бар да ал!» - дейді. Меселі қайтып қалған Арқандар батыр намыстанып, өзінің де қара жаяу емес екенін дәлелдемек болады да, жанына атақты Қонай батыр бастаған жеті жігіт алыш, өзінің Қоянкөз деген ұлы бар, қалмақтың көшін шауып, 9 түйесін алады. Олжаны жеті жігіттің алдына салып, айдатып жіберіп, өзі күгіншы жауға жол тастау үшін артта қалып қояды.

Серіктепі әуелде Арқандардың жауға із тастап, теріс бастап бара жатқанын көреді, бір уақытта батырды қалмақтар коршап алады. Тауға шықса, қалың қалмақ пен жалғыз өзі ұрыс салып жүрген Арқандардың аттан құлағаны да мәлім болып қалады.

Мұны көрген Жанатай батыр, жан дегенде жақсы көретін інісінің қазасына қатты күйзеліп, өзіне-өзі ант беріп атқа

конады. «Не өзім өлейін, не қаныңа тойып, қарық болайын, қу қалмақ!», деп 500 сарбазды қасына алып, түмен (10 мың) қалмақтың тобын қақ жарып кіреді. Қырғын соғыс болады, қазақ батырларында аянатын жан қалған жок. Арсы-гұрсі атыс-шабыс, шынылдалап шағылған қылыш, сартта-сұрт айқасқан найза...

Үйсінбайдың ішіне найза тиіп, құлап түседі де, бір қолымен жер тіреп, ыңырына көтеріліп, ақтарылған ішек-қарының жинап қайта салып, құшақтап тенселіп тұрган күйі : «Жанатай батыр, жарық қарынмен жан сақтауға бола ма?!», деген екен. Көп жігіт шейіт болады, Жанатай батыр сегіз серігімен, арасында Тоқыш деген ұлы бар, әзірге аман қалғандары осылар ғана екен. Қатты жарақаттанған Жанатай батыр, аттан түсіп, шылбырын ұлына ұстасып: «Жау шебін жарып шыға алсаң, қаш, сен аман бол, сен болмасаң – менің кегімді кім алар», деп барып, құлаган көрінеді.

Жанатай батырдың қазасы туралы хабар жеткенде, Абылай хан: «Қайраусыз жетілүші едің, қара болат семсерімай!», деп көзінен жас ыршып кетіпті деседі.

Қазақ әскері оза шабуылдалап, қалмақтардың алдын орап, Іленің барлық өткелдерін басады.

Қалмақтар тосылып қалады...

Тобықтай түйін

Баян батыр Қасаболатұлы (шамамен 1712–1771), Орта жүз, уақ тайпасынан. Сұңғыла ақыл иесі, алғыр да тапқыр, батырлығымен Абылай ханың ерекше құрметіне бөленигені халық ауыз әдебиетінде сақталған. Қазақ-жонғар шайқастарына катысып, «Батыр Баян» атанған. Кейін табылып отырган жазба деректерде, өнінің ақшыл-сарылығына қарай, кейде Сары Баян деген лақап аты қағазға түсінеді. Әлбетте, бұған қарап, уақ Сары батыр деген екінші бір көрнекті тұлғаның да өмірде болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Мына құжатта анықталғанындей, 1771 жылы жазда Еділ бойынан Қытайға қарай ауған құба қалмақтармен Балқаш көлінің солтүстік-батысында болған ұрыстарда, ас-судан

уланып, жазылмас дерт жабысып, бірнеше қазақ сарбазы қайтыс болған. Солардың ішінде Шоқан Уәлихановтың ел аузынан жазып алған Баян батыр туралы дерегі (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. 1-том, Алма-Ата, 1981. С.308,309) осы жолдардың авторы ертеректе тапқан жоғарыдағы құжатпен бекітілді. Соған қарамастан, 2013 жылы шыққан «Абылай хан» тұлғалық энциклопедиясының 143-бетінде Баян батырдың қайтыс болған жылы туралы дерек тексерілмей, бұрынғы аңыз жетегінде «1757» деп қате жазылып кеткені (авторы Қ.Ерғазы) өкінішті. Біз анықтаған дерек қазақ тұтқынынан қашып шығып, орыс бекінісіне жеткен Еділ қалмағы, немесе бұрынғы Ресей азаматы болып есептелетін торғауыт әйелінің орыс шегара тергеушісіне берген жауабы түрінде 1773 жылдың басында, дәлірек айтқанда қаңтардың 26 жүлдізында хатқа түскен және Баян батыр ауыр науқастан бірден қаза болмаганы көрініп тұр. Демек, 1771 жылдың соңына қарай немесе 1772 жылдың басы деп болжауға негіз бар сияқты. Мұрағат зерттеу барысында осындай тұжырымға келдік.

Бұған қоса уақ Баян батыр мен Сары батырдың ел билеген көсемдер екендігі жөнінде Қытай деректеріне негізделген мына маглұмат та менің кітаптарымда кездеседі. Мысалы, 1758 жылғы ақпан айында қағазға түскен жазба деректе, шартты түрде Қазақ тайпаларының саны туралы қытай барлаушылары апарған маглұмматтың [1] үзіндісі мынадай:

...Атығай-арғынның 1000 отбасы Жәпек батырдың,
Қарауыл-арғынның 2000 отбасы Итқара батырдың,
Бәсетиін-арғынның 2000 отбасы Жанұзақ батырдың,
Тобықты-арғынның 1000 отбасы Қарпық бидін,
Қозған-арғынның 1000 отбасы Төлеуке бидін,
Төртуыл-арғынның 2000 отбасы Бабеке бидін,
Арғын майлышыл-балта руының 1000 отбасы Итқара батырдың,

Баба-арғынның [3] 500 отбасы Бабаназар бидін қарауында.

Жоғарыда аталған арғынның 11 руы жылдың төрт маусымында Обаған-Тобыл, Ханшаған-Мөде қатарлы жерлерде көшіп-конып мал бағып жүреді.

Ашамайлы-кереидің 10 000 отбасы Тұрсынбай батырдың [2] билігінде;

Абақ-кереидің 1 000 отбасы Қожаберген батырдың [3] билігінде;

Абақтың 500 отбасы Нияз батырдың билігінде;

Ителі-кереидің 1 000 отбасы Жантөре батырдың билігінде.

Бұл аталғандар – кереидің 5 руы.

Уақ тайпасының 1 000 отбасы Сары Баянның [4] билігінде;

Уақ тайпасының 1 000 отбасы Тілеу батырдың билігінде.

Уақ тайпасының Бармақ батыры 500 отбасын басқарады.

Ергенекті-уақ руының 1 000 отбасы Есенқұл батырдың билігінде.

Жаңа уақтың 500 отбасы Сары батырдың [5] билігінде.

Бұл аталғандар – уақтың 5 руы...

(Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. III, том, Алматы, 2006, 38-42-беттер. Қытайшадан аударған Б. Еженханұлы).

Түсініктер 3. Тайшыбайдікі.

[1] Бұл мәліметтерді қазақ даласына барған мәнжү елшілері Абылай ханның өз аузынан естіп, жазып алған болуга тиіс деген жорамалдың иесі тарих ғылымдарының докторы Б. Еженханұлы.

[2] Тұрсынбай батыр – Ашамайлы кереидің Балта тармағынан шыққан, тарихта Балта-кереи Тұрсынбай атанған атақты қолбасы (1774 жылы қаза болғаны анықталды, құжат бар -З.Т.).

[3] Қожаберген – батыр, Абақ Керейдің шұбарайғыр тармағынан шыққан, Солтүстік Қазақстанда, Преснов бекінісі маңынан 1757 жылы жаз- күзде көшіп, шығыс Қазақстанда

тұрақтап қалған. Қараңыз: «Қазақтың ханы - Абылай» 2011. 1-том, 503-507-беттер.

[4] Сары Баян – керей-уақтың Батыр баян атанған қолбасы.

[5] Сары батыр – бұл да керей-уақтың батыры, тарихи әдебиеттерде, кейде Сары Баян деп жаңылыс айтылып жүретіні де бар («Қазақтың ханы -Абылай» 2011. 1-том, 528-531-беттер 26.06. 2016). (Осы, 2014 ж. күзінде СҚО Тимирязев ауданына қарайтын аумақтағы бейітіне мазар салынып, ас берілді. - З.Т.).

МАҒЖАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ

«Кедей сөзінен» - «Бостандық туына» дейін • «Мағжсан – қазақ жастары жүргегінің әміршісі» • «Автономия кімдікі?»
• «Мағжсан Қызылжарға Омбыдан қашан келді?
• «Қазақтандыру» керек емес не?

Қазақстан тарихының көкейкесті мәселелері еліміз тәуел-сіздік алған соңғы он жылдың әрі жақ, бері жағында тарихи әділет тұрғысынан зертtele бастанды. Қазақстан Президенті Нұр-сұлтан Назарбаев айтқандай: «Бұрынғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеп, ой елегінен өткізуіндін принципті маңызы бар... Біздін тарихи түсініктеріміз, әсіресе, жаппай сана деңгейіндегі түсініктеріміз объективті емес, үзік-үзік екенін, көптеген тұрпайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мо-йындауымыз керек». Ел тарихының құрамдас, аса маңызды тарауы мәдениет тарихы десек, мұның езі, сайып келгенде бас-пасөз тарихынан да көрініс табады.

Мемлекеттік саясат жөніндегі Қазақстан Президенті жаңындағы Ұлттық кеңес 1994 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананың қалыптасу тұғырнамасын қабылда-ды. Өмір қажетінен, тәуелсіздік табиғатынан туған бұл құжатта Қазақстан тарихын жасаудың өзекті мәселелері ғылыми тұрғыда саралып, нақты бағыттар айқындалды. Осы тұғырнаманың кейбір қагидалары мынадай:

«...Қазақстан тарихының үзілмей дамығандық идеясы осы елді мекендерген халықтардың тегі, тарихы мен мәдениеті де үзілмей жалғасып отырды дегенді білдіреді», немесе «Қазақ халқы Қазақстанның мекендерген халықтардың тарихы мен мәдениетінің ізбасары, соларға тән өмір салтын, тіл мен мәдениетті алға апарушы», дегенмен «Қазақстан тарихын тек қана көшпендердің тұрғысында баяндауга болмайды». Тарихи ізденистердің іргетасы болып табылатын бұл қағидаларды басшылыққа ала отырып, «Қазақстанның тарих ғылымы үзіп алушылықтан бас тартып, тарихи сананы бұрмалаудан арылып, елдің өткендергі тарихын объективті түрде жаңғыртуы қажет», деген тұжырым басшылыққа алынуға тиіс.

Бұл айтылғандар баспасөз тарихшыларына да тікелей қа-тысты. Мәдениеттің аса маңызды саласы болып табылатын бас-пасөз тарихын әділет пен шындық тұрғысында жасау арқылы халықтың өткенінен әділ хабар беруге болады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін мерзімді баспасөз үлт-тың мәдениет тарихының елеулі құбылысы, баспасөздің дамуы үлттың қоғамдық ой-санасының өсу деңгейін көрсететін өлшем деп емес, тек қана марксік-лениндік ілімді насиҳаттаушы, ком-мунистік партияның сөзін сөйлеп, сойылын соғушы, жырын жырлаушы, саяси күресте құралы ретінде қарастырылып келді. Осынау көп сұраптардың жауабын ізделтабу үшін еліміздің тәуелсіздікке дейінгі тарихын теренірек зерттеу қажет. Яғни, қазақ арасындағы таптық жіктелу деген жасанды түсініктен арылып, бір үлттың тұтастығын меншік мөлшеріне қарай қаққа жарып, бірімен-бірін атыстырып-шабыстырып қойған жағдайды анық түсінуіміз керек. Гуманитарлық ғылымда зерттеу әдісте-месіне негіз болған марксік-лениндік қағидаларға негізделген таптық ұстаным өзінің бүкіл кесір-қырсығын санамызға сіңі-ріп, көзді көлөгейлеп, шындықты айтқызыбай қойғанын мойын-даған жөн. Демек, XX ғасырдағы кенес заманының әдебиеттерін сын көзімен қайта қарайтын уақыт жетті.

Баспасөз тарихшылары арасында алғашқы сөз Міржақып Дулатұлынің. Ол сонау 1923 жылдың өзінде-ак баспасөздің үлт-

тың өркендеуінде қандай маңызы болатының ғылыми түрғыда тұжырымдаған еді. «Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жүрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатасыз бір өлшеуіші – баспасөз болады. Қай жүрттың баспасөзі күшті болса, сол жүрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді. Яки қай жүрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық. Бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық көнілі тетіктер көптен иман келтірген. Сондықтан Еуропа жүртты баспасөзге «алтыншы билік» деп ат қойған».

Қазіргі қалыптасқан ғылыми тұғырнама бойынша бұларды біз өзімізше жүйелеп, рет-ретімен зерттеуге тиіспіз. Тарихшы ретінде М.Дулатұлының мына сөздері ақиҳат: «Тоқтағандардың ең көп жасағаны «Қазақ» газеті, мұның да өмірі 7 жылға толған жоқ, ең өмірсіз – бір күндік».

Мұхтар Әуезовтің «Қазақ» газетінің тарихи миссиясы туралы 1923 жылдың өзінде берген бағасы күні бүгінге дейін аса сындарлы және гибратты болып саналады. «Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әндері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жүрттың әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жогалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінде анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер, қауіптің пішінін айқын ғылып көр-сетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткен-дей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын жол мұндалап, жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабагын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерден қадалып тұрып қалатын».

...«Қазақтың еңкейген кәрі, енбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денеге қан жүгіртіп, күзгі таңының салқын желіндей ширықтырған, етек-женін жи-ғызған «Қазақ» газеті болатын».

Откен ғасырдың алғашқы ширегінде Кеңестік баспасөз органдары көбейген кезде қазақ баспасөзінің тарихы жөнінде, қазақ даласында алғашқы газеттер мен журналдардың қалай пайда болғандығы жайында әңгіме қозғала бастады. Мысалы, көрнекті кеңес қайраткері Тұрар Рысқұловтың «Баспасөз мәнісі» деген атпен 1926 жылы шыққан еңбегінде тасқа басылған сөздің қалың қауымға қандай ықпал ететіні көрсетілді. Негізінен баспасөздің теориялық мәселелерін қамтығанымен, автор қазақ баспасөзінің өткендегі жағдайына да назар аударған. Сондай-ақ «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген окулығында Сабит Мұқанов қазақ тіліндегі баспасөз нұсқаларының ауыз әдебиетін жинап, халыққа қайта ұсынудағы еңбегі көрсетіледі де, баспасөз тарихының кейбір мәселелерді қозғады.

Қазақ баспасөзінің, есіресе, оның 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі нұсқаларының жүйеленіп, зерттелуіне Ушқөлтай Сұбханбердина өлшеусіз үлес қосты. Бұл ғалым қырық жылдай еңбек етіп «Дала уалаятының газеті», «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттері мен «Айқап» журналы беттерінде жарияланған материалдардың жинақтары мен сипаттама тізбесін жасауы бүкіл Орта Азия республикаларындағы баспасөз тарихшыларына өнеге болды.

Жоғарыда айтылғандай, қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуде елімізде көптеген нәтижелерге қол жетті. Алайда, бір ес-керілмей келе жатқан жағдай көңілге түйткіл ұлады. Сөз аймақтық баспасөз туралы, **баспасөздің аймақтық сипатының ерекшеліктері, өзіндік айрықша белгілері, тарихтағы орны туралы** болып отыр. Себебі, әр аймақтың, атап айтсақ, Қазақстан сияқты жер көлемі аса кең мемлекеттің әр өлкесінің табиги жағдайы, ұлттық құрамы, экономикалық айрықша белгілері, білім деңгейі, тіпті салт-санасындағы, дәстүрлеріндегі ерекшеліктер әртүрлі екенін мойындауымыз керек.

Демек, Қазақстанның солтүстігінде ұлт тіліндегі мерзімді баспасөздің пайда болуы мен дамуын арнайы проблема ретінде жеке бөліп алып, терең қарастыру зәру мәселе болып отыр.

Уақыты жағынан қазақ тілінде жарық көрген екінші газет және Қазақстан солтүстік аймағында қазақ тілінде тұнғыш та-ралған мерзімді баспасөз органы «Дала уалаятының газеті» деп аталған. Бұл басылым «Ақмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде 1888 жылдың 1-қаңтарынан, 1902 жылдың 12-сәуіріне дейін Омбы қаласында шығып тұрды.

Бізді қызықтыратыны – бұл басылымда Қазақстанның сол-түстік аймағының, әсіресе Ақмола облысы, оған қарайтын Пет-ропавл уезі халқының революцияға дейінгі өмірі мен тұрмысы жөніндегі материалдардың танымдық қасиеттері.

Қатаң бақылау, цензура жағдайында шықса да газет журналистері отарлау саясатына наразылықты түспалдап айта білген. Мына үзіндіге көз салып көрейікші: «Біздің қыр қазақтары өздерінің кисапсыз көп малымен бүкіл Ресейді асырап отырымыз деп мактанады. Қазақтың малы болмаса Ресей аш қалар еді деп ойлады... Суға дейін сатулы мына заманда кәсіппен айналысып, пайда іздегеннен гөрі, бұхарлық, қоқандық саудагерге, орыс көпесіне малын арзанға өткізіп, ұсақ-түйек сатып алғанға мәз... Қой жүнінің бір пұтын екі-үш теңгеден өткізеді де, одан тоқылған матаның әр пұтын 200 теңгеден сатып алады. Малының тұқымын жақсартпайды, етін, сүтін, жүнін ұқсатып сата алмайды. Ертеңгі күні қайыр сұрап, қаңғып кетесің ғой, қайран қазақ!». Жазған журналист Рахымжан Дүйсенбаев. Көзі ашық, көкірегі ояу зияллыларымыз жүз жыл бұрын осылай күніреніп үгіт таратса, дәл қазіргі жағдайымыз да осындан емес пе?! Нарық қатынастарына ойда жоқта тап болған қазақтың қазіргі, XXI ғасырдың басындағы өтпелі кезеңдегі күйі де мәз емес.

«Дала уалаяты» газетінде солтүстік өңірдегі мал шаруашылығының жағдайына назар аударылды. Мысалы, «Ақмола облысындағы мал шаруашылығы» деген мақалада 1899 жылғы мынадай мәлімет берілген: «Атбасар, Көкшетау, Ақмола, Омбы уездерінде өткен бір жыл ішінде 1971 түйе, 16136 жылқы, 14067 ірі қара, 46179 қой, 1328 ешкі шөп жетімсіздігінен аштан өлген. Ал, 523 түйені, 1985 жылқыны, 1406 ірі қараны, 16040 қойды, 566 ешкіні қасқыр жеген». Қазақ өмірінде мал шаруашылығының қандай маңызы бар екені журналист Рақымжан Дүйсен-

баевтың «Мал шаруасы осы бойында тұрғанда қазаққа пайдалы ма?» деген тақырыппен басылған циклды талдамалы мақалаларында көрсетілген.

Бұл басылым бетінде жер мәселесіне де ерекше көңіл бөлінген. «Қазақ жеріндегі қалыпсыз байлық» деген материалда жердің ұлт тағдырының тірегі екені тебірене баяндалады. Мысалы, «Ана өз баласын қалай емшегімен асыраса, адамды, жанжануарларды жер де солай асырайды. Қазақ даласы да сондай, бізді шуағымен жылытып келеді. Жер жомарттығы орасан зор. Оны қастерлеп қана қоймай, мал бағумен шектелмей, егін өсіруге, дұрыстап пайдалануға, табиғат байлығы – ағашты қалай болса, солай кесе бермей, ұтымды жұмсауга керек», деген сөздердің құны дәл бүгін де қымбат.

Айталық, Тәшетов Шаяхмет, Тілемісов Торсан сияқты атақты байлар әуелі 50 сиырдан бөліп, май шайқайтын өндіріс құрган. Артель деп аталатын өндіріске Петропавл банкінен көп мөлшерде несие берілгені «Дала уалаятының газетінде» ұлken оқиға ретінде көрсетілді. Сонымен бірге Петропавл кәсіпкері Қаражанов Бектұрғанның төрі-терсек, жұн-жүрқа жинап сату арқылы 80 мың сомға дейін сауда айналымына жеткенін осы газеттен оқимыз. Бұл да кәсіпкерлікті адал нан табудың жолы ретінде насиҳаттаудың бір көрінісі.

ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамы санасының оянуына ете-мөте себепші болған «Қазақ» газеті екендігі толық дәлелденген. «Қазақ» 1913 жылғы 2-ақпанның 1918 жылғы 16-қыркүйекке дейін шығып тұрды. Жаңа дәуірдің шежіресіндегі мәні бар газеттің редакторы Ахмет Байтұрсынов еді. Өз тұсында ең көп таралған, оқырманына жақын болған «Қазақ» замана ағымын, саясат аңғарын айнаңтай таныды. Кейінде бұл туралы М.Дулатов: «Публицист ретінде Ахмет Байтұрсынов ешқандай қаражат болмаса да, 1913 жылдың басында, Орынборда шын мәніндегі тұңғыш қазақ газеті «Қазақтың» негізін қалап, оның бетіндегі қазақ халқының мұн-мұқтажы батыл сөз етіп отырды» дег жазды.

«Қазақтың» бітімі мен бағыты қандай болғанын авторлардың аты жөнінен-ак білуге болады. Газетке сол кездегі қо-

лына қалам ұстаған казақ зиялышыры түгел қатысты десек артық емес. Олардың қатарында жоғарыда аталған: М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ә.Бекейханов, М.Жұмабаевпен қатар, М.Тынышбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Турағұл Құнанбаев, Габдікен Құнанбаев тағы басқалары. Бұл басылым әуелде халық арасына ағартушылық идеясын насихаттауши ретінде тарап алды. Сондықтан да кейбір зерттеушілер: «Қазақтың» басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды» десе, Х.Бекхожин мұндай газеттің атын да атамайды. «Қазақтың» басты бағыты ағартушылық дегеннен гөрі біздің ойымызша «Қазақтың» басты бағыты – Қазақстанның басқа халықтармен тенденсі, мемлекет ретінде тәуелсіздігі, ал сол тәуелсіздікке жеткізетін жолдың бірі – ағартушылықты насихаттау, қоғамдық сананы ояту, десек жөн болар.

«Қазақ» газеті бес жылғы тарихында ғасырларға бергісіз қызмет атқарды. Қазақтың алғашқы саяси партиясын, тәуелсіз үкіметтің құрып берген, қазақ жерлерін түгендеп, бөлшек-бөлшек бөлінген ұлттың басын құрастырған «Қазақ» газеті еді.

1912 жылды Троицк қаласында Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналын шығара бастады.

«Айқаптың» екінші санында Мағжанның «Жатыр» деген өлеңі басылды. Онда жас ақын өз ұлтының оянуын, басқа халықтармен тең дамуын көксейді.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,
Жылтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Демек, осы уақытқа дейін айтылмай келген бір жайт, «Ай-қап» журналын ұйымдастырушылардың бірі, яғни қазақ бас-пасөзінің негізін қалаушылардың жуан ортасында Мағжан Жұмабаев болғанын атауымыз керек. Сондай-ақ, реті келгенде көр-сете кетейік, Алаш көсемдерінің бірі ретінде Мағжанның «Қазақ» газетін, «Жас азамат» газетін, кейінде «Кедей сезі» («Бос-тандық туы») газетін ұйымдастырушылардың бірі, бұл

басы-lyмдардың бағыт-бағдарын анықтап, өзінің әдеби күш-куатын жұмсаған публицистігінің, саяси қайраткерлігінің бағасын бе-ретін кез келді.

«Айқапта» Ғұмар Қараши, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сә-бит Дөнентаев, Бейімбет Майлін, қызылжарлықтар - Жұмағали Тілеулин, Жанұзақ Жәнібеков, Ғалауддин Мәмеков, Байбатыр Ержанов, Біләл Малдыбайұлы сияқты қаламгерлер өз қарымы мен қайратын сынға салды, кейін қазақ әдебиетінің алтын қо-рына енген көркем шығармаларын жариялады. Осы басылым бетінде қазақтың әдеби сыны мен библиографиясы қалыптасты.

Қазіргі Солтүстік Қазакстан облысы аймағында, Петропавл қаласында революцияға дейін қазақ және татар тілдерінде «Ешім даласы» деген газет аптасына үш рет шығып тұрған-дығы туралы мәлімет бар. Бұл басылымның қазақшасы қазақ зерттеушілерінің қолына әлі түскен жоқ. Ал, татаршасы Қазан қаласында сақталуға тиіс. Өйткені, татар баспасөзінің тари-хында «...Бұл газет қазақтарды отырықшыландыру мақсатын көздеді. Жыл ақырында жабылды. Шығарушылары жазага бұ-йырылды» деген ақпарат бар.

Солтүстік өнірдегі қазақ баспасөзінің қалыптасуы дегендеге Ақмолада 1917 жылғы сәуір айынан бастап, 1918 жылдың шілдесіне дейін шығып тұрған «Тіршілік» газетінің тарихтағы орнын көрсетпесе болмайды. Либералдық-демократтық бағыт ұстанған бұл газеттің редакторы және шығарушысы Рақымжан Дүйсенбаев. Ол «Дала уалаяты» газетін шығарып қаламы төсөлген, жан-жақты білімді, орысша-казақшаға бірдей қалам қайраткері болатын.

«Тіршілік» газеті Ақмоладағы уездік «Қазақ комитетінің» газеті ретінде 1917 жылдың сәуірінен 1918 жылғы шілдеге дейін шығып тұрды. Жоғарыда айтылғандай газетті ұйымдастырган, оған қажет құрал-жабдықтарды Уфа қаласынан түйеге артып алып келген Рақымжан Дүйсенбаев болатын. Ол осылайша, өзінің 1905 жылы-ақ тәуелсіз қазақ газетін ашпақ болған мақса-тын орындағы. Газеттің жұмысына қаладағы

мектептердің мұға-лімдері Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Сәкен Сейфул-лин сияқты азаматтар қатысты.

Қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрган қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті. 1918 жылдың сәуір-мамыр айында Омбы қаласына өт-кен қазақ жастарының тұңғыш съезінің шешіміне орай, бүкіл-қазақтық жастар ұйымының тілі ретінде бұл газеттің алғашқы саны 1918 жылдың 30-шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген.

Газеттің редакторы белгілі қайраткер Қошмұхамбет Кеменгерұлы, басқарма құрамында С.Садуақасұлы, М.Сейітұлы, Г.Досымбеккызы, Ә. Байділдәүлұлы еді.

Тұңғыш жастар газетінің алғашқы саны «Жас тілек» деген бас мақаламен ашылған. Онда өз ұлтының тағдыры үшін шыр-қыраған көсемсөз шеберлері былай дейді:

«Өмір тәжірибесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұр-мыстың таласатын, құресетін майданына шықты. Келешектің қа-ранғылығы, саяси һауананың күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болуы-болмауы, әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлі құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың қан соруы «Жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың бас мін-деті, үлкен борышы. «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақ-сұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт тенденция!».

Бұл жерде жастар газетінің шығып тұрган уақытын тағы да еске алайық. 1918 жылғы шілде-тамызда Қазақстанның қала-ларында билікті большевиктер басып алып, қара халықты қанға бөктірген болатын. Сондықтан жастар баспасөзі: «Келешек қа-ранғы, жағдай күн сайын құбылған, апatty күндер туды, қазақ халқының дүниеде болу-болмауы тарих безbenіне тартылды, ұлттың өмірлік құқықтары аяққа тапталды, жаңа билік халықтың қанын сорып отыр...» деген сияқты, ел басындағы қайғылы халді

түсіндіріп, көзге шұқып көрсетіп, қазақты сақтап қалу үшін жастардың «тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, құреспетін майданына шыққанын» жан дауысы шыға хабарлады, белді буып, етек-женді жиып, құреске кіргенін паш етті.

Өздерінің осындағы ұйым құрып, газет шығару сырын оқырмандарына жолдаған «Ашық хатында» жастар ұйымының кіндік комитеті: «Ел көп топырдың ортасында аяқсты бас қосайық деген пікір туып еді. Бұл пікірді туғызған – көкті қаптаған қара бұлт – большевик дауылы еді. Бұл дауылдан қазак елін шамамыз келгенше аман сақтап қалайық, шамамыз келгенше тарих алдында кінәсіз болармыз, өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір тәбеде деген мақсұт еді», - деп түсіндірді.

Газеттің бірінші санында «Бұлінгеннен бұлдіргі алма!» де-ген саяси шолу басылды. Онда: «Большевиктер орыс зиялыштары мен жұмыскер-қарашекпендердің арасына жік түсірді, бұл ауру бізге жұғып жүрмесін», деп ашық айтып, аз қазақты бірлікке шақырды.

Зерттеуші Д. Қамзабекұлының көрсетуі бойынша газетті бастирушы – «Алаш серіктестігі» деген қоғамдық ұйым, редакторы № 1 - № 11 Қошмұхамед Кеменгерұлы, № 12 - № 16 Біләл Малдыбайұлы, № 17 - № 22 Қошмұхамед Кеменгерұлы болған.

Халықтың келешегі үшін құресетін, оның алдағы тағдырының қандай болмағын айқындастын көзі ашық, жаны таза, саналы жастар екендігін бұл басылым әуелден-ақ жария етті. Мағжан Жұмабаевтың «Жастарға!» деген өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел-жүрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай. Өлеңнің беташары ретінде Мағжан мынадай сөздер жазыпты:

«Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адап жүрек ағалардан үлгі, өрнек алындар. Елдіктен, ерлік-тен айырылып, екі жұз жылдай еңсесі түскен елді ойланадар. Күнді – түн, жақынды – жат, пайданы – зиян деп жүрген, толық саяси хұқықтарын іздел алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлан-дар!» дейді де өзінің «Жастарға!» деген өлеңін басқан. Бұл өлеңнің кейбір шумактарын келтірейік:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!..

... «Алаш» - айбынды ұраны,
Қасиетті құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Тау суындаған гүрілдер,
Айбынды Алаш елім дер.
Алтын Арқа жерім дер
Мен жастарға сенемін!..

...Мен сенемін жастарға!
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда!
Мен жастарға сенемін!

Смағул Садуақасов айтып, ел аузында қантты сөзге айналған: «Мағжан – қазақ жастары ой-санасының әміршісі» деген бағаның түп-тамыры, бәлкім, осы бір отты-жалынды өлең де жатқан шығар.

Үлкен тебіреніспен, жан толқынының қуатынан туған бұл жолдар қазір де, бұдан былай да «Мен қазақ ұланымын!» деген әрбір жастың жүргегіне жол тауып, буырқанған құлшының ту-ғызырына сөз жоқ. Әнұран, шақыру, дабыл сипатында қайта-қайта «Мен жастарға сенемін!» деп келіп отыратын шумақтар көкірегінде сәл ғана шоғы бар сананы жалыннататын арыны күшті көрік еді.

Жастар газеті шын мәнінде қазақ жастарының санасы оянуының, олардың мәдени жағынан гүлденеудің әрбір қадамын көрсетеп отырды. Мысалы, Ахмет Жантәліұлы газеттің 1918 жылғы 5-санында Қызылжар жастарының «Аш қазақ-қырғызға жәрдем ету» жөніндегі жоспарларын жария етті. Бұдан кейін га-

зетте осы мұқтажға қаржы жинау мақсатында «15-қарашада Қызылжардағы «Талап» жастар қауымы Қ.Кеменгерұлының үш беллімді «Әулие тәуіп» пьесасын қойды» деп хабарлады. Сондай-ақ, қазақ жастары Қ.Кеменгерұлының «Бостандық жемісі» драмасы мен М.Дулатовтың «Қызыл қашар» деген фельетонның сахнаға шығаратының газет арқылы жария еткен. Және «Тұсken қаржы «Жас азамат» газетасына, аш-жалаңаш, қырғыздарға, тұтқын түріктерге һәм соғыстан жарапанған чех солдаттарына берілетінін» жеткізген.

«Жас азаматтың» 1918 жылғы 4-қазандығы санында жарияланған Смағұл Сәдуақасұлының «Өмір үшін күресу» деген мақаласы кемел ойдың жемісі десе болғандай. Автор қазақ халқы мен алыстағы неміс жұртының тұрмыстық жағдайларын салыстыра отырып, өз қа-зағын озық немістің деңгейінде көргісі келеді. Сонда Смағұл 18 жаста еді-ау!

* * *

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін «қазактар Қазан төңкерісін зор қуанышпен, қуаттап қарсы алып еді» деген қисынсыз аңыз белен алып келді. Бұл сөздердің қисынсыз болатыны сол, 1917 жылғы қазанда Ресейдің орталық қалаларында не болып, не қойғанын қалың қазақ білген де жоқ. Ал, білгендер, мысалы Ахмет Байтұрсынов, 1919 жылы тамызда Мәскеуде шығатын «Жизнь национальностей» газетіне былай деп ашық жазды:

«Қазактар ақпан өзгерісін зор қуанышпен, ал қазан төң-керісін зор үреймен қарсы алды. Алғашқысының қуанышты бо-латын себебі: біріншіден, ол халықты патшалық езгі мен зор-лықтан құтқарды, екіншіден, елдің ежелден келе жатқан өзін-өзі билеу арманын жүзеге асыруға деген үмітін бекем етті. Екін-шісінің (Қазан төңкерісінің) түсініксіз болатынын дәлелдеу оп-онай: қазақта капитализм де, таптық жіктеліс те, жеке меншік те жоқ. Мұнда ел мұддесі ортақ, игілік ортақ.

Теория жүзіндегі социализм мен коммунизм туралы біз ой-ланған емеспіз, өйткені тіпті патша өкіметі тұсында орыс

текти жұмысшылар мен крестьяндар иеленген азаматтық құқықтар қазақта болған емес».

Осы жағдайда Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы өкілі, ягни комиссары Әлихан Бекейханов 1917 жылы 1-желтоқсанда қазақ халқына арнап, жағдайды түсіндіре отырып былай деп жазды: «Ел басшыларының жауапсыздығын біз Николай тұсында көріп едік. Большевиктер төрағасы Ульянов-Ленин сол Николай секілді, жеке-дара билеп төстейді. Николай сияқты халықты тілсіз хайуанға балайды. Большевиктер Петроград пен Мәскеу думасын қуып таратты. Ал, оларды халық сайлаған болатын. Демократия – шетел тілінің сөзі, ол халық билігі деген мағына береді. Большевиктер халық билігін «буржуазия сарқыншагы» деп есептейді. Олар газеттерді жапты. Жиын-мәжілісті қуып таратты».

Қазақ баспасөзі 1917 жылғы қазан төңкерісін және оның нәтижелерін қалай қабылдады, дегенге келетін болсақ, баспасөз өз оқырмандарының, қазақ халқының ой-пікірін білдірді деп айтуга толық негіз бар. Мысалы, «Қазақ» газеті 1918 жылғы 1-қаңтарда: «Большевиктер дәурені көпке бармас, бір-ақ большевиктің ыланының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктер мемлекет ісінің басынан көшер, бірақ көшкенше талайды болдырып кетер» деп жазды.

1921-22 жылдары Петропавлда «Бостандық туы» газетінің қаз тұрып кетуіне үлкен үлес қосқан көрнекті журналист Хай-ретдин Болғанбайұлы 1918 жылы 15-наурызда «Бірлік туы» га-зетіне Түркістан өлкесінде большевиктердің қандай қастандық іс-әрекеттер жасағанын былайша суреттеп жазды. Мақалаға – «Тұла бойлары қан сасиды» деген тақырып берілген:

«Ол күндері адам-хайуан өзінің бет-аузын Түркістан халқына ашық көрсетті. Ол күндер – Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер. ...Тозандай кінәсі жоқ есепсіз мұсылман халқының қаны судай шашылып, жаңағана қылтиып, өсіп келе жатқан бостандық гүлінің адам пішінді жыртқыштар табанында тапталған күндер – ол күндер. ...Япырмай, осы сықылды үлкен масқара, зор сұмдық күндерін де

Түркістан халқы бір уақыт ұмыта ма екен? Жоқ. Мың қабат жоқ! Неше бүгін сүйегіне құлдық сініп, тамырына ірің толса да, бұл күндерді ұмыта қоймас!.. Тым болмаса, неше мындаған сәбілердің қанын судай шашқан бұл сұмдықты не деп айтуга сөз таба алмаймын. Мен түгіл, бұл масқаралықты жазбақшы болған тарихшылар оған ұнамды ат қоя алмас».

Өз халқының мұддесі үшін осындай ашық ниет білдірген қазақ баспасөзі жаңа биліктің арнасына симауы заңды еді. Большевиктерге ниеттес болып, халқына қарсы шыққаны үшін лауазым алған Әліби Жангелдин «Қазак» газетінің баспаханасын талқандады. «Жас азамат» газеті де одан әрі өмір сүре алмады.

Қоғам дамуының заңды жемісі ретінде қазан төңкерісінен кейін пайда болған баспасөз нұсқаларының қатарында Солтүстік Қазақстандағы қазақ оқырманына жол тартқан «**Кедей сөзі**» газетін айтуга болады.

1919 жыл 27-тамызда Сібір төңкеріс комитеті – Сибревком құрылды.

Қазақстанның Ақмола және Семей облыстары Сібір ревкомына қарағандықтан, Омбыда татарша «Азад Сібір» газетінің баспаханасында Сибревкомның органды ретінде «**Кедей сөзі**» газетін шығару туралы шешім қабылданады. Қазақ газетінің бірден қалыптасып кетуі оңай болмаған. Мысалы, ақпан айында бір саны шыққан болса, газеттің екінші саны 1920 жылдың желтоқсанында шыққаны туралы мағлұмат бар.

Ал, профессор Б.Кенжебайұлы «**Кедей сөзі**» газеті жөнін-де: «Бұл газет 1920 жылы 22-февральдан Омбы қаласында шығып тұрды» деп газеттің алғашқы саны шыққан күнін дәл көр-сетеді.

1920 жылы 26-тамызда Қазақ автономиялы республикасын құру жөнінде жарлық шықты. Осыған байланысты автономия-ның билік орындары жасақталды, халқы, жер аумағы туралы қыруар мәселелер щещімін күтіп тұрды. Міне, осындай жағ-дайда Орынбордағы орталық үкімет баспасөздің қуатты күшіне арқа сүйеуге тиіс еді.

1920 жылғы 27-қазанда Қазақ Орталық Атқару комитеті төрағасының орынбасары Смағұл Садуақасов Орынбордан Омбыға, сондағы Сібір ревкомы жанындағы қазақ өкілдігіне жеделхат жолдауы. Жеделхаттың мәтінін толық келтірсек, сол бір аумалы-төкпелі кезеңнің жағдайынан біраз хабар алуға болады. (Жеделхат орысша жазылған, қазақшалап беріп отырмыз.— З.Т.).

«Таяу арада Мәскеуде Ақмола және Семей облыстарын Қазақ республикасына берудің мерзімі мен бұл жұмысты ұйымдастыру тәртібіне байланысты келіссөз жүргізілмек. Сондықтан халықты Қазақ республикасының құрылғаны туралы кеңінен құлақтандыру қажет. Ол үшін газеттер, листовкалар және басқа да жолдар пайдаланылсын. Қазақ Орталық Атқару комитетінің жеделхаттарын, өздеріңіздің ресми үндеулеріңізді көшіріп басыныздар. Қазақ автономиясының мақсаттары мен міндеттері жайында бірнеше листовка шығарыныздар. Губерниялардагы, уезддердегі, ауылдар мен деревнялардағы күштерді неғұрлым кеңінен пайдаланыңыздар...»¹.

Осы жеделхатты алған Сибревком жанындағы Қазақстан өкілдігі Ресей компартиясы орталық комитетінің Сібір ұйымдастыру бюросынан қазақ тілінде газет шығаруға рұқсат сұрайды. Партия органы қазақтардың бұл тілегіне байланысты мынадай қаулы алған:

«Қазақ ССР өкілдігінің қазақ тілінде бюлетең шығаруға рұқсат сұрағанына байланысты: қазіргідей қағаз тапшы болып отырған жағдайда жеке газет шығару мүмкін емес деп есептелсін. Өкілдік мұсылман секциясымен бірлесіп, қазақ газетінің таралымын екі мың данага дейін көбейтуіне рұқсат берілсін»².

Бұл арада «мұсылман секциясының газеттері» деген ұғым Омбыда, Сибревком мен партия комитетінің мұсылман тобы атынан шығып тұрған татарша «Азад Сібір» және қазақша «Кедей сөзі» еkenін ескерту парыз.

¹ Тайшыбай З., Ахметжанова Т. Баспасөз тарихы. Петропавл, 2003, 90-91-беттер.

² Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. Алматы., 1992 ж.

Сібір төңкөріс комитеті – Сибревком жанындағы Қазақ өкілдігінде Омбыда қазак газетін шығару мәселесі арнайы жынында қаралды. Жиналыш хаттамасына қарағанда оған сол кезде Омбыда тұрған қазақ зияллылары түгел қатысқан. Архивте сакталған хаттаманы неғұрлым толығырақ келтірсек, сол тарихи оқигалар туралы нақты мағлұматқа қанығамыз. Өйткені ресми құжаттарға қандай да бір сөз қосуға, артық-кем толғауға болмас. Тек мәтінін қазакша берейік:

«КССР-дің Сибревкомы жанындағы өкілдігі мүшелерінің және газет һәм әдебиет істеріне белсене қатысушылардың мәжілісі

1921 жылғы 21-ақпан

Қатысқандар: Өкілдің орынбасары Сергеев С.Д., өкілдік мүшесі Ашмарин А.И. ҚОАК мүшесі Ыбыраев және Кеменгеров, Айбасов, Серкебаев жолдастар.

Төрағалық етуші Сергеев, хатшылықта Кеменгеров.

Тындалды: жүртшылықты Қазақ республикасы туралы кеңінен құлактандыру үшін өкілдік жанынан әдеби алқа құру, газетті пайдалану, листовкалар шығару. Қазақ Орталық Атқару комитеттерінің жеделхаттарын және өкілдіктің ресми хабарларын көшіріп басу, бұл мақсатқа губерниялардағы, уездердегі, ауылдар мен деревнялардағы күштерді кеңінен пайдалану туралы.

Мәселеге негіз болған: ҚОАК-нің 27-қазан-дағы 937/782 нұсқауы (яғни, біз жоғарыда толық келтірген С. Сәдуақасовтың жеделхаты. – З.Т.).

Қаулы етілді:

1. Өкілдік жанынан құрамы 9 адамнан әдеби алқа құрылсын (бұл уақытша, өйткені жағдайдың өрістеуіне байланысты газет бөлімдеріне қарай алқа кеңейтілуі мүмкін). Атап айтқанда, олар: Айбасов, Серкебаев, Кеменгеров, Фазылов, Сейітов, Кәкенов, Телжанов, Тоқпанов және Жұмабаев.

2. Өкілдік жанындағы әдеби алқа (орысшасы литература коллегия. – З.Т.) туралы ереже бекітілсін.

Сол ережеден үзінді келтірейік:

ҚССР өкілдігі жаңындағы әдеби алқа - басшы орган. Алқа жаңындағы техникалық хатшы және жауапты хатшы болады. Алқа белгілі тақырыптар бойынша мақалалар даярлаумен бірге, тілшілерден келіп түсken материалдарды қорытады.

Ескеरту: Ауылдарда, деревняларда, уездер мен губернияларда тұратын сауаты бар адамдардың бәрі тілші бола алады және олардың саны шектелмейді.

3. Әдеби алқа мүшелері мен тілшілерге ақы төлеу тәртібі:

а) Әдеби алқа мүшелері мақаласы шыққан газеттің редакциясынан тариф бойынша материалдардың жол саны есебімен ақы алады.

ә) Тілшілерге белгіленген тариф бойынша ақы төлеңеді...»

Мұның алдында, 1920 жылғы 10-қаңтарда Сібір ревкомы жаңынан Оқу бөлімі құрылған болатын. Оның төрт бөлімшесінің біреуі, аз ұлттар бөлімінде Магжан Жұмабаев пен Кошмұхамет Кеменгеровтың жұмыс істегені туралы құжат бар³.

Осылайша, әдеби, дәлірек айтқанда, редакциялық алқа құрылды. Енді «Кедей сөзін» жаңа мақсатқа бейімдеп, жаңа мазмұнмен уақытында шығарып тұру талабы алға тартылды. Жоғарыдағы тізімдегі азаматтардың әрқайсысы-ақ жан-жақты білімді, ел жағдайын жақсы білетін, саясатқа жүйрік, кейбіреуінің баспасөзде істеген тәжірибесі бар азаматтар.

Алайда, материалдық-техникалық қындықтар өте көп еді. Уақыт болса өтіп барады. Қазақ республикасын құрып, оның жері мен халқын түгендейтін шак. Үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізуге баспасөз органының жоқтығы қолбайлау болды.

Әдеби алқа мүшелері басқа амалы қалмағандықтан, Сібір облыстық партия комитетіне хат жолдан, көмек сұрайды. Бұл хатында мазмұнын толығырақ берейік.

«РКП (б) Орталық комитетінің Сібір бюросына

1921 жылғы 3-ақпан

³ Омбы мемлекеттік архиві, 318 қор, 1 тізбе.

Қазақ Орталық Атқару комитеті бізге, яғни Сибревком жанындағы ҚССР өкілдігіне Семей және Ақмола облыстарының халқын Қазақ республикасының мақсаттары мен міндеттері жайынан кең хабардар етуді, ол үшін газет, листовкалар, үндеулер, плакаттар сияқты құралдарды орысша да, қазақша да шыгаруды тапсырып отыр.

Партияның Сібір бюросы мұсылман секциясымен бірігіп, 2 мың дана газет шығаруға рұқсат берді. Бірақ мұнымен мәселе шешілсетін емес. «Кедей сөзі» газетін өзіміз шығарсақ жөн болар еді.

Газетке материал дайындауда бөгет жоқ. Бірақ оларды ба-сып шығару кын. Омбы губерниялық атқару комитетіне тәуел-діміз. Баспахана соған қарайды. Аптасына бір рет шығып тұруға тиіс болса да, газетті айына бір рет қана шығарып келеміз.

Бұл жөнінде Омбы губерниялық атқару комитетіне жаздық, бірақ ештене шықпады. Ресми түрде губаткомның органды бола тұрса да, оған «Кедей сөзі» керегі жоқ сияқты.

Бұлай бола берсе, Ақмола және Семей облыстарында біздің сөзіміз жетпейді.

Өкілдік өз міндеттін дұрыс орындау үшін оған дербес газет керек. Демек, «Кедей сөзін» бұдан былай өкілдікке толық беруді сұраймыз. Біз Әйтіев, Телжанов, Тоқжанов, Жұмабаев және Серкебаевтан редакция алқасын құрдық. Осы алқа құрамын бекітуді сұраймыз».

Міне, осылайша, осының алдында құрылған, міндет-құқықтары түсініксіз, қоғамдық негіздегі әдеби алқаның орнына «Кедей сөзі» деп аталатын газеттің нақты редакциялық алқасы туралы ұсыныс енгізілді.

Ұсыныс жақталып, 1921 жылғы 7-ақпан күні Сібір бюросы «Кедей сөзі» газетінің редакция алқасын бекіту туралы ҚССР өкілдігінің ұсынысын қарап, қаулы етті:

Редакторы Бородихин, алқа мүшелері Әйтіев, Телжанов, Тоқжанов, Жұмабаев болып бекітілсін. Серкебаев жолдас га-

зеттің тұрақты қызметкері болып есептелсін»⁴. Осы арада қазақ газетінің «редакторы Бородихин» болуының себебін, ол кезде баспасөз құралдарының қашан да партия бақылауында екенін ескертеміз. Сонда Бородихинді редактор ретінде емес, «бақылаушы», «бағыт беруші» ретінде түсінеміз де қабыл аламыз. Неге олай? деп сұрауға мүмкін болмаған. Большевиктер бүкіл билікті өз қолына алған бетте-ақ В.Лениннің нұсқауымен барлық баспа орындарын, мерзімдік баспасөз органдарын тек қана партияның жеке дара билігіне бағындырған болатын. Сондықтан, ол кездегі газет немесе журнал туралы сөз болғанда партияның баспасөзі екендігін естен шығармауымыз қажет. Оның редакторы міндettі түрде коммунист болуға керек. Және 1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуел-сіздігі жарияланғанға дейін дәл осылай болып келді.

Осылайша, редакция құрылды. Ертеңінде өкілдік төрағасының орынбасары Сергеев Сибревкомның іс басқармасына хат жазып, «қазақ газетіне қажет болғандықтан радио байланысы арқылы Орталықтан (Мәскеуден) келетін материалдарды жіберіп тұруды» сұрайды⁵.

«Кедей сөзінің» саяси бағыты қандай болды, деген сұрап-қа жауап береді-ау деп, оның бетінде 1920 жылғы 30-наурызда жарияланған «Азық-түлік мәселесі» деген мақаланы қарап кө-рейік. Автор бұл материалда ел ішінде өнім өндіретін, өндірген өнімді ұқсататын, сататын дүкендер құрмайынша халықтың әл-ауқатын көтеру мүмкін емес деп есептейді. Өйткені, ол на-рықтық қатынастардың өз заңы болатынын біледі. Демек, быты-раңқы қазақ үшін кооперацияга бірігу тиімді екендігін қара-пайым тілмен, нақты әрі жүйелі түсіндіреді:

«Үнемі қазакты орысқа тіркестіріп қою болмаса керек. Бұдан бұрын қорлық көрген, азап шеккен халықтардың бәріне тенденциалық беріп жатқанда, енді біздің қазактар... мынау деп, анау деп тұрғанын көрінген орыстан сұрай бермейді». Мұны елдікке

⁴ КРОМА. 846-кор, 1-тізбе, 44-іс, 8-бет.

⁵ Сонда.

шақыру деп түсінген жөн. Халық ел боламын десе өзіне-өзі сеніп, шаруасын түзеп, тұрмысын жақсартуға бекем кіріссін, дейді ол. «Ерікті алдым деп, қазақ оны орынсыз жерге жұмсауы тағы жарамайды. Бұрынғыдай барлық билікті ел ішіндегі бұзақыларға, изықтыларға беріп жібермеске керек. Ел үйымының басына өзі елді сүйетін адамдарды қою керек», - дейді ол.

Ресейде ұлы төңкөріс өтті. Азамат соғысы халықты жаппай ауыртпалыққа ұшыратып кетті. Орыс мемлекетінің, орыс халқы-ның өз жолы, өз мақсат-мұраты бар, сол үшін құресті. Әйтеуір, олардың алдында өздері қалаған үміт шырағы жылтырайды. Ал, қазақ ше? «Кедей сөзінің» 1920 жылғы 1-сәуірдегі «Біздің жол» деген макаладан осы ұуракқа жауап ізденеп көрелік.

«Осы күнгі болып жатқан үлкен ауыр іс, төңкөрістен кейін қазақ халқы, оның енбекшіл табы тұрмыс жүзінде қандай орын алмақ?» дейді де автор (С.Сәдуақасов) «Соны шешу – біздің **бірінші мәселеміз**. Ол алатын орынға қандай іс істеуіміз керек? Бұны шешу – **екінші мәселеміз**. Ол істейтін істеріміз жемісті болып шығу үшін нендей әдіс тұтамыз? Бұл – **үшінші мәсе-леміз**. ھәм жоғарғы айтылған үш мәселені шешу үшін бізге жалпы бір иман есім керек. Бұл иманымыздың түрін белгілеу – **төртінші мәселеміз**», деп жастарды, өз құрбыларын «қазақтың пайдасын іздеуге, сөзін сөйлеуге» шақырады. Және де жастар-дың «тұтынған жолы ашық, адамға ыңғайлы болуы кажет» деген пікірін: «Міне осы жолмен жүргендे баяғыдан бері тепкіде жүр-ген, қараңғыда қапаста болған қазақ халқын біз адам қатарына қосамыз» деген батыл әрі сенімді оймен өрбітеді.

Сол жылдары Омбыда «Центросибирь» деп аталатын Батыс Сібір кооперативтер бірлестігі құрылып, оған көбінесе орыс ұлтының адамдары, орыс шаруалары үйымдасып, тұрмысын түзету қамына кіріскең болатын. Осы үйымға өзінің қазағын шақырған М.Жұмабаев «Кедей сөзінің» 1920 жылғы 5, 11, 22-сәуірдегі үш санына «Жұмыскер қара халықтың үйым дүкендерінің Ережесін» қазақшалап, көпшілікке түсінікті тілде баяндап жариялады. Кооперация жүйесінің тиімділігін қолға ұс-татқандай тәтпіштеп, оның қазақтық салт-дәстүрлерге қайшы келмей-

тінін, демек коопeraçãoдан үркүдің қажеті жоқтығын түсіндірді. Эрине, ұлттық ерекшеліктерді ескеру де қажет, «мұжық пен қазак арасында ұйым дүкендерін ашу бірдей емес, екі басқа нәрсе», деп ескертті.

Уақытына қарасақ, газеттің Сибревком жанынан шығып жатқан кезінде, Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешім шыққан болатын. Осы оқиғаны тарихи жетістік деп санаған автор: «Енді қазақ өз тізгінін, ...өз билігін өз қолына ал-ды», деп отандастарын мемлекет құрылышына саналы түрде ат-салысуга шақырады.

Бұл газеттің саяси сауат ашуға ұлкен көмегі болғанын көп жылдардан кейін біз де байқап отырмыз. Мысалы, «Кедей сезінің» 1920 жылғы 7-қарашадағы «Октябрь төңкерісі һәм қазақ еңбекшілері» атты мақалаға тоқталып көрейік. Иә, Ресейдің бір қыыр шетіндегі қазақтан «Төңкеріс деген не?» деп сұрап көрініз. Газет орыс мемлекетіндегі наразылық толқуларының себебін, құрестің қалай басталғанын, төңкеріске ұласқанын ба-йыппен түсіндіреді. Тап деген не, олар неге тартысады, жұмыс-шы мен капиталшы, мұжық пен алпауыт нені бөлісе алмайды? Осылардың сыртында қазақ жүрттының жағдайы қалай болмақ? деген көп сауалдарға мақала авторы С.Сәдуақасовтың берген жауабы мынау: «Біз қазақ тұрмысын алсақ, жоғарыда айтылған екі тапқа қазақты бөлерлік еш себеп жоқ. Қазақ тұрмысын жаппай бір түрлі құлданушы да, құлдықта жасаушы да тап жок... Қазақты шет халықтар құлданбаса, өз ішінен құлданушылар шыққан жоқ. ...Олай болса, қазақ халқының бәрі еңбекшіл».

Газет қазақ халқы үшін қазан төңкерісінің үлгісін орысқа тон пішкендей етіп ұсынуға болмайтынын айтады. Өйткені, бұл қазақ төңкерісті өзі жасаған жоқ, «төңкеріске дейін де, төңкөрістен кейінгі үш жылда да теңдікке қол жетпеген. ...Отаршылдық жарасы әлі жазылмаған». Ендеше оны тап-тапқа бөліп, атыстырып-шабыстыру обал, көпе-көрнеу қиянат. Публицист мұндай әлеуметтік төңкерісті жер сілкінісі сияқты табиғат апатауна, зілзалаға теңейді де, өз ойын айқын түсіндіру үшін 1909-1910 жылдары Алматының қаласын қиратқан зілзаланы мысалға келтіреді. «Жерде зілзала болса, жердің асты үстіне келіп, үстін-

дегі ауыл, шаһар, тау-тас – бәрін де бәріктей ұшырады. Үстіндегі нәрселердің бәрі ойран-ботқа болады».

1920 жылғы желтоқсандағы санында басылған «Тендік» деген басмақалада: «Қазактың үстіндегі қара тұман айығып, жадырап жарқын күн туады. Кемдік кетіп, тендік жетеді. Құл емес, ұл боламыз»⁶ деген тәтті үміт, асыл арманға толы жолдар газет шығарушылардың болашақтан не күткенін анық көрсетсе керек.

Бұл үміттің акталатын-акталмайтыны казак қаламгерлерін толғантты. Оған Мағжан Жұмабаевтың «Кедей сөзінде» басылған «Автономия кімдік?»⁷ деген мақаласы мысал бола алады.

Автономия – қазақ зиялышарының түсінігінде тәуелсіздікке қарай алға басқан маңызды қадам еді. 1917-18 жылдары Алаш автономиясы жарияланды, Түркістан автономиясы құрылды. Бі-рак олардың ғұмыры ұзақ болмады, ақ гвардияшыл казак гене-ралдары Колчагы бар, большевигі бар – қазактың есесін бермеді, өз алдына мемлекет-тігін құргызбады. Сейтіп жүргендे, кеңес өкіметі 1920 жылы 26-тамызда Қазақ автономиялы республикасын құру туралы шешім қабылдады. Қазақтар бұл шешімді большевиктердің «ұлттардың өзін-өзі билеуіне» берген мүмкін-дігі деп қабылдады. Іс жүзінде автономияның иесі түсініксіздеу болса да, Мағжан сияқты қаламгерлер газет арқылы халыққа сез тастап, қазактың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға ат салысуға шақырды.

Осы тұрғыдан қарағанда Мағжанның мына сөздері аңы да болса, шындық еді:

«Большевикті құбыжық көріп, Ресейдің шет-шектері тігісі-нен сөгіле бастаған кезде, Қазақ автономиясы деген пікірі жарға ұмтылған толқынның күшімен ғана жарық көрген емесペ еді? Бұғінгі күн автономияны бауырына басып алып, тірі жанды

⁶ «Кедей сөзі» газеті, 1920, №2.

⁷ Жәмеке (Жұмабайұлы М.) Автономия кімдік?//«Кедей сөзі», 1921, 12-кантар.

жо-латқысы келмей отырған жолдастардың әжептәуір бір табы ке-ше «Сайлауға» (Ресей Құрылтай жиналышының депутатығына кандидаттар ұсыну кезеңі туралы сөз болып отыр) өкпелеп, ел-ден безіп, төрелік іздеп кеткен «ерлер» емес пе еді? Алашқа автономияны анық алып беретін мен едім деп, өзін іргелі автономияшыл санайтын мырзалардың көбі 1917 жылы Орынборда, декабрь айында ғана тумап па еді».

Мағжан ақын өзінің туған халқына деген, қазақ бауырына деген адал ниетін газет оқырмандарына бейнелі сөзben жеткізе отырып, мақаланың бас тақырыбындағы «Автономия кімдікі?» деген сұраққа мынадай айқын да тұжырымды жауап береді:

«Айлы, күнді, қанды отты тарихы бар; кен, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. ...Жұз жылдар орыс аксүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды қуні айналған, Бұлтты қуні толғанған, Құрығын наизадай таянған, Ку толагай жастанған, Ер қазақтың автономиясы бұл!»

Газетті Омбы губаткомынан алып, қазақ өкілдігіне беру мәселесі де бірсыныра әуре-сарсаңмен шешіледі. Құрылтайшысы өзгергендіктен редакция алқасы бұрынғы «Кедей сезі» атапынан бас тартып, газетті «Бостандық туы» деп шығаратын болады. Сонымен, **1921 жылғы 5-наурыз қуні Омбының көркемөнер мектебінің шеберханасында газеттің жаңа бас тақырыбы цинкке ойылып жазылды**⁸.

Бұл арада басылым атауының «Кедей сезінен» «Бостандық туына» алмастырылуы туралы пікірімізді ортага салсақ, артық болмас. «Кедей сезі» - белгілі дәрежеде аясы тарұғым, тұтас халықты бай және кедей деп бөлген таптық үстанымның жемісі. Ал, «Бостандық туы» тұтас қазақ ұлтының отарлық езгіден құтылып, тәуелсіздік, бостандық алғанын, алмаса да сол мақ-сатқа ұмтылғанын көрсететін жалпы адамзаттық түсінікті бей-нелейді.

⁸ ҚРОМА , 846-кор, 1-тізбе, 44-ic, 18-бет.

Осы тұрғысынан газеттің бұлай аталуы қазақ халқының азаттық ансағанын, өз еркі өз қолына тигенде ғана тарихтан ла-йықты орын алуға мүмкін деген ізгі ниетті білдіреді. Тиісінше, дәл осы «Бостандық туы» деген атау қазақ даласында таптық жіктелудің жоқ екені туралы «Алаш» партиясының ұстанымына сый келеді.

Омбыдағы Қазақ өкілдігінің атынан, яғни жана құрылған Қазақстан Республикасының атынан «Бостандық туы» газетінің тұнғыш саны 1921 жылғы 7-наурыз күні жарыққа шықты. Қазақ өкілдігі баспахананың 8 жұмысшысына жалақы төлеу мәселесін де шешті.

Газеттің осы, 4 мың дана болып басылған тұнғыш санын-да Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Мендешевтің «Қазақ жолдастарға!» деген үндеуі жарияланды. Газетке қосымша ретінде «Қазақ әйелдеріне!» деген үндеу 1 мың дана болып басылып, әйелдер бөлімінің менгерушісі Го-лубеваның атымен, араб әлбімен жеке парак түрінде таратылды.

Архивте Мағжан Жұмабаевтың «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының мүшесі екендігі және арнайы тамақ үлесін алмайтындығы» туралы №727 анықтама-куәлік сақталған. Оның жазылған күні 1921 жылғы 21-наурыз⁹.

Редакциядағы шығармашылық қызметкерлер міндеттерін өзара былай бөліскен көрінеді:

Радио арқылы материалдар қабылдалған, қазақша дайындау: Б. Айбасов, М. Сейітов.

Жергілікті хабарлар: Кәкенов пен Фазылов.

Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулы-қарапарлары мен нұсқаулары, яғни реєсми ақпарат: Кеменгеров, Айбасов, Серкебаев.

Партия жұмысы: Тоқжанов пен Телжанов¹⁰.

Баспаханада әріп теруші, беттеуаші және басушы болып, мына адамдар істегені туралы мағлұматтар бар: Кенжетаев

⁹ КРОМА , 846-кор, 1-тізбе, 44-ic, 20-бет.

¹⁰ КРОМА , 846-кор, 1-тізбе, 44-ic, 26-бет.

Орақбай, Смағұл Әубәкір, Серікбаев Хусайын, Жылгелдин Шәкірет, Тюков Г.

19-наурыздағы санында Ақмола және Семей облыстарын Сибревкомның қарамағынан алып, Қазақстанға қосу үшін Үкімет комиссиясы келе жатқаны хабарланды. Ақмола губерниялық ревкомына төраға болып тағайындалған Әbdірахман Әйтиев баспасөз арқылы жас Қазақ республикасын нығайту жөніндегі шараларды жария етті.

Газеттің 5-санында жарияланған «Іске сәт» деген басмақала Ақмолада билік жүйесін қалыптастырудагы шешімін күткен мәселелерге арналды. Яғни, жаңа тұрпатты сот және тәртіп сақтайтын милиция органдарын әуелден дұрыс құру қажеттігіне көніл аударылды.

Көп ұзамай Қазақ Автономиясы құрамында Ақмола губерниясы құрылышы, оның орталығы Петропавл қаласы болып белгі-ленді. (1921 ж. 26-сәуір).

Губревкомға төраға болып, Омбыда, Сібір ревкомындағы қазақ өкілдігінде жұмыс істеген Әbdірахман Әйтиев тағайын-далды. Енді губерниялық «Бостандық туы» газетін Ақмола губерниясының орталығы Петропавлға көшіру мәселесі қозға-лады.

1921 жылдың 21-сәуір күні газет редакциясы Омбыдағы Өкілдікке хат жолдайды: «Алдағы уақытта газеттің Петропавл қаласына көшуіне байланысты Омбы уезіне жіберілген газет қызметкери Бекмұхамбет Серкебаевты кері шақыруды сұраймыз». Бұл құжат «Бостандық туының» Омбыдан Петропавлға қашан ауысқанын дәлірек көрсетеді¹¹.

Екінші бір хатта Петропавл қаласында қазақ газетін шығаруға қатысты киындықтар баяндалған:

«Петропавл қаласында Ақмола губревкомының ұйымдастыруна байланысты онда газет шығару үшін қазақ шрифтілері мүлде жоқ, орыс әріптері де жетіспейді, баспа машиналары аз, қағаз жетімсіз. Сондықтан бұрынғы Ақмола облыстық басқармасының баспаханасын әріптерімен, қағазымен және әріп тери-

¹¹ КРОМА , 846-кор, 1-тізбе, 44-іс, 28-бет.

шілерімен Ақмола губревкомының қарауына бергізуді сұраймыз»¹².

Бұл арада «бұрынғы Ақмола облыстық басқармасы» деген атауды түсіндіре кетсек, артық болмас. Өйткені, Ақмола облысы деген атауды көпшілік жұрт нағыз Ақмола қаласымен, казіргі Астанамен шатыстырады.

Революциядан бұрын да, 1868 жылғы реформаға байланысты Ақмола облысы болған. Оның орталығы – Омбы қаласы. Сонымен бірге Омбы қаласы әрі Дала генерал-губернаторлығының орталығы болған. Ақмола облысын әскери губернатор басқарған. Басқару кеңесі «облыстық басқарма» деп аталған. Ал, сөз болып отырган «облыстық басқарманың баспа-ханасы» 1888 жылдан 1902 жылға дейін «Дала уалаятының газетін» шығарып тұрган болатын. Газет жабылғаннан кейін бұл баспаханада үкіметтің бұйрық-жарлықтары, циркуляр хаттары, ауыл шаруашылық нұсқаулары қазақ тілінде, араб әлібімен басылып тұрган. Кейін «Кедей сөзі» осы баспаханадан шықкан.

Ал, Петропавлда қазақ әріптері жоқ, орысшасының өзі же-тіспейді, дегенге келетін болсақ, бұл сөздер мұнда бұрын қазақ басылымдары болмаған дегенді білдірмейді. Петропавлда «Есіл даласы» (1913жыл, қыркүйек), Көлбай Тоғысовтың (Төлеңгітов) «Үш жұз» газеті (1917 жылы), «Жас азамат» (1918-1919 жылдар) газеті шығып тұрганын жоғарыда айттық.

Енді Петропавлдағы баспахананы қалпына келтіру және оның қуатын арттыру жөнінде Қазақ автономиясы Орта-лық Атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Мендешев 1921 жылғы 27-сәуірде Омбыдағы Өкілетті төтенше комиссияға жеделхат соғып, «Петропавлда электробаспа» ашу мәселесін жеделдетуді сұрайды¹³.

1921 жылғы мамырдың 13-күні Ақмола губревкомының төрағасы Эйтиев Әбдірахман Омбыға жеделхат соғып: «400 пұт газет қағазын, баспаханаға әріп теруге және газет беттеуге көректі түрлі гарп (металл қорытпасы) материалдарын, реглеттер,

¹² КРОМА , 846-қор, 1-тізбе, 44-ic, 44-бет.

¹³ КРОМА , 846-қор, 1-тізбе, 44-ic, 68-бет.

бабашкалар мен марзандар, әртүрлі квадраттар – барлығы 7 пүт материал жіберуді» сұрайды¹⁴. (Баспахана заттарының техникалық атаулары).

Мамырдың 5-күнгі жеделхатта губерниялық мекемелерді үйымдастыруға аса қажет адамдар «Тұрлыбаевты, Көкеновті, Арыслановты, Юсуповты, Итбаевты, Әбдірахмановты, Бұлғақбаевты, Олейниковты – жазу машинкасымен, Жұмабаевты баспа жабдықтарымен Омбыдан Петропавлға жіберу сұралған». Бұл адамдардың келуі кешігіп, уақыт өтіп бара жатқан соң, Эйтіев тағы да, 1921 жылғы 1-маусымда Омбыға жеделхат жолдап, келуге тиісті адамдардың тізімін көрсетеді. Бұл тізімде Юсупов пен Жұмабаев аталмайды. Демек, Мағжан Жұмабаевтың Омбыдан Петропавлға 1921 жылғы 5 мамыр мен 1 маусым аралығында келгенін көреміз. (Осы болымсыз ғана көрінетін дерек ұлы ақынның өмірбаянындағы түрлі «қоспалардың» негізсіз екенін көрсетеді-ау! – З.Т.) Бұған тағы бір дәлел, 10-маусым күні губревком төр-ағасы Әбдірахман Эйтіев үшінші рет Омбыға жеделхат жолдап, Омбыда қызметте қалған қазақ маманы Сыртлановты да жібе-руді сұрайды. Бұл аталғандардың ішінде Айдархан Тұрлыбаев пен Барлыбек Сыртланов С-Петербург университетін бітірген, жоғары білімді мамандар екенін айтқан жөн.

1921 жылғы 7-маусым. Э.Эйтіевтің тағы бір жеделхаты: «Омы, Сибревком төрағасы Смирновқа!

Жаңа үйымдастырылған губернияның жалғыз газеті қағаз тапшылығынан жабылып қалғалы тұр. Жаңа астана – Орын-бордан жабдықтау шаралары шілде айында ғана басталмақ. Сондықтан 200 пүт қағаз керек. Оны бермесеңіздер, жағдайы-мыз қыын», немесе бір аптадан кейін тағы жеделхат жолдайды: «Баспахана үйымдасуына байланысты губревком қарауына он баспағер, әріп теруші мамандар жіберуіңізді табанды түрде сұ-раймын. 1921 жылғы 14-маусым»¹⁵.

¹⁴ КРОМА , 846-кор, 1-тізбе, 44-іс, 88-бет.

¹⁵ КРОМА. 846-кор, 1-тізбе, 44-іс, 43-47-беттер.

Бұл құжаттар Қазақстанның солтүстік аймағын түгел қам-тыған Ақмола губерниясында, оның орталығы Петропавл қала-сында қазақ тілінде газет шығару ісіне Әбдірахман Әйтиевтің зор еңбек сініргенін көрсетеді. Ол ана тіліндегі мерзімді баспа-сөздің мемлекет іргесін нығайтуға, халықтың дербес билікті өз қолына алуына деген сенімін орнықтыруға үлкен көмегі бола-тынын жақсы білген.

1921 жылғы маусымда Орынбор қаласында Қазақстан облыстық бірінші партия конференциясы өткізілді. Конференцияда Қазақстанның жергілікті баспасөзі өз міндетін әлі де ойда-ғыдай атқара алмай отырғандығы, әсіресе қазақ тіліндегі газет-тердің жағдайы өте нашар екендігі атап көрсетілді. Қазақ хал-қының арасында жаңа билікті нығайтуға бағытталған бұқаралық үгіт-түсінік жұмыстарын жақсартуға көніл белінді. Басқасына қарағанда, қазақ баспасөзінің дәрежесін жедел көтеру қажет болды. Республикада газет редакцияларында жұмыс істеуге қабілетті қызметкерлер іріктелді, баспаханалар қажетті жабдық-тармен толықтырыла бастады.

1921 жылғы қыркүйек айында «Бостандық туының» тарапымы 2900 дана болғаны, ал қараша айында 6-саны 17172 дана болып шыққандығы туралы маглұмат бар. Газеттің ай са-йынғы, тіпті әр санының тарапымы әртүрлі екен. Мысалы, қара-шаның 20-күнгі саны 2115 дана. Бұл деректер газеттердің нақты оқушылар санын немесе жаздырып алушылар санын айғақта-майды, баспахананың мүмкіндігін немесе қағаз қорын көрсетсе керек.

Қазіргі әкімшілік-аймақтық бөліспен қарағанда Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды облыстық газеттерінің және осынау үлкен аймақтағы аудандық, салалық газеттердің тұнғышы және көшбасы ретіндегі «Бостандық туы» газетінің еліміздің тарихында алатын орны ерекше

Қазақстан облыстық партия үйімінің 1922 жылғы З-акпана болған II облыстық конференциясы да баспасөз сала-сына көніл белді. Қазақ тілінде көпшілікке арналған газеттерді көбейту, оларды тиісті қызметкерлермен қамтамасыз етіп, газет-

тердің жүйелі шығуына барлық жағдай жасау талап етілді. Газеттердің оқырмандармен байланысын нығайту мақсатында барлық редакцияларда хат және анықтама бөлімдерін ұйымдастыру қажет деп танылды.

1922 жылғы 27-сәуір күні губерниялық партия комитеті президиумының қаулысы бойынша «Бостандық туы» газетінің бас редакторлығына бұрын баспасөзде бірқатар уақыт жұмыс істеген Жанұзак Жәнібеков тағайындалды¹⁶.

Бір айдан кейін партия комитеті «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының құрамын қайта қарап, жауапты редакторлыққа Айтқожинді, алқа мүшелігіне Баржақсан мен Жәні-бековты тағайыннады¹⁷. «Бостандық туының» материалдық ба-засы оңалып кете алмады. Қазақ қаріптері жетіспеді. Бұл жөнін-де газет редакторы Айтқожин партия-кеңес органдарына бір-неше рет мәлімдеді. Ақыры тиісті шешім қабылданып, газет ре-дакциясының жауапты хатшысы Бегішев Әбдірахман Орынбор қаласына, баспахана жабдықтарын алуға жіберілді¹⁸.

1923 жылғы 17-22 наурызда болған өлкелік III партия конференциясында қаралып, «Қазақ АССР баспасөзінің жайы және кезектегі міндеттері» туралы шара қабылданды. Қазақстан баспасөзін нығайту айлығы өткізілді. Газеттер тегін таратылмайтын болды. 1923 жылдан бастап газеттің майдайына баға қойылып сатылды, жазылу жолымен таратыла бастады.

Партияның орталық комитетінің баспасөз бөлімі шығарып тұратын «Красная печать» журналының бетінде 1924 жылы «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі», «Тілші» газеттерімен бірге «Бостандық туы» газетіне де шолу басылды. Бұл шолуда газеттің идеялық мазмұнының партиялық талапқа жауап берे қоймайтындығы, жергілікті партиялық биліктің баспасөзге басшылығы нашар екендігі атап көрсетілді.

¹⁶ Сонда 36-бет.

¹⁷ Сонда 58-бет.

¹⁸ Сонда 21-бет.

1923 жылғы 17-тамызда Сабыр Айтқожин Бүкілодақтың Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне арнаулы тілші болып жүріп кетеді, оның орнына Жанұзак Жәнібеков қалады¹⁹. Сол жылғы З-қыркүйекте редакцияның хатшысы губерниялық партия комитетіне «Губерниядағы жалғыз қазақ газетіне жазылу жүрмей жатқанын» хабарлайды²⁰. Қазанның 29-күні губком «Бостандық туында» әйелдер мәселесі жазылмай жатқанына на-зар аударады.

Сол кездегі цензура жүйесінің құпия құжаттарының арасында сақталған мәліметтерге қарағанда, Петропавлда 1923 жылғы қыркүйекте мынадай мерзімді баспасөз органдары болған:

1. **Бюллетень Петропавловской товарной биржи.** 1923 жылғы 5-қаңтардан бастап айна 8-рет, 120 дана болып шығады;

2. **Степная кооперация.** 1922 жылғы 15-мамырдан бастап айна 2-рет, 630 дана болып шығатын кооперативтік басылым;

3. **Мир труда.** 1919 жылдан бастап күн сайын 2000 дана болып шығатын газет, редакторы Михаил Максимович Воропаев.

4. **Бостандық туы.** Ақмола губерниялық партия және атқару комитеттерінің газеті, айна 6-8 рет 2000 дана болып шығады. Бізге керегі осы газеттің редакция алқасы туралы де-ректор. Олар мынау:

Редакция алқасы – Айтқожин Сабыр, Жүсіпбеков Қамза, Баржақсан Ахмет.

Айтқожин Сабыр, 1920 жылдан партия мүшесі, әдеби ста-жы үш жыл.

Жүсіпбеков Ҳамза 1920 жылдан партия мүшесі, әдеби ста-жы жоқ.

Баржақсан Ахмет 1920 жылдан партия мүшесі, әдеби ста-жы бір жыл.

¹⁹ Сонда, 106-бет.

²⁰ Сонда, 125-бет.

Қызметкерлері: Бегішев Әбдірахман, әдеби стажы бес жыл.

Мұратбеков Мәжит әдеби стажы бес жыл.

Жандосов Сәдуақас әдеби стажы жеті жыл.

Газеттің жауапты редакторы РКП (б) мүшесі Айтхожин, журналистік стажы үш жыл, хатшысы белсенді комсомол мүшесі Бегішев, журналистік стажы 4 жыл, репортер партия мүшелігіне кандидат Жандосов, журналистік стажы екі жыл.

1925 жылы 2-наурызда Ресей коммунистік партиясы орталық комитетінің секретариаты «Қазақ баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіру шаралы туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда сол кездегі мерзімді баспасөзде, кітап базу ісінде коммунистік партияның идеологиялық ұстанымына жатпайтын теріс бағыттарға жол берілгендей көрсетілді. «Ұлтшылдармен, Алашордашылармен күрес шаралары» белгіленді. Соның інтижесінде, Мәскеудегі Шығыс баспа орталығында жұмыс істейтіндер – Нәзір Төрекұлов, Әлихан Бекейханов, Магжан Жұмабаев тағы басқалары қызметтерінен босатылды. Сондай-ақ сынға ұшыраған мерзімді басылымдардың біразы жабылды. Осы жылдан бастап, Қазақстанда шығатын барлық дәрежедегі газеттер мен журналдарға, кітап базын шығару ісіне қатаң партия бақылау қойылды²¹.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезіндегі баспасөзге тән ортақ белгі – материалдардың авторларының анық көрсетілмеуі. Бұл дәстүр XIX ғасырдағы қазақ баспасөзіне де тән еді. Баспасөз тәжірибесінде осы уақытқа дейін орын алғып келе жатқан әдеби псевдоним немесе бүркеншік атпен кол қоюдың тағы бір үлгісін 20 жылдардағы «Бостандық туынан» көреміз. Мәселен, мынадай псевдонимдерді теріп алдық. Кейбіреуі автордың атын немесе әкесінің атын көрсетсе, кейбіреулері оның кім екенін бүркейді:

№2 тілші, №9 тілші, А. ұлы, Жаңабекұлы, Шал, Орынбекұлы Симан, Бекбауұлы С., Ақтан Мұстайұлы, Шалжақ, Таупикұлы, Оранкеұлы, Ел баласы, Бекенұлы, Сағдиұлы, Бірсымбайұлы, С.Ж.Мәкіұлы, Қ.Елеусізұлы, Темірқанұлы Ж., Әбді-

²¹ Койгелдиев М., Омарбеков Т. тарих тағылымы не дейді? А., 1993, 88-бет.

рахманұлы К., С.М., Н.М., Нақбасар, Т.К., Комсомол, Мезгеуші, Тұрымтай, Білген, Қ.Л., Оқушы, Е.Қ., Е.С., Шайым Жақыпұлы, Жаны ашыған, Ғ.М., Газетті ал деуші, Малдыбайұлы, Ғ. Елемесұлы, Елеусіздің Қабылы, Сыздық Жақыпұлы, Ж.Ж., Байқауши, Қырги, Сәдуақасұлы Ж.Б.Б., Шери, Шұға, Ел қорғаны, Қ.Б., Ш.Б.С., Шаян, Сұрағанұлы, Қантөреұлы, т.с.с.

Газеттің беделін көтеріп, таралымын көбейтетін шарттар-дың бірі ретінде редакция журналистері өз оқырмандарымен, штаттан тыс тілшілермен байланысқа ерекше мән берген. Айна екі рет 4-бетте «Тілші хаттары», «Басылмаған хаттарға жауап», «Сұрақ-жауап» деген топтамалар беріліп тұрған. Мысал келті-рейік:

«1. Сұрақ: елдің қазағы қалаға ит ертіп барғанда, бағусыз жүрген орыстың шошқасын талап жарып тастаса, ит иесі айыпты болмаса, жазага тартыла ма?

2. Коперативтің мүшелері әуелде қаулы қылып кооперация ашып, артынан мұның тиісті пайын жартысын төлеп, жартысын төлемесе қандай шара қолдануға болады?

3. Екі қатын алған кісіні сот үкім айтып, бір қатынынан айырса, ол кісі ауқатты боп, сот алдында айырған боп, артынан қатынына бөлек үй салып беріп, бір баласымен бөлек шығарып, қатынданып отырса занға сия ма? Сот оған қандай шара қолдануға тиіс?

4. Шет мемлекетінің кісісінің сотпен азаматтық құқығы жойылған уақыты өтпесе, өзі еңбек қылып, бір жерге орнықса, мұнда оның үйін сатып алып шарт қағазын істей ала ма?

5. Тендіктे ұстамай, қорлық көріп отырмын деп арыз берген әйел төртінші, болмаса бесінші жерден шығайын деп отырса, тендік ала алмай отырғанына дәлелі болмай, мақсаты - байдан байға тиіп, экесіне мал табу болса, сот айырмай қоя ала ма?»

Бұл сұрақтарға газет бетінде мынадай жауаптар беріліпті:

1. Сол иттің қалай өлтіргені анықталса, біреудің дүниесіне, ия малына зиян келтіргені үшін ақылы іс заңының 403-статьясы бойынша зиянын төлеуге тиісті.

2. Мүшелік жарнасын төлемеушілерге кооперация үйымда-рының жобалары (устав, инструкциялары) бойынша шара қол-данылады.

3. Анық қатынданып тұрғаны айқындалса, жалпы негіз бо-йынша сотқа тартуға болады.

4. Істей алады.

5. Занда неше байға дейін айырылысудың шегі көрсетілмегендіктен, сот айырмай қоя алмайды».

Жоғарыда көрсетілген мысал газет редакциясының оқыр-мандармен байланысының тиімді бір жолы – газет арқылы түрлі сұрақтарға жауап беру екенін көрсетеді. Алайда, баспасөз тари-хында мұндай ұлгілі өнегелер аз.

Сондай-ақ, газет редакциясы тілші хаттарына мұқият қарап, олардың нәтижесін жария етіп отыруы да жақсы тәжірибе. «Бостандық туында» бұл тәжірибе 1923-29 жылдары дәстүрге айналғанын көреміз.

Ал, өз кезінің көкейкесті мәселелері, айталық, шағын гана ауылдың мұддесі сияқты көрінгенімен, бүкіл қогамның жағ-дайын қозғайтын материалдар газеттің әрбір санынан көрініп отырған. Кеңестік тәртіп, тап күресі немесе коммунистік партия-ның талаптарын жүзеге асыруға тиісті болса да, қазақ тіліндегі басылым, алдымен қазақ аулының, қазақ жұртының проблема-ларын сергек сезіп, батыл көтеріп келген.

Мысалы, «Қазактандыру керек емес пе?» деген шағын мақалада (1926 ж., 24-тамыз) «Губерниялық ақша бөлімі жүйесінде, ауданда да бірде-бір қазақ жоқ. Қызметкерлер орысша білмейтін қазактармен тілмәш арқылы сөйлеседі...» дей келіп, Қазақстан аталатын кеңестік республикада мекемелерді қазақтандыру, қазақ тілін қызмет тілі дәрежесінде пайдалану туралы ашына жазған. Дәл осындаи «Степнякқа қазақ керек» деген тілші хатында былай жазылыпты:

«Еңбекші болысының «Степняк» алтын зауатында қызмет-шілер – орыс азаматтары. Сырттағы жұмыстың бәрінде қазақ-тар. Осындаи бір жерде араласып отырып, бірінің тілін бірі түсінбейді»...

Мұндай көлемі шағын болса да, әлеуметтік-саяси мәні бар хаттар «Тілшілер бұрышы», «Елден келген хаттар» деген айдарлармен жеке топтастырылып берілген.

Сын материалдар көп басылған, олардың басым көпшілігі сын-сықақ, әжуа, фельетон түрінде берілгеніне назар аудардық. Мысалы, «Әлсізді қолжаулық қылу бұл елде мол көрінеді», «Макаң тағы болыс болмақ», «Қаражан ауылның шабына от тұсулі», «Поштаның мұнысы ұят екен», «Өкімет ілгері тартса, Ақбұзау кейін тартады» деген материалдардың тілі өткір, факттысы айқын, оқырманның көзіне көрсетіп, қолына ұстаратқандай, анық, ұғымды мазмұнда.

Өлеңмен жазылған фельетондардың басым көпшілігін ақын Ж.Сыздықов жазған. Оған еліктеп, өлең құрастырғандар да аз емес. Ж.Сыздықов «Өлеңдер неге басылмайды», деп тақырып қойып жасаган шолуында редакция қоржынындағы өлеңдердің сапасын талдап баға беруге талпынған.

«Бостандық туы» газет жарияланымдарының пәрменділігіне жету үшін анда-санда арнайы басмақала беріп отырған.

1926 жылғы 1 май күні «Бостандық туы» 8 бет болып шық-ты. Бірінші бетке тұтасынан ұран ретінде «Бірінші май – жер жүзіндегі еңбекшілердің капитал дүниесіне қыр көрсетіп, еңбек-те сапын түзейтін күн» деп ірі әріптермен теріп жазылған. Әдет-тегі басмақала тұратын орында «Басқарма атынан ескерту» ор-наластырылған. Онда «Майдың үш күндік мейрамы өткеннен кейін, 5-мамырдағы Баспасөз күніне үлгіре алмайтындықтан, екі науқанды бірге қостық. Сондықтан, басқарма газет оқушыларынан кешірім сұрайды» деп жазылуына қарағанда газетті безендіріп шығарудың оңайға түспегені, техникалық құрал-жабдықтардың мәз болмағанын көреміз.

Осы газетте «Бұжыр» деп қол қойған автордың «Баспасөз күні» деген мақаласында «адам баласының тіршілік тұрмысында зор құрал» екені атап көрсетілген. Автордың мына айтқандары осы уақытқа дейін құнын жоймаған пікір деуте болады. «Жалпы баспасөзді былай қойып, қазақ баспасөздерін, әсіресе газеттерін алсак, қазақтың еңбекші еліне көп еңбек сінірді», дей келіп, мақалада: «ХХ ғасырдың алғашқы

жылдарынан бастап қазақ елінің де басынан әлденеше дәуірлер өтті. Қазақ баспасөзінің та-рихы жуырда басталғанмен, әр өкіметтің жасап тұрған дәуірінде шыққан газеттер өз алдарынша өздеріне жүктелген міндеттерін атқара алды», дегеніне дәл қазір дау айту қыын.

Мақаланы әрі қарай оқыык:

«Кенес өкіметі қазақ еліне орын таберде Колчактың со-йылын сокқан газеттер кеңес өкіметін қазаққа жеккөрінішті көрсетті. Бұрынғы Ресей елі кеңес өкіметінің қолына бүлініп-жа-рылып тиді. Өндіріс орны, ауыл шаруасы тұбі шіріген ашадай солқылдап қалды. Бұл уақытта бетіне перде жамылып жүрген-дердің бірталайы кеңес өкіметінің баспасөздеріне отырып алып, тілдерін қадай бастады.

21-жылды ұлы аштық болып, қазақ кедейлерінің де басына күн туды. Осындай қатерлі күндердің бәрінде де елге көсемдік етіп, жоғын қарастырған әрине, газет, болды. 22-жылдан бастап ел шаруасы азырақ көтеріле бастады. Ел шаруасына көмектестік ретінде коопeração, қоғам, қарыз серікtestігі ұйымдар ашылып кедейлер өзегін жалғады.

Биылға жылдың шаруасы соғыстан бұрынғы дәуіріне тaka-лып отыр. Әрине, осыған қолқабыс қылған өкімет болса, оны елге ұғындыра білгендер баспасөз. Біз әлі социализмге жетіп, қой үстіне бозторғай ұллайтын кезге жеткеніміз жок. Біз қазір көшпелі дәуірде жасап келеміз. Көш үстінде жетпеген істер көп болады. Осылардың бәрін қарашаруаға түсіндіріп, алдымыздығы тар өткелдерден көшті аман алып өтуге жәрдемдес болатын кеңес өкіметінің баспасөзі. Сондықтан 5-майдағы баспасөз күнінде баспасөздің маңызын арттыруға жалпы болып жұмылуымыз керек».

Редакция атынан берілген осы мақаладан газеттің сол кез-дегі бағыты қандай болғанын көрү қыын емес.

«Бостандық туының» осы санында «Турашыл» деген ла-қап атпен жарияланған «Баспасөз тарихы» деген мақаланы С.Мұқанов өзі жазғанын «Есею жылдары» деген естелік кітабында көрсеткен.

Бұл мақалада әуелі орыстың жұмысшы баспасөзіне, одан кейін социал-демократиялық «Искра» және «Правда» газетерінің тарихына шолу жасалады. Ал, автордың қазақ баспасөзі туралы айтқандары қандай екеніне назар аударайық. Қазақ тілінде шықкан газеттерді кезегімен тізіп, әр қайсысына таптық тұрғыдан баға беріледі. Мысалы:

1) «Қазақ» газетінің баспасөз күнінен сыйбаға алуға құқы жоқ. 1912-18 жылдары жалғыз-ақ ұлт қозғалысына көсемдік қылды. Большевиктерге қарсы болды. Шығарушылар: Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Бекейханұлы т.б.

2) «Сарыарқа», Семейде, 100 процент алаштың газеті. Ке-нес үкіметіне қарсы сөз таратып, казактың қалың бұқарасының көзін бояды. Колчакқа намаз оқыды. Жазушылары: Габбасов, Бекейханов, Тұрганбаев, Әуезов т.б.

3) «Жас азамат», Қызылжарда, 1917-18-19 жылдарда. Бас жазушылары Мағжан, Кеменгеров, Сәдуақасұлы Смағұл тағы бірнешеулері. Оған тілектес «Алаш» газеті, 1917-18.

4) «Бірлік туы» Ташкент. Басқарушысы Мұстафа Шоқаев. Қазір шет мемлекеттерде қашып жүр. 18-жылы Жетісу-Сырда-рия елдерінің үстінде ұлы соғыс болғаны бесіктегі балаға мәлім. «Бірлік туы» сол қанды соғыста актардың сусыны болып жүрді. Бұл газет, 17-жылдары бейтараптау болды да, 18-жылы Қайрет-дин Болғанбайұлы басқарған соң-ақ, большевикке беті теріс қарады.

5) «Тіршілік». Ақмола оязында большевиктер атынан шығып, басқарушылары: Сәкен Сейіполдаұлы, Габдолла Асылбек-ұлы, Жұмабай Нұркөұлы, Бекен Серікбайұлы т.б. Өмірі аз болып, басқарушыларын Колчак тұтқынға алышп, Омбыға айдал әкетіп, газетті жауып тастады. Газеттің аяқ алысы коммун-шылдық еді (1917-18).

«Бостандық туының» редакциясында Жақан Сыздыков, Сейітжан Омаров, Жиенгали Тілепбергенов, Жұмағали Сайн, Асқар Тоқмағамбетов, Шахмет Құсайынов, Фалым Малдыбаев сияқты болашақ ақын-жазушылар жұмыс істеп, өз шығармаларын жарықта шығарды.

ДҮНИЕГЕ ФАББАС ЭНШІ ОСЫЛАЙ КЕЛГЕН

1926 жылғы жазғы демалысын тұган жерінде откізудің орайы келіп, Қазақстан Үкіметінің төрагасы Нығмет Нұрмаков Қарқаралы оязы Менденешев болысы аталаған Ку өңіріне Қызылордадан Семейге, одан пошта арбасымен лаулат Егіндібұлаққа шілденің он бесінде жетті. Қасындағы жұбайы Зүфнұн, уш жастагы Ноян мен емшектегі Тамарадан басқа үшінші жолаушы музика зерттеушісі, Қазақстанның тұңғыш Халық артисі Александр Викторович Затаевич еді.

Нығымет қадірлі қонақты Габбас Айтбаевпен таныстырып, Өзденбай-Қанғелді өлкесіне киіз үй тіктіріп, бір шеті Баянаула, бір шеті Қарқаралы, Абыралы төңірегіндегі әнші-куйшілерді Затаевичтің алдына алдыртты.

Осы сапарда А.В. Затаевич 270 ән мен күй жазып алды. Олар кейін «Қазақтың 500 әні мен күйі» деген жинақ түрінде дүниежүзіне тарады.

«АРДАҚ»

«...Александр Викторовичтің алдына әншілерден алдымен Габбасты келтіру керек», - деп ойлады Нығымет - Осыған дейін жүздеген әншінің тыңдал келген музика білгіріне өзінің ең қымбат сыйлығын тосын ұсынғысы, мақтанғысы келді. Әміренің шырқау биігіне шығып алып, жерге қонбай қалықтайтын қыран әнін талай тамсана тыңдаған сыrbаз сыншыны разы ету оңай болмас. Затаевич түсінігінде әзірге қазақ арасында Әміремен қатар тұратын әнші жок. Мүмкін болмас та. Тынысы мол, әдемі тенор иесі Әміре Қашаубаев қандай әнді де еркін айтады. Сол кеменгер талант оны Парижде әлем жұлдыздары арасынан суырып алып шықты гой. Затаевич өзінің қазақ музикасын жинау жолындағы бүкіл еңбегінің ең биік шынары Әміре екендігіне сенеді. Еркін шырқалып, қуатты екпінмен шалқи серпілетін арқа әндерінің бар қасиетін Әміре

ашып болған еді. Ал, Ғаббас ше? Осыдан төрт жыл бұрын Қарқаралыда өткен автономия тойында өнер сынамаққа бас бәйгеге талассыз иемденіп, Мұхтар Әуезовтың қолынан торы төбел сәйгүлік мінген Ғаббасты Нығымет бұл дүниедегі ең үздік әнші деп біледі. Бірақ, Ғаббас – ел арасының әншісі. Сахнаға шығып, орындау мәнерін игерген емес. Артистігі жағынан келетін болса, әрине, Ғаббастың бағасы Затаевичке олқы көрінуі мүмкін.

Осындай әнші бар екенін тәптіштеп айтпаса да, Нығымет:

Ертеңен бастап Сіздің құзырынызға әншілер мен күйшілер келе бастайды. Ал, бүгін Айтбаев Ғаббас деген талапкерді тыңдалап көріңіз. Ән айтуды кәсіп қылмаған ауыл жігіті, беделді азамат, осы жүртты аузына қаратқан ардагерлердің бірі, - деген. Тіпті, Ғаббастың атақты Айтбай әншінің баласы екенін де білдірген жоқ. «Өнер танитын адам бағасын өзі берсін». Алдын-ала хабарламай келтіруді дұрыс санаған.

Нығымет шақыртып жатыр дегенге Ғаббас кешікпей тез жетті. Ізет сактап, алдымен орысша сәлемдесіп, Затаевичке қол ұсынды. Содан соң бірнеше жыл көрмеген туысын құшағына алып, арқасынан қаға берді. Денелі болмаса да сұңғақ Ғаббастың жанында Нығымет кішірейіп, тіпті нәзік көрінген.

Нығымет мына қарт адамның жайын Ғаббасқа тәптіштеп таныстырыды. Қазір Мәскеуден бергі беделді музыканнтарынан орын алған. Жиырмасыншы жылдардан бері қазақтың халық музыкасын жинап жүр. Бір үлкен кітабын бастырыды. Әміренің Парижге баруына бірден-бір себепкер - осы кісі. Тек музыкант гана емес, ой өресі кең, білімді, сыншыл зерттеуші. Кішіпейіл, әңгімешіл.

Сонда мен бұл кісіге қандай ән айтуым керек? Қазақтың «әләулайын» түсіне қойса жақсы, - деп қалды Ғаббас.- Онысы қазақтың әні тек қазаққа тән, деп түсінген еді.- Біз орысша айта алмаймыз. Татарша да айта алмаймыз.- Ғаббас ағынан жарылды. Халық тұрмысын, оның қал-қарекетін баяндайтын ел ішінің әндері ғылымға, мәдениетке сонша керек екен деп ойламаған.

Олай емес, Габбас. Өзінің ең жақсы қөретін әндерінді айта бер. Александр Викторович нотаға түсіреді. Сол үшін сонау қияннан келіп отырғой. – Нығымет айтқан бұл сөзге қонақ берген Габбас әлі де өз күдігінен арыла алмай: «қазақ әнін түсіну үшін қазақ болып туу керек-ая», дегендей Затаевичке сыйнай қарады.

Нығымет төрде отырған Затаевич жанынан ығысып, Габбасқа орын берді. Бірақ, Габбас төрге шықпады:

Осы жерде отырып айта берейін, - дер композиторға таямады. Өз даусының күшін билетін және тыңдаушы жағдайын да қатты ескеретін сарабдал әнші дәл құлақ түбінен айғайлап, мазасын аламын, деген ойда.

Әлгіндей болған жоқ, Габбас әнін тыңдауға жиналғандар қарасы көбейген.

«Әй, Ардак, сен – ак қоян, секендерген, Қолымда бір тағзым бар жетектеген, Қөңілімде үш ұйықтасам бар ма менің, Айрылып сен қалқадан кетем деген...»— деп баяулатып келіп, қайырмасын шерте тербел, тебірене қайырды. Затаевич отырған көрпесінен түсіп, жылжи-жылжи Габбасқа таяп қалған. Қөгілдір көздерінде таңданудан гөрі елжіреген мейірімі басым. Мұндай ықылас тұңғышының алғаш рет қаз тұрып, талпына басып бара жатқанын көрген ананың жанарынан ғана табылар еді.

«Не деген керемет!» Затаевич есін жиып алғанша Габбас экесі Айтбайдың «Перизатын» айта жөнелді. Құлаққа жагымды, жеңіл серпіліп отыратын сал-сері «Перизатты» айтқанда Габбас басын шалқайтып алды. Жеңіл шапанының мақпал жағасынан күреніте көрінген сымбатты мойнынан баппен бұрып, отырғандарға қара көздерін төңкере қарап қояды. Бұлк-булк еткен көмейінен қысылмай төгілген ән бұлбұл үніндей ырғала құлпырады.

Босағаға таяу бөркі мен қамшысын өңгерген кішірек тақиялы қарт: «Па, шіркін, уа, дариға!» деп қалды. Жақсы әнге құлақ құрышы қанған қазақтың мұндай қошеметін Затаевич бұрыннан билетін. Ентелей тыңдал отырған Нығыметке сәл жымысып, басын изеген Габбас домбыраның құлақ күйін тез өзгергі де, «Бозжорғаны» тарта жөнелді. Жаңағыдай шырқау

әндерден кейін өзіне де өзгеге де тыныштық алдырайын дегендей. Жал-құйрығы таралған бозжорға кекіліндегі үкісі бұлғандай сәнденіп, тайпала жөнелді. Бетегелі бозды жайлышасып, бірқалыпты екпінмен зулайды. Устіндегі бозбаланы арман құсына тезірек жеткізейін дегендей ұмтыла түседі. Әне, қонырау үні естіліп қалып отыр. Ол – жас жігіттің сезім пернелері. Сиқырлы, нәзік сырлы әуен үзіле берді. Бозжорға қырдан асып, шөптесінге түскендей, қүйі ентікпей, тоқырап барып, сыйырлай тоқтады. Затаевич қүйдің аяқталғанына сенбей қалды. Габбастың домбыраны былай алып, тізесіне тік қойып ұстанғанын көріп отырса да, құлағында құй ырғағыелі түр еді.

«Енді жаза бастаңыз, - деп Нығымет композиторға рұқсат бергендей үнсіздікті бөліп жіберді.- Габбас әлі талай ән айтады». Затаевич басын изеді. Бірақ қаламына қол созған жоқ. «Жаза бастау деген айтуға ғана оңай. «Алдымен мұндай әншіні тыңдал алу керек. Жұз рет, мың рет тыңдамай, тұшынбай тұрып жаза алмаймын. Осалдығымның өзі осы шығар. Апыр-ау, бұл не деген бақытты жан. Жаңағы әндер, мына құй. Жарық дүниеден енді тілейтіні бар ма еken бұл жігіттің», - деп ойлады Затаевич.

Затаевич Габбасты сыртқа ертіп шықты. Қолтығынан демей жетелеп, аулаққа апара жатыр. Жаңағы көп жүрттан, әнге табынған ауыл адамдарынан Габбасты, оның әнін қызғанғандай. Осы жасында қолы жетпей жүрген жоғын жаңа тапқан. Габбас сынды әншіні ешкіммен бөліспей, тұтас жеке дара өзі иемденгісі бар.

Әсершіл ғұлама қарт музыканнан мына оқыс мінезін түсінген Нығымет екеуін көзімен ұзатып салды да, басқаларға: «Бөгет болмаңыздар. Габбасты таныды. Бәсе, біліп едім. Жасынан тыңдал өскен Габбас әні енді жерде қалмайтын болды», деп өзіне-өзі разы екенін де айтып қалды. Шын сырын жасыра алмады. Өнерпаз елінің алдындағы бір үлкен парызы орындалғанын біліп, көңілін ток сезінді.

Кішкене ғана төбенің арғы бетіне шыққанда Габбас артына қарап еді, ауыл көрінбейді екен. «Осы жерде отырайық», - деп Затаевичке ишара жасады да, шапанын шешіп, шөпкө төседі. Затаевич бокшасынан қағаз, қалам алды. Қалай

отырарын білмей сәл ойланды да, жұқа, қатырғы сумканы кеуде тұсына төсеп, етбетінен жатты. Алдында қағаз.

«Әуелі «Ардақты» айтшы», деген тілегін Фаббас үнсіз қабылдап, малдас құра отырған бойы әндете бастады. Жарты парап қағазға «Ардақтың» нотасы түскенше Фаббас 4-5 рет айтуға тиіс болды. Әншінің сабырлы, сырбаз кейпіне қаймыға қараған Затаевич тез сөйлеп, кешірім сұрап қояды. «Мүмкін мынадай тәқаппар әншіні ренжітіп аламын ба», деген ой болса керек. Бірак, сырт пішіні салмақты, сүйекті болғанымен, Фаббастың өнерге жаралған мінезі қыздай биязы екенін әуелде білмеген. Мұны, кейін Фаббас туралы ұмытылmas әсерлерін қағазға түсіргенде есіне алады.

Иә, сол бір ақшаңқан сәскеде шырқалған ән қандай еді? Затаевичтің берген бағасы қандай еді? Осыдан бірнеше жыл өткен соң да, тагы талай өлкені аралап, қазактың небір жездәндай әншілерін тындағаннан кейін де, қайта-қайта іңкәрлікпен есіне алған қарт музыканттың сол сәттегі күйін жеткізуғе қара сөздің куаты осалдық өткен ғой. Эйтсе де... сол бақытты шақтың Затаевичтің қарт жүргегіне молынан құйылған шарапатын, құрметті оқырман, өзің де түсініп отырсын.

Күлактан кіріп бойды алған» әсем ән арқылы Фаббас өзін тарихта қалдыратынын білген жоқ, әрине. Бар болғаны, әдеттегідей, жиын-тойдағыдай қаз-қалпында ән салып, мына алыстан келген шокша сақалы агарған азамат агасының бұйымтайын орындал отыр. «Қалап келсе – қалыңсыз бер», деген ата сөзі тәрбиелі жанға үлкен парыз жүктеген.

Затаевичтің дәл сол сәттегі әлемтапырық сезімінің көлеңкесіндей ғана сұрқай жазбалардың өзі осыны айтады. Оның үстіне уақыт өткізіп, Мәскеуге барған соң қағазға түскен сезімдердің бояуы солғын тарта бергенін де түсінейік. Қалай дегенде де Фаббастың алғашқы әні-ақ халық музыкасының білгірі Затаевичтің қазақ арасындағы әншілік өнер деген үғымын мұлде өзгертіп жіберген. «Ардақты» басқа әншілерден бұрын да сан мәрте тындаған Затаевичтің Фаббастан естігендерін толғанысы мұлде бөлек еді.

«Ғаббас бұл әнді басқаша айтты. Нәзік басталып, толқи көтерілген ән ырғагы тыңдаушысын ерекше шабыт қүйіне бөлеп, басқа дүниеге әкетеді. Домбыраның бірде жоғары көтеріліп, бірде төмендеп, ойнақы шығып отыратын мінсіз күмбірі көз алдындағы таулардың ойы мен қырын сипай суреттеп отыргандай. Ғаббастың «Ардағы» мөлдір жан сезімінің поэзиясы, сүттей жарық жаз түннің арман қанатына ілескен жарқын поэзиясы, тылсым түн тыныштығының ләззатына тоя алмай, үзіле аласұрған жүрек дүрсілі». Бұл дегеніңіз Затаевичтің ең қастерлі түсінігінше – тек қазақ әнінің ғана емес, халық поэзиясының ғана емес, егер бұл дүниеде музыка атты құдірет болса – сол нагыз асыл текті қазынаның ең қыибат інжумаржаны, аса зор жетістігі.

Ғаббас қасындағы жолдасын да, бұл жалғанның қызығы мен қысталанын да ұмытып, шырқап отыр. Шуағын мол төккен тіршілік анасы – алтын күн де өз перзентінің өнеріне таңданып, ән тыңдағысы келе, тас төбеге төне, тоқтап қалған. Бөгде дыбыспен шырқын бұзбайын дегендей, арқаның саумал самалы да сабыр тапқан. Қырдың ерке гүлдері әнші дауысына мойынын бұрып, мөлдірей қарайды. Ән сымбатымен сұлулық таластырғысы келгендей Қу бауырындағы қарағайлышыршалы қыземшек төбелер бар жасауын көлденең тартып көсіледі.

Затаевичтің жазбай отырганын байқап қалған Ғаббас, ән тізгінін кербез тартып, домбыра пернесінен қолын алды. Оң қолы еркін қалған екі шектің бірін байқамай ғана шертіп қалғанда, жаңа ғана сырнайлатып, сайрап отырган бір бұлбұл «пырр» етіп шанақтан ұша жөнелгендей болды.

- Жаза алмай отырсыз гой, Александр Викторович. Айып етпеніз. Қайта айтып берейін,- деп Ғаббас музыканнтың бабын таба алмай отығанын байқағандай.

«Қымбаттым, бұл әнді мен дәл қазір қағазға түсіре алмаспсын. Басқа бір ән айтшы», - Қыла сұраған Затаевич өнінің манағыдай емес, жүдеу тартқанын Ғаббас байқады. Өлде далада айтқан әннің өлшемі шашырап, анық естілмей ме екен? Онда тұздығы қанық, ырғагы айқын «Қанапияны» аттып көрейін.

«Жаза беріңіз», - деді де Габбас ән айтуға дайындалды. Габбас жаңа мақам алып, біраз шертіп отырды. Ол ойынан қайтып, домбыраның кіші сағағынан сыға ұстап, қос ішекті қағып-қағып жіберді. Домбыра жаңылып тұргандай көрінді. Қолын тиекке апара берді де, қайта тартып алды. Баяу қағып, көңілі орнына түскен соң, тынысын сәл кеңейтіп, шырқай жөнелді.

Затаевич бұл әнді бұрын естімеген еді десек, ақиқатқа қиянат болар. Екі-үш адамнан жазып та алған. Сондықтан таныс әуен. «Бұл қалай өзгертіп айттар еken?» дегендей сынай бағып отырған композитор, ел арасында көп айтылатын мына әннен жаңалық күткені де рас. Әйткенмен, қазақ арасында халық әндерінің егіз қозыдай түрлері бола беретінін, бір әннің әлденеше түрде айтыла беретіні сезген Затаевич, алдымен тыңдал алмақ болды. Жазуға асықпады.

«ҚАНАПИЯ»

Бір басында тұтас халықтың қайғы-мұны тұнып тұрған, еркіндік аңсаған тұз тағысындей тағдыры бар қайғылы жан еken-ay өзі. Иесінің мұнын зарлатқандай, әнкешкі күннің жарқын нұрына малынған төрт күбылаға таралып, түрлене түскен. Шыршасы беліне төгілген алыстағы асқар тау да аласарып, әнші алдында тағзым етеді. Қарсы беттегі қасқа жол да қалың жынысты биікше белге жетер-жетпес иышқа асыла қалған. Дәл сол сэтте жан бітсе, қайырылым келіп көлденен түсер ме еді?

«Қанапия» «Ардақтан» асып түспесе, кем қалмайтын ән еken. Ізгілік туын асқақ көтерген адам жүректің дүрсілі дабыра-қыксыз жогарыдан естіледі. Талпына ұмтылған қайсар қыранның қанат сусылындей шапшаңдаپ барып, қайқая көтеріледі. Домбыра үні әнші дауысынан сәл бәсендеу бебеу қағады. Затаевичтің жан дүниесін шарпып өткен ән қызуы күшейіп, өртеп бара жатыр. Композитордың тынысы тарылып, аузын ашып қалған. Енді тоқтамаса қаны басына шапшып кетердей.

Осынау азапқа өзін байлап берген Затаевич дәл қазір қандай қасіретке де көнген еді. Ойша есептеп отырған өлшемінен жаңылып қалды. «Болар енді, жүргегім езіліп барады!» деп әнші домбырасына жармаса кетер ме еді. Самғау биіктен тастүйін құлаған сұнқардай, сорғалап түскен ыргақ жығылмай, баяу қалықтай шалқып, тынысын кеңейтті. Ғаббас дауысын қайта көтеріп әкетті де, ақыргы буындарға салмақ сала барып тоқтады.

«Осы екі әннің қайсысы артық?» «Ардақ» па? Әлде «Қанапия» ма? Менімше бұл екеуі – біріне-бірі жарасып тұрған екі дербес дүние. Жұбын жазса, көркінен айырылар еді. «Ардакта» сырбаз даланың дарқан төсінде салтанатпен тұнған әсем сурет бар. Бәлкім, туған жерге деген адал ниетті перзенттің алабұртқан пәк жүргінің махаббаты болар. Ал, «Қанапия» шыға шапқан тұлпардың барын сала қарыштаған аяқ алысы, құрыш тұяғының дүбірі десем ше? Қалай болса да бұл әндердің әуені адам өмірінен, табигаттан алынған; қоғам сипатын өрнектейді; өзінің адам екенінді, жарық дүниеге келгеннен кейін артында із қалдыруға міндетті екендігінді сездіреді; солборышты ақтауға құлышындырады.

Ғаббас ән тандай біледі. Және сол әндерді табиғаттың езіндей қарапайым да көркем, жасанды жылтырақ қоспай, дәмімен орындаиды. Мұның сырын Затаевич Ғаббастай қыр баласының сахна көрмегендігінен талты. «Бұл әнші өз өнерін тындаушының қошеметіне сатпайды екен. Өзі үшін, өз жүргегін жұбатып, аңсаған арманына қол созғандай шабытпен орындаиды екен. Жалпы, әндердің шығу тарихының өзі солайғой. Басқаның сұрауымен, ермек үшін айтыла салмайды халық әндері. Нагыз талант иесі өнері арқылы өзін танытады. Міне, мен көріп отырмын. Ән айтқанда зорая түскен бітімі болмаса, қас-қабагын да құбылтпай айтатын Ғаббастың мінезін танып отырмын».

Затаевичтің ойын дәл басқан Ғаббас бір әнді бірнеше қайталап айтып берді. Айтқан сайын әншінің сырбаздығы, тіпті шектен тыс ұстамдылығы мен ықтияттылығы айқындала түскен. Қанша айтса да, кай жерде айтса да әрбір әншінің өзіндік,

Ғаббастық сәні бұзылмайды. Бұл - кәсіпқойлық емес, әнші шеберлігінің тоқырағандығы аз емес. Музыка сырын терең түсінгендік. Ән – оның өмірінің, жанының қымбат бір бөлшегі болғандықтан.

Затаевичтің есіне халық музыкасы жөнінде француз кеменгері Ромэн Роллан айтқан бір сөз түсті. «Әр халықтың жаратылсындағы музыкалық ерекшеліктерді танып-білгініз келсе, - деген ол, алдымен халық әндеріне үңіліп көріңіз. Тек музыкасы ғана емес, сол әндерде әрбір халықтың өткені мен бүгінгісі, келешегі көрініп тұрады. Ақиқат сөз. Әнге себеп болған махабbat шаттығы мен күйігі, туған жерге деген, ата-анаға деген перзент сүйіспеншілігі, жеке бастың өтпелі ауыртпалығы – бәрі-бәрі әнге айналғанда, жаңағы жеке адам тағдырынан гөрі кеңейіп, бүкіл халықтың сыры, шежіресі болады екен».

Ал енді мындаған шаршы шақырымды алып жатқан «Қазақстан» деген ән-күй планетасының әрбір ендігі мен бойлығының өзіндік ерекшеліктері ше? Тіпті, аталуы, әуені, авторы бір әндердің әртүрлі орындалуы қалай? Бұл ой Затаевичті көптен-ақ мазалап жүрген. Алуан әуезді ән-әуендердің түпнұсқасы қайсы, көшірмесі қайсы – оны табамын деп әуре болудың қажеті жоқ екен. Бұл сұрақты Ғаббасқа да қойып көрген:

- Біз солай айтамыз. Басқалар басқаша айтады, - деген де қойған Ғаббастың жауабына түсінбеген Затаевич таңданған

«Мына далада, мына таудың бауырында осы әндердің басқаша айтылуы мүмкін емес», - деп қысқа қайырган Ғаббас Затаевичтің көзін ашқандай болып еді.

Ендеше әнді түсіну үшін алдымен сол жердің табиғатын, елдің тұрмыс-тіршілігін көріп, зерттеп алу керек болды гой. Бәсе, Орынбор губерниясындағы Бөрте болысының әндері нәзік келеді. Ал, Бөкей ордасы жағында әндер мен күйлер көбіне сөзге емес, әуенге тізгін бергендей. Құлаққа емес, сезімге эсер ететіні сондықтан. Торғай, Баян өнірінде Жарылғапбеді мен Жаяу Мұсаның ойнақы, сәт сайын құбылып отыратын серпіні оғаштау саналатынына өзі күэ болған. Ертіс жұрты Жайықтың

өр дауысы Мұхитының мәнерін салқын қабылдауы да мүмкін. Қостанай даласының кеңдігі, жай бастап шырқай созатын ашық сырбаз макам үшін жаратылған өрістей. Қатар салсан, бірінен-бірі озып тұрған ән мектептерінің байлығы қазақ музыкасының бакыты, деп түйді Затаевич.

Мұндай елдің әні де, күйі де өлмейді. Қайта ел мен ел, жер мен жер жақындастып, араласқан сайын берекеленіп, түрлене бермек. Сахара қазағы сияқты халықтың музыкасын бүкіл адамзат мәдениетінің ажырамас бөлшегі, мәйекті үзігі деп танитын кез де болар. Бұл да бір арман. Ақмола мен Қекшетау, Қарқаралы мен Семейдің тауда тулеген ән-күйлері Жайық пен Каспийдің толқынына қонақтаса қалай құлпыраң еді. Зерттеуші, халық қазынасын еппен ақтарып, сақтықпен сұрыптаушы ретіндегі Затаевич арманының үлкені осы еді. Бетховен мен Моцарттың, Шопен мен Вердидің, Глинка мен Чайковскийдің мұхиттіңнан миллиондардың жан саулығына ләzzат болғаны осының айғағы. Музыкаға аудармашының керегі жоқ. Ол кеудесінде жаны бар адамның бәріне де түсінікті. Шіркін, қазақ музыкасының келешегі де сол ұлы көшке қосылуда жатыр ғой. Оған аппаратын орындаушылық қуат көп бұл елде. Соның бірі – мына Фаббас.

«Біздің даланың акустикасының өзі бөлек қой, Александр Викторович. Осындаң кең сахарада ән тыңдал көріп пе едініз- деп Нығымет әзіл араластыра айтқаны бар...

«Оныңыз рас. Жалпы музыканнтардың бәрі ән тек жабық күмбез астында айтылуға тиіс деп ойлайды. Әннің бүкіл колоритін беруге дала қолайсыз деп билетінбіз. Әрі әншіге де ауыр тиеді ғой деуші едім. Олай емес екен. Ал, Фаббас менің Фаббасым – сирек күбылыс».

...Онаша сәтті пайдаланып, Затаевичтің Фаббас жөніндегі пікірін терең білгісі келді ме, әңгімені солай қарай ойыстырып, тіке сауал қойды. Бұл сұрағының Затаевичті қинайтының да сезді. Бірақ ауызға ілінген сөзді қайта жүтпады:

- Фаббас шынында жақсы әнші ғой. Өзіңіз көріп жүрген әншілермен қатар қойсаныз қалай бағалар едініз. Мысалы, Әміремен...

Затаевич Нығыметтің көзіне тіке қарады:

- Сөз жоқ, Сіздің Айтбаевының сирек кездесетін әнші.

Барлық жағынан да ерекше. Дауысы, әнді талғап айтатыны, сауат-түйсігінің терендігі, орындау мәнері, парасаты, иә, сүйемелдеуі – бәрі-бәрі. Осы жағынан мен оны кіммен қатар қояды дейсіз гой. Ешкіммен де. Мен өз сөзіме өзім жауап беремін. Артық-кем соғып жатуы мүмкін. Бірақ, дәлелдеймін. Ал салыстыру дегеніңіз - өте жауапты әрі қын.

«Мысалы, деп қабыргадағы тұс киіздерді нұсқады,- мына кілемдер қолдан тоқылған, ойылған. Бірнеше адам тоқысын, бір адам тоқысын, әрқайсысының өз өрнегі өзінше. Базарға апарсаңыз алушының талғамына қарай әртүрлі бағага өтеді. Солай. Дәл, шын сұлулықты, өнерді бағалай алатын адам болса, осы екі кілемнің байғазысы бірдей болар еді. Өнер де солай. Мұндай биік дарындардың әрқайсысының орны бөлек. Иә, оны бағалай білу керек. Әміре дейсіз бе? Оның ұлт өнерінің аспанындағы жарық жүлдyz екеніне кім таласады? Сол аспанда екінші жарық жүлдyz, тіпті ірілі-уакты мың-сан жүлдyz тұрмаса, сәні келер ме? Міне, сұрағыңыздың жауабы осы,- деп екі алақанын жайды. Ойын шегелей, салмақтай аяқтады.

- Үқтym, түгел үқтym. Дауласпаймын. Пікір таластыратын шамам да жоқ. Музықант емеспін. Жай гана тыңдаушымын. Иә, әнге, күйге құмар екенім рас,- деп Затаевичке еркелей сөйлеген Нығымет – сонда да, сонда да құпия болса да, айтыңызшы. Менің көңіліме қарамаңыз. Әміреден қалай? Әділін айтыңыз,- деп қылды. Нығыметтің сауалы Затаевичтің өз көңілін де екі күннен бері толқытып жүргені рас еді.

Сахнада Әміре артық, ал далада Фаббас жоғары десем не айтасыз?

Жалтарып отырсыз, Александр Викторович.

Шыным осы. Менің негізгі мамандығым – музыка сыншысы екенін білетін сияқты едіңіз гой. Сыншы жалтармас болар. Әйтпесе ол сыншы емес. Жарайды, түсіндірейін. Әміренің дауысы өте күшті. Тынысы кең. Бұл жағынан жалғыз қазақ тұрмак, шығыс елдерінің қайсысында да мұндай диапазон

сирек кездеседі. Әміренің табиғат өлшеусіз бере салған дауысы тынысы төменнен бастап, ең жоғарғы регистрге дейін оқыс шырқауға, сол регистрде құбылтып әуен табуға жеткізеді. Орындау мәнері де ерекше. Бірақ, ол – профессионал. Байқаймын, сахна ыңғайына көніп, артистікке кетіп қала береді, сахнада ойнап жібереді. Ол заңды да. Сахна артисі көрермен-тыңдарманға бет құбылышымен де, отырыс-тұрысымен де әсер етуі керек. Ал, сахна талабына бейімделіп кетушіліктің әншіні өзгеріп жіберетіні де болады. Қазірше Әміре жасандылыққа, сыртқы әсерге бой үра қойған жок. Дегенмен, сол ыңғайды, театр ықпалын байқап қаламын. Театр дегеніңіз тек орындаушығана емес, тыңдаушының өзін өзгеріп, басқаша қалыпта салып алатыны көп кездеседі.

Ал, Айтбаев болса – сырсыз, бояусыз сом алтын қүйінде тұнып тұр. Бұл жағынан ол жоғары. Өнеріммен көпшілікке жағынайын демейді, қошамет тілемейді. Әнді, өзін табиғат жаратқан көркімен береді. Өз жүргегінің қалауымен, өз түсінігінше орындаиды. Ал, табиғат дегеніңіздің артық-кемі жок, бастан-аяқ жарасымды жаралғанына дауласпайсыз. Мысалы, тек бұлбұлы мен сұңқарығана емес, бармақтайғана торғайын, тіпті ешбір пайдасы жок қарғасы мен ұзағын дер уақытында көре алмасаңыз, көnlіліңіз алаңдал, ояң тұрмай ма? Әнші де сондай, жалпы өнерпаз атаулының бері сондай.

Мүмкін, салыстыруым тым қарабайыр болып кеткен де шығар. Бірақ мұным – ақиқат. Сондықтан, Ғаббасты жоғары қоймасқа шарам жок. Бірақ, дүниеге Ғаббастың келуі Әміредей дара шынды аласартпайды. Ал, Әміре Ғаббас биігіне көленке түсірмейді.

- Бағзы заманда құм басып қалған көне қаланың орнын казып, көмбесін аршып жатқандаймын. Және сол қазына кесек-кесек қүйінде, тот баспаған, уақыт өзгерісіне түспеген қалпында кездесуде. Мұндай ұлы халықтың ұлан-байтақ музыкасын зерттеуге менің әмірім жетпейді. Ол – келешектің ісі. Намысы бар, елінің өткеніне қамқор көзben қарайтын өз ұлдарының туады. Менің мына талпынысым – сол ән-күй дариясының дәмін татқандайғана, үлгі-білгісін көрсеткендейғана деп білемін.

Тұма-қайнардың көзін ашқандай деп түсінемін. Ендігі шаруа өздерінде. Шаруашылықты жөндейсіндер. Қала саласындар. Ол қыын емес. Мына байлықты жинап, жаңғыртып алатын өздерің, келер үрпактарын.

Жер жүзінің басқа ұлттарымен қатар тұрғызатын, елдігін көрсететін халықтың жаугершілік дәстүрі емес, өнері. Өнер дегеніміз – халықтың бейнесі, онын бүгін мен ертеңі.

- Мен саған, Нығымет, үкімет басшысы деп емес, саған, Габбас көзі ашиқ атқамінер деп емес,- азамат деп мына жердің, таудың, тастың қожасы деп айтамын. Жерге иелік ету – аз. Ел билеу әркімнің қолынан келеді. Қолынан келмесе, таққа басқа біреу отырар. Келешекке, мынадай даркан да жомарт, акпейіл халыққа жаңы ашитын азамат өз ұлтының тілін, мәдениеті мен салтын сақтар болар. Сақтау аз, көркейтіп, беркінтер болар. Дәл осы ақиҳатты ұстанбаган халықтар әуелі тілінен, содан соң жерінен, салтынан, бүкіл ұлтынан айырылған мысалы көп. Әлемдік тарихта инк мен майя, шумер мен скиф халықтарының қалай, қайда жоғалғаны белгілі... Халық артисі Александр Викторович Затаевич жолdas Совнарком төрағасы Нұрмаковты өз ауылыша ертіп әкелген.

Қойыңызышы, - деп биязы жымиды Затаевич. Нығыметтің қалжыңының астарын әлі де түсіне алмай отыр.

Маған демалыс тиесілі екені рас. Еңбек ететін әрбір адам сияқты демалысқа шығуга хақым бар екені де рас. Бірақ Сіз болмасаңыз, мен өз ауылымды сағынсам да, келе алар ма едім. Ет жүректі адам болған соң елімді аңсайтынды да рас. Дегенмен бұл сағнышты құрбан етуге тұратын міндет көп қой бізде. Қызметті айтамын. Сіз жинап, қорытып, жарыққа шығарған «Қазақ халқының “Мың әні мен күйі” бүкіл өнер әлемін дүр сілкіндірген оқиға болды. Тенденсі жок еңбек. Ол Сіздің гана қолыңыздан келді. Кейін басқа оқымыстылар да шығар. Бірақ дер кезінде, осы жиырмасыншы жылдарда, қаймағы бұзылмай тұрған халық музыкасын сіз жинап алдыңыз. Сол енбегініздің әлі де олқы тұрғанын байқадым. Өзіңізге айтқаным жок. Қарқаралы, Ку өнірінің әнші-күйшілері де “Мың әннен” өз

орнын алуға тиіс еді. Сыртта жүргендерден жазып алғандарыңыз бар, бірақ ол – жеткіліксіз еді.

- Оны мен осында келгенде байқадым. Әділ айтасыз. Рахмет Сізге,- деп Затаевич өкінішінің орыны толғанына разылық білдірді.

- Олай болса, мына Габбасты, мына Пішімді, кешегі Көрпебай құйшіні Сізге мен таныстырмасам, қалай білер едіңіз? Осынау киян шетке, теміржолдан алыс түкпірге өз аяғынызбен жете алар ма едіңіз? Сондықтан Сізді өз ауылымға бір әкелу – арманым еді. Мұнымды жершілдік деп түсінбеніз. Азаматтық борышым деп білдім. Енді міне, үйрендіңіз, ісіңіз онға басып тұр. Мен ертең аттанамын. Басқа жағдайыңыз мына жігіттердің қолдарында,- деді.

Затаевичтің көңілі босап кеткенін Габbastар байқап қалды. Жанары мөлдіреп, Нығыметке тесіле қарады. Ақ тілеулі ананың, қамкор әкенің сәбиіне сағына қараганындей. “Солай ма еді?” деген сұрау да бар қарттың жанарында.

- Рахмет, Нығымет. Өзің қандай болсан, елдестерің де сондай екен. Өмір болса осы күндерімнің белгісін қалдырамын. Нұрмаковты мен алып бардым десем, ешкім нана қоймас, жүргімнің бір түкпірінде саған деген, қазақтың сендей тамаша ұлына деген сыбағам өзіммен бірге кетер. Разымын.

- Александр Викторович, біздің ауылға ала келген қағаздарыңыз таусылып қалатынай болса, Габбас тауып береді, тапсырып қойдым,- деп әдеттегі әзілімен наз қылған.- Содан кейін, әрине, күнделігініз толық болсын.

- Мен күнделік жазбаймын гой, Нығымет. Үлкен мінім сол. Күнделік жазу – ұлы адамдарға лайық.- Затаевичтің бұл сөзі қарсы даудан гөрі, акталуға бейім екендігін Нығымет сезді.

- Білеміз. Білеміз, Александр Викторович,- Сіздің қаламыңыздан қағазға түскен әрбір сөз бүкіл қазақ өнері үшін тарих боларына менің күмәнім жок,- деп Нығымет Затаевичті қапсыра құшақтап төс тигізді.

...Қыркүйектің бесінші жүлдізында Мәскеуге оралған Александр Затаевич өзінің сапары жөнінде Қазак

республикасының халық ағарту комиссариатына хабарлауды жөн көріп, қолына қалам алды:

“Семей губерниясында ғылыми сапармен тамыздың үші күні аттанған едім. Жолда 64 күн жүріп, міне, бүгін оралып отырмын. Семейге июльдің 10-күні келдім. Онда 10 күндей жұміс істеп, 20-сында қырға шығып кеттім. Қарқаралы оязы аймағында екі жұма болдым. Почта көлігімен 360 шақырым жүріп, Семейге қайта келдім. Тамыздың 27-сінде Павлодарға қарай шықтым. Омбы арқылы Мәскеуге жеттім. Барлығы 6 апта жұмыс істеп (оның үш аптасы жолға кетті) 340-тан аса ән, қүй жазып алдым. Олардың бері “Мың әнгे” кірмегендер. Соның ішінен іріктең 285-ін алдым...

Осы мол қазынаның ішінде Фаббас Айтбаев есімді тамаша әнші (13 ән), аты көпке мәлім Қали Байжанов (10 ән), Мұсылманқұл Әбсалықов (15 ән) жаздырды. Бұл сияқты өте шебер орындаушылардың әндерін жазып алуым үлкен олжа болды. Қырда сирек табиғи кесек талант ретінде беделі зор Керекулік Мағира әншіден 13 ән жаздым...”

Дүниеге Фаббас Айтбайұлы деген ұлы әнші осылай келген...

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Мен де ұлы ұстаз Зейнолла Қабдолұлының алдын көрген, дәріс алған, қазақ әдебиеті мен тіліне қызықсан мындаған қазактың үл-қыздарының бірі екенімді мақтан тұтамын. Қай қиырда жүрсем де Зекенді сыртынан арқаланып, қолдау көретінмін.

Осыдан қырық бес жыл бұрын шәкірт ретінде танысқанымда, сабагын әлі бастамаган, өзіне өзі келмей, қабарыңқырап тұрған қоңыр жүзі нұрлана қалып, жылы лебізбен, тіпті шаттана сейледі: «Ой, сен Қаз дауысты Қазыбектің үрпағы екенсің гой, Мұқан тамсана жазатын Шаншардан екенсің гой!» деп алды да, басқаларға жете таныстырып: «Орта жүз Қаракесектің шаншарлары Абайдың нағашылары әрі қайын-жұрты болады. Абайдың ата-тегін

білесіндер, ал, нағашылары да от ауызды, орақ тілді келеді, өңшен. Олар тілдің майын тамыза тербел бергенде, өшіп бар жаткан қоламтана қоздырып, өлгенге жан салып, тірілтетін болған», деп бір таstadtы. Дәл осы арада қазақ үшін сөз қадірінің, сөз құдіретінің гажайып бағасының бір мысалы ретінде: «Алышын Қаражігіт би сөйлегенде қара арғымакты қара суға батырады, ал Қаз дауысты Қазыбек сейлегенде сол арғымакты су бетіне шығарады деген сөз бар» деп алды да, қазактың өзге де би-шешендері туралы келелі бір әңгімені келістіре бастап кетті.

Сол алғашқы сәтте-ақ Зекеннің барқыттай жұмсақ қоңыр дауысы құлақта қалды, жылы шуакты жарқын бейнесі дәл қазір көз алдымызыда.

Зейнолла Қабдолов басқарған ғылыми кеңесте кандидаттық қорғау үшін «Абайтанудың революцияға дейінгі қайнар көздері» деген тақырыптағы жұмысымды талқыга ұсындым. Сыншым академик Зәки Ахметов күмістей сылдыраған сырбаз дауысымен мақтап берді, тіпті «үлкен үлес», «салмақты еңбек», «бұрын мұндай сөз айттылмаған», деген сияқты мақтауларды аяған жоқ, асыра бағалап жіберді. Сонда Зекен: «Өй, мына Зәқидің айтып тұрғанының бәрі рас болса, баяғыдан бері қайда жүрген, бұл Тайшыбаев», деп балаша қуанды. Ғылым болған соң талас болады, пікір жарысады, бір уақытта қызды-қыздымен Темірбек Қожекеев, Әбліказы Нарынбетов, Марат Барманқұлов сияқты өңшең мықты өзара дауласып кетті. Жетекшім – Рымғали Нұргали сыртынан бағып отыр. Мінбеде тұрған мен жайыма қалдым. Уақыт өтіп барады. Тәраға Қабдолов кеңес мүшелерін тәртіпке шақырып: «Мына Тайшыбаевқа кандидат емес, доктор берейік. Содан соң абайтанудан білмейтіндерінді осыдан сұрап алындар», деп кеңкілдеп күлді. Жанындағы профессор Дәдебаевқа: «Жангараяу, мыналарға қой десенші, екі жарым сағат болды, мен шаршадым, сен жүргізбесен, маған кенетін емес», деп бір қалжындалп орнынан тұра берді. Зәки Ахметов әдетінше жарқылдалп: «Қойдық, отағасы, қойдық, сіз не десеніз – сол болады», деп залды ду еткізді. Екі академик құрдас, мәңгі бірге

келе жатыр еді. Сөйтіп отырып, Ахметов Қабдоловқа «Сіз», «отағасы» деп сөйлейді. Қандай сыйластық, қандай жарастық! Нагыз қазакы әзіл, қызығатын өнеге-ақ қой, шіркін. Қазір міне, екеуі де жок. Тағдыр шіркін осындай. Өлшеп қана берілген өмір...

1997 жылғы 24-ші мамыр, күні бүгінгідей есімде. Бір маңызды қағазға Зекене кол қойдыру керек болды. Уақыт тығыз, Қарағандыға қайту керек. Зекен Алматыда жок дейді, қайда екенін ешкім айтпайды. Қатты қысылғанымызды көріп, ғұламаның жақсы шәкірттерінің бірі, орынбасары қатарлы Зейнол мені оңаша шақырып алыш: «Зекенді аланда тутуға болмайды. Тау ішінде, демалыс жайында маңызды шаруа жасап жатыр. Ешкімді жібермендер, деп қатты тапсырған. Сонда да мына қиналыстарының жаныма батып тұр, айттайын», деп Зекенің жатқан жай-тұрағын түсіндірді. Жедел-ақ жетіп бардық. Қаймығып тұрмын. Сонда да есігін қағып, мысықша басып, бөлмесіне кірдім. Төрде, ұлken ұстелге қағаздарды жайып тастап, отыр екен. Женіл көтеріліп, сәлемімді алды. Шаруамызды айтқанша, тоңазытқыштан қазы-қарта, шұбат алыш, дастарханға қойып жатыр. Әрине, бізге ыңғайсыз. Сәбидей қуанып, елпілдеп дәм ұсынып жатқан жасамыс академиктің алдында өзіңізді қалай сезінер едіңіз. «Гүлнэр дедің бе, атыңды, келін, мына Зарқын бір тәуір көретін шәкіртім еді. Өз үйім емес, бірақ дәм де өзгенікі емес, отырындар, эй бала атың кім?» деп алты жастағы Токтарымыздың тәбесінен иіскеді. Баламыз болса, академикті неғылсын, Зекенің биік арқалы жұмсақ орынтағына отырып алыш, қаламын ұстады. Біз «қой» дегенге тыңдамайды. Зекен болса, «Тимендер, тимендер. «Менің Әуезовімнің» тынысы ашылсын, сәбидің жолы жеңіл болады», деп қауқылдан жатыр.

Академик дәл сол күндері «Менің Әуезовім» романын бастаған екен. «Қол тигізбейді. Ұсақ-түйек жұмыс. Баспа асықтырып жатыр. Күзге қарай бітіріп беруім керек», деп ағынан жарылып, ақ қағазға маржандай ұсақ әріппен тізген жазуларын да көрсетіп жатыр...

Осыдан тура он бес жыл бұрын 1994 жылдың 24 ақпанында академик Зейнолла Қабдолов Қарағандыға келді. Дәл не шаруамен келгені есімде жоқ, Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетінде болып, студенттермен, оқытушылармен кездесті. Әлі есімде, сол жердеғылым докторлары, тілші Қайролла Нұрмұқанов, әдебиетші Задан Жұмағалиев, декан Мұрат Кәрменұлы, тағы басқалары болдық. Мен Зекеңнің әңгімесін негұрлым толық түрде қағазға түсіріп алуға ыждағаттандым. Сонда асығыс жазып алғандарым мынау екен, ескі қағаздардың арасынан тауып, тасқа бастырып ұсынып отырмын. Шамам келгенше жанымнан сөз қосқаным жоқ. Тақырыбын лайықтап, өзім қойдым.

СӨЗДЕР БІРІНЕ-БІРІ СӘУЛЕ ТҮСІРЕДІ

«Филология факультеті – жоғары оқу орнының негізгі факультеті. Мысалы, КазГУ-дің беті, ұлттың іргетасы, ұлттың болмысы, ұлттың бітімі филология факультетіне байланысты. Химия, физика, биология, тағы басқалары канша мықты болса да, бұл мамандықтарға жер бетіндегі қай жерден болса да окуға болады. Ал, филология факультетінің жөні басқа. Адамға анасының ак сүтімен дарыған, адамның ары, ұлттың ары – әдебиет болса, біздің қазақ әдебиеті Абайы, Әуезові бар әдебиет. Оларды тек факттан ғана алуға болады.

Сырты салқын болғанмен, аудиторияларының ажарлы, өздеріңіздің жүздеріңіз жылы екен. Мен алдарыңызда отырмын. Менің, бәріміздің ұстазымыз Әуезов отырып оқытын. Сөз орныкты болу үшін бе, Назарбаев отырып сөйлейді, Лукъянов, Хасбулатов (кезінде КСРО халық депутаттары құрылтайын басқарғандар. – 3.Т.) отырып сөйлейді...

...Творчество еркіндікті қалайды... Әдебиет деген сөздің өзінен бастап өте күрделі әңгіме.

Бірінші – әдебиеттің қазіргі халі. Бұрын Бұқар жыраудан бастап, кейін әргі ғасырлардың түпкірінен бері қарай алатынбыз. XX ғасыр 1900 жылдан басталған, 1917 жылдан басталған дейтінбіз. Қазақ совет әдебиеті деп бөлдік. Енді қазіргі қазақ

әдебиетін оқытуда қандай бағыт-бағдар, мәселе, проблема бар, соны айтамын. Сіздер өз пікірлеріңді білдіріңіздер...

Мен «Жазушы» баспасынан... Уақыт-кеңістік, мезгіл-мекен [дегендерді] бұрын философия деп қарайтынбыз. Уақыт пен кеңістікті адам ғұмырынан тыс қарауга болмайды. Қай мезгілде өмір сүріп отырмыз, қай мекенде – өздеріңіз білесіздер. Өмірдің басы-аяғы жок. Твардовский «Василий Теркинде» осылай дейді гой.

Менің көркем шындығым – өмір. Сондыктан, өмірдің басы қайсысы, қазір қай жерде отырмыз? Қазіргі хаос – шындық. Табиғат өкімі сияқты, ...халіміз нашар. Бұрын кемшіліктерді көрмейтінбіз. Көгілдір экраннан бәрін көрдік. Енді тоқтап жан-жағымызға қараймыз. Хаос гармонияға көшкен жоқ. Самобичевание жетіп жатыр. Шевченко айтпақшы, «өтеді күндер, өтеді күндер...» Оны [жақсы аударуға] Қасымның ақындығы керек. Одан да артық аудару керек. Өлеңді аударындар, бәсекелесіп аударындар.

...Осындай халде әдебиет тұр. Ой қозғап жүрміз. Ұстазда шәкірт жоқ, ...гармонияға үйретпеймін. Гармонияға көшіп әңгіме бастайық...

...Той үстінде ой керек. Өмір өнерге көшкенде ғана өз қасиетін танытады. Мағжан: «Сүм өмір абақты ғой, саналыға» деген. Горький «өмір – бейнет» деген. [Өмір дегеніміз] әуелі қателік, одан кейін оны түзету. Өзіміздің қатемізді жөндейік. Бәріміз жабылып бір қатені, Лениннің қатесін жөндеуіміз қажет. «Партия – халықтың ақыл-ойы, ар-ожданы» деді ғой. Осынысы – қате. Партия – ақыл-ойымыз, абырайымыз? Жоқ. Халықтың ақыл-ойы – ғылым. Ар-ожданы, абырайы – әдебиет. Жер үстінде қазақ деген халық бар десе – [нақты халықтық сипатымыз] Әуезовтің «Абайы» арқылы дүниес жүзіне таралған.

Қазіргі дәуірдегі міндеттіміз – тарихымызды түгендеу. «Әдебиеттің партиялығы» деген не сөз? Қазір партия көп. Соларға әдебиетті теріп бере аламыз ба?

1903 жылды партия «Әдебиет күрысын» деді, заң көрдік. Соның нәтижесінде «Совет әдебиеті» деген ғана бар дедік. Мұны тарихқа айналдырайық. Тапшылдық. Әуезов

[куғындалып, атылып] кетсе, қазақ әдебиеті болмас еді. [«Абай жолының»] екі томын ешбір халықтың жазушысы жаза алмас еді. Сөз өнерінің шыңы, шеберлік деген осы. Өуезовтың тірі қалуы – әдебиетіздің бақыты. Алғашқы екі кітабын жазуда жасандылық жоқ еді. Таптық тартыс ізdedік. 1958 жылы Алматыға Камерун жазушысы Бенджамин Матиф бастатып 38 елден жазушы келді. 38 адам президиумға отырды. Алғашқы конференция күні [Ғабит] Мұсірепов, [Әбділда] Тәжібаев, Жұбан Молдагалиев... бес адам бармыз. Президиумдағы 38 адамның біреуі [Мұхтар Өуезов] жан-жағына қарайды, залға үніледі де отырады. Мұқаң ренжиді. Неге қарап отыр? «[Михаил] Шолохов келмей қалды, дені сау ма екен», – деп үзілісте бізден сұрады. Ұлы адамдардың бірін-бірі сыйлауы, сағынуы, іздеуі...

Үзілісте бізге қарай бір жас жігіт келе жатты. [Ортамыздығы] Өуезовтің мойнына асыла құшақтап жылап жіберді: «Осында «Абай» кітабын әкелдім. Сізді көру үшін келдім. Дүние жүзінде қазақ деген халық барын Сіз арқылы білдім. Даласы қандай ғажап! Сізді көруге [ынтық едім]. Осы даланың ғажайыбын, сол еркін халықтың керемет қасиетін көрсеттініз. Қыздары қандай сұлу, данышпан қарттарын былай қойғанда, жігіттері қандай көркем», деген [сөздерін] аудармашы тәтпіштеп-ақ жеткізді.

Жазушының әрқайсысында намыс болады. Соны лақтырып тастав, шеттен келген жазушы жігіт осылай жылады.

[Кенестік идеология] сол Өуезовті құрту керек, [оның жазғандары] «буржуазный объективизм» деді. Заводелом культуры ЦК КПСС Поликарпов бір кенесте осылай депті. «Тап жоқ, еңбек жоқ. Құнанбай Меккеге неге барады?» Соц.реализмді талап етті. Соңғы екі кітабы солғындау, өтірік айтқызуға мәжбур еттік. Тап күресі жоқ болғандықтан. Ресейге өз еркімен қосылдық деп жаз, переселен қазақты адам қылды деп жаз [осындай орынсыз талап қойылған болатын].

...Әрқайсымыз личность болуымыз керек, кісілікті болуға күш салу керек. Саясаттың сатқындыққа айналған кезінде өмір сүріп отырмыз. Көкірек көзіміз ашық болсын.

Әдебиетке көзқарас осыған байланысты өзгерді. Өшкеніміз жанды деп [куандық], бұрынғыға қайта оралайық дейді. Бұрынғы сарын адастырады. Білімсіздік бір қыырдан бір қыырға әкетеді. [Мысалы], Сәкен революция жыршысы дедік, енді құрысын дейміз. Сәбитті [жауып] қояйық, Жамбыл Сталинді жырлады деп жүргендер баршылық. Сәбит елуге келгенде Қасым Аманжолов «Сәбене» деген өлең жазды. Ұмытпасам, «Сәкелеп ердік соныннан...» деген сөздер бар. Бұларды жоққа шығаруға болмайды.

Осыларды оқытудың интерпретациясын, жолын табайық. «Тар жол, тайғақ кешу» болмаса сол кездегі оқигаларды қайdan білеміз. Сәбен арқылы жетпіс жылғы откенимізді танимыз.

Әдебиеттің екінші қасиеті – тәрбие.

[Әдебиет дегеніміз] тілімізben жазылған, сөзben салынған сурет.

Жазушы шеберлігі – «жазу үстіндегі азабы».

Орнын тапқан екі сөз ойнамай қоймайды. Сөздер бірінебірі сәуле түсіреді. Екі сөз біріне-бірі сәуле түсіргенде образ басталады...

Социалистік реализм дегеніміз – біріншіден, шындықты жазу, екіншіден нақты жазу, үшіншіден революциялық даму үстінде көрсету керек дедік. Осы үшіншіден адастық.

Уақыт пен кеңістік деген ұғымды әдебиетке алып келгенде: уақыт осында болып [отырғанда], әдебиет дағдарыс үстінде. Осыны ойлап, ұқпағандықтан [көп қате жіберіп алуымыз мүмкін. Сондықтан да] теория жағынан түзету жасап жатырмыз. Практика жүзінде [әзірше] жақсы шыгарма туа қойған жоқ. Бірақ, туады. Біздің тарихымыз, теориямыз, сынымыз бар. Осылар үйлесім табуы керек», – деген еді сол кездесуде Зейнолла Қабдолов.

14 сәуір 2014 жыл.

ЗЕЙНЕЛ БОРАМБАЙҰЛЫНЫң ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЖАНАШЫРЛЫФЫ

Өткен гасырда Сарыарқаның бір түкпірінде, қәдімгі Семей ядролық полигонының кіндігі Дегелен шоқысына іргелес Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың ұрпақтары, Абайдың нағашылары мен қайын жұртының атамекені, орталығы Егіндібұлак, Ку ауданы (кейін Қазыбек би ауданы, Қарқаралы ауданы) деп аталған, әкімшілік бөлініс болған. Сол ауданның жалғыз орта мектебінде 1941 жылдан 1990 жылға дейін математика мұғалімі, алғашқы «Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімдерінің» бірі Зейнел Борамбайұлы деген ұстаз өмірден өткен. Туғанына 100 жыл толып отырған ұстазымыздың жанқиярлық талай ерлігінің бірі – тіл жанашуры ретіндегі еңбегін еске алудың жөні енді келгендей. езінде қазақ зияльшары қатарынан лайықты орын алған ұстаздың артында қалған жазбаларының ішінен тауып, жариялауға ұсынып отырған мына қағидалар эруагынан айналайын, аталарамызыздың бізге қалдырған өсиетіндей оқылады.

Ана тілін сақтау, оның қолдану аясын кеңейту, сауатты жазып, мәдениетті сөйлеу мәселелері ұлттың адап ұлдарының назарынан тыс қалмаган. «Өнер алды – қызыл тіл» деген төрт сөзге сиған нақыл қазақтың мінез-құлқы мен салт-санасын, бүкіл мәдениеті мен тарихын қамтиды. Тарих қойнауында жатқан талай қазынаны ақтарып көрсек, бізден бұрынғы ұрпақтардың ана тілінің тазалығы үшін күресінің ұшқындары жарқырап тұрады.

Қазақ әліпбіі осы уақытқа дейін бірнеше рет өзгерді. Кенес заманында, Одақ құрамына енген халықтарды тезірек орыстандыру мақсатында жүргізілген шаралардың ішінде, қазақ білімі мен мәдениетінің дамуына, ата-баба мұрасын танып білуге ерекше кедергі болған жағдай – 1938-1940 жылдары орыс алфавитін (кирилицаны.-З.Т.) енгізу екені тарихтан мәлім. Кенестік идеологияға қызмет еткен тіл білімінің мамандары бұл өзгерісті «Совет одағындағы туысқан басқа халықтар сияқты, қазақ халқының өз тілінде де, орыс тілінде де – екі тілде бірдей,

бірыңгай сауатты болуына өте қолайлы жағдай» деп бағалады. Алайда, кириллицаға негізделген орыс жазуы, түбі, тегі, айтылу жазылу заңдылықтары мүлде бөлек қазақ тілінің дұрыс дыбысталуына қындық келтірді. Жеке түбір сөздердің, сөздің соңғы буыны мен соңғы дыбысының әуеніне қарай өзгеруі, жалғаулар мен жұрнақтардың жазылу ережесі, олардың айтылуы әрқылы келіп, бір ізге түсे қоймады Осыған байланысты, Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты 1950 жылғы ақпанда «Қазақ алфавиті және орфография ережелері» деген жобаны баспасөз арқылы көпшіліктің талқысына ұсынды. Екі жылғы пікірталас негізінде біздің қазір пайдаланып жүрген әліппе және дұрыс жазу ережелері біршама қалыптасты. 1952 жылдың басында Қазақ

CCP Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты қазақ тілінің әлі де шешіле қоймаған кейбір даулы мәселелері жөнінде талқылау өткізді.

Онда қазақ әліпбійнің құрамын және орфографиялық ережелерін одан әрі нақтыладап, жетілдіру мәселелері қаралды. Тиянағын таптаған күмәннің бірі, сөз жок, шет тілдерден, әсіресе орыс тілі арқылы енген сөздердің жазылуы мен айтылуы жөнінде әртүрлі пікірлер болды. Мысалы, 1940 жылы қабылданған ереже бойынша «Орыс тілінен революциядан бұрын енген сөздер қазақ тілінде өзгеріліп айтылып, қалыптасқан күйінде (самауыр, кереует т.б.) жазылсын да, революциядан кейін иеленген сөздер орысша таңбалануынша (коммунист, программа, институт, станция, завод т.б.) жазылсын» деген қағида бойынша, күні кешеге дейін, Тәуелсіздік алғанға дейін көбіміз осылай жазып келдік. Себебі, үстем тіл саясаты жағдайында мұндай солақай ереже қанша жыл өтсе де, қазақ топырагына сініп, жеміс бере қоюы оңай болмады. Өйткені, қай сөздің революциядан бұрын, қай сөздің кейін енгенін кім біліпті? Екіншіден, көпе-көрнеу тіл бұрап сөйлеу оңай емес.

Міне, қазақ тілінің осындей-осындей маңызды әрі нәзік мәселелері осыдан 50-60 жыл бұрын да мемлекеттік деңгейде сөз болып, барша қазақтың талқысына ұсынылғанда,

Казақстанның бір қырында жатқан №1 Ку орта мектебі физика-математика пәнінің мұғалімі Зейнел Борамбайұлы да өзінің салиқалы пікірін білдірген. Жоғарыда айтылған «Ереже» жобасының жиырмасыншы тармағындағы «Орыс тілінен енген сөздер өзгертілмей, түбірі сақталып жазылады» деген қағиданың кесімді түрде батыл жазылғанына ауыл мұғалімі ұтымды уәж айтқан. Бұл мәселе дәл қазір де шешімін таптай, екішты жағдайда тұрганын көріп отырымыз.

Әлбетте, орыс тілінен енген сөздерді жазудың ережесі жай ғана грамматикалық мәселе емес, мұның астарында терен саясат жатқанын да бүгінгі ұрпаққа айту парыз. XX ғасырдың 20-жылдарында үлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов жасаған қазақ әліпбі, кезінде ат ұстінде болған кешегі Алаш қайраткерлерінің колданған орфографиясы мен орфоэпиясы «қызыл коммунистерге» ұнамаған. Сол кездегі баспасөзге қарап отырсаңыз, көкөнөс, әшейка, облыс, инстөт т.б. түрінде жазылып, өзге тілдерден енген сөздер мен атаулар қазақ тілінің зандылығына бейімделген. Баяу да болса, қазір осыған қайта келе жатырмыз.

Ана тілін жақсы білген, қазақ тілінің мәйегімен ауызданып, оның алуан түрлі құбылыстарын жете таныған Зейнел Борамбайұлы кірме сөздердің қазақ тілін бұлдіруге емес, байытуға қызмет етуге тиістігін жанымен жақтаған. Жалған интернационалист бола алмаған. Сондықтан да: «орыс тілі арқылы және басқа да тілдер арқылы қазақ тіліне кіретін сөздерге есік ашық; ал, кіргеннен кейін, өзіне сай орнын тауып орнағаннан кейін қазақ тілінің тарихи қалыптасқан жүйесі талап еткен деңгейге бейімделіп, взересің. Эволюцияға ұшырайсың. Ол біздің шығарған занымыз емес, берісі мыңжылдық тарихы бар қазақ тілінің заны», деп ана тілін қызғыштай қорғайды. Мамандығы математик болса да, өз үлтynың озық ойлы өкілі ретінде мынадай маңызды мәселе талқыланып жатқанда, жай отыра алмайды. Дәл сол кезде үлт мұддесі, ана тілінің мұддесі туралы осылай жазу – ерлік-ақ емес пе? Міне, біздің Ұстазымыз осындей болған.

Ұстаздың айтары, басқа ғылым салалары сияқты тіл ғылыми да дамиды, сол тілді иеленуші ұлтпен бірге өседі, жетіледі. Табиғат сияқты ғылымның дамуында шек жоқ. Тек, ескі соқпақтан шыға алмай, тоқырап қалғаннан құдай сақтасын. Тағы да Ахан сөзі мынадай: «Қазаққа тіршілігінде кемшілік, ретсіздік болған соң тәуірлен, реттен деп айтамыз. Сондай кемшілік, ретсіздік жазуымызда бар. Оны реттеу, жөндеу керек... Мұндай кемшіліктерді педагогика, методикадан хабары барлар байқайды». Өз ұлтының басқалармен теңесуін көксеген, оның тіліне, мәдениетіне енжар қарай алмайтын намысқой білімпаз ретінде, басы дауға қалса да, көкейіне келген байламдарын Зекең ішіне сақтап қала алмаган. Ойласайық, әр құбылыстың тамырына үңіле білейік, себебі мен салдарын салмақтап көрейік деп, ойындағысын қағазға түсіріп, осылайша көпке таратқан. Мұнысын атын шыгарғысы келгендік емес, келешек ұрпақтың таза сөйлеп, дұрыс жазып, әсем дыбыстыай білу мұддесіне ұмтылғандығы десек керек. Бұл қырынан да ол замандастарына үлгі, шәкірттеріне өнеге болғанын көріп отырмыз. Орфографияны байырғы қазақ тілінің өзіне ғана тән тарихи қалыптасқан ерекшеліктеріне сай түзу жөнінде марқұм ұстазымыздың терен магыналы пікірлеріне тағы бір көз салып көрейікші.

Баспага дайындал, ұсынған
Зарқын Тайшыбай.

ҚАЗАҚ АЛФАВИТІ ЖӘНЕ ОРФОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ

Қазақ тілі философиялық, ғылыми, техникалық терминдік сөздік қоры аз, кедей тілдердің қатарында. Тарихи қалыптасқан ұлттың тілі болғандықтан, тарихи дамитын және байитын тарихи категориялардың қатарына жатады. Мұндай күрделі категориялардың өзіне тән, біздің санамызға тәуелсіз зандалықтар болатыны даусыз.

Тілде бұл зандалықтар грамматика пәніне кіретін анализ, синтез және басқа логикалық әдістермен зерттелетіні

белгілі. Ойлау құбылысын логика пәні жасамағаны сияқты, тілді де грамматика пәні жасаған жоқ. Демек, логика пәнінен хабары болмаған адамадардың да ойлай алатыны сияқты, грамматика пәнін оқымаған адамдар да сол тілді шебер менгере білген. Міне, белгілі бір тілді жетік білмей тұрып, сол тілдің грамматикасын ғылыми пән етіп, шығаруға болмайтындығы, сондықтан. Тіл грамматикаға бағынып бейімделмейді, яғни, тіл грамматиканың көлеңкесі емес, өмір деректерінің айналадағы құбылыстардың бейнесі. Олай болса, грамматика – тілдің көлеңкесі дегеніміз дұрыс болады. Ақиқаты сол – грамматика тілге бағынышты.

Осылай болғандықтан, тілдің грамматикасын пән деңгейіне көтеріп қалыптастыру үшін, сол тілді бақайшағына дейін шағып зерттеу керек. Ондағы міндет – мысалы, күрделі сөздерді, біріккен сөздерді т.т. олай жазайық, бұлай жазайық деп ұсыныс жасау емес, осылай грамматика жасау емес - тілдің түбірлік сөз қоры грамматикалық деп аталатын айналысқа түскенде, дыбыстардың үндестігін; олардың қатаандық, ұяңдық, жуандық, жіңішкелігіне қарай реттелуін; сөздердің толықтауыштық, анықтауыштық қызметін; ұғымдардың басынқылық және бағынынқылық мәнін жан-жақты зерттеп алу. Осылайша байқалған занылдықтарға көз жеткізе отырып, бұл занылдықтардың негізін дәлелдеп барып, қорытынды жасап, ереже деңгейінде ғылыми тұжырым қалыптастыру қажет деп ойлаймын.

Жаңа ереже жобасына байланысты пікір жарыстырып, ой айтқанда талас мәселелері бойынша ұсыныстар тілдің занылдықтарының төңірегінен алшақ кетпегені жөн. Олай болмаған жағдайда жекелеген мамандар айтып жатқан ұсыныстардың қайсысын, неге сүйеніп аларсың? Ал, керісінше, сол ұсынысты қабылдамайтын болсақ, оны бекерге шығару үшін белгілі бір занылдыққа сүйену керек емес пе? Әлде біздің тіліміз ешбір табиғи занылдығы жоқ, жазылып қойылған грамматиканың соынан ере беретін сөздер мен сөйлемдердің жүйесіз жиынтығы ма? Бұлай десек, тіл білімінде кез келген авантюристке жол ашық болар еді.

Галымдар мен мамандар жасап, көпшілік талқысын ұсынылып отырған «Қазақ алфавиті және орфография ережелері» жобасында жасанды, қазақ тілінің өзіне тән сырына, ғылым түрінде қалыптасқан заңдылықтарына сүйенбеген ұсыныстар да бар сияқты. Ғылыми негізі тиянақсыз, мұндай көп ұсыныстардан орфография ережелерін қалай шығарамыз?

Осындағы бір сүйенуге тұрарлық орныкты тіреудің жоқтығынан біз, оқушыларға жобадағы ұсыныстарда әрбір газет бетіне шықкан басқа да көп ұсыныстарды таныстырысак, бәрі де дұрыс секілді.

Жоба бойынша менің пікірім мен ұсыныстарым мынадай:

1. Тілімізге орыс тілі арқылы енген сөздер жазылу ережесі, күрделі сөздердің, біріккен сөздердің, олардың түрленуінің жазылуы, әрітер мен дыбыстардың қолданылу ережесі әлі де піспеген сияқты.

Мысалы, «Орыс тілі арқылы («орыс тілінен» деу дәл түсінік бермейді. – З.Б.) арқылы енген сөздердің түбірі сақталады, өзгермей жазылады», деген қағида дұрыс па? Ешбір тіл басқа тілден сөз алмай, өз бетімен дара өсіп-жетілген емес. «Орыс тіліне енген шет тілдеріндегі сөздер» деген сөздікке қарап отырсам, қазіргі орыс тіліне бөгде тілдерден енген 20 мың сөз тізіліпті. Мұның өзі толық емес. Ал, қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздердің саны осыған жетті ме, жоқ, маңайтай да алмайды. Барлық өскен, жетілген деп аталатын тілдер, айталақ, жаңағы орыс тілі, ағылшын, француз, неміс тілдері басқа тілдерден ауысқан сөздерге толы.

Солайша байыған және кірме сөздер үлкен эволюцияға ұшырап отырған. Кей біреуінің алғашқы түбірлерінің іздеп-тауып алудың өзі қыын. Сол тілдердің қайсысында «шет тілдерден ауысқан сөздердің түбірі өзгермей жазылсын» деген ереже бар екен? Меніңше, болуы мүмкін емес. Сөздердің үндесуі, қылышуы арқылы өзгеріс үстінде сырттан кірген әрбір сөз әр түрлі дәрежеде, дыбыстардың үндесуіне қарай эволюцияға ұшырап, қабылдал алған тілдердің құрамына сініп кетеді. Демек, бұларды эволюцияға ұшыратпай, қазақ тілінің

зандылықтарына бағындырмай қолданайық, деушілермен келісе алмаймыз. Келіскенмен, сол сөздердің өздері біздің еркімізден тыс өзгереді. Бұл өзгерістерді көрмейін десең, көзің бар.

Бәлкім, кейбір жолдастар, түбірді өзгертпей жазу арқылы казак тілін орыс тілімен жақыннатамыз дейтін шыгар. Бұл тілдер, негізінде, туыстығы жоқ болғандықтан, қаулы мен жасанды үйгарумен жақындаса алмайды. Орыс тілі мен украин тілін жақындастыру десе, немесе, казак тілі мен қырғыз тілін ортақ алфавит, ортақ терминдер (жаңадан енген атауларды, бірінде жоқты екіншінде бармен толықтыру арқылы) бейімдеп жақындастыру деген мәселе қойылса, ойлануға болар ма еді, әлде қайтер еді?

Қазіргі біздің өміріміздің қазақ тіліне қойып отырған принцип, жабайылап айтқанда, мынау: орыс тілі арқылы және басқа да тілдер арқылы қазақ тіліне кіретін сөздерге есік ашық; ал, кіргеннен кейін, өзіне сай орнын тауып орнағаннан кейін, қазақ тілінің тарихи қалыптасқан жүйесі талап еткен деңгейге бейімделіп, өзгересің. Эволюцияға ұшырайсың. Ол біздің шыгарған заңымыз емес, берісі мыңжылдық тарихы бар қазақ тілінің заңы» (соңғы сөйлемдерді қарайтқан мен – З.Т.).

Ғылым мен пән қолдан жасайтын нәрсе емес. Табиғаттың өз болмысын дәл, ешбір қоспасыз айқын бейнелеп, суреттеп, сырын ашу арқылы; құбылыстың табиғи инерциялық жүріс екпініне сәйкес, саналы күш қосып, құбылыстың сапасын арттыру – белсенді ғылыми пәннің міндеті осындаі.

Мүмкін, кейбір замандастарымыз қазақ тілінің ұлттық зор тілге айналуына сенбейтін шыгар. Біздің тіліміз аса ұнды, үлкен болашағы бар, туыстас тілдермен диалектикалық жарыста талай тілдерді өзіне қосып алатындаі дәрежеге жетіп, озып шыгатын тіл. Соған сеніп, солай бейімделу керек. Барлық ғылыми, философиялық, техникалық әдебиеттер, тәуір оку құралдары қазақ тіліне аударылып, институттарда сабактар қазақ тілінде жүруіне жағдай жасау керек. Оған керекті кадрларды жеткілікті дайындау халінен қазір біз онша алыс емеспіз.

- Зейнел Борамбаев,
Қарағанды облысы, Қу орта мектебінің мұғалімі.
1953 жылғы ақпан.
- Тіл туралы толғамдар
(Ауыл мұғалімінің қүнделік беттерінен)
1. Ана тілі туралы: Ана тілі – білім берудің, тәрбиенің негізі.
 2. Баланың сөйлеу қабілетін арттыруы, сөз қазынасын байытуы сөйлем құрап, сөйлей білуі.
 3. Өнгімелер, мақал-мәтелдер, ертегі ұсак, қызық әңгімелер, жұмбақ жаңылытпаш – жазушылардан алынса. Тіл байлығын арттыру содан кейін барып.
 4. Грамматика тіл заңына әкеп жолықтыруы керек. Осы үш саты оқытушы үшін қажетті дидактикалық кезеңдер.

Халық тудырған тіл баланың жан жүргегінде. Адамды хайуаннан ерекшелейтін сөз және оны тудырушы рухани күш. Бұлар адамның даму қабілетін өсіреді. Бала ана тілін біліп альш, жалындаған күшпен қайнаған өмірге қадам басады.

Ана тілін оқығанда бала тек шартты дыбыстарды ғана үйреніп қоймайды, ол тұма тілінің аналық омырауынан рухани өмірдің балын тұтады және содан күш алады. Ана тілін біле келе, бала бір ғана тілді (сөзді), оның құрылышын, өзгерісін үйреніп қоймай, солармен бірге сансыз көп ұғымдар, деректі денелер, көзқарастар, көп ақыл, сезім, көркем образдар (бейнелер) таниды. Өссе келе, бейімделуден өзінен-өзі шығатын ой қорытындылары, тіл фәлсафасына үйретеді. Сондықтан да, оқушыға білім беруде тілді рухани өсіп-дамудың дем беруши қуатының бірі етіп қолдану қажет. Қайткен күнде де, тәрбие мәселесінде біреудің тілін емес өзінің тұма тілін, ана тілін негізге алу керек.

Баланы айдаладағы құбылыстар мен заттарды дәл бақылауга үйретіп, оның жалындаған жаратылышын дұрыс, жарқын бейнелермен байыта беру керек. Өмір кейін оның ақыл шарықтауының деректі дәні болмақ. Өз айналасындағы

шындықты дұрыс бақылап, қабылдаған қарапайым әсерлерін жәй, анық сейлемп қорытуға үйрету керек.

Грамматика – адамды адам ететін ғылым.

Баланы оқыта бастағанда айналадағы денелерден, не олардың суретінен бастап көрсете, түсіндіре білу керек. Баланың жана көрген заты, денесі туралы бірдеңе айтып, оны жазып қоятындаі бейімдеу керек. Баланың ақылын қозғап, оны сөзбен құрастыруға жебейтіндей жаттыгулар беру керек.

Халықтың тілі ешуақытта жоғалмайды, мәңгі жаңарып, шалқып-шарықтап отырады. Рухани өмірінің ең әйбәт, көріктісі – тілде. Сол халық, оның тұтас Отаны тілмен рухтанады. Халық рухының тапқырлық қүшін, Отанының аспан күмбезін, оның ауасын, заттық құбылыстарын, оның райын, оның кең даласын, тауын, жазығын, өзенін оның боран-шашинын, жарқыл-күркірін ақылды, көркін бейнелейтін сөздер оның тілінде қалыпты.

Тұған жердің үнін, адамының сондай көтерінкі сүйіспеншілікпен, тіпті кейде қатты болып кетсе де, Отанын сол халық жырында, өлең, хикая лебізінде қалдырады, соларға қондырып кетеді. Халық тілінің жарқын, мөлдір түкпірінде тұған жерінің табиғаты ғана емес, оның рухани ұзак өмірінің шежіресі тұтас сакталған гой.

Әр үрпақ өзінің жүрегінің терең түкпіріндегі сәбилік тебіреністерін, тарихи оқиғалардың нәтижелерін, көзқарасын, діни сенім-нанымын, қүйініш-сүйініш, рахат іздерін – қысқасы, рухани өмірін тұтас ізге түсіріп, тіл қазынасында қалдырып отырады. Өткен, қазіргі және болашақ үрпактарды бір ұлы тарихи, жанды тұтас қалыпқа біркітіру үшін тіл – ең мықты, ең шебер тіршілік тетігі. Ол – халықтың өмір тіршілігінің сымбаты ғана емес, сол өмірдің дәл өзі.

Тілдің халықтық, ұлттық маңызы бәрінен де жоғары. Тіл – ұстаз, оқытушы. Тіл – адам өмірінің барлық қасиеті, гүлі, шындығы, болмысы. Өмірдің қазіргісі де, келешегі де тілде сакталмақ.

Қазак мектептерінде орыс тілін оқыту туралы

Бізге, яғни қазақтарға, орыс тілін менгеру, қазақ тілін білу қанша қажет болса, соншалықты қажет.

Бізге білім, мәдениет орыс тілі арқылы кіріп орнап жатыр, бұл жағдай ең шешуші болуымен қабат, орыс тілін білу қазақ тілін дамыту үшін, байыту үшін де сонша қажет. Бізге, өсем деген ұлттың беріне де, тілді көпжакты, аса икемді етіп тез дамыту шараларын істеу - өмірлік іс.

Жаңа түбірлі сөздер, ғылыми философиялық, техникалық терминдер орыс тілі арқылы келіп құйылып жатыр. Ол қосылған сөздер халық арасына тарап, оның сөйлемінен мықты орын алғанда ғана, ұлттық тілдің қорына кіре алады. Ол сөздер біздің тілмен тез қайнасып орнауы үшін біз орыс тілін білуіміз керек, себебі орыс тілін қаншалықты жақсы менгерсек, соншалық қазақ тілінің бай тіл болып қалыптасу мерзімін қыскартамыз. «Біз» дегендеге ұлттың басым көпшілігін айтып отырмыз, бірлі-жарым өзі білгенімен мастанып, асыра сілтеуашілер емес.

Орыс тілін менгерудің негізгі орны - мектеп. Ал қазақ мектептері бұл міндетті атқара алмай келеді деп ашық айту тіпті қажет. Мұның себебі - орыс тілін оқыту принципі ұстамсыз қойылған мақсат екі үшты, болінген сағат саны жеткіліксіз. Осы жөніндегі ұсыныстар мен пікірлер төмендегілер:

1. Тілін білмей ол тілдің әдебиетін де, грамматикасын да түсінуге болмайтындықтан («құрылым материалдарын» дайындауда үй салуға болмайтындықтан) орыс тілін оқытудың мақсатын әдебиеттен де грамматикадан да, тіпті қажетті минимумнен басқасын, білім беру деп қоймай, тілін білу деп қою керек. Осыған сәйкес, оқытудың методикасы мен программасын түбірімен қайта қарап, өзгерту керек. Әдебиеттен білім беруді, грамматикадан білім беруді қазақ әдебиеті мен грамматикасының үлесіне ауыстыру керек. Қазірдің өзінде орыстың кей жазушыларының еңбектері мен шығармаларын орыс әдебиетінен де, қазақ әдебиетін де өтеді, уақытты екі есе артық жұмсайды, неге екені – түсініксіз.

Орыс әдебиетінен білім бергіміз келсе, оны қазақ тілінде берген әлде қайда сапалы болады. Әдебиетті оқығанда

жазушылардың жекешүгәрмаларын төгіс оқу міндетті емес деп ойлауга болатын сияқты. Мысалы; 4 жазушының 4 шығармасында ұқсас образ, бейнелер, идеялық мақсаттар сипатталатын болса, соның төртеуін де асығыс-ұсігіс үстірт өткеннен, біреуінің шығармасын бақайшақтап, оқып, талдап, басқасын тек атап, ерекшеліктерін анғартса, орта мектепке сол жетіп жатыр. (1950-57 жылдар).

3. Тайшыбай, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры. Мағлұмат үшін.

«ЖАС АЗАМАТ» ГАЗЕТИ

Қазактың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрган қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті (15). 1918 жылдың сәуір-мамыр айында Омбы қаласында өткен қазақ жастарының тұңғыш құрылтайының шешіміне орай, «Бүкілқазақтық жастар ұйымының тілі» ретінде бұл газеттің алғашқы саны 1918 жылдың 30 шілдесінде Қызылжар қаласында жарық көрген.

Газеттің дәл осы кезде Қызылжар қаласында шыға бастауы аймақта Кеңес өкіметінің құлауына байланысты билікті қолына алған «Алашорда» үкіметінің саяси шешімінің нәтижесі екендігіне көз жетіп отыр. 1918 жылы маусымда Алашорда үкіметі жергілікті жерлерде нақты билікке қол жеткізу үшін бірката декреттер қабылдады, соған сәйкес Алаш автономиясының аумағында Кеңес өкіметі шығарған барлық құжаттар мен заң актілері жарамсыз деп танылды. (Трудовое Знамя, 1918, 7 апреля, 1 и 18 мая; Вестник Семиреченского трудового народа, 1918, 25 октября.) Осындай мүмкіндікті пайдалана отырып, қазақ тіліндегі жария баспасөз органы арқылы Алаш басшылығы жалпы саяси мәселелер — II Бүкілқазақ съезінің шешімдерін жүзеге асыру шараларын насихаттау, халықтың саяси сауатын ашып, ұлттық санасын оятуды көзdedі. Күн тәртібінде тұрган аса маңызды әрі кезек

күттірмейтін мәселелер: Құрылтай жиналысы мен ұлттық автономия мәселесін түсіндірумен қатар, аймақтық үкіметтермен байланыс орната отырып, үшін тездетіп ұлттық карулы күштерді құруы тиіс болды. «Жас азаматтың» әр санында осы тақырыптар көтерілді. Мысалы, жергілікті өзін-өзі басқару органы – Земство жүйесі оқырманға кең түсіндірілді. Өйткені, соның алдындаға 1918 жылғы 24 маусымдағы заң актісімен «Алаш аумағында 1917 жылы 17 маусымда Уакытша үкіметтің қаулысымен енгізіліп, оны Кеңес өкіметі жойып жіберген земстволық мекемелер қайта қалпына келтірілді». (Трудовое Знамя, 1918, 9 апреля).

Тұңғыш қазақ жастары газетінің қалай шыкқандығы туралы С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» жазып, бізге жеткізген мынадай жолдар бар: «Май айында, 1918 жылы, Омбыдағы оқудагы Алашорда жастарының үйымина айналған «Бірлік үйыми» «жалпы жастар съезін» жасады. Съезге әр жердегі жастар үйыминаң екіден өкіл шақырды. Біздің «Жас қазақ» үйими на Абдолла Асылбекұлын жібердік. Біріне Омбыда оқып жүрген Жанайдар Сәдуақасұлын сайладап, телеграмма бердік... Абдолла майдың аяқ кезінде қайтты. Жастар съезіне Ақмола, Семей, Қостанай губерналарының жастар үйимдарының өкілдері жиналыпты... Съездің көпшілігінің қаулысы бойынша, енді барлық жастар үйимдарының бұрынғы аттарын қалдырып, «Жас азамат» деуге қаулы қылған. «Жас азаматтың» басқармасын сайлаған. Басқарма төрағасына Мұрзаұлын, мушелігіне: Смагұл Сәдуақасұлын, Мұратбек Сейітұлын, Гуля Досымбекована (Міржақып Дулатовтың балдызы. – авт.), Әбдірахман Байділдәұлын сайлаған. «Жас азамат» үйыминың тілі қылыш «Жас азамат» атты газет шығармақ болған. Газеттерін Қызылжарда жабылып қалған Көлбайдың газеті «Уш жұздің» орнына шығармақ болған. Шығарушылыққа Кеменгерұлын сайлаған» (16).

Жоғарыда айтылғандай, газеттің редакторы белгілі қайраткер Қошмұхамбет Кеменгерұлы, басқарма құрамында С. Садуақасұлы, М. Сейітұлы, Г. Досымбекқызы, Ә. Байділдәұлы

еді. Осы және ХХ ғасырдың басындағы қазақ тарихының деректеріне сүйеніп, шыға бастағанына биыл 95 жыл толып отырған «Жас азаматтың» тігінділерін ақтару үстінде накты тұжырымдар жасаудың реті келіп тұр.

Тұнғыш жастар газетінің алғашқы саны «Жас тілек» деген басмақаламен ашылған. Онда дәл сол кезеңде Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай сараланған. Тәуелсіздіктің болымсыз ұшқыны көрінгендей болып, газет ел бостандығы үшін үйымдасуға шақырады. Мұндай ұлы үміт үшін күрестін алдыңғы шебінен тек жастарды көргісі келеді. Газеттің осы бас мақаласындағы мына сөздердің маңызы әлі де ортайған жоқ, салмағы жеңілдеген жоқ. Өз ұлтының тағдыры үшін шырқыраған көсемсөз шеберлері былай дейді:

«Жастар съезінің тілегі орындалды, өмір тәжірибесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай, «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шықты. Келешектің қараңғылығы, саяси науанының күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті құндердің тууы, дүниеде болуы-болмауы, әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлік құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың үкім сүруі «Жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, құш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың бас міндеті, үлкен борышы. «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі» (17).

Алғашқы санының өзінде Алаштыл жастар үйымының алға қойған міндеттерін айқындал, «жанам деген жүрекке от беремін!» деп ақын айтқандай, қазақ көсемсөзінің озық ұлгісі деуге тұрарлық, шын Отантыл сезіммен суарылған зор қуаттың, бел шешіп күреске түскен саналы күштің екпінін сеземіз. Әрі қарай оқып көрейік: «Бұл тілекке жету үшін «Жас Азамат» Алаштың алтын туын жайқалдыра алатын, дүшпанға күйініш, досқа қуаныш салатын, іргелі ер қылатын бірлікті қолданады. Әлсізді күшеттетін, ауырды жеңілдететін табиғаттың қожасы болған шаруа міндетін қолданады. Ар-иманның, таза адамшылықтың түпкі тамыры әділдікті қолданады.

Осы айтылған жолдарда қарсы күш - қалың жау тұрса да, таудан үлкен тұрмыстық кедергілер тұрса да, «Жас Азаматтың» бет алған сапарынан қайтпайтынына иманымыз берік.

«Жас Азамат» қажыса, талса, қатерден қорықса, от екпінді ұлттың жастардың рухының сөнгені, ұлт үшін «ыстық қан, жас жан құрбан!» деген пікірден қайтқандығы жоқ...

Бұл мүмкін емес, өйткені, жүректеріне нық байланыш, ыстық қандарына сіңген зат - бір буыннан бір буынға көшіп отыратын қасиетті мұра.

Алты миллион Алаштың, жарық ойлы жастары арасындағы жалғыз «Жас Азаматты» алып шығып, асырай алмаса, тұғырға қондырып баули алмаса, пұлға мұқтаж қылса, жас атаулының сүйегіне тарихи үят таңбасы басылады.

Жастар! Келешектегі буындардан алғыс, я қарғыс алатын дәүірге кездестіндер! Ұлттың гүлденуі көркеюі, «Алаш Орданың»abyroйы, айбынды болуы сендерден. Кәрі буыннан қайыр аз. Кәрі буын (біразын шығарғанда) қажыған, қайраты қайтқан буын, ерлігі сөніп, жауынгер бабаларын ұмытқан буын, «төрелерге» құлдық ұрып жатыр. Тұймеге табынған буын, сайлау, партиясымен миларын шірітіп, ұлт намысын, жүрт жұмысын күндік тамағына айырбастаған буын.

Мәдениеті жоғары ұлттардың жастары ұзак жылдар от өмірді ғарып қылышп, көз жасын, жүрек қанын сел дария қылышп, ойлаған мақсатына жетіп отыр. Көз алдымыздығы орыс студенттері алпыс жылдан астам азаттық жолында ескі үкіметпен күресіп келді!».

Осыдан 95 жыл бұрынғы қазақ жастарының жалпы білім деңгейі қазіргімен салыстыруға келмейтіні түсінікті. Ал, саяси сауаты ше? Әрине, ол да төмен. Бір гажабы – сол кездегі күрескер аталарымыздың көзі ашық, кекірегі ояу еді. Олар, ешнәрседен тайынбай, «Қазақ халқы тәуелсіздік алуға тиіс және сөзсіз алады!» деп көрегендікпен болжады. Сол бостандыққа жету жолдарын анық таңдады, өз ізбасарлары – Алаштың жастарын соған бастады. «Жас азаматтың» басмақаласына жазып сол жолды былай көрсетті: «...Біздің Алаш жастары 1905

жылдан ғана бастап, әлеумет қозғалысына кірісіп, саяси күреске ат салыса бастап еді. Енді мінеки, аз жылдың ішінде өз міндетін көздеген нысанага тигізіп отыр. Алаш ұранының үкіметі «Алаш Орда» құрылды.

Аз бейнетпен табылған дәулетті салақсып, ұсақ жұмысқа кірісіп, қолдан шығарып жіберу - кешілмейтін кінә.

Жастар! «Алаш Ордага» мәдени күш беретін күндерің туды! Жер-су, бірлік-бerekеден айырылған кәрі буынның осы уақытқа дейін істеген зор қателері, жетер!

Билік тізгінің қолға алатын күндерің туды.

Ел үшін, жер үшін: «Алаштап!» Ақ ту көтеріп найза салып, садақ тартатын күндерің туды!»

Атап өтерлік бір жай, «Жас азаматтың» беташарындағы осынау сөздердің сарыны содан 11 жыл бұрынғы «Серкенің» (18) (1907 жылы С-Петербург қаласында бір саны шығып тоқтап қалған «Серке» газеті туралы сөз болып отыр.-авт.) алғашқы санына Міржақып Дулатов жазған «Біздің мақсатымыз» деген басмақалаға ете ұқсас. Ұлттық екі басылымның арада он жыл өтсе де, ұмытылмаған мұндай үндестігі тәуелсіздік жолындағы күрескерлердің ұрпақ жалғастығы, дәстүр сабактастығы күшті болғанын көрсетеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін, М. Дулатовтың аталған мақаласына оқырман назарын аударайық. Автор мақаланың айдарына «Қазағым менің, елім менің!» деген сөздерді елжірей жазғанын оқымыз. Басталуы былай:

«Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады... чиновнистер, урядніктер кедей қазактарды ұрып-соғып, малмұлқін тартып алыш...» (19).

Бұл жерде газет шыға бастаған кездегі саяси ахуалды тағы да еске алайық.

1918 жылдың басында Қазақстанның қалаларында билікті большевиктер басып алыш, қара халықты қанға бөктірген болатын. Ал, 1918 жылы жазға қарай, кеңескे қарсы күштердің белсенді бола түсіне байланысты, өлкедегі саяси жағдай шиеленісіп кетті. Азамат соғысының етек алуына бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тұтқынға тұскен Австрия-

Венгрия армиясының солдаттарынан құрылған Чехословак корпусы бүлігінің үлкен маңызы болды. Жақсы қарууланған 50 мың адамдық корпус 1918 жылы мамырдың аяғында Еділ бойы мен Сібірде —Транссібір магистралінің ұзына бойында Кеңестерге қарсы шықты. Корпустың бір бөлігі ішкі контрреволюциялық құштермен бірлесе отырып, Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай қалаларын басып алды. Чехословак корпусының бас көтеруі большевиктерге қарсы барлық құштерді қозғалысқа келтірді. 1918 жылы 11 маусымда Кеңес өкіметі Семей қаласында құлатылды. Большевиктер үкіметі сөз, қағаз жүзінде езілген ұлттарға тендік, бостандық жариялағанмен, іс жүзінде жүзеге асырган жоқ. Осы шешімдер арқылы автономия алып кетуден үмітті болған Алаш азаматтарының осы жолдағы есіл еңбектері акталмады. Ол туралы «Сарыарқа» газетінің 1918 жылды 22 наурыздагы № 35 санында былай делінген: совет хұкіметі өткен декабрьдің ішінде бүкіл Россиядағы жұрттарға «Бас билік тізгінің өзінде. Мейлің Россиямен қанаттас автономия болып отыр, мейлің Россиядан бөлініп, өз алдыңа жеке мемлекет болып отыр, ерік өздерінде» деп жария қылған еді.

Антанта елдері қолдаған чехословак корпусының көмегімен Самарада эсер-ақвардияшылар үкіметі - Құрылтай жиналысы комитеті (Комуч), Омбыда адмирал Колчак баскарған Уақытша Сібір үкіметі құрылды. 1918 жылы 18 қаңтарда Орынбордан куылған атаман Дутов Кеңестерге қарсы қайта шабуылға шықты, 1918 жылы 3 шілдеде Орынборды басып алып, Кеңестік Түркістанды Орталық Ресейден бөліп тастады.

Қазақстанның көптетен өнірлерінде Азамат соғысының етек жайып, Кеңес өкіметін құлату жағдайларында «Алашорда» (Алаш автономиясының үкіметі) Кеңестерге қарсы бірігіп күресу үшін Орынборда атаман Дутовпен одақ құрды. Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен және Самарадағы Құрылтай жиналысы комитетімен (Комуч) тығыз байланыс орнатты, Кеңестерге қарсы бірлесе күрес жүргізу мақсатымен Орал, Сібір және Жетісу қазақтарымен байланысын нығайта тусты.

Осындай аумалы-төкпелі заманда «Алашорданың» тағдыры қыл үстінде тұрған. Қазақ халқының тәуелсіздікке деген үміті де бұлдыңғыр еді. Жастар баспасөзі: «Келешек қаранды, жағдай күн сайын құбылған, апатты күндер туды, қазақ халқының дүниеде болу-болмауы тарих безбеніне тартылды, ұлттың өмірлі құқықтары аяқта тапталды, жаңа билік халықтың қанын сорып отыр...» деген сияқты алапатпен келген апатты, ел басындағы қайғылы халді түсіндіріп, көзге шұқып көрсетіп, қазакты сақтап қалу үшін жастардың «тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, құресетін майданына шыққанын» шырқырап хабарлады, белді буып, етекті жиып, құреске кіргенін паш етті.

Сол кезде де, кейінде де ұлт мұддесін шен мен шекпенге, арзан атақ пен уақытша қызметке айырбастап жіберген аталарымыз өздері де, өзгені де зор қайғыга, қасіретке ұшыратты. «Алашорда» үкіметі ойлаған міндетін орындаі алмады, сыртқы дүлей күштің, ішкі алауыздықтың, жаңа отарлау саясатының құрбаны болып, күйіп кетті. Бұл ақиқат казір ғана, Қазақстанның дербес мемлекет болып тарихи даму дариясына өз ескегімен қайық салған кезде ғана мәлім болып отыр.

Өздерінің осындай үйім құрып, газет шығару сырын оқырмандарына жолдаған «Ашық хатында» осы үйімның кіндік комитеті: «Ел көп топырдың ортасында аяқасты бас қосайық деген пікір туып еді. Бұл пікірді туғызған – көкті қаптаған қара үлт - большевик дауылы еді. Бұл дауылдан қазақ елін шамамыз келгенше аман сақтап қалайық, шамамыз келгенше тарих алдында кінәсіз болармыз, өлсек бір шұқырда, тірі болсақ бір төбеде деген мақсұт еді» (20), - деп түсіндірді.

Алғашқы қазақ жастарының газеті, Алашшыл жастардың үні - бұл газеттің шығуына себеп болған 1918 жылғы сәуір-мамырдағы бірінші съезд екенін, ол жөнінде Мұхтар Әуезовтің «Тұнғыш қазақ жастарының съезі», «Қазақ жастарына» деген мақалалары болғанын да атап көрсетеміз. Газеттің шығарылуы біздің қазіргі журналистік қызметіміздің түсінігінен мұлде бөлек, аса қыын жағдайда өткен еді. Сондықтан, Ресейді іштей

бұлдіріп, бір туғанды өзімен-өзін қырқыстырып жатқан саяси күштерден қазақ зиялышы үлгі алмауы керектігін «Жас азамат» ерте-ақ ескерткен.

Газеттің бірінші санында «Бұлінгеннен бұлдіргі алма!» деген саяси шолу басылды. Оnda: «Большевиктер орыс зиялышары мен жұмыскер-қарашекпендердің арасына жік түсірді, бұл ауру бізге жұғып жүрмесін» (21), деп ашық айтып, аз қазақты бірлікке шакырды. Мақала авторы, қазақтың көрнекті көсемсөз шебері, Алаш жастарының жетекшісі Қошмұхамбет Кеменгеров болатын.

Бір кезде С. Сейфуллин көрсеткендей, сол заманда шығып тұрған қазақ тіліндегі баспасөз нұсқаларының басшылыққа алғаны – «Қазақ» газеті екендігі анық байқалады. «Бәрі Орынбордағы «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді. Бәрінің құлақ-күйін «Қазақ» газеті бұрап беріп, нұсқау беріп отыратын болды. «Қазақтың» басындағылар Қазақстанның әр жеріндегі ниеттес адамдарына нұсқау беріп, хат жазып жатты», деген еді «Тар жол, тайғақ кешудің» авторы.

Жас қаламгердің және олардың тілектестерінің бұлайша алаңдауына себеп көп еді. Қазақ жастарының Омбыда өткен бірінші съезінде (С. Сейфуллиниң көрсетуі бойынша) Ақмола уезі жастарынан құрылған «Жас қазақ» ұйымының атынан барған А. Асылбеков сияқтылар нақты жағдайды түсінбей, қазақ тұтастығын бұзып, өздерінше төңкерісшіл, большевикшіл бола қалған еді. Орыс төңкерішілерінің желбуаз, жалған ұранына сенген қазақ жастарының бұл тобы саяси күрес тәжірибесінен ада, қоғамдық құбылыстарды өз бетінше, саналы бағалай алмайтын. Тіпті, олар саяси күрес, пікірталас дегеннің не еkenін білмегендіктен, өздеріне қосылмағандарды балағаттап, жала жабудан тайынбады. Кейінде мұндай алауыздықты отаршыл, шовинистік билік пайдалана білді. Ұлттық мемлекет, тәуелсіздік ұранын көтерген қазақ зиялышарын түгел құртып жіберді.

Алашорданың саяси ұйым ретіндегі қызметіне баға беріліп, Кеңес құрылышына қарсы шыққандығы қылмыс емес, саяси қозғалыс деп танылып, 1919 жылы кешірілсе де, қазақтың кейбір азаматтары коммунистік билікке жағынып, қоламтанды

қайта көсегенін тарих біледі. Мұның өзі санасы оянған халықтан корқып, саяси қуғын-сұргін науқандарын бастаған тоталитарлық жүйенің отына май құйды. Басқалармен бірге, «Жас азаматтың» қаламгер кайраткерлері де жаппай атылды. Кеңес коммунистері өрттей қорқатын «Алашорда» деген сөз қайта-қайта еске салынып, қазақ зиялышарының ел тәуелсіздігі үшін құресі қылмыс ретінде насихатталды.

Мысалы, кезінде С. Сейфуллин: «Жалғыз-ақ, аз болсын, көп болсын қолынан келгенше қайрат (казірше белсенділік) көрсетіп жатқан Алашорданың жастары екені газеттерінен көрінеді. Алашорданың жастар ұйымы барлық Қазақстанның ұлтшыл жастарына нұсқа беріп, Қызылжарда «Жас азамат» газетін шығарып жатыр» (22) деп жазды. Әрине, автор қазақ жастарының газет шығарған талпынысына қуанып отырған жоқ, жылдар өтіп кеткеннен кейін де, коммунистік идеология тұрғысынан әшкөрелеп, кекеткен болып жазғанын түсіну қын емес. «Жас азаматқа» жаны қас болса да, кеңестік жазушы қазақ жастарының осындай басылымы болғанын, сол газетті шығаруға «қолынан келгенше қайрат, белсенділік көрсетіп жатқан Алашорданың жастары...» туралы тарихи маңызы бар мағлұмат қалдырып отыр. Бұған да шүкір.

«Жас азаматтың» Қызылжарда шығып тұрғанын, қазақ жастарының, жалпы қазақ қауымының тәуелсіздікке деген арман-мұңын айғақтап, қоғамдық сананы оятуға күш салғанын Жусіпбек Аймауытов көрсеткен. Ол Семейде шығып тұрған (22) «Сарыарқа» газетінің 1919 жылғы 20-ақпандағы санына «Газет, журнал оқушыларға» деген мақала бастырып, орыс тіліндегі бір газеттің қазақ баспасөзін ғайбаттап, «оқушылары болмағандыктан қазақтың бір газеті мен журналы жабылып калыпты» деген хабарға қарсы сөйлеп, түсінік берген: «Бұл хабар бекер, - депті Ж. Аймауытов, - «Жас азамат» күні бүгінге дейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбің болып еді. Енді тоқталмас дейміз. Өйткені, Омбы жастары әдебиет кешінен мың сом, Семей жастары бес мың сомдай көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтерушілер табылатын көрінеді» (23).

Зерттеуші Д. Қамзабекұлы газеттің 22 санын қаралышын, «№ 1 - № 11 сандарының редпакторы Қошмұхамед Кеменгерұлы, № 12 - № 16 сандарына қол қойған Біләл Малдыбайұлы, № 17 - № 22 сандарында қайтадан Қошмұхамед Кеменгерұлы болған» деген құнды тұжырым жасайды.

Сол дәуірдегі журналистика дәстүрінде мақалаларды қол қоймай жариялау, немесе бүркеншік аттарды пайдалану жағдайы жиі кездеседі. Сондықтан, газет материалдарының авторларын анықтау қыынға соғады. Мысалы, «Жас азаматтың» бірінші санында басылған «Жас тілек» деген бас мақаласын авторы көрсетілмесе де, оның редакторы Қошмұхамед Кеменгерұлы жазған деп топшылауга болады. Мақалада жаңа газеттің бағыт-бағдары көрсетіліп, келешектте бет-бейнесі қандай болатыны айтылған, оқырмандарға тілек арналып, газет жұмысына белсene қатысып тұру сұралған. Демек, мұндай мазмұнды сөздер әдетте редактордың ғана қаламынан туады.

«Жас азаматтың» осы санында Алаш партиясы атынан «Алаш азаматтарына!» деген тақырыппен ашық хат басылған. Қазақ жастарының тұңғыш және бірден-бір саяси ұйымының басшылары жастарға ұндеу тастайды. «Алаш Орда тігілді, ақ ту көтерілді. Енді әркім шамасына қарай ұлтына қызмет қылуды тиіс» деген тарихи міндет алға тартылды. «Жастар! Атқа мін! Басқа жұрт көрсін!» деген ұранның құдіретті қуатын дәл қазір көзге елестетіп көрейікші. Қашан да келешек - жастардікі. Мысалы, біздің тәуелсіздік алған еліміз Қазақстан Республикасының келешегі де жастар. «Жас азаматтың» 95 жыл бұрын жар салып таратқан шақыруын дәл қазір де қайталаудың жөні келіп тұрған жок па!

«Жетісіне бір рет шығады» деп хабарланған газеттің алғашқы санын кеңірек сипаттаудың жөні келіп тұр. Жастар баспасөзінің қарлығашына талмас қанат, ұзақ ғұмыр тілеген құттықтауларды дәл қазір де тебіренбей оку мүмкін емес. Мысалы, Жұніс деген автордың өлеңі: «...Ұлтына мәнгі бақыт, ерік тілеп,/ Қол созды «Жас азамат» нұр аспанға!» деп аяқталады. Ақмоладан келген жеделхатта: «Жас Азаматтың» нұрлы шырақ жас жалауы болып, бақыты өрлеп, күші молайып,

көздеген мақсатына жетуіне тілекtesпін» делінсе, Семейдегі «Жанар» атты жастар ұйымы «Ыстық жүрекпен «Жас Азаматты» қарсы аламыз! Тартқан бағытына хайырлы сәт тілеймін», деп құттықтайды. «Әр ұлтты өрге сүйреттін, өрнек болып тура жолға бастайтын басшы дат газет болғандықтан, ұлт пайдасын ойлап, адал ниет, ақ жүректен шығатын жасөспірім жаңа талап «Жас Азамат» газетінің бауы берік болуына тілекtesпіз», деп ағынан жарылып қол қойғандар Мұхаметсәлім Кашимов пен Хасен Темірбеков екен.

Қамтыған тақырыбы жағынан қарағанда, жарияланымдарда саясат мәселесінің басым болуы – уақыт талабы екенін түсінеміз. Және қазақ жерін отарлауды тежеу туралы сол кездің өзінде ашық пікір таратқан жастардың ісіне айызын қанады. Айтальық, 1918 жылғы 18 тамыздағы З-санында шыққан «Өлген тірілмекші» деген мақалада Ресей үкіметінің қоныстандыру мекемесі жойылып, Қазақстан жеріне ішкі Ресейден ауып келіп жататын «қоныстанушылар» легі саябыраған болса, «Қазақ жерінің бір кезде әзәзілі болған переселен мекемесі қайтадан тіріледі деген қауесет бар. Ондағы тірілудің мақсаты: Оралдың ар жағында жерсіз, қара құрттай қайнаған мұжықтарды миллиондан әкеліп, Сібір жеріне орнықтыру. Әткен жылы Уақытша үкіметтің Сібірге переселен жіберілмейді деп бекіткен қаулысын қолданбаймыз деседі. Мұндағы жергілікті жүрттар мен қашақтар сиыса алмай жатқанда, тағы қанша переселендерді төге салу үшін переселен мекемесін тірілту қамына кірісу, саясат жағынан көзқарастың өзгергендігін көрсетеді. Қашан үлкенді-кішілі құрылтайлар құрылғанша, қазақ жерінің үлеске түспесіне іс басындағы Алаш азаматтары қам қылуы керек. Әр жерде жергілікті мұжықтармен қосылып, переселен мекемесін тірілтпеске тырысу керек». Автор Жәдігер-Жаныстың бұл жанайқайы сол дәуірдегі әр қазақтың қайғысы десе болғандай.

Халықтың келешегі үшін құресетін, оның алдағы тағдырының қандай болмағын айқындайтын көзі ашық, жаны таза, саналы жастар екендігін бұл басылым әуелден-ақ жария етті. Мағжан Жұмабаевтың «Жастарға!» деген өлеңі сол

замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай.

Газеттің үшінші санына басылған 25 жастагы ақын Магжан Жұмабаевтың «Жастарға!» деген өлеңі сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай. Магжан сөздеріне беташар болған, көсемсөз түріндегі нұсқасы мынау: «Жастар! Жүрек толқытқан шерді, ми толқытқан ойды жарықта шығарып, майданға салындар! Алда жүрген Алаш жолында аянбай қызмет қылған адад жүрек ағалардан ұлгі, өнеге алындар!

Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жұз жылдай еңсесі түскен елді ойландар! Күнді - тұн, жақынды - жат, пайданы - зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірмеген елді ойландар!

Тұн қараңғы, дауыл қатты. Бірақ, ұлт бақыты жастарға – нұрлы сәулө!!! Жасасын, «Алаш Орда!» Жасасын, Алаш көшбасшылары! Жасасын, Алаштың жау жүрек, ұлтшыл жастары!» Жас ақынның жалыннатқан шақыруы тек өзінінің ғана емес, алты миллион қазақтың атынан айтылып, қазақ көгіне шалқы көтерілген Ұлт ұраны еді:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!..

... «Алаш» - айбынды ұраны,
Қасиетті құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Тау суындағы гүрілдер,
Айбынды Алаш елім дер.
Алтын Арқа жерім дер
Мен жастарға сенемін!..

...Мен сенемін жастарға!
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір танда!
Мен жастарға сенемін!

Смағұл Садуақасовтың аузынан шыққан: «Мағжан – қазақ жастарының ой-санасының әміршісі» деген сөздің түптамыры, бәлкім, осы бір отты-жалынды өлең жолдарында жатқан шығар.

Улken тебіреніспен, күйзелген жан толқынының қуатынан туған бұл жолдар қазір де, бұдан былай да «Мен қазақ ұланымын!» деген әрбір жастың жүргегіне жол тауып, буырқанған құлшыныс туғызыарына сөз жоқ. Әнұран екпіндес, шақыру, дабыл сипатында қайта-қайта «Мен жастарға сенемін!» деп келіп отыратын шумақтар, көкірегінде сәлғана шоғы бар саналы пендені жалыннататын құшті көрік еді. Осы ұлы ұранды туғызған Мағжанның өзі 25 жаста, ал газет редакторы Кеменгерұлы 22-де, білікті көсемсөз шебері ретінде танылған Смағұл Сәдуақасұлы 20 жастаған. Осындағы от жүректі, озық ойлы қазақ жастары өздерінің арман-мұратын халқына тарату үшін баспасөздің күдіретті құшін пайдаланған.

Осы бірінші санының беташарына «Омбыдағы Алаш партиясының бас комитетінің» атынан «Алаш азаматтарына!» деген тақырыппен жарияланған әкелер мен ағалар сөзі «Алашорда» үкіметі қанаттанып, ел билігін қолына ала бастаған, сол айлардағы саяси ахуалды түсіндіруге арналған. Қатардағы үгіт пен насиҳат емес, жастардың өздері шығара бастаған «Жас азамат» газеті үшін арнайы жазылған, салмақты сөз, салиқалы ақыл-кенес былай басталған:

«180 миллион Россия халқын 300 жылдан астам бір шыбықпен айдаған Роман тұмының тағы күйреп, іс басынан құлағандай, жеті айдай зорлықпен, қан ішерлік пен билік жүргізіп дәурен сүрген большевик үкіметі де, Сібір жерінде жығылды.

«Дін үшін, туған жер үшін, патша үшін!» деп Николай үкіметі халықтың қанын қандай сорса, социализм үшін,

жұмыскер христиан үшін, Совет үшін!» деп большевик үкіметі де халықтың қанын сондай сорды.

Қолдан мал, бастаң ерік кетті. Бостандық, теңдік арманы арамтамақ, қаны бұзакылардың тепкісіне түсті. Халықты қараңғыдан жарыққа шығару жолында аюдай үкіметпен алысып, абақтыда бит-бүргеге жем болып, қыршын өмірлерін қоршылықта, таршылықта өткізген саяси сабаздар, олардың бейнеті, қаны мен миынан табылған олжа да зорлықшылдардың аяғының астында қалды.

Ел таланды, шабылды, ашықты, ер азамат қанға батты, алыстағы алысқан жау былай қалып, аяқ астынан жауласып, ағайын жұрт бірінің етін бірі жеді.

Қара халықтың өзі сайлап қойған мекемелері тас-талқан болды. Ұры-қары, ит мінезді азғындар халықтың қасиетті тағдырына ие болды. Халық қазынасы ұстаганның қолында, тістегеннің аузында кетті...».

Жағдай осылай болған соң, не әрекет қылмақ керек? В. Ленин бастанған большевиктер, бірінен кейін бірін жалғастырып, екі декрет шыгарғаны мәлім. Оларда барлық ұлттардың өзін-өзі билеу құқын өз қолына бермек болған, тіпті мұсылмандарға жеке үндеу тастан, «өз мемлекеттігінді өзің құрып ал», деп дәмелендірді. Билік үшін қурестің бастанқы кезінде осылай сайраған коммунистер, жеме-жемге келгенде Ресейдің ғана мұддесін қоргайтынын білдіріп, басқа жұрттарды алдаң кетті. Сондықтан, Алаш көсемдері шындықтың беттін ашқан: «Бұратаналардың билігінің өз қолында деген арман-үміті қапыда аққан қан болды. Қырым, Кавказ, Башқұртстанның, Түркістанның... қанды оқиғалары, большевиктердің қанқұмарлықтарына айдай айқын дәлел. Алты миллион Алаш халқы көз жасын тәгіп, құдайдан тілеген Ақ ордасын тіге алмады. Алаш азаматтарының қайсысы қараңғы тар абақтыны көрді, қайсысы бұл жамылып, мұз төсөніп қашып журді, қайсысы жасылданып жанған отқа, шапқан қылыш, атқан оққа қарсы жүрді.

Алаш үшін ажалдан тайынбады, басқа жұрттың большевигі біреу болса, Алашқа деген екеу болды. Өзімшілдігін ұлт пайдасын сатқан жақыннан жат шықты.

Қашан да болса, ақтық шындық үстіге шықпақ, жауыздық жоғалмак – тұрмыс заны. Большевиктердің һәм большевикшілдердің жеті айдың ішінде істеген зорлықтары өздеріне жендет болды. Қар суындаған, қазанның күйесіндеги большевиктер жоғалды. Большевик бұлты басқан бостандық күні жарқырап, жаңадан шықты, нұрын төкті»

Заңды билікке ие болған үкіметі жоқ Ресей іштей бүлініп жатқанда, большевиктер де құлап, Алаш туы астына жиналып, аз ғана қайраткерлерінен үміт күткен шақ еді ол. Содықтан күрестің жаңа ұраны мынау болмақ:

«Азаматтар! Құдай Алаштың тілегін берді. Дүшпан қеудесі басылды, үні өшті. Қозғалмластай күйге түсті.

Алаш Орда тігілді, Ақ ту көтерілді. Күні ертең тұрмыс тонын пішетін, келешекке үлгі жөн салатын Алаш құрылтайы болмақ. Аяқтан әуіре, қолдан кісен, ауыздан қақпақ кеткен Алаш боласы өз құрылтайынды көріп өлсөң, арманың жоқ!

Откен өмірдегі ауыр жағдайға қалың қайғы, көз жасы - бәрі де енді ұмыт болды. Қара шаңырақ «Алаш Орданың» тігілгені - бір уақытта қазакты алға шығарды.

Ақсақалдар, ағалар! Ақыл айтып, жол бастаңдар! Баяғы еркін дәуреннен сөз қозғап, жастардың жүректеріне қызулық жалынын салындар!

Қазак-қырғыз бір киізде кемеліне келген, өз алдына хандық құрып, билік жүргізген ел емес пе еді? Топ бастаған көсемі, сөз бастаған шешені, қол бастаған батыры бар емес пе еді?

Дәүлетті байлар, мырзалар! Кісілік малда емес, әсте бүгін бар дүние, ертең жоқ. Әркім шамасына қарай ұлтына қызмет қылуы тиіс!»

Міне, XXI ғасырдың алғашқи ширегінде, Тәуелсіздіктің 22-ші жылында, біз сол Тәуелсіздіктің қалай келгенін, қай кезде кімнің қайрат қылғанын түсінгіміз келсе, «Жас азаматтың» беттерін ақтарып, көз салайық, көніл қояйық, түсініп, түйсініп

оқыық. Көсемсөздің осы бір асылдың сыйнығындағ, ақ алмастай жарқыраған нұсқаларын алдарыңызға жайып отырмыз. Тағы бір-екі лебіз мынадай:

«Жастар! Атқа мін! Басқа жұрттар көрсін! Орал, Алтай, Ертіс, Есіл-Нұра, Еділ-Жайық бойында шарқ ұрган арыстандай ақырган Алаштың рухының сөнбегенін көрсін!

Япырмай! Кеше ғана ел емес пе еді? Алты миллион Алаш баласының басы құралмай, жер-судан айырылып, пендеге пенде болып жүргені, мейірімсіз тас бауырлардан раҳым тілең жүргені.

Міне! «Алаш Ордаға» жәрдем қылмасандар, Ұранға қызбасандар, сол көңілсіз күндерің алдарында даяр.

Ардақты азаматтар! Алаш туы Қағбамыз болсын, бәріміз соған қарайық. Алаш тілегі иманымыз болсын, бәріміз соған ұйыйық. Иншалла Алаш жасайды! Жасасын Алаш Автономиясы!!!» Бұған сөз қосудың өзі артық болар. Күні бүгін Көк туымызға жазып қоятын асыл лұғат осындай-ақ шығар.

Жер-жердегі жастар ұйымдарынан редакцияға келіп жатқан хабарлар да ірі маңызды, әрі қызық. «9 июльде Алаш [Жаңа Семей] қаласында «Жанар» ұйымының жалпы жиылдысы бекіткен қаулылары: 1) ұйымның қаражатын күшету үшін үйін жасау; 2) Семей облысындағы ұйымдардың съезін шақыру; 3) Омбыда болған жалпы Қырғыз – қазақ жастар съезінің қаулыларын мүшелер тегіс қабыл алған. Мұндағы «Жанар» ұйымының атын өзгертіп, «Жас Азаматтың» облысной бөлімі делінген; 4) «Жас Азамат» газетіне екі жұз сом жарна жіберу. Жеделхатқа қол қойған – жастар ұйымның секретары Нұралы Асылбаев». Немесе: «Керекуде «Жас Азамат» бөлімін аштық. Бар күшімізben қолтықтаймыз! Әлиманов, Нұрымов».

«Жас азаматтың» 4-саны сол кездегі оқырмандарды селт еткізген оқыс қайғылы хабармен ашылды. Оны «Алаш құрбаны» деген тақырыппен жазған Міржақып Дулатұлы. «Алаштың бағланы Отыншы Әлжанұлы қанішер большевиктің оғына ұшты. Мәлік Аманжолұлы жарапанды. Жетісу қазағы қырғынға ұшырап жатыр...» деп бастаған Жақаң, өз кейіпкері Отыншы Әлжанов марқұмның ұлты үшін атқарған ғибратты ісін

өзгелерге үлгі ете отырып, талдап, баяндан шыққан. «...Алаш милициясын құру қамын қылып басшы сайлап енді Алаш Ордаға жүремін деп тұрганда, Отыншы төрт ай сарғайып, көрмеген бейнетті көріп, өлімнен қалып, әрек құтылғандығы «Сарыарқа»да жазылған. Бұлар абақтыдан шыққанша большевиктер қүшейіп, Лепсідең қазаққа тиғен 500 мыңды алғып қойды, жүртқа ойран сала бастады. Отыншы абақтыдан шыққан соң, жолдастарымен бірігіп, елді қырғыннан қалай алғып қалу шарасына кірісті. Ұрыжар, Лепсі жағына келіп, ер азамат жинап, большевикпен соғысуға бел байлады...ұлты үшін өлімнен қорыққан жоқ, оқтан тайынған жоқ. Есіл ер Алаш жолында ғазез жанын құрбан қылды. Топырағың торқа, жаның жаңната болсын аяулы Отыншы! Ұлтың үшін қан жыладың, қамын жедің, қызықты ғұмырың абақтыда, айдауда өтті. Сонда да тауың шағылмады. Қамалға шаптың, қанға боялдың, қаза таптың, бірақ арманда кеттім, Алаш көргенін көре алмадым деме. Сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас! Хош бауырым!»

Осы оқиғаға байланысты газет редакторы Қошмұхаммет Кеменгерұлы да газеттің екінші бетінде лебіз білдіріп, Отыншы марқұмның қазасына оқырмандар атынан қатты қайғырған. «Жана ғұлденіп келе жатқан Алаштың көшбасшы азаматтарға ете мұқтаж уақытта қанішер, жендет большевиктердің қолынан мезгілсіз қаза таптын. Ертеден ел қамын ойлап, Алаш тілегін қолыңа шырақ қылып ұстап едің, сол шырақтан өміріңнің актық сағатына шейін айырылмадың. Білім дариясынан сусындауыма, саяси көзімнің ашылуына себепкер болып, ұлытшылдықтың өріне сүйреп едің, алыста жатсан да ақыл сабағынды хатпен беріп, асқар болып едің».

Газеттің бесінші саны Алашорда өкіметінің Ресейдің Сібір үкіметімен, мемлекеттік думасымен байланыстары, келіссөздері туралы егжей-тегжейлі мағлұмат беретін көлемді саяси шолумен ашылған. Мысалы, Челябі қаласында шақырылмақ мәжіліске ерекше назар аударып: «осы совещанияға қатысып, Алаш автономиясы басқа Орал бойы, Орынбор, Башқұрт, Сібір автономиялармен терезесі тең

келіссөз жасап, өз сыбағасын алып қалуы» керектігі негізгі мақсат ретінде қойылған.

1918 жылғы 24 маусымдағы заң актісімен «Алаш аумағында 1917 жылы 17 маусымда Уақытша үкіметтің қаулысымен енгізіліп, оны Кеңес өкіметі жойып жіберген земстволық мекемелер қайта қалпына келтірілді». (24) Сары-Арқа. 1918, 8 шілде). Сонымен бірге, Алаш автономиясы барлық әдіс-амалдармен Ресейдегі жаңа құрылған түрлі үкіметтерден II Бүкілқазақ съезі шешімінің негізінде қазақ автономиясын мойындауларына бар күшін салды. Әртүрлі үкіметтермен (Құрылтай жиналысының комитеті, Сібір облыстық думасы, Уақытша Сібір үкіметі және т.б.), Ресейдің бірқатар саяси партияларының көсемдерімен келіссөздер жүргізе отырып, Ә. Бекейханов бастаған Алашорда басшылары қандай жағдай болса да, қазақ халқына ұлттық мемлекеттілік құру мүмкіндігін күн тәртібіне қойды.

Жастар газеті шын мәнінде қазақ жастарының санаы оянуының, олардың мәдени жағынан гүлденуінің әрбір қадамын көрсетіп отырды. Мысалы, Ахмет Жантәлұлы деген автор газеттің 1918 жылғы 5-санында Қызылжар жастарының «Аш қазақ-қыргызға жәрдем ету» жөніндегі жоспарларын жария етті. Бұдан кейін газетте осы мұқтажға қаржы жинау мақсатында «15 қарашада Қызылжардағы «Талап» жастар қауымы Қ. Кеменгерұлының үш бөлімді «Өулие тәуіп» пьесасын қойды» деп хабарлады. Сондай-ақ, қазақ жастары Қ. Кеменгерұлының «Бостандық жемісі» драмасы мен М. Дулатовтың «Қызыл қашар» деген фельетонын сахнаға шығаратынын газет арқылы жария еткен. Және «Тұскен қаржы «Жас азамат» газетасына, аш-жалаңаш, қыргыздарға, тұтқын түріктерге һәм соғыстан жараланған чех солдаттарына берілетінін» жеткізген. Сол жылғы 13 желтоқсада, Алаш автономиясының бір жылдығы Қызылжарда үлкен той болып өткен, «Талап» жастары театрда спектакль қойып, одан тұскен 4409 сомның 1231 сом 15 тиының «Жас азамат» пайдасына қосқан. Дәл осындай мәдени шараның 1919 жылғы 3 қаңтарда Омбы қаласында өткенін, оны ұйымдастырған қазақ жастарының «Тілек» қауымы екені 22-

санында хабарланған. «Бұл ойында көбірек қызмет көрсеткен қырындасымыз Аққағаз бикеш Досжанқызы болды. Аққағаз бір бөлмені казак үйіне айналдырыды. Ішін жасаумен көркейтіп түрлендірді», дейді тілші.

Мұндай ұйымшылдық пен саналы әрекеттер әркімнің қолынан келе бермейтін мәлім. Дәл осы жастар содан кейінгі 5-6 жылда-ақ қазак халқының азаттығын баянды ету құресінің маңдай алдынан көрінді. Ғұмырлары ұзақ болмағанымен, кейінгі ұрпаққа отансұйғаштіктің ғажайып үлгісін көрсетіп кетті.

Ерекше атап өтуге тұратын жайт, «Жас азаматтың» 19178 жылғы 16 желтоқсандағы саны редакция атынан «Екінші Жалпы қазак съезінде алты Алаштың баласы түгел бас қосып, қазақ ұлтының келешектегі елдігіне негіз құрған тарихи 13-нші декабрь күн бүтін Алаш ұранды Қазақ өлкесіне құтты болсын!» деген құттықтаумен ашылып, түгелде Алаш автономиясының бір жылдығына арналды. Басмақаладағы мына сөздер сол дәүірдегі Тәуелсіздік аңсаған әр қазақтың жігерін жанып, асыл арманға бастаған жалынды ұран еді. Тоқсан бес жыл өтсе де, тебіренбей оку мүмкін емес:

«[1917 жылғы] 13-інші декабрь - Екінші жалпы қазак съезінің Ақ орда тігіп, Алтын ту көтеріп, автономиялы жүрт боламыз деген күні. «Автономияға мал-анды құрбан қыламыз!» деп қойған соң, құніреніп құран оқығанда, ақжүрек адап ниетпен ақсақалдар, жастар тілек қылғанда, қуанғаннан моллалардың көнілі босап еңіренген күні. Мінеки, сол ұлт қанын тасытқан, үміт құрағына ат шаптыртқан тарихи 13 декабрьге тап бір жыл.

Осы бір жылдың ішінде Алаш тізгінін қолына алған «Алашорданың» басынан кешкен ауырлықтары көп болды. Әлі де тар кешу, тайғақ жолдар болуы мүмкін. Ұлт тілегі бір күнде тездікпен һәм женілдікпен орындалмайды, от алып, өшуді көтермейді. 13 декабрдің қазіргі алдымызға тартқан жемістері Алаш автономиясына іргетас салды. Бұл - бір. Шашыраган ұлтшылдықты бір ізге салып, бір жерге жинап ұлт құресіне үлгі берді. Бұл - екі. Жалған ұлтшылдардың өрісін тарылтты. Бұл - үш.

Осындаі, өлгенді тірілткен, өшкенді жандырган, өткен дәуренді, ұшқан бақты еске түсірген 13 декабрьді өте құрметтеп өткізуге, саясат дүниесі сай қалпында емес. Бірақ қоюланған тұн тараңқырап, кейін бұлт ажырап, нұрын төгіп, таң ататын. Ерте ме, кеш пе, 13 декабрь Алаш елінің ардақты күндерінің бірі саналар. Алаш тарихына алтын сиямен жазылар!»

Ұлт көсемдерінің «Тәуелсіздік!» деген бір сөзге сиған арманы орындалды, бірақ, 13 желтоқсанды Ұлт Мерекесі етсек деген аманатын әлі ескере қойған жоқпыз. Бұл да – өкінішті шындық.

Газет қаламгерлері оқырмандарына сөз тастап, азаттық күресінің жылнамасын жасауга шакырады, естеліктер мен құжаттарды «Қазақ» «Сарыарқа» «Жас азамат» «Абай» басқармаларына осы бастан жинауга қам қылып, оларға Алаштың азаматтары тартынбай, керекті нәрселерді уақытымен жеткізіп тұрса екен», деп сұрайды. Өйткені: «Мәдениет жолына аяқ басам, жарыққа қол сермеймін, деген жүртқа өзінің һәм басқаның бұрынғы кім екенін танып, таразыға салуы үшін тарих керек. Өткенді еске түсіріп жақсыдан жаманды, қарандыдан жарықты айырып, адамның көз алдына айқын ашып көрсететін - осы тарих. Надандық үйқысынан жаңа бас көтеріп, жарық жолға қарай қарманып, қол сермеушінің бірі - біздің қазақ. Және сол жарық жолға жетуге дауа болатын көп құралдың бірі де – тарих».

«Жас азаматтың» 1918 жылғы 4-қазандағы алтыншы санында жарияланған Смағұл Сәдуақасұлының «Өмір үшін күресу» деген мақаласы кемел ойдың жемісі десе болғандай. Әлкисасын қалың қазаққа таныс әрі түсінікті тіршілік түйткілдерінен бастап: «Адам баласына жан дүние қамы үшін алдымен тамақ, киім, үй керек. Әсіреле тамақсыз, киімсіз тұру мүмкін емес. Мал асырау, егін салу, сауда қылу, ұсталық құру, тіл, қолөнер білімін кәсіп қылу, жалға жүру, тіленшілік құру, ұрлық қылу - бәрі де жан дүниенің қамы. Осындаі жолдармен өмір үшін күрескендер көп. Бұлардың ішінен біреуінің тұрмысы жақсы, екіншісінің тұрмысы орташа, үшіншісінікі жаман. Бұлай

булудың себебі: күресушілерде әдіс – тәсіл жағынан айырма барлығынан» екендігін айтады.

Автор өз ойын айқын түсіндіру үшін қазак халқы мен алыстагы неміс жұрттының тұрмыстық жағдайларын салыстыра отырып, өз қазағын озық немістің деңгейінде көргісі келеді. «Не іске болса да әдіс керек. Және заман өткен сайын әдіс өзгеріп тұрмакшы. Мысалы, тұрмыс жүзінде ең әдісшіл Германиядағы немісті һәм ең әдіссіз біздің қазақты алайық, екеуі де өмір үшін күреседі, бірақ неміс әдіспен күреседі һәм заманға қарай өзгеріп отырады», дей келіп, уақыт талабына сай тіршіліктің амал-әрекеті де бейімделіп отыруға тиіс екендігін жақтайды. Ол үшін, яғни «Шаруаны түзеуге әртүрлі әдістер қолдану үшін саяси кеңдік болып, ұқімет жағынан бір де қысымшылық болмасқа керек». Билік орындарының қоғамды демократияландыруы қажетті шарт екенін көрсетеді. Ал, мұндағы Смағұлдың саясат пен шаруашылықты ажырағысыз бірлікте көруі де сұнғылалық. Бұл жөнінде ол: «Бұрынғы уақытта біздің қазақтың оқыған азаматтары бірінғай саясат жолымен жүруші еді. Әлі де азаматтарымыз сол жолда. Бұлай жүрмеске осы күнгі заман ағымы қоятын емес. Сонда да шаруаны кейінге қалдыруға болмайды».

Сол кездегі басты мәселе, қазақтың бүкіл тағдыры шешілетін, келешегінің қандай боларына себепкер жер мәселесі «Жас азаматтың» негізгі тақырыптарының бірі болғаны заңды еді. Газетті шығарушылар «Қазақ жері» деген мақалада: «Қазақ жерін Ресей-сүлік сорды. Большевик көп нәрсе істеген жоқ, бірақ қазақты түгел кедейлендіріп, орыстың жібермекке бел буды», (25) деп тарихи шындықты ашып көрсетті. Қ. Кеменгерұлының «Қазақ жеріне қолқа салушылар» деген мақаласында кеңес ұқіметінің қазақ жері жөніндегі саясатына өз көзқарасын білдіреді. Кейінде жүзеге асқан бұл саясаттың басталуына көз жіберу үшін «Жас азаматтың» бетіндегі осы материалға аз-кем тоқталайық.

«Откен аралықта қазақ жеріне салқынын тидіретін төмендегі төрт түрлі жобаның ізі көрінеді: Ресей «Алтай, Семей, Ақмола, Енесей аудандарында свекла-қант зауыттарын ашпақ.

Әр зауытқа жылына үш жұз мың пүт қант шығарғандай мөлшермен жайлы, жайсызы аралас 20 мың десятина жер керек», деген Лебедевтің баяндамасынан Қ. Кеменгерұлы: «Ақмола, Семей туралы пікір жабық болса да, айдай анық: бұл екі облыстағы қазақ жеріне ауыз салынатынын» сергек жүрекпен сезеді. Үкіметтің Ақмола, Атбасарға қаражан Нұра, Теніз көлі - Есіл арасында жеті жұз мың десятина жерге Қызылжар, Атбасарға қаражан ел мен Торғай шекрасында сегіз жұз десятина жерге арық жүргізіледі... Осы айтылған аудан суарылып, бірбеткей егін шаруасына қолайланса-ақ, келімсек қарашекпен-переселенге толтырылады. Жерлердің ежелгі заңды иесі көшпелі қазақ шөлге қарай жылысады», деген автордың көрегендігі кейін, XX ғасырдың ортасында «тың игеру» деген дақпырт науқан кезінде актанды емес пе?

Сондай-ақ, «Жас азамат» қазақ жерінің қазба байлықтарын шетжүрттық алпауыттардың талап-тонауына карсылық білдірді. «Шет мемлекеттердің капиталы кен қазу, фабрик-зауыт салуга (бұлар да қазақ жеріне орнайды) кірсе» қазақ бұл қазынадан тағы да айырылады.

Жастар газеті осындағы накты дәлелдерін көзге көрсетіп, қолға ұстатқандай келтіреді де, мынадай түйін жасайды:

«Мінекей, Алаш! Автономия болмаған күнде шегіне беретін қолқаң. Жер – мәңгі байлық, алдындағы малыңнан, қойныңдағы ақшаңнан қыбат. Өнер-білім кенжелігі болса да, автономияға аласұрып жатқанымыз – Жер үшін!» (26). Бұл арада әңгіме «Ұясы бұзылған Ресей мемлекетіне» енді табынудың жөні жок, қазақ халқы тәуелсіздік үшін, өз болашағының тізгінін өз қолына алу үшін құресуі туралы болып отыр. Өкінішке қарай, сол бір аласапыран тұста қазақ қөсемдері қолындағысынан айырылып қалғандай көрінеді. Әрине, оның объективті және субъективті жақтары да болды, бұл – басқа әңгіме.

Жас қаламгерлер өз басылымына осы сөздердің жаза отырып, большевиктік Ресейдің де Қазақстанға тәуелсіздік сыйламайтынын әшкереңді. Ал, «Өлген тірілмекші» деген басқа мақалада осы идея одан әрі дамытылып, жер мәселесі

жөнінде большевиктер патша өкіметінің тарихи мұрагері екені айтылады. «Қазақ жерінің бір кезде әзірелі болған переселен мекемесі кайтадан тіріледі деген қауесет бар» екендігін хабарлап, халық өзінің саяси көсемі Алаш төңірегіне топтасуы арқылы ғана тәуелсіздік күресіне қосылады деген пікірді ортаға салды (27).

Осындай-осындай саяси және қоғамдық тақырыптарға қалам тербegen «Жас азамат» авторлары сол кездегі өзара тірескен саяси күштердің ара салмағын бағамдал, халыққа түсінікті тілде баяндап беріп отырды. Байділдә Мырзаұлы мен Ғабділдә Найзабекұлының «Бұны не дейміз?» деген талдамалы мақаласында большевиктердің қазақ даласындағы іс-әрекеттерін әшкереленеді. «Жетісу жағында большевиктер қазақ болсын, қазақ-орыс болсын, қойдай қырып, канын судай ағызып жатыр. Ең аяғы Бийскіде емшектегі нәресте балаларды мылтықтың ұшына шашып, канын ағызып жатқанда, біз қолымыздағы большевиктерді еркелетіп отырған жөніміз қалай?» деп халыққа ой салады. Қолдан туғызған азамат соғысындағы қатыгездік, адамгершіліктің барлық өлшемін сырып тастап, шетсіз, шексіз ауыртпалық әкелген большевиктердің билікке таласу әдісінің заңсыз екендігін газет ашып көрсетеді. Таптық мұdde дегенді желеу етіп, әкесіне қол жұмсаған бала, ағасын атқан іні, шешесін сатқан қыз... азамат соғысының басты қаһармандары осы болғанын мерзімді баспасөздің сол кездегі сандары сендеріне насиҳаттағанын байқаймыз.

Газеттің бірінші қыркүйекте жарық көрген 5-санында «Алашорда» деген ортақ тақырыппен Омбыдан берілген хабарлар топтамасында: «Учредительное собрание» члендерінен құрылған үкіметпен сөйлесуге барған «Алаш Орда» мүшелері Ахмет Байтұрсынов, Халел һәм Жиһанша Досмұхамедовтер 19 августа (жаңаша) Омбыда Сібір үкіметімен сөйлесіп жатқан «Алаш Орда» бастығы Әлиханды сымсыз телеграфка шақырып, мынадай сөздерді сейлесті», деп бастайды да, «Алашорда басшылығының 1918 жылы 23 шілдеде Сібір үкіметінің премьер-министріне жолдаған хатына» байланысты түсінік берілген. Келіссөз үстінде Әлихан Бекейхан бастаған

өкілдер Алашорданың басшылығы басқару органдарын құру мен Алашорда үкіметінің заңдылығын дәлелдеуге тырысқан. «Дәл қазіргі сәтте Ресей бірыңғай біртұтас мемлекет ретінде өмір сүріп отырған жоқ. Сол себепті автономиялық облыстар мен халықтар большевиктер билігінен құтылып, өзін-өзі басқару жолына түсуге тиіс... Демек, «Сібір мен Алаш арасындағы мұдде жақындығы екі автономияның тығызы одақ құруын қажет етеді. Өзара түсіністік олардың күшін біріктіреді. Біз Сібір автономиялық үкіметінің талқылауына өзара келісімнің мынадай пункттерін ұсынамыз.

Сібір үкіметі мен Алаш автономиясы бірін-бірі тану, мойындау арқылы карым-катаинаска түседі» (28). Келесі талаптардың мазмұны мына түрғыда болып келеді: 1) Алашорда тек казак халкының ғана билік органы болыш табылады; 2) ұлттық әскер жалпысібірлік басқарма мен Алашорданың әскери беліміне бағынады; 3) банк пен қаржы-қаражат мекемелері Сібір үкіметінің қарамағына беріледі; 4) федералдық үкімет құру үшін большевиктерден тазарған өнірлер халықтарының конгресін шақыру қажет. Бұл жазбалардан қазактардың өзін танытуы, яғни Алашорда үкіметі келіссөз жүргізу барысында өз мемлекеттілігін көрсетуге ұмтылысы, Алашорданың бірыңғай ресейлік биліктің күйреуі жағдайында дербес өмір сұру заңдылығын дәлелдеуге талпынысы, елде Алашорда билігін қалыптастыруға тырысуы анық көрінген болатын..

«Жас азаматтағы» осы мақалаға тақырып болған келіссөздер туралы кейін Әлекең былай деп жазған болатын: «Біздің Сібір үкіметімен ұзакқа созылған келіссөздеріміз Орал облысындағы Алаш автономиясын жойды. Мүмкін, большевиктерден азат етілген қыргыз облыстары Алаш автономиясын күтіп отырмastaн, Түркістанмен жақындаудың бағыт-бағдарын іздер». (29). Ресей Алаш автономиясын мойындамаған жағдайда Түркістаннан айырылады, ал Сібір Алаш сияқты одақтасын жоғалтады: «Автономияның құлау қаупі Алаш партиясына қалай болғанда да Алашорданы Сібірмен одақ болудан бас тартуға, Алаш автономиясын

жариялауға және қазақ халқының бірлігін сақтап қалуға тырысуға мәжбүр етті. Сібір үкіметінің Алаш автономиясын мойындауы Түркістанды Ресей аумағындағы федерациялық құрылым ретінде орнығуна мүмкіндік берер, деп үміттендік».

«Жас азамат» үлкен саясатқа да батыл араласып, сұнғылалық танытқаны оның әр санынан байқалады. Қазақ Ұлттық автономиясын құру туралы II Бүкілқазақ съезінің шешімін жүзеге асыруға кіріскең Ә. Н. Бекейханов бірден кезек күттірмейтін бірқатар маңызды мәселелерді қарастырды. Қазақстанның батысында, солтүстігінде, шығысында саяси жағдай біркелкі емес еді. Алаш қайраткерлерінің басқа саяси күштерге катынасы да түрліше қалыптасты. Бекейханов пен онын айналасындағылар бұл жағдайларды толықтай есепке алды. Семейде Кенес өкіметі құласымен осында келген Ә.Н. Бекейханов жаңа жағдайда қимыл жасау тактикасы туралы нұсқау берді. Облыстар мен уездердегі өз әріптестеріне тапсырыс берген нұсқауларының мәтіні Алаш көсемінің мәселеге әр қырынан келгендігін көрсетеді. Мәселен, Орынбордағы Торғай облыстық Алаш комитетінің басшысы Сейітқазым Қадырбаевқа жіберілген жеделхатта былай делінген болатын: «24 маусымда Алашорда өз жұмысына кірісті. II Бүкілқазақ съезінің шешімдерін жүзеге асыратын болады. Башқұрт және Сібір автономияларына туысқан автономиялар ретінде қараймыз. Большеліктерді тарату ісінде олармен одақтаспыз. Басқа облыстарда да тізе қоса отырып жұмыс істейміз. Торғайда Алашорданың облыстық бөлімін, уездерде уездік бөлімдерін ашуға кірісініздер. Олардың мүшелері земстволық мекемелерден құралсын. Уездік бөлімдер 3—5 адамнан тұрады, олардың біреуі қазақ милициясына қатысты істерді жүргізеді. Екіншісі акша қаражатын жинаумен айналысады. Земство белгілі бір уақытка дейін сақталады. Земство ісіне Алашорда араласпайды» Бұл - жаңа ғана қалыптасып келе жатқан ұлттық жаңа мемлекеттің жүйесі туралы сөз болатын.

Алашорданың келешегі туралы Челябі қаласында өтуге тиіс Сібір өкіметімен келесі келіссөз-кенестің 25 тамызға

белгіленіп отырғанын хабарлаған «Жас азamat» тілшісі «Алаш Орда» атынан Халел Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Түркістан автономиясының бастығы Мұстафа Шоқаев бармақшы болып отырған бұл жиылыста қаралатын «үлкен жұмыс әр автономиялы үкіметтерден бас біріктіретін ортадан барлығына бірдей үкімет тұргызу» екендігіне, «егерде бұл жиылғандар ынтымақтасып, сөзді бір жерден шығарса, бұлардың қаулысы бұзылмайтын болып бекімекші» екендігіне назар аударады. «Бұл совещаниеден үміт зор. Алаш Орданың ұнатуы бойынша жиналысқа бұрынғы Учредительное собраниеге сайланып шықкан бар мүшелер кіrmекші. Һәм Автономиялы жұрттардың сайланып белгіленген үкімет өкілдері де» қатысады деп атап көрсеткен.

Газет бетінде өте-мәте маңызды оқиға ретінде тәтпіштеп жазылған осы кеңестің кейін қалай басталып, қалай аяқталғанын зерттеп қарағанымызда, мәжілістің Челябіде емес, Уфага шақырылғанын, жобаланған 25 тамызда емес, сәл кешігіп, 1918 жылы 8 қыркүйекте ашылғанын байқаймыз. «Оның жұмысына 147 адам қатысты, оның ішінде 81 адам Құрьлтай жиналысының мүшесі болды. Оған барлық қазақ облыстары, оның ішінде Түркістан автономиясынан Ә. Бекейханов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, С. Досжанов, Б. Жақандамов, А. Байтұрсынов, Г. Әлімбеков, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Е. Тұрмұхамедовтар қатысты. Уфа мемлекеттік мәжілісінің қараған басты мәселесі Бүкілресейлік жоғарғы өкімет билігін құру болатын. Жана үкімет Директория деген атқа ие болды. Ол әсерлер партиясы ОК-нің мүшесі Н. Авксентьев төрағалық еткен бес адамнан тұрды (30).

Ал, бас қосудың қорытындысы қалай болды? десек: «Н.Д. Авксентьев пен оның әріптестері Алашорда үкіметі жойылсын, оның қызметі мәдени-тұрмыстық және шаруашылық-экономикалықмәселелермен шектелсін деген шешімге келген (31).

Алашорданы тарату туралы мұндай шешім Ә. Бекейханов пен барлық Алаш қайраткерлеріне мүлде күтпеген жағдай болды. Мысалы, «Саясат күйі» деген мақалада

осы мәселелермен қатар, Ресейдің уақытша үкіметі мен Алашорда үкіметінің арақатынасы сез болады. Осы сандағы екінші бір материалда Уфадағы «Құрылтай жиналышы» ұйымының мүшелері мен социал-революционерлер партиясы кіндік комитеті мүшелерінің абақтыға жабылғаны айтылған. Саяси көзқарасы, ұстанған бағыты үшін азаматтық еркінен айырып, зорлық-зомбылық жасаудың әділетпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын айыпташ жазды.

Газеттің 1918 жылғы 15 қазан, сейсенбідегі 7-санында жарық көрген «Қала думасына сайлау» деген мақалада Қызылжар қаласындағы қазактардың қала билігіне белсene араласуы қажет екендігі саяси үгіт дәстүрінде берілген.

«Жаңа тәртіппен думасын сайлап алған һәм сайлайын деп жатқан қалалар бар. Шаруа өнер-білім, дәрігерлік, қазына жұмысы қай қалада болсын думаның қолында болады. Бұл уақытқа шейін қала қазақтары думаның бейнетін жиысып, рахатына ораза ұстап келді («биліктен шет қалды» деген магынада.-авт.) Қаладағы қазақтар жағы тұрғын санатына алынбай, өздеріне арналған мектеп-медіреселердің, басқа жеңілдіктердің болмауы, жетім сыбағасына да қолы жетпей көленкеде қалуы жоғардағы пікірге дәлел.

Бұрын кінә үкіметтің сынар езу саясатында болса, енді кінә қала қазақтарын өздеріне ауды. Откен жылы дума сайлауына кірісуге қазақтар комитет сергелденең ұшырап, алаң болды. Енді неге алаң болады?», деп аңы шындықты айтЫП, бетке басады да, әлі де самарқау отырған казақ жүртшылығын намысқа шақырады. «Бұл жолы дума сайлауына кіріспей қалуы ұят. Әсіреле, бұл дума жоғарыдағы жұмыстарды орындаудан басқа, саясат таразысында салмақтасуға керек. Қазаққа жаны аштын социалистер бұл сайлауда көпшілік дауыс ала алмас. Өйткені, бостандықтан көзілі қалып, бір күнде жұмак орнамады дегендер социалистерге жүрт салқын қарай бастады. Орыстың бір білімданы айтқан: «Орыс халқы бір әкімшілікті ұзак сүймейді, әлденеше байды тоздыратын нәпсісі зор қатын сияқты» деп. Откен жылғы Керенский үкіметі жакпаған соң, құдерді үзу керек. Осы күні әсіре қызылданып жүргендердің

ертең сырт беріп кетуі, орыс табиғатынан күтілмейтін ғажап іс емес. Соның үшін көпшілік кадет-монархистер жағында болуға мүмкін. Бұл кей қалалардың сайлауында көрініп қалды...». Мұны жазып отырған, әлбетте, саяси құресте тәжірибе жинап, шыныққан, сауаты жоғары автор екеніне күмән жоқ.

Жастар газетіне аса көрнекті қазақ публицисі, алаш кесемдерінің бірі Міржақып Дулатовтың қатысып, мақала жазып тұруы басылымның бетін айқындал, беделін өсіргенін байқаймыз. Мысалы, М. Дулатов «Алаш құрбаны» деген мақаласын осы газетке бастырғанда, халық азаттығы үшін қаза болған жас азаматтың есімі мен ерлігін замандастарының санасына жеткізуі көздейді.

1918 жылғы 6-наурызда Алаш милициясының бастығы Қазы Нұрмұхамедұлы орыс большевиктерінің қолынан қаза тапты. Ол ешқандай қылмыс жасамаған, бір топ қарусыз қазақ жігіттерін жаттықтырып жатқанда большевиктер келіп, нақақ жанды атып өлтіреді. Алаш азаматын соңғы сапарға шығарып салып тұрып, айтқан Шәкәрім Құдайбердіұлының жалынды сөзі көпшіліктің жүрегінде ұрандай жатталды. Ол мына сөздер еді: «Мұны өлді демендер. Бұл күні һәм мұнан соңғы азаматтар мына мен сияқты болып «ұлтым деңдер» деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іс көрсетті... Қарағым, Қазы, өліміңе өкіңбе! Арманың жоқ, құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек».

Осы қайғылы оқиға туралы «Сарыарқа» газетінен «Қазакқа» көшіріп басып, түсініктеме берген Жанұзақ Жәнібековтің көрсетуінше, Жүсіпбек Аймауытұлы былай деген: «Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің. Кеуденде бірақ арманың кетті: ешкімге оқ атып, қылыш суыра алмай, жазықсыз оққа үштың. Тым болмаса, ұлтыңың бақытының шетін көре алмай кеттің». (31) («Қазак», 1918, 30-маусым) «Жас азамат» М. Дулатұлының «Тұңғыш құрбан» атты өлеңінде Алаш құресінің қолдауға барша қазақ жастарын шақырды. Ол өлеңін мына жолдарын жас қауым жаттап алған еді...

Максаты ұлттың жолына
Түн ұстап қолына,
Жас ғұмырын пида еткен.
...Қош бауырым, жолдасым!
Армансыз сениң өз басың...

Газеттің әр номерін қазіргі заманғы кәсіби журналист маманның көзімен қарағанда, уақыт өткен сайын, пісіп ширап келе жатқаны байқалады. Тақырып таңдаудағы әуелгі шашараңқылық тыйылып, келелі мәселелерді батыл барлап, терең қазу, кең қамту басым. Мысалы, «Біздің ұлтшылдар» (№18) деген мақалада Тәуелсіздік үшін қуресте «Көңілсіз болу - шын ұлтшылдарға лайық емес, өйткені, ұлт жұмысына белсене кіріспей жатып, қажып қалу, анық толық екі жылға жетпей, ұлтшылдардың еңсесі түсіп, салы суға кетіп, қажып қалса, бұқараның жапқан көнілін кім ашады? Ұлтты теңдікке кім жеткізеді? Мұны ойласақ, еріксіз табанды әскер, ұлтжан боламыз, ұлтжан болған кісі айға-жылға деп кесіп кірмейді. Өлшеулі күні ойлаган мақсатына жете алмаса, жұртқа сөзін тыңдата алмаса, «қажыдым», деп тартынбаса, әр тарапынан кедергі қойылған сайын, қайраты артып, қуаты қүшейіп, тасқын судай екпіндей бермек.

Шегіну, жасқану, қажу - ұлтшылдықтың жауы. Сонда да дұрыс ойынан қажымайтын, тузу, таза, мықты пікірлі болмақ керек. Имам ағзам айтады: «бір пікірді дұрыс деп сенгеннен кейін, біреу келіп: «пікірің дұрыс емес» деп, дұрыс еместігіне дәлел қылып, таяқты көз алдында жыланға айналдырса да, бір сенген пікіріңнен қайтпа!» деп». Осыған мазмұндас «Ештен кеш жақсы» деген мақалада саяси құрестің дәл сол сәттегі міндеттерін көзге түртіп нұскайды:

«Өз үстіме келгенде бір-ақ көрем» деп отыру, алыстан келе жатқан өрттің алдынан шықпай, ойда күтіп отырғанмен бірдей. Бұдан пайда жоқ. Милиция жинаудан бастап, шара жасаудың бірі - елді апаттан қорғау. Соның үшін Алашорда жұмысы уақытша қандай күйде болса да, Алаш милициясы табан тайдырмай, қызметін істей беруі лайық. Ақсақал батасын,

бай малын, молла [дұғасымен қолданп,] жастар күшін аямай, елді жаудан қорғау керек. Жау он бүйірден де сол бүйірден де қысып келеді. Ел қорғау - құргақ сөздің «жылысыныңа» байланбайды, ықыласты көңілден, жігерлі қолдан шықкан іске байланады».

Баспасөздің үгіт-түсінік қабылетін мейлінше пайдаланудың, ұйымдастырушылық қызметінің үлгісін «Жас азамат» сол кезде-ақ көрсетіп кетіпті. Саяси мақала, көпке таныс әуезә әнгіме, тіпті такпак-өлең түріндегі материалдар газетті тартымдырақ етіп, әр шаңыраққа қонақтатуға күш салғаны байкалады.

Корыта айтқанда, «Жас азамат» аз уақыттың өзінде-ақ саяси бағыт-бағдары анық, өз бетін тапқан, оқырмандарының ықыласына бөлөнген басылым болды.

«Жас азаматтың» соңғы саны 1919 жылғы 3-ақпанды шықты да, тоқтады. Зерттеуші Дихан Қамзабекұлы атап көрсеткендей, жастар газеті үл болашағы үшін ақырғы санына дейін адал қызмет етті.

Енді осы газеттің ақырығы санындағы кейір материалдарға шолу жасайық. «Ел баласының» (К. Кеменгерұлының лақап аты. – авт.) «Ештен кеш жақсы», деген мақаласында большевиктердің мемлекет билігін заңсыз басып алтуына байланысты қазақ оқығандарының екіге жарылып, бірі – бұрынғысынша тәуелсіздік күресінің жолын бекем ұстанғаны, екінші – большевиктердің алдарқатқан қызыл сөзіне сеніп, тәуелсіздік үшін куреске іріткі салғанын ашына баяндалады.

«Ертеңгісіне есек қайғырады» - қазақ халқының жабайы болып жүрген дәуірінде шыққан мақал. «Тұстік өмірің болса, кештік мал жи» - қазақтың мәдениет дәуірінде шыққан мақал, деп екі мақалды салыстыра отырып, автор: «Соңғы мақалды кеңінен толғанғанда «келешегінді, үрім-бұтағынды ойла» деген ақыл сөз шығады», дейді.

«...Біздің қазақтың бір аяғы мәдениет ауданында тұрса, екінші аяғы әлі тағылық ауданында тұр. Тағы адамға ғана хас сабырысыздық, не істе болса да алдын болжай алмайтындық, көзі көрмесе сенбейтін, бұл сипаттар біз түгіл мәдениеттің сыртын

алып, желбуаз болып жүрген орыс халқында да бар. Мен бұл арада Алаш өлкесінде қазақ елінің сабырсыздығынан, алдын болжай алмагандығынан, сенбекендігінен көрген қорлықтарын санап өтемін».

«Жұрттың көбі большевиктердің әдемі сөздеріне, «әр ұлттың өз тізгіні өзінде болсын» дегеніне семіріп жүргенде, саяси қырағылар «большевиктен сақтаныңдар!» дейді.

Бұл арада әңгіме кеңес үкіметі 1917 жылғы 2 қарашада жариялаған «Россия халықтары праволарының декларациясы» туралы болып отыр. Бұл құжат бойынша большевиктер Ресейдің барлық аймактарын мекендейген халықтарға теңдік, тіпті дербес мемлекет құруға дейін баратын өзін-өзін билеу құқықтары берілетінін жария еткен болатын. Осыған мазмұндас уәде сол жылғы 20-қарашада кеңес үкіметі қабылдаған «Россия мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» деген үндеуінде қайталанды. Алаш көсемдері мұндай алдарқатуға сенбеуге дер кезінде-ақ шақырған болатын. Жастар газеті осы жағдайды ескертіп, мәселенің аса маңызды екенін қалың қазаққа тағы да көрсетуді мақсұт деп білген.

«Фалихандар (Әлихан Бекейханов. – авт.) большевиктерден бас қорғау үшін Орынборда съезд шақырғанда (30), «корлық көргендерге большевик тиyoші ме еді?» деп, Фалихандарды кінәлағандар болды», деп келеді де, автор бұдан әрі большевиктердің қазақ даласын қанға бөктіріп, азамат соғысын қолдан туғызып, ушықтырып жібергенінің мысалдарын санамалап көрсетеді. Бұл мақаланың танымдық мазмұны ерекше екенін айта отырып, журналистің шеберлігіне де назар салған жөн болар еді. Қазіргі журналистер үшін де мұндай өнеге өте керек. Сондықтан, осы еңбекте бұқаралық ақпарат таратудың қазақ журналистикасынде ертерек қалыптасқан тәжірибесін таныстыру мақсатында газет жарияланымдарынан кесек-кесек үзінділер берілді. Қарал отырсаныз, заман талабына, уақыт тарлығына байланысты қalamгерлер ақпарат жеткізудің төте, онтайлы әдіс—тәсілдерін таңдай білген. Әрбір оқиға ширак тұжырымдалып, түсінікті мәтін түрінде қыска қайырылып отырады.

«Алаш өлкесінің халі: большевик заманынан Жетісү, Сырдария қазағы қанға тұншығып жатыр. Кейбіреулердің айтуына қарағанда құруга жуықтаған.

Большевиктер Бөкейлік қазақтарын еріксіз солдатқа алды деген хабар бар.

Орал қазақтарынан толық хабар жоқ. Бірақ, Орал қаласын большевиктер алғанға қарағанда, хал нашар болуға тиіс.

Торғай облысында, Ақтөбе жағы қыргын.

Аман тұрған Ақмола еді, соңғы хабарларға қарағанда Шу бойына (32) большевиктер келе бастапты.

Семей облысының жігіттері ерлік көрсетіп, Жетісү бармаса, ендігі Семей де қыргынға ұшырайтын еді.

Бас аман, мал түгел елдер бір жылдың ішіндегі қанды соғыстардан, талаулардан неге үлгі алмайды? Өз үстіме тигенде бір-ақ көрем» деп отыру алыстан келе жатқан өрттің алдынан шықпай, үйдің іргесіне келгенде шыққанмен бірдей. Бұдан пайда жоқ».

«...Милиция жинаудың (33) басты мақсаты – елді апаттан қорғау. Соның үшін «Алашорда» жұмысы уақытша қандай күйде болса да, Алаш милициясы табан тайдырмай қызмет істей беру керек. Ақсақал батасын, бай малын, молла ұлағат-насихатын, жастар күшін аямай, елді жаудан қорғау керек.

Жау он бүйірден де, сол бүйірден де қысып келеді. Ел қорғау құргақ сөздің «желісіне» байланбайды. Ықыласты көңілден, жігерлі қолдан шыққан іске байланады. Алаш полктарына кіріп, ел қорғау – жастардың мойнындағы парызы. «Қырық жыл қыргын келсе де, ажалды өледі» (34).

1919 жылғы ақпанда жарық көрген «Жас азаматтың» бетіндегі осы мақала сол кездегі қазақ жеріндегі саяси хал-ахуалды мейлінше айқын көрсетіп берген. Осы уақытқа дейін баспасөз тарихын зерттеушілер назарына алмай, тиісті бағасын бермей келген мақала – Алаш насихатының тұздығы деуге әбден лайық. Сәуегейлік жасау артық болар, бірақ «Жас азаматтың» осы шақыруы іске асқандай болса, қазақ тарихының дөңгелегі басқаша айналар ма еді, қайтер еді? Өкінішке қарай, ел ішінен

жік шығып, «таптың мұңын жоқтаған, кедейшіл, бұқарашиб» болып, тұлышқа мөніреген азаматтар Қазақстанның тәуелсіздігін бөтеннің қанжығасына байлап бергенін бүркелемей ашық айтатын уақыт жетті. Қазақтың «жаңа большевиктерінің» көбі білімі аз, саяси сенімі тиянақсыз, жеке бастың өкпесін өр тұтқан, сол үшін ұлт мұддесі деген түсінікті қызмет лауазымына айырбастаған еді. Кейін ғой, сол большевиктер тап күресінің теориясын терең менгерген, социализмнің стратегиясын алдын-ала болжал болған «қайраткерлер» санатында аталып тарихта қалғаны... Жаңа ұрпақ оларға құлай сеніп, құлдық ұрды.

Тарихи дерек тұрғысынан алғанда «Жас азаматтың» сонғы санында басылған осы мақала қымбат десек, «Қазак» газетімен үндес болғандықтан, оның құны тіпті арта түседі. «Қазақтың» мерзімді басылым ретінде жабылардың алдындағы, 1918 жылғы 264-санында басылған Міржақып Дулатовтың «Қайтсек жұрт боламыз» деген мақаласына көз салайық. 1914-1919 жылдардағы астан-кестен оқиғаларды еске ала отырып, Алаш көсемі ылай деп жазған: «...Дүние ойран болды. Даңқы жер жарған зор мемлекеттер жоғалуға айналды. Ат төбеліндей аз елдерге есе тиді. Мұндай зор өзгерістер болған емес. Мұнан соң да бола бермейді. Әркім қалай жұрт боламыз деп жан таласып жатқаны осы. Патша түсіп, ескі тәртіп жеміріліп, бостандық туганына жыл жарым болды. ...Большевик деген бір пәле шығып, Николайды сағындырғаны да рас. Мұнан соң кандай жамандық боларына қара халықтың көзі жетпей, бостандықтан көнілі сұнынып тұрғаны да рас... Бәрі жұрттығын сақтау үшін қырғын көріп, бейнет шегіп жатыр.

Қазір кім дегеніне жетеді? Кімнің мерейі үстем болады?
Кім біреудің қанжығасында кетпейді?

- Кімнің білегі жуан болса, сол жұрт болады. Кім күшті болса, сол дегеніне жетеді.

- Күш не?

- Күш - әскер.

- Бұл заманда әскері жоқ жұрт – жұрт емес, құл». Бұдан кейін «Қазак» газеті Алаш әскерін құруды (милиция деп түсіну керек. – авт.) бірінші кезектегі, қазақ халқының тағдырын

шешетін мәселе ретінде атап көрсетеді. Міржақып Дулатовтың аузымен «Алашорда» үкіметінің халыққа арнаған үндеуі былай аяқталады:

«Сөз байлауы сол - әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия бола алмаймыз. Автономия алмасақ, жұрт бола алмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ: әскеріміз болса ғана жұрт боламыз».

Салыстыра қарағанда, бес жыл бойы шығып келген, жан-жақты білімді, саяси құресте шынықкан қазақ құрескерлерінің аға ұрпағының үгіт-насихат құралы «Қазақтың» ықпалы «Жас азаматқа» ұстаз есебінде болғанын байқаймыз. Бұл, дәстүр жалғастығы ғана емес, М. Дулатов пен К. Кеменгерұлының идея үндестігінің тарихи заңдылығы бар екенін айтуда қажет.

«Жас азаматтың» дерек көзі ретіндегі құны да қымбат. Осыдан 95 жыл бұрын қазақ көгінде жарқырай көрінген жастар газетінің әр саны, әр автордың ағынан жарылған адап ниетті пікірлері халқымыздың рухани қазынасының тағы бір құнды бөлігі. Газеттің авторлары туралы анықталған деректермен қоса, ашылмай қалған лақап есімдерді де еске салсақ, артығы болмас. Мұнда, Міржақып, Мағжан, Смағұл, Кошмұхамбет, Малдыбаев Біләл, Кәшімов Мұхаметсалық, Серкебаев Бекмұхамбет, Нұралин Төлебай (1898 ж.т. Орынбордағы педкурс оқытушысы, 12.02. 1938 жылы ұсталып, ату жазасына кесілген, 1958 жылы ақталған), Ахмет Жанталин, сияқты ысылған қаламгер-журналистермен қатар, азан шақырып қойған аты-жөні жасырын тілші-хабаршыларды да тізіп өтейік: «Жолаушы», «Тілші», «Шаңқан», «Жұніс-оптимист», «Дала баласы», «Ел баласы»-Қошмұхамет Кеменгерұлы, «Мәшім», «Ғабдрахман Байділдин болуы мүмкін, «Жәдігер-Жаныс», «Жас Әлтай», Сайменов, Нұрымов, Габдолла Найзабеков, Жасым Темірбеков, Хамза Ибрахимұлы, Байдай Мырзалин, Смағұл Байкебаев, т.б. Еліміздің тәуелсіздігі, жеріміздің бүтіндігі үшін қурескен ардақты ұлдарымыздың қатарында осылардың әрқайсының да лайықты орны бар. Осы азаматтардың ұрпақтары арамызда жүргені де шындық.

Алаш жастарының алғашқы басылымы туралы бұл монографиялық макала авторлар, әрине, газеттің әр санында жарияланған материалдарды түстеп, түгендер, мазмұнданап, талдап беруді максат етпейді. Ол жағын от жүректі жастарымыздың ынта-ықыласына, санасы мен білім-білігіне қалдырамыз. Сөйті тұрсақ та, ұлы ойшыл Мұхтар Әуезовтің қаламынан 21 жасында туған мына қолтаңбасына тоқталмай кетуді жөн көрмедік. «Жас азаматтың» 1918 жылғы 15 қазан, сейсенбі күнгі жетінші санында басталып, он күннен кейін сегізінші санында нұктесін қойған «Ескеру керек» деген макаласында заман суреті беріліп, сол заман талабына қарай қазақ халінің қандайлығы, одан арғы келешектің қандай болмағы толғанады. Кейінгі данышпан Мұхтардың әуелдегі аяқ алысы, қалам тербесі, құлаш сермесі мақаланың әрбір жолынан атойлад көрінеді. Жас автор әріден бастайды:

«Кешегі ешкімге бағынбай, елді хан билеп, көсем би билеген заман - киіз туырлықты қазақтың тарихында әркімге белгілі бір дәуір. Ол заман өтті. Одан бергі біздің хәл бұлқынбай, жатқа бағынудың жолында болды. Кең қазақ даласын әлденеше указ сайқалдап шықты. Көп өзгеріс жаңалықтар болды. Әуелгі қазақтың халықтық қалпы неше толып, неше кішірейіп шым-шытырық түрлерге түсті. Әр түрлі указдардан шықкан өзгеріс халық бақытын мысқалдап, жылжытып, құлдық құшағына тастағалы экелді. Неше рет қазақ халқы зынданының ернеуіне келіп қайтты...»

Іә, солай. Оқырманын терең ойға жетелей келіп, жас Мұхтар: «Бұл уақытта заман ол тұманды сейілтті. Енді қандай өзгерістер болса да, халық жоғалмайды, бақыт қайта оралып құліп қарайды, деген үміт Алаш жүргегін қуантып тұр. Бір жүрттың басынан кешкен әртүрлі дәуір, сол халықтың қалпына әртүрлі із қалдырып отыратыны тарих жүзінен белгілі. Бастан кешкен шабыншылық, бұзакы тентектік, батырлар, хандар заманы қазаққа өзге бір мінез беріп, халықтық қалпын басқа бір түрге түсірген. Заман талқысы: шабыншылық, бассыздық еріксіз сондай қылып отырса, кешегі өткен ердін құнын екі ауыз сөзben бітіретін әділетшіл билердің заманы, жүрт мінезінде ол да

өзінше бір із қалдырыды. Одан бергі, арты бүгінге дейін сейілмей отырған, ел қамқоры басшыдан, берекеден, тәртіптен, намысқайраттан айырылып, құлдық пен зорлық арқанында матаулы болған заман, тағы да басқа түрлі із тастап, келешектегі жұртшылыққа өзгеше бір рухты бұл да беріп кетіп отыр». Сондықтан, жаңа ғасыр, жаңа дәуірде қазақ өзіне-өзі ие болып, келешегін санамен салмақтай білсе, кәні! «Енді бұл соңғы айтқан дәуірге басымызда оқыған біліміміз, қолға ұстаған саясат деген құралымыз барлар бір келіп, алнып отырмыз. Әрине, оқығаны бастаған бұл соңғы дәуір де, қазақ жұртын гүлдентіп, ажарландыратын дәуір. Бірақ, кекіректі қарсы айырган арман, қуаныш болып тарқап, көксеген бақыт қанат қағып, қолға елпілдеп келе жатқанда, біздің қолға қазақ қандай күйде тиеді? Соған сын көзді салу керек. Откен күннің істеген ықыласын есептеу керек. Қазақ бұрын пәлендей батыр еді, ақылды адам еді, деп құр сөзбен желіктіріп, осы күнгі жұртты батыр намыскер қыла қояйын деген ой менде жоқ.»

Мәселе, қаранғылық түнегі сейіліп келе жатқан шактағы қазақ қандай? Оны «...заман ыңғайы еріксіз «қорқақты қөп құып батыр қылды ма», жоқ өздігінен сүйегіне сіңген міnezі ме еді, әйтеір бұрынты қазақтың бұл күнге дейін бар міnezі әрі екені анық еді. Бұған ешкімнің дауы жоқ. Бұл күнде қазақтың сол нәрлі міnezінің бәрі де азды... күнде айдал, тықсырып отыргандықтан болса да, басшыдан қалмайтын намыскер, шыныққан, тарамыс қайратты елдің орнын бұл күнде қуанышқа-куана, күйінішке-күйіне білмейтін, салбыраған, намыссыз, қорқақ, ұсақ етірікші жұрт алды».

Бірақ, М. Әуезовтің түсінігінше, олай бола беруі мүмкін емес. Белді буып, білекті түріп, етек-женді жиып, ішкі алауыздықты тыйып, бір көсемге бағынып, адад еңбектен бақыт іздейтін кез бұл. Ол үшін пәрменді, әділ билік, күшті заң керек. Абайдың: «Мен закон қуаты қолымда тұрған кісі болсам. адам баласының міnezін түзеп болмайды деген кісінің тілін кессер едім», деген сөзінің қазақ тұрасында іске алынатын кезі келді, Адамзат қоғамы дамуының алдың легіндегі елдерді мысалға келтіре отырып, Мұхтар Әуезов мынаны ескертеді: «...олардың

осынша дәрежеге жетуіне, әділ билік, тәртіпті, ашық саясат болған. Олардың басшысы ел қамын жақсы ұғып, әуелгі максатына көптін қамын қойған. Осыдан, басшысын көбі сүйіп, артынан ергіш болған... Ендігі халық болуымызға ұйтқы болатын нәрсе - құрыш құрсаулы әділ, қatal билік...Іші түтін болса, сыртында бүтіндік жок, ертең күл болып көкке ұшады.. Біз әлі шикі жүртпаз, талай өзгеріске мойын ұсынамыз, заман еріксіз мойын ұсындырады».

Қай заманда да, қоғам мүшелерінің бірауыздылығы – қайтпас-қайсар қуат беретінін дәлелдей келіп, «Алаш мұраты үшін жасаған әрбір қадамың ұрпағына үлгі болсын, деген тілекпен Мұхтарша бастап, Мұхтарша аяқтаған көсемсөз шеберінің осы бір ғана мақаласының өзі «Жас аззамат» оқырмандарына ой салғанын сезінудің өзі бақыт екенін енді біліп отырмыз.

«Қазақ» газетінің бағытын жалпы жүртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерілетуге септігі тиген ...«Жас аззамат» ұлт тәуелсіздігін жоқтаپ, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті» деп жазған КР ҰҒА мүше корреспонденті Дихан Қамзабекұлының (35) бағасын толық құлтай отырып, тарих ғылымдарының докторлары Сағымбай Қозыбаев пен Қырықбай Алдабергеновтің: «Қазақ жастар баспасөзінің тарихы қазіргі айтып жүргендей, 1921 жылдың наурызы айынан емес, 1918 жылдың шілде айынан басталады. ... Ал «Жас Алаш» газеті болса, Кенес өкіметі орнап, нығая бастаған тұста Түркістан республикасында қазақ жастарына арналып, жаңа бағытта шыға бастаған алғашқы басылым. Яғни «Жас аззамат» газетінің ізбасары» (36) деген пікірлеріне басқа сөз қосу артық болар. Аты – жастар баспасөзі болғанымен, заты-асыл, ұлт тәуелсіздігінің туын алғаш көтерген рухани шамшырактарымыздың қатарынан «Жас азаматты» көреміз.

Баспасөз тарихына зер салып, қазақ баспасөзінің елдің тәуелсіздігі, жердің бүтіндігі үшін құресте қандай саяси-қоғамдық мәні болғанын түсіну үшін үшін Ахмет Байтұрсыновтың мына сөздері бағыт-бағдар болуга тиіс. «Құл

болған халықтан туып, құлдықтың қорлық-зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес», - деген еді ол. «Олай болмаған болса, - дейді А. Байтұрсынов алдыңғы ойын жалғастырып, - онда табиғат заңынан тыскары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады». Осынау аңы айтылған шындықтың алдында бас имеуге бол ма? Демек, қазақ баспасөзінің жүз жылдық тарихы осы арнада акты, ол өсті, өсіп, жетілді. Қазақ публицистерінің (Ақаңша – «қаламгерлер») мандайына ұстаған темірқазық тақырыбы да қазақтың мұны, қазақтың арманы, қазақ тартқан азапты жеңілдетудің жолын іздеу, десек дұрыс. Ал, бәз біреулер айтып жүрген немесе күні үшін айтып кеткен: «Қазақ баспасөзінің тарихы дегеніміз қазақ халқының дамуындағы екі бағыттың – Қазақстан Россияга косылғанинан кейін пайда болған прогрессіл, демократиялық бағыт пен керітартпалық, байшыл-ұлтшылдық бағыттың тарихы» (37), немесе «Қазақ баспасөзінде болған демократтық пен байшыл-ұлтшылдық бағыттың туу, өсу, күресу тарихын сипаттауым керек те, екі бағыттың да таптық сырын ашуым керек» (38) деп жоқтан бар жасамақ болған пікірлерді сол баспасөз материалдарын талдай отырып, жоққа шығаратын уақыт келді.

Қазіргі жастарға бұл оқиғалардың мәнісін дұрыс түсініп, дербес ой корыту қынға түседі. Сондықтан, тақырыпты дұрыс және толық игеру үшін Алаш тарихына, Алашорданың жекелеген көсемдеріне арналған зерттеу еңбектерімен танысқан жөн.

Қазақ баспасөзіндегі ұлтшылдық қырқыншы жылдарға дейін жалғасып келді. Өз халқының ілгері басқанын қалағаны үшін, басқалардың зорлық-зомбылығын сынағаны үшін көптеген қалам қай-раткерлері коммунистік жүйенің қаһарына ілікті, құғындалды, өлім жазасына кесілді...

Солтүстік Қазақстан өнірінде қазақ баспасөзінің қалыптасуы туралы мағлұматтар осындаидар. Баршаға мәлім, бұдан кейін өлкеде кеңес өкіметі орнайды, тиісінше саяси бағыт

басқаша дамиды. Сөйтіп қогамдық-саяси өмірдің айнасы ретінде жана тұрпатты баспасөздін дүниеге келуі тарихи қажеттілік еді.

ТАС ТҰҒЫРДА – ХАС БАТЫР

Қарағандыдағы Нұркен ескерткіші осылай жасалған

Көмірлі қаламыздағы әсем ғимараттар бой түзеген Нұркен атындағы проспект бойында тұрған батыр ескерткіші Ұлы Отанға, тұған жерге деген сүйіспеншіліктің, өшпес ерліктің символындай еңсөлі көрінеді. Қала жастары әрбір салтанатты мейрам сайын өздерінің батыр агаларының бейнесін бетке алып, ескерткіш етегіне гүл шоқтарын қояды. Жас отау иелері Нұркен рухына бас иіп, семьялық өмірге ақ тілеумен осы арадан аттанады. Іргесін өзі қолымен қаласқан, қала комсомолдарына үйткы болып салысқан құтты мекен – Қарағандының бүгінгі келбеті батырға салынған еңсөлі ескерткіштей.

Жылдар өткен сайын аты азызга айналған қаһарман жерлесіміздің рухы жасарып, ұрпақтарын жана женістерге жетелейді. Міне, Ұлы Женістің 40 жылдығы қарсаңында батырдың жарқын бейнесі өскелен ұрпақтың зердесінде жаңғырып, жарқын болашақ үшін өлмес өмірге жол тартқан ерлік тағдыры жалғаса түскендей.

Күнде көріп, қыран тұлғасы көз алдымында тұратын батыр Нұркеннің ескерткіші жайлы тағы да әңгіме етудің жөні келіп тұр. Осыған байланысты біз Совет Одағының Батыры Нұркен Әбдіровке қойылған осынау ескерткіштің тарихы жөнінде айтып беруді мұсіншілер Анатолий Петрович Биљик пен Юрий Вильгельмович Гуммелъден сұраған едік.

А.П. Биљик: - Мен Қарағандыда 1956 жылдан бері тұрамын. Ал Юрий Вильгельмович болса, бұл қаланың ежелгі тұмасындағы. Соғыс жылдарынан бастап, Қарағандыда еңбек етіп келеді. Екеуіміздің өнер жолында ынтымақтасуымыз да қызық. Оку бітіріп, көркем сурет шеберханасында жұмысқа келгенде ең бірінші танысқаным осы Юрий Вильгельмович еді. Ол кезде қалада мұсінші аталған екеумізғана болатынбыз.

Өмірде әр адамның жүзеге асырсам-ау дейтін арманы болады. Қарағанды мен үшін тек кеншілер қаласы ғана емес, Отанымызға талай-талай атақты ұлдар мен қыздар берген қасиетті орда деп білемін. Сондықтан, осында келгеннен бастап атын естіп, ерлігіне таңдантқан Нұркен сынды батырдың бейнесін жасауға қызығым да занды ғой деймін. Бірақ, бұл ой өз ойымда ғана пісіп, жата берген сияқты еді. 1957 жылы біздің қалалық комсомол комитетінің сол кездегі бірінші секретары Нариман Төлепов шакырды. Қала комсомолдары Нұркен Әбдіровке ескерткіш қоюға шешім қабылдаған еken. Жастар ұйымдастырган сенбіліктер мен жексембіліктерден тиісті қаржы жиналған. Біз бұл құрметті тапсырманы қуана қарсы алдық. Сол күннен бастап, екеуміз қарағандылық батырдың болашақ ескерткішінің бірнеше жобасын жасадық.

Ю.В. Гуммелъ: - Жұмыска кіріскеннен бастап біз бірнеше құрделі мәселелерді шешуге тиіс болдық. Алдымен, бұл Қарағандыдағы тұңғыш ескерткіш болуға тиіс еді. Ендеше, бұл өнірдегі мұсін өнері дәстүрінің қарлығашы ретіндегі алғашқы туындысы қандай болу керек?

А.П. Бильтік: - Екеуміздің де алғашқы дербес еңбегіміз еді ғой...

Ю.В. Гуммелъ: - Иә, біздің творчестволық ынтымағымызға Нұркен себеп болған. Ушінші және басты творчестволық мәселе мұсіннің өзі туралы еді. Нұркен Әбдіров ерлігі тарихта сирек қайталаңатын, ғасырлар бойы ұмытылмайтын ерлік. Ол – ұшқыш. Топшысынан оқ тиіп, жараланған қырандай кектенген ержүрек жігіт өзінің өмірінің акырығы қас қағым сәттерінде де жауын жаныштап өтті. Міне, осы сәтті, оның зенгір аспаннан жерге қарай, фашист әскерлеріне қарай шүйіліп келе жатқан кезін көз алдыма елестеттім. Осы көріністі шама келгенше дәл бейнелеп, шығаруға келістік.

А.П. Бильтік: - Нұркеннің оң қолы самолет штурвалында, от шашқан жанарында жолындағыны жойып жіберердей қаһар, батыл шешім табы айқын көрінуге тиім. Сәл көтеріле берген сол қолы батыр бойындағы шексіз жігер мен

куаттың белгісі. Бір сөзben айтқанда, Нұркен ескерткішін әдetteгідей қозғалыссыз, тұғырда тұрған мұсін емес, әрекет үстінде, күрес үстінде көрсетуді мақсат еттік.

Ю.В. Гуммель: - Мен Нұркеннің өзін көре алмай қалған едім. Соңдықтан, оның бейнесін кішкене суреті арқылы жасауға тұра келді. Сонымен бірге Нұркеннің ағасы Сәрсен, жиені бізге көп көмек көрсетті. Әсіресе, батырдың анасы Бағжан шешей...

А.П. Билық: - Бағжан шешей біздің шеберханамызға үнемі келіп тұрады. Әуелде жобаның аты жоба ғой? Біздің жасап жатқан мұсін-портретіміздің ұлына ұқсай қоймағанына қатты кейіс білдіретін. «Менің Нұркенім мұндай емес, бұлдірмендер! Көз аясы ұлken, ерні менің ернімдей, шекесі әкесіне тартқан, шығынқылау болатын» деп айтып кететін. Біз жұмысымыздың тіпті қыындау түскенін білдік. Сурет арқылы кейпін келтіруге болар, бірақ жатса-тұрса көз алдында тұрған ұлының бейнесін ұмыта алмайтын асыл аданы алдауға бола ма? Өнердің, мұсін өнерінің жауапкершілігін сонда ғана түсінгендей едік.

Ю.В. Гуммель: - Ақыры, ескерткішті жасап біттік. Сол күні мен барып, Бағжан шешейді үйінен ертіп әкелдім. Қatal да әділ төрешіміз, ең басты сыншымыз сол кісі болды. Нұркеннің анасы гипстен жасалған ескерткішті әр қырынан қарап, қарсы алдынан шегініңкіреп барып тұрды. Бір уақытта: «Міне, міне, менің ұлым осы. Енді қол тигізуші болмандар. Жалғыз қалайын, ұлыммен тілдесейін, мұрсат беріндер, шығындар!» деген аданың бүйрыкты, қатқыл үнінде қара тасы балқытқандай тебіреніс, жан күйзелісі бар еді. Анатолий Петрович екеуміз сыртқа шығып кеттік те, есікті жауып қойдық.

А.П. Билық: - Әлі есімде, аузымызға сөз түспейді. Нұркеннің анасы не дер екен? Жалғыз ғана Нұркеннің анасы ма? Бағжан сияқты аяулы перзенттерінен айырылған мындаған аналардың жиынтық келбеті көз алдыма келді. Бір уақытта шеберхана ішінен аңы дауыс шықты. Дауыс салып, сөйлеп-сөйлеп жылайды. Сөзін түсінбесек те, сол бір ми шымырлатар азалы жоқтау осы уақытқа дейін құлағымда қалыпты. Бір уақытта шеберханаға кірдік. Анатолий Петрович мені тежей

берді. Фажап көрініс! Тас мұсіннің алдында, жүресінен отырган ана Нұркеннің тізесіне басын қойып, қаусыра құшақтаған күйі үнсіз жатыр. Бейне бір алыстан жолаушылап келген баласын сағына күткен ананың мейірі әлі де қанбағандай. Мен таяп барып қолтығынан демедім. Басын көтеріп, жүзін бұрды. Екі көзі бұлаудай. Қалжыраған өні солып, беті сәл ісіңкіреген. Демеп тұрғызып алдық. «Мен болдым, енді жыламаймын, рахмет!», деді ана қарлығынқылаған дауыспен жөткіріне сөйлеп. Екі-үш рет күрсінді. Көкірегіне тұнған қайғының отты лебі бетімді шарпып кеткендей болды. А纳мыз тағы да бір-екі минут тұрды да, басындағы орамалын жөндеп, үнсіз ғана бөлмеден шықты. Сол сэтте мен оны қолтықтап, сүйемелдемек болып едім, батылым бармады. Нұркеннің анасы сәл ғана теңселе басып, жүріп кетті. Біз ере шығып, артынан қарал тұрдық. Әлі үнсізбіз...

Ю.В. Гуммель: - Содан бері талай мұсін қашадым, ескерткіштер жасадық. Мақталып та жүр. Бірақ, бұл өнер жолында бір арманым болса, сол батыр ұлдың анасын бейнелеу еді. Қолым батпайды, өте қыын, қыннның қыны.

А.П. Бильтік: - Енді ескерткішті шойыннан қую міндеті тұрды. Қалалық комсомол комитеті Нұркен ескерткішін Ленин комсомолының 30 жылдығы қарсанында тұғырға қоюды көздеген. Москва облысындағы Мытище қаласындағы ескерткіштер құятын заводпен хабарластық. Уақыт аз, заказ көп, үлгере алмаймыз дегенді айтты. Қарағанды комсомол ұйымы тікелей завод комсомол ұйымына өтініш жасады. Завод комсомол мүшелері жұмыстан тыс уақытта еңбек етіп, тез арада ескерткішті құйып береді. Москвадан поездben жөнелтсе, ескерткіш Қарағандыға кемінде енді екі айсыз келмейтін болды. Не істей керек? Қала комсомолының жетекшісі Нариман Оспанұлы Төлепов Москва авиаотрянының комсомол ұйымымен хабарласып, келісті. Олар жүк самолетімен жеткізіп беруге міндет алды. Сөйтіп, бес күн дегендеге Нұркен ескерткіші қаламызға жеткізілді. Ал, қаланың жас құрылышылары күндіз-түні жұмыс істеп, ескерткіштің тұғырын ағаштан жасап шықты.

Әрине, біз ағаш тұғырға риза болғанымыз жок. Бірақ, басқа амал табылмады. Ол заман басқа еді ғой.

Ю.В. Гуммелъ: - Міне, қазір Нұркен ескерткішінің тұғыры қайтадан жанартылуда. Оның жобасын қала архитекторлары М. Жандәuletov пен К. Лекерова жасады. Тактайдан жасалған тұғыр бетоннан қайта құйылды. Сырты гранитпен қапталды. Жаңа жоба бойынша ескерткіштің іргесінде өзінің шағын алаңы төседі, үш сатылы екі сәкі жасалды. Гүл қоятын орындары бар.

А.П. Бильтек: - Ескерткіш өзінің бұрынғы орнынан біраз көшірілді. Өйткені, бір кезде қарсы алдындағы Спорт сарайына бағыттала орнатылғандықтан, Совет проспектісінің бойына сәл киыстау болатын.

Ю.В. Гуммелъ: - Біз Нұркен ескерткішінің авторлары ретінде өз туындымызға аса қымбат қараймыз. Жас кезімізде жасаған, әрі бірінші ескерткішіміз болғандықтан да шығар. Жас ұлттайып, өнер жолындағы тәжірибе толысқан сайын, кейде «Әттеген-ай, әне бір жерін былай, мына жерін былай жөндеп келтірер ме еді» деген пендешілік ой да келеді. Әрине, ескерткіш мұсіннің өзі енді өзгерілмейді. Ол қарагандылықтардың көзіне үйреніп, санасына сіңіп қалған батыр бейнесі ғой. Сондықтан, ескерткішті жетілдіремін, бүгінгі талап деңгейінде жақсартамын деуге болмайды.

А.П. Бильтек: - Ұлы Отан соғысы тақырыбына жасаған екінші ескерткішіміз - Зоя Космодемьянскаяның мұсіні. Осы екеуі қаламыздың монументальді мұсіндік өнердің басталуы болып табылады. Мен Көкшетауда «Жауынгерлік данқ» ескерткішін жасадым, Қарагандыда Совет өкіметі үшін қаза тапқандар монументі бар. Юрий Вильгельмович Гуммель қаладағы Ленин ескерткішінің авторы, көптеген халықаралық, Бүкілодақтық көрмелерге қатысып, жақсы баға алыш жүр. СССР Суретшілер одағының мүшесі, республика өнеріне енбегі сіңген қайраткер. Қазіргі жауапты жұмысы – Қарағанды кенішін алғаш ашқан қазақ баласы Аппак Байжановтың ескерткіші деуім керек. Жалпы Юрий Вильгельмович творчествасында Қарағанды тақырыбы, кеншілер портреті елеулі орын алады.

Ю.В. Гуммель: - Оған таңданатыны жоқ, мен өзім де кеншімін ғой. 1942 жылдан бастап, он бес жасымда 51-ші шахтаның көмірін қазғанымды неге ұмыттайын. Ал, Анатолий Петрович те Қарағандыда тумадым демесе, баяғыдан кенші болып кеткен адам. Қаламыздың айбарына айналған «Шахтер даңқы» монументі осы шебердің ерекше туындысы десем, артық айтқаным емес. СССР суретшілер одағының мүшесі Анатоли Петрович Ульяновка селосында Совет өкіметі үшін қаза болғандарға арнап құрделі ескерткіш жасап жатыр.

«Орталық Қазақстан» газеті,
4 қантар 1987 жыл.

ЕЛЕУЛІ КЕЗЕНДЕР ЕСІМДЕ

Ұзақ жылдар бойы Қазақстан үкіметін басқарған Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов таяуда Қарағандыда болды. Біздің тілшіміз ардагер ағамен кездесіп, облыстың 50 жылдығына байланысты бірнеше сұрақтар қойды. Төменде сол әңгімені ықшымдан жариялада отырмыз.

Комунистік партия мен Совет үкіметі Қазақстанның өндіруші күштерін дамыту жөнінде алғашқы бесжылдықтардың өзінде ұлан-ғайыр шаралар белгіледі. Соган орай республикамыздың әртүрлі аймақтарында өндіріс ошақтарын құрылды. Еліміздің экономикалық жағдайының киын кезеңінің өзінде республикада ауыр өнеркәсіптің мықты негізі қаланды. Соның бірі Қарағанды – Теміртау аймагы еді.

Аса бай кен орындары бар, географиялық жағынан қолайлы орналасқан Орталық Қазақстанда Қарағанды сияқты аса ірі көмір ошағы мен Теміртаудағы Қазақ металургия заводы күні бүтінге дейін еліміздің экономикалық күш-қуатын нығайтуда ерекше орын алып келеді. Қарағандының өндірісін, экономикасын, әлеуметтік негіздерін күрт көтеріп, жедел дамыту жөніндегі тарихи шаралар Ұлы Отан соғысына байланысты біраз тежелді. Соның өзінде еліміздің шығыстағы үлкен тірегі деп әділ бағаланған Қарағанды Отан қорғау ісіне айтулы үлес қосты.

Соғысқа дейінгі Қазақстанда Ақтөбе ферросплав заводынан басқа кара metallurgия өнеркәсібі жоқ болған. Ал, республиканың халық шаруашылығының металл жөніндегі мұктажын алыстан тасымалдау арқылы қамтамасыз ету қынға түсті. Сондықтан, республика үкіметі Қарағандыда темір сыйықтарын қайта балқытып, қорытатын завод салу жөнінде мәселе қойды. Басқа өнеркәсіп орындарынан шалгай жерде завод салу оңай емес. Сондықтан, бұл заводты Қазақстан өз күшімен салатын болса, үкімет тарапынан қолдау берілуге тиіс еді. Осылайша, бүгінде Қазақстан Магниткасы деп мактандышпен аталған өндіріс ошағының іргесі қалана бастады.

Айта кету керек, республикада түсті metallurgия кәсіпорынын салу және жобалау жөнінде бірқатар тәжірибе болды. Демек, кара metallurgия заводының күрылышына бізге ақыл-кенес берген түсті metallurgия мамандары еді. Келешекте Атасу темір кені рудасының негізінде ірі metallurgия заводына айналмақшы кәсіпорынның Теміртауда салынуында да мән бар.

Алдымен, мұнда қуаты он миллион киловаттық жылу электр станциясы болды. Нұра өзені су мәселесін шешуге себепкер. Сондықтан, Самарқант поселкесінде 1942 жылы завод ірге тасы қалана бастады. Самарқанттағы сол кездегі жалғыз гана ірі кәсіп орынның – жылу электр станциясының директоры болып менің бұрынғы орынбасарым Ибрағим Тәжиеев жұмыс істейтін. Құрылышқа басшылық жасау енді оған екінші міндет болып қоса тапсырылды. Реті келгенде айта кетейін, Ибрағим қазактың алғашқы энергетиктерінің бірі, жергілікті азамат, білікті маман еді. Оның Теміртау үшін сінірген еңбекі ерекше. Кейінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары болып жұмыс істеді.

Сонымен, metallurgия заводы салынуы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарына дәл келді. Осындағы қыншылық үстінде жаңа кәсіпорында жұмыс істейтін маман қадырларды қайдан алуға болады? деген мәселе алдымыздың тұрады. Завод уақытында бітіп, өнім бере бастаса, соғыс мұддесіне елеулі үлес болмақ. Осында жағдайда біз Москвадан, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінен көмек сұрадық.

Көмектің мәнісі - әскер қатарына шақырылуға тиісті екі мың жігітті заводқа арнап қалдыру еді. Бұл өте қызын шаруа. Бірақ басқадай лаж болмады. Партияның Орталық Комитеті қазақстандықтардың тілегін қабыл алып, рүқсат етті.

Сөйтіп, екі мың жігітті Магнитогорск мен Новокузнецкінің металургия заводтарына оқып-үйренуге жібердік. Ал, Самарқанаттағы құрылышылар майданындағыдай жанқиярлықпен еңбек етті. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республикада Д. А. Қонаев завод құрылышының басы-қасында болды. 1944 жылдың 31 декабрі күні завод салынып бітті Қазақстанның тұңғыш құрышын алуша туысқан орыс халқының баға жетпес көмегі болды. Жобалау-сынау жұмыстарына қатысқан-ын былай қойғанда, басқа заводтардан келген жұмысшылар осы жерде өз қолымен болат балқытты. Жоғарыда айттым, Магнитогорск мен Новокузнецк заводтарында оқу бітірген жігіттерімізді ұстаздарымен бірге алып келген болатынбыз. Оралдың байырғы металлургтері алты ай бойы Қазақстан болатын балқытты, тәжірибе сыйлады, металлург өмірі мен еңбегінің жанқиярлық үлгісін көрсетті. Қазақстан оларды үлкен сый-сияпатпен шыгарып салды. Құрылышы аяқталғаниан кейін завод СССР Ауыр өнеркәсіп министрлігінің қарауына берілді. Теміртауды дамыту жөнінде министр Тевосянға бірнеше рет баруға тура келді. Партия мен мемлекетіміздің көрнекті қайраткерлерінің бірі Иван Федрович Тевосян жолдас Сарыарқадағы жаңа алыптың қуат алып кемелденуіне көп көмектесті.

Осы күнгі жастар Теміртау атының қалай қойылғанын біле бермеуі мүмкін. Тевосян туралы еске алып отырғанда, осы бір жайды да айта кетейін. Министрге келесі бір барғанымда, Самарқант поселкісінің ұлғайғанын және оны қала дәрежесіне көтеретінімізді айттым. Қала болған соң, оның мұқтаждары да көп. Құрылыш материалдары керек, түрғын үйлер, әлеуметтік-тұрмыстық орындар салынуы қажет. Әңгіме үстінде Тевосян менен: «Сол қалаларының аты қандай болды? Самарқант деген Өзбекстанда бар», деп сұрап қалған.

Шынында біз, қазақстандықтар, соған дейін металлургтер қаласының атын ойланбаппыш да. Үлкен адамның сұрағына жауап бере алмай қалып: «Барған соң ақылдасамыз, хабарлаймыз», дедім. Ал, Тевосян болс: «Жоқ, мына документтерге шартты түрде болса да қаланың атын жазу керек», деді. Сөйтті де, металл деген сөздің қазақшасы қалай екенін сұрады. Мен «темір» деп жауап бердім. Товосян темір деген сөзді өзінше бір-екі рет қайталап алды да, міне жаңа қаланың аты осылайша жаңалық білдіргені жөн, деп қуанып кетті. Оның ойынша қаланың аты «Темір» болуға тиіс. Бірақ темір болғанда жай темір емес, бүкіл қазақстанның бақыты, молшылықтың, игіліктің тау-тау темірлері гой, деген ой келіп қалды. Сонымен бірге, Ақтөбе облысында шағын да болса Темір деген қала бар, оны қайталау орынды болмас және «Темір» деген сөз де шолактау көрінді. Сөйтім де «Теміртау» деп атайды қызының қойдым және де «тау» деген сөздің символдық мәнін түсіндірдім. Тевосян қуана құптады. Сөйтіп, Теміртаудың «темірі» Тевосяндікі де «тауы» менікі болғанына осы уақытқа дейін мақтанамын.

Әлбетте, Москвада туган Теміртау атын біз іс қағаздарына шартты түрде жазып қана қойдық. Сәтіне қарай Алматыға келгеннен кейін, ұсынысымызды Орталық Комитет пен Жоғарғы Совет Президиумы да мүлтіксіз қабылдады. Міне, «Теміртау» есімі осылай туған еді. Қазір metallurgия қаласына сырттан келген бейтаниң адам «темірі бар екен, ал тауы қайсы» десе, алып комбинаттан қыыр-қыырга ағылып жатқан составтардағы тау-тау металды көрсетініздер.

Бұл күнде Сарыарқаға Ертіс суы келіп, ғасырлар бойы шөліркеген даланың тандыры жібіп, берекеге кенеліп отырмыз. Енді осы Ертіс – Караганды каналы құрылышының жайынан біраз естелік айтайын. Жалпы су шаруашылығы менің жаныма өте-мөте жақын нәрсе. Суды кім жек көреді, бар тіршіліктің бастауы судан гой. Бірақ, менің өмірім суға ерекше жақын ба деймін. Өйткені, экем де, шешем де Онтүстіктің мұраптартары. Мен егіс басында, арық жиегінде туып қалыптын. Эрине, бұл бүкіл өміrbаяныма арқау болды десем, өтірік болар, әйтеуір ес

білгеннен арық жағалап өстім. 1924-25 жылдары Түркістан орман шаруашылығы техникумында оқығанымда да суландыру мәселесіне мамандандым.

Ұлан-байтақ жері бар республикамыздың енді бір мұқтажы су екенін өмір алға тарта берді. Бізде ол кезде су шаруашылығының мықты мамандары жоқ. Дегенмен, ойға алған нэрсені діттей бермек ниетпен, түрлі әдебиеттерді қарастырдым. Ревалюциядан бұрын да әртүрлі – ғалымдар мен инженерлердің солтүстік өзендерін Орта Азия мен Қазақстанға бұру жөнінде жоба жоспарлары болған. Соларды қайта көтердік. Өзіміздің Қызылордада су шаруашылығында істеген Давыдов (аты-жөнін ұмыттым) деген инженер гидролог Москвада қызмет ететін еді. Сол инженерді қолқалап, Қазақстанға шақыртып, ақыл-кеңес алдык.

Соғыстың алдында Ертістің сүйін Қарағанды арқылы Жезқазған даласына жеткізу идеясы көбіміздің көnlімізге қонған болатын. Соғыс біткеннен кейін, СССР Электр станциялары министрлігіне Ертіс Қарағанды каналының жобасын жасау жөнінде іздестіру жұмыстарын бастау тапсырылды. 1952 жылға дейін жобалау іздестіру жұмыстарына 4 миллион сомдай қаражат жұмсалды. Одан кейін бұл жұмыстар белгілі уақытқа тоқтатылды.

Бәрі де қайта басталып, сәтті аяқталған үлкен жұмыстың нәтижесінде Қарағанды сияқты алыптың тынысы кеңейіп, су молайды Канал жағасындағы савхоздарда көптеген азық-түлік дақылдары, жеміс овош өсірілуде.

Өндірісті аймақта құрылыс материалдары мәселесін шешуде де Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен үкімет тез арада шаралар қабылдады. Соғыстың алдында республиканың құрылыс материалдары өнеркәсібі өте әлсіз еді. Соғыс басталғаннан кейін бұл проблема тіпті қынданай түсті. Еліміздің европалық бөлігінен 150-ден астам өндіріс орындары көшіп келді. Оларды жедел қайта құрып, Отан қорғау ісіне қызмет еткізу керек болды. Қазақстан жұмысшы табы бұл мәселені де тындырды. Қысқа мерзімде. Шымкент, Семей,

Қарағанды цемент заводтары, бірнеше кірпіш заводтары салынды.

Араға жылдар салып, Қарағандыға, Теміртауға келгенімде олардың кең құлашты даму қарқынына қуандым. Осынау биік үйлер, жайлар да жарық пәтерлер, ірі-ірі кесіпорындар жұмысшы қолының қасиетті қолтаңбасындей көрінеді. Бір кезде, металл заводындағы жұмысшылар үшін 200 орындық жатахана салу қыын болғанын еске алудың өзі қазір ерсі сияқты. 200 мың адамдық Теміртау сол жатақханалардан басталған еді. Қарағандының шахталарында жер асты шамдары, қайла-күрек жетпей қалған жағдайлар да болған. Сонда да кеншілер ауыр жүкті мойнымен көтеріп, өздері өндірген қымбат отынның қызыын бүкіл Отанымызға жүрек жылуындей таратып, патриоттық борышты әлі күнгеге дейін дақ түсірмей ақтап келді.

Партия жүктеген міндетті атқарған кезде Қарағанды облысының қалыптасуына куә болғаным - өмірімнің есте қалғандай елеулі бір кезеңдері еді.

«Орталық Қазақстан» газеті,
8 қыркүйек 1986 ж.

БЕЙІМБЕТ ЖӘНЕ ҚАРАҒАНДЫ

Байжанұлы Апактың Итжон адырларының Қарағандыөзек деп аталатын сайынан жанар тас тауып алғанына бір жарым ғасырдан асты. Сол Қарағандының қала атанғанына жарты ғасыр толып, Енбек Қызыл Ту орденімен наградталғанын атап өттік. Республикаға социалистік индустрія алыштарының бірі, жаңа тұрпатты қазақ жұмысшы тобының бесігі Қарағанды және оған іргелес өндіріс ошактары туралы көркем әдебиет үлгілері, зерттеулер барышылық. Қазақ әдебиетінің классиктері Ғабит Мұсірепов, Ғабиден Мұстафин, көрнекті жазушыларымыз Ә. Әбішев С. Ерубаев, Н. Пичугин, А. Дубовицкий қоюмшілердің революцияға дейінгі өмірін көрсететін, совет заманындағы еңбегі мен тұрмысын бейнелейтін үлкен-үлкен туындылар берді.

Алайда Қарағанды тақырыбын алғаш барлап, көміршілер өміріне сонау 1934 жылдың өзінде Бейімбет Майлин көркем шығарма арнағанын ұмыта беретін сияқтымыз. Бүгінгі әңгіме «Қарағанды» деген атпен жарық көрген Биаганиның көлемді көркем очеркі туралы. Ол жазушының 1934 жылы басылған «Алыпты аралағанда» жинағында жарық көрді. Бұл - өндіріс тақырыбына арналған алғашқы көркем проза үлгілерінің бірі еді. Очерктің болмыс-бітімі, сюжет желісі, тілі, көркемдік құралдарды пайдаланудағы автор тәсілі осы уақытқа дейін сөз болған емес. Оның жазылу тарихы да қызық.

Максим Горький 1928 жылдың өзінде совет жұмысшы табының жасампаз еңбек шежіресін жазу туралы қаламгерлерге жар салып бастама көтерді, өзі бас болып кірісті. «Барлық аймақтың миллиондаған, он миллиондаған пролетарийлері бізден бұқара, жеке адамдар жасап жатқан ұлы табыстарды қарапайым да айқын суреттеуді, біздің жарқын да жалынды сөзімізді күтіп отыр. Бұл табыстарда еңбекші бұқараны ғажап қуаты бар», деп жазған еді ол осы сөзінің айғағы ретінде «Советтер Одағын аралағанда» деген очерктер циклін берген Горькийдің үлгісін қазақ-совет жазушылары арасында алғашқылардың бірі болып қолдаган – Бейімбет Майлин.

Биагаң жаңа құрылыштар мен өндіріс орындарын көзімен көріп, сол алыптарды қолымен тұрғызып жатқан «батырлар» жайында циклі очерктер жазуга аттанды. Творчествоның сапарының мақсаты туралы ол: «33 жылдың басын, да мен қорғасын заводына аттандым, бұл жазушылық жолында бірінші ізденіп шығуым еді. Кеп нәрсе көрдім. Таныса келе бағалы шығармалар беруге болатынын байқадым», деп жазды. Февраль мен мартты тұтас алған Шымкент сапарын «Қорғасын заводында» деген үлкен очерк пен...

«Қара айғыр» көмір алыбы болған Қарағандыға бара жатқанына буланғандай, жер сілкінтіп арқырайды. Буланатын да жөні бар: тартып келе жатқан жүгінің көбі – Қарағанды алыбының құрылышына қаланатын «кірпіш».

«Кірпіш» дегенді Биагаң әсерлі теңеу ретінде алып отыр. Олар – «жолдастық көмегін көрсетемін деп келе жатқан Донбасс

жұмысшылары, ірі мектеп бітірген мамандар, тәжірибе жұмысына келе жатқан оқушылар». Осындағы ортада: «Айдары кезіне түсіп, көзі құлімдеп бір қара торы жігіт анаған бір, мынаған бір телміріп, Карагандының жайына қанғанша құмартып келеді». Бәлкім, бұл қара торы жігіт жазушының өзі шығар.

Б. Майлин «кішкентай адамдардың ұлы істерін» бейнелеуде сол шығармасының өзінде-ақ қаламы қарымды, өндіріс тақырыбын менгере алатын, тынысы кең қаламгер екенін көрсетіп берді. М. Грохий Сормово жұмысшыларының, Баку мұнайшыларының, «Днепрострой» құрылышшылары мен Армения еңбекшілерінің арасында болып, зор өзгерістерді қоюмен жасап жатқан адамдарды көрген еді. Ол: «Адамдардың жаңа өмір сүріп, жаңаша ойлап, жаңаша сезіне бастағанын көзімен көру – үлкен қуаныш» деген болса, Биагаң да Қарағанды кеншілері қауымының тұрмысынан осындағы әсер алды. Оған шахтының жай-күйінен мол хабар берген жолбасшы «осы шахтаға арнап жаратылған» бойы тапал ғана балаң жігіт. Жазушының кен орнын аралағанда серік болған адамдары көп, сөйті тұра олардың бәрін бір типке «қазақтың қара боласына» балағанда Биагаң, «Күні өртөң осының бәрінің қожасы болатын» қазақтың советтік жас жұмысшы тобының жиынтық бейнесін жасамақ болған ниетін танимыз.

Коллективтік еңбекке бірігіп, ортақ мұdde үшін тер тегуді үйренген ауыл адамдарының кейпін жалпылап «Мырқымбай» деген атпен шабыттана жырлаған Биагаңның бұл шығармасында тұңғыш рет жаңа Қаһарман көрінді. Ол – кешегі жалшы екені рас, бірақ Мырқымбай емес Социалистік құрылыштың қызу ортасында шыныққан, еңбегінің мәнін, өмірінің мұратын жақсы түсінген «Боранбайлар» аспаннан түскен жоқ. Ол да қазақ ауылынан шыққан. Бірақ көзін ашып көргені «қара ауыз үнгір», көмір қазушылардың бейнеті мен қайғы-қасіреті. Осындағы ауыр тұрмыс, революциядан бұрынғы қазақ жұмысшысының аяусыз қаналуы жағдайында қара тасты қақ жарып шыққан шыргайдай берік жаратылған тұлға. Мырқымбаймен тегі бір болғаны рас. Бірақ, өндіріс жас баланың

өмірге деген көзқарасын өзгерткен. Тіпті Қарағанды шахтасы оған қызыу мол тас көмір шығатын емес, келешегін кеміріп, бар үмітін жұтып жатқан обыр қорқаудай көрінеді.

Шағын ғана шегініспен көміршілердің бұрынғы ұрпағының өмірін суреттеуде жазушының шеберлегі ерен көрінеді. Кесек шығарма туып кетердей ширығады қаламгер. Өз байлығы өзіне кесел болып жабысқан жүдеу Сарыарқа, әр жерден сыздықтап түтіні қысыла шығып жатқан жер балағандар, сол үнгірлерде қасіретпен күн кешкен көмір қазушылар тұтас панorama күйінде көз алдыңызға келеді. Осынау көрікіз пейзаждың сырьы адамдардың мінезі, психологиясы, әрекеті үстінде ашыла түседі.

«Көк жорғасын сыйдыртып Баянды Қарағандының белесімен шапқанда, жібек әдіпті желең шапанның етегі баяғы батырлардың туынша дедиеді. Қырлап өрген қамшыны он саусағы құшырлана ұстайды, көк жорғаның жамбасына бұл қамшы тиген емес, мұның орны басқа» Бұл кім? Баянды. Ағылшын байының подрядчигі. Жұмысшылардың кожасы. Еңбекші қауымның ақысын жеп семірген қорқау. Ал жат жүрттық кәсіпкордың жалпы қазақ атаулымен, жұмысшымен шаруасы жоқ.

Ол ақшаны біледі. Баянды сияқты алаяқты қарғылап, айдал салуды біледі. Ал, Баянды көп жұмысшыға айтқанын қалай істетеді? Ол Тілеуберді сияқты қолшоқпар «жұмысшы атын жамылған пысық жігіттерге» сүйенеді. Материалдық игілік өндіруші жұмысшы табының енбегін бұтарлап, қаумалап талайтын капиталистік өндіріс тәсілін Биагаң бақайшагына дейін шағып көрсетеді. Бұл жас қазақ прозасы үшін үлкен табыс еді.

Осылайша, айналасындағы әділетсіздік пен бейнет Боранбайды көмір шоғындей сан балқытты, толқытты. Оның жас жігерін сынапқа суарғандай шамырқандырып, зорлықшыл қожайынға күрек серметеді. Бұл әрекет тарпаң жастың бұрқ еткен көzsіз ашуы емес, шым-шымдап келіп, диалектикалық заңды жалғасымен пісіп жетілген наразылық әрекет.

Биагаң жаңа адам концепциясын Қарағанды жұмысшысының мысалы арқылы реалистік түрғыда шешеді. Шахтерлер арасынан Б. Майлин тапқан жаңа Адам тек дәуірдің, тарихтың перзенті ғана емес, ойдың, қымылдың, істің Адамы болғандыктан, өз болашағы үшін күресе алатын, тарихты өз көлмен жасап алға аппаратын саналы күрескер. Очертің бұл бөлімі революцияға дейінгі қазақ жұмысшысының әлеуметтік жағдайын көз алдыңызға елестетіп береді.

...Соның сөзімен, тілімен, ойымен береді. Биагаң майға қант қосып тәттілендіремін демейді. «Күс қолды жұмысшылардың» тұрпайлау етек-жені кен, ақ жүрек сөздерін сол күйі қырнамай, жонбай алады. Шахтер аузынан шыққан мұндай «жете қашалмаған, бұдыры көп, додалдау» сөздер арқылы олардың білім деңгейі әлі төмен, бірақ ықыласы түссе, қандай да көзсіз ерлікке дайын екендігін ашып береді. Қазақ ауылшындағы «ошақ басының» сөздері де мына үлкен өндіріс жағдайында қайта түлеп, жаңа сипат алыш келе жатқандығын биязылап білдіреді.

Кеншілер тек ер адамдар ғана емес. Мұндағы әйелдер де білек сыйбанып еңбек етеді. Өне бір «қызылшырайлы келіншек» те өндіріс мүддесі үшін күйінеді. Бір кезде: «қос етек көйлек кимедім, бәленшениң әйелінен кейін қалдым, деп соны арман қылатын ауыл әйелі-ау. Енді Қарағанды сияқты көмір кенінің екпінді іскері болып, социалистік жұмыс үшін алышып, сол орындарға қоймады деп терісіне сыймай тұлданып отырғаны мынау». Биагаң осылай кестелейді.

Биагаң әлеуметтік мәні кен, салиқалы мәселелердің шешілуін жұрт бас қосқан жиналыс үстінде алыш келетін жақсы әдісі барын білеміз. Бұл жолы Қарағанды өндірісінің келешегін дәл болжап, сол үлкен проблеманың қыры-сырын екпінділер жиналысы жарысында байқады. Өндірістің шын қожасы – кеншілер еңбек өнімділігін арттыру, жұмыс сапасын жақсарту шараларын ойласа отырып, алқақотан шешеді.

Бірақ бұл жиналыс – басқаша жиналыс. «Президиум отыратын столдың үстінде қайла, күрек, балға, шахтерлердің шамы... Абайсыздан сырттан біреу келіп кірсе, конференция

емес, мектеп дер еді». Очерктың кейіпкерлері сөз сапырган мәжіліс- құмарлар емес, тәжірибе алмасу үшін жиналған жандар. Солардың бірі Баймағамбетұлы дейтін шахтер өзіне сөз берілгенде әуел «қайлаға жармасады», калай ұстап, қалай сілтеуді үйретеді. Міне, дәл бүгін нақты іспен, қымылмен үтіттеу дегеніміз осындай-ақ болар. Жаңа өндіріс ошағында жазушының көзіне кемшіліктер де ілінбей қалған жоқ. Қарағанды пролетариаты үшін шахтадан басқа да керек нәрселер көп. Мысалы, «мәдениеттің туын тігетін жері – осы Қарағанды емес пе?». Қоғамдық тамақтандыру ісінде олқылықтар бар. Қоғам мүлкін талан-таражыдан сактау керек, пролетарлық тәртіпті нығайту үшін жаппай күреспесе болмайды. «Қарағанды» очеркін жазу үстінде Биаган осы текстес киындықтарды бүркелемейді, қайта соларды жене отырып, ертенге қарышты қадам сілтеуге үндейді.

Қазақ әдебиетіндегі жұмысшы тақырыбына көлемді көркем очеріктерімен барлау, жасаған Биаган Қарағанды кеншілері өмірінің тыңына түрен салған алғашқы қalamгер екені даусыз. Оның көміршілер ордасына сапары кең алымды салмақты роман жазуға деген ықыласын оятты. Қарағанды пролетариатының өткенінен бірқатар маглұмат алған жазушы шахтерлердің жаңа түрмисы мен еңбегі туралы қalamdas жолдастарымен пікір бөлісті. Роман жазуға бел байлады. Өз ойын жүзеге асыру мақсатында келер жылдың күзінде ол Қарағандыға екінші рет сапар шекті.

Бұл жөнінде «Қазақ әдебиетті» газетінің 1934 жылғы 23 октябірдегі санында хабарланды. Дарынды жазушының әдебиет майданындағы тың да үлken іске, игілікті іске кіріскендігін былай деп көрсеткен екен. «Қазақ көркем әдебиетінің ұстасы Бейімбет Майлыұлы «Қызыл жалау» атты романының аяғын жазуға Қарағандыға жүріп кетті. Жазушының «Қызыл жалауды» Қарағандыға барып жазудағы мақсаты – Қарағандының жанды ерлік істерімен араласа отырып, жұмысшылардың күнбө-күнгі өмірінен таныса отырып, жазбақ. Жазғандарын жұмысшы-шахтерлерге оқып, олардың сынына салмақ. Бейімбеттің бұл әдісі - өте дұрыс әдіс». Көрдініздер ме? Қазақстан Жазушылар

одағынын биылғы (1986 ж.- 3.Т.) съезінде шығармаларды колжазба күйінде өндірістік колективтерде кеңінен талқылау жөнінде мәселе көтерілген болатын. Әдебиетті өмірмен жақындастырудың мұндай тәсілін Бейімбет Майлін сияқты көшелі қаламгер бұдан жарты ғасыр бұрын-ақ тапқан екен-ау!

Иә, сонымен, бұрыннан таныс кенші достарының арасында жазушы тағы да, тооның ішкі бауындағы еркін мейман болды. Ол еңбегінің жеміспен тиянақталатынына сенімді еді. Тек сол роман туралы айтпағымыз аз. Белгісіз себептермен баспа бетін көрмеген шығарма нұсқасы жоғалып кеткен. Сондыктан, Бейімбет Майлін Қарағанды туралы көлемді очеркін қанағат тұтып, болашақ романның алғашқы кейіпкерлерін Қарағандыдан іздеп көрдік.

Бірінші айтарымыз – «Қарағанды» очеркінің негізіне сол кездегі кеншілер өмірі деректі түрде дәл аталған. «Қызыл әшеллонның» келуі, сол 1934 жылы апрельде екпінді шахтерлердің бірінші конференциясы өтуі, онда облыстық партия комитетінің хатшысы баяндама жасауы – нақты болған оқиғалар. Бұл жөнінде партия және еңбек ардагері Әкім Серіков, екпінділер конференциясына қатысқан., қазір пенсиядағы құрметті шахтер Сәбит Майжақанов сияқты қарттар дәйекті әңгімелер айтады. Олар Бейімбет Майліннің Қарағандыға келгеніне күэ болған.

Ал нақты кейіпкерлер өмірінде болған адамдар ма? Болса кімдер, деген сауал төңірегінде де іздедік. Очеркте кеншілердің аға ұрпағының революциядан бұрынғы қыын халі, қазіргі социалистік тұрмыс жағдайымен, адамдардың еңбекке қатысы, мінез-құлқының өзгеру қалпымен салыстыра суреттеледі. Осы мақсатта күлашты кеңірек сермен, өмірді теренірек қамту мақсатында Биаған өз кейіпкерлерінің бейнесін типтендіріп, жалпы кенші қауымының қасиеттері тоғысқан, жиынтық образ жасауга ұмтылған.

Очеркте Боранбай Конысбаев қазақ кеншілерінің көбіне ортақ мінез-қымыл үстінде кескінделеді. Ал оның досы, әрі ұстазы Аким – қазақ жұмысшысы табының қалыптасуына еңбек өнегесімен де, озық санасымен де көмек жасаған ұлы

орыс халқының өкілі. Никифоров пен Әжікеев алғаш бесжылдықтарының екпінділері. Жазушы оларды «Қарағандының Изотовтары» деп мақтанышпен айтады. Елімізде өрістеп келе жатқан социалистік еңбек ұшқындарының Қарағандыда кең тарап, Изотов бастамасының іс жүзінде қолдау тауып отырғанын шабытпен суреттейді.

Очерктең оқиғалар ізіне жарты ғасырдан соң түсіп көргенімізде, мұндай есімді адамдар жөнінде деректер таба алмадық. Бірақ бұл жағдай шығарманың құнын түсірмейді. Жазушының мақсатының өзі нақты оқиға, факт қазығы төңірегінде шиырламай, көркемдік құралдарды мол пайдаланып, реалистік шығарма жасауға ұмтылғаны көрініп тұр.

Сонымен, жаңа романға кірісе отырып. Биагаң оны қалай атау жөнінде де ойлануға тиіс еді. «Қызыл жалау». Бұл қандай жалау? Биагаң шығармасының ізімен жүріп отырып, біз бұл «жалауға» жақындаған сияқтымыз.

1933 жылы Қарағандының бірінші және үшінші шахталары өзара еңбек бәсекесіне түскен екен. Ай сайын кезек жеңісіп, ауыспалы Қызыл туды кезек алып отырған. Биаганның көреген кезіне іліккен, қиялына қанат берген осы Қызыл ту болмасын? Дәлірек айтқанда, қай шахтаның туы екен деп те іздендік. Осы сұрауды қойғанымызда ардагер кенші Сәбит Майжақов:

- Әрине, бірінші шахта оқта-текте болмаса, алдына жан салған емес. Үшінші шахтаның ту алуы рас, бірақ біріншімен тенденсес алған жоқ, - деп өзінің бірінші шахтасында көмір қазғанын айтты.

- Құзембаев Түсің бізде уклон айдайды. (қазіргіше проходка қазды деген ұғым берді. З.Т.), талай рет «үшіншіні» жерге қаратып кеткенбіз, - деп қосып қойды.

Бұл сөздерден қарт кеншінің өзі еңбек еткен колективтің бұдан елу жыл бұрынғы табысын бүгіндей мақтаныш етіп отырғанын түсіндік. Әлі де өз шахтасының мәртебесі биік болғанын аңсайды-ау. Заты, шахтер дегеніңіз намысқор халық екені рас. Сол намыс қаншама ерлік тудырды, жоқты бар, азды көп етті емес пе?!

Иә, Биаганың шабытын қамшылап, қаламына оралған Қызыл ту сонымен кай шахтанікі болды? Бұл жөнінде тағы бір дерек келтірейін. Биаган Қарағандыда екі жолы болғанда да енбек адамдарымен кездесті, өндіріс басшыларымен, мамандармен тілдесті, әлбетте, кеншілер қаласындағы ақындардың үйінде қонақ болды. ол кезде Қарағандыда Шәшубай Кошқарбаев, Доскей Әлімбаев, Қайып Айнабеков, Болман Қожабаев, Ілияс Манкин, Жолдекей Нұрмамбетов сияқты от тілді, орақ ауызды халық ақындары болған. Олар кенші еңбегін шаттана жырлап, енбекші қауымның әр табысын сұлу сөзбен зерлеп, жарқыратада көрсеткен.

Биаган 1933 жылдың апрель айының оны күні кеншілер қаласының «Кеңес жазушылары белсенділерінің» бірінші жиналысын өткізді. Онда социалистік құрылыштағы әдебиет майданы қайраткерлерінің орны туралы баяндама жасады, байсалды ақыл-кеңес берді. **Сол күні Қазақстан жазушылар ұйымының Қарағанды секциясын құрды.** Азат, жасампаз еңбекті жырлауда жаңа әдебиеттің мәнері де? Мазмұны да өзгергендігін Биаган жергілікті ақындардың өлең-жырларын тыңдай отырып, ескертті. «Қарағанды пролетариаты» (казіргі «Орталық Қазақстан») газетінің редакциясында өткен осы бас косу көміршілер ордасының әдеби күштеріне тың қуат қосып, жаңа бағыт сілтеген еді.

Келесі аптада, апрельдің 17-күні «Қарағанды пролетиатты» қала ақын-жазушыларының творчествосына арнап бет берді. Биаган сұрастырып, сарабынан өткізген шығармалар жұмысшы ақындардың кең мүмкіндігін көрсеткен. Кешкे қарай шахтерлердің Орталық клубында жиналған көп адамдардың алдында Бейімбет Майлин социалистік құрылыштың келешегі, сол ұлы өзгерістердің әдебиетте көрініс табуы жөнінде әңгімеледі.

Екі айға тарта кеншілер арасында болған жазушы қайта туып, қайта жасарғандай әсер алған. Бұл жөнінде Алматыға оралып, Шымкент – Қарағанды – Қостанай сапарлары туралы творчестволық есеп бергенде, жұмысшылар ортасының таптырмайтын өмір мектебі екенін қуана бөліскең.

Әдебиетшілердің жұмысшы тақырыбына бойлап бара алмай, бетін қалқып өте беретінінің себебін көрсетті. Оны өзі де мойындаған. «Бұрын, «түтін», «машина» дейтін едік. Ол жетпейді еken, көп сөйлесу, көп араласу керек, мен Шымкентте алғашқы он-он бес күн цифр құшақтап жүрдім. Одан түк шықпады. Соңан соң, Қонысбек бригадасын бөлек алдым. Қонысбекпен құрдас шығып, киімінің ішкі бауында араластым. Алматыға қайтқан соң да, жазуға кірісу қын соқты. Кемшілігім бар еken. Сондыктan Қарағандыға аттандым. Онда барған соң, геройларым кеңейді. Материалдарым толықты», деп ағынан жарылған еken. Осы сөздердің өзінен ғана біз жазушының әдеби творчествоға мейлінше адалдығын, еңбеккорлығын көрсетеміз.

Өнер азығын өмірдің өзінен іздең Биағаң кеншілердің талай бас қосуына қатысқан. Олардың әрқайсысына жіті көзben қарап, сөздерін түрік құлақпен тындаған жазушыға мына бір оқиға ой салған. Биағаң жақын танысып сыйласқан ақын Манкин Илиясты қасына ертіп жүрген. Сол Ілекең бірінші шахта мен үшінші шахта кеншілерінің апрель айындағы еңбек бәсекесінің қорытындысын шығарып, қазылар алқасының мүшесі болған. Осы жолы № 3 шахта бәйгіні жеңіп алғанда, «Байғазым болсын, балалар» деп жыр толғаган. Сол күннің ертеңіне «Қарағанды пролетариаты» газетінде басылған жырдың үзіні (қыскартылып алынды) нұсқасы мынадай:

«Қарағанды қалың ну,
Қалың нуда Қызыл ту.
Сол ту үшін курескен,
Шахта астында думан-шу.
Үшінші шахта басында,
Қызыл ту тұр жайнаған,
Куанышы екпінді.
Забойши, қайла айдаған
Қыздыр, көмір майданын!
Соқ, батыра қайланы!
Кім көмірдің батыры –
Қызыл ту соның айғағы.

Міне, ақын аузынан өзі тыңдаған, газет бетінен көрген осынау шумактарды Биағаң назардан тыс қалдыра алмайды. Сарыарқада нұрлана атқан жаңа дүние таңының символындей алқызыл жалау – екені еңбектің жеңісі – жазушы шығармасының алтын арқауына айналған.

Әрине, бейнелі ұғым ретінде алынған Қызыл жалаудың дәл кімдікі екенін табу емес, бұл әңгімеміздің мақсаты – Биағанның Қарағандыға келген сапары туралы топшылаған ойымыздың ұшығы ғана.

Зерттеу, танысу үстінде Биағаң «Қарағанды» хикаясында шахта келешегі туралы ой қозғап, үмітке толы барлау жасайды. «Әлі-ақ жер асты да самаладай жарық болады» дей келіп, Қарағандыда салынып жатқан орталық электр станциясының күрылышы тездетілсе екен деген тілек білдірді. Шынында, сол 1933 жылы Биағаң Қарағандыдан аттанғаннан кейін, қуаты 8 мың киловаттық екі турбина іске қосылған еді. Араға жыл салып қайта келгенде, жер астына электр жарығы берілгеніне жазушы кеншілерден кем қуанбаған. Неге қуанбасын, 1933 жылы бір миллион тоннадан асырып көмір берсе, келесі жылы екі миллион береміз дег алаканында түкіріп, қайласының сабын сығымдай үстап серпе сілтеген шахтер досы Боранбайды көрсे!

Әлі де сұрап білмегі көп еді, «көміршілер ағасы» Корней Осипович Горбачев кетіп қалыпты. Мінезді азамат көрінген бұл кенші-маман Корней жазушымен тілдесе келе, таныса келе, езінің он бес жас үлкендігін сатпай, қарбалас жұмысын тастап. Биағанды ертіп шахта аралатқан. Әттең, сол әңгімелерін айнитпай жазып алатын құрал болса, Биағанның кітапшасында қалған мына құрғақ цифrlарға жан бітер еді-ау. Қарағандының келешегіне нұсқағандай: «Професор Гапеев пен Бурцевтің есебі бойынша Қарағанды аймағында 8,5 миллиард тонна көмір бар». Осыншама молдықты әр нәрсеге балап, көзіне елестеткісі келіп еді басы айналып кетті. Есептеп-есептеп: «сан ұрпақтың өміріне жететін иғілік екен», - деген де қойған.

Қарағанды атына байланысты әдебиеттерді сүзіп жүріп, жазушының сол сапарынан тұра төрт жыл өткен соң, мына бір мәліметке кездескенде Биағаң жаңа романының салмақтана

түсінен сөзгендей болды. «Москвада өткен халықаралық XYII геологиялық конгресте соңғы зерттеулердің нәтижесі бойынша Қарағанды көмірі 51 миллиард тоннага жуықтайты». Жоқ, бұл Қарағандыға тағы бармаса болмас. Жазушы мұраты шабанторының текірегі емес, «қара айғырдай» қарыштаған Қарағандының құтты қадамына ілесе білуде болса керек қаламгер бақыты.

«Қызыл жалау» төнірегіндегі ізденістеріміз Биагаңың бұл романын толық жазып бітіргеніне көз жеткізгендей. Оның бір дәлелі 1935 жылы романнан алынған шағын үзіндінің Қарағанды облыстық газетіне орысша аударылып басылуы дейміз. «Социалистическая Қараганда» газетінің 1936 жылғы 4 октябріндегі санында «Белгілі қазақ жазушысы Бейімбет Майліннің «Қызыл жалау» романынан үзінді» басылды. Үзінді «Шахтаға бет алу» деп аталады. Орысшаға аударған А. Дубовицкий.

Қарағандының, тілті республикамыздың карт жазушыларының бірі – Александр Абрамович Дубовицкий 1921 жылдан партия мүшесі, азамат соғысына белсене қатысқан. 1921 жылдан бастап Ақмола уездік азық-түлік комитетінде қызмет еткен. Сол кезде Ақмолага қарайтын Үлкен Михайловка, Астаховка, Ростовка, Покорный, Долинка болыстарында азық-түлік дайындау ісін басқарған. Қазақстан Жазушылар одағының орыс секциясын басқарған А. Дубовицкий «Советский Казахстан» (қазіргі «Простор») журналы редакторының орынбасары болып істеген. Алматыда Бейімбет Майліннің жаңа романын орысшаға аударып, басқа басылымға емес, тікелей Қарағанды газетіне ұсынған. Шығарманың аяқталған, немесе аяқталуға жақын болған дейтін себебіміз, автор да, аудармашы да бас-аяғы бүтінделмеген дүниені роман деп атауға тиісті емес еді. Бұған Б. Майліннің қаламгер ретіндегі адалдығы мен жаратылышынан ұстамды, сыпайы мінезін қоссаңыз, ойымыз тиянақтала түсетіндей.

Аталған үзінді «Қарағанды» деген атпен қазақша жарияланған хикаяның оқигаларын қайтalamайды. Орысшасында күздің ызғарлы, бұлтты күндерінің бірінде

Дүйсенбай есімді ауыл қазагы торы атпен Қарағандыға келе жатады. Арбада ауылдасты Қойшықара мен әйелі Әмина бар. Шахтаға жұмысқа түсуге келе жатқан беттері. Қарағандыда Мұсірәлі деген шахтер туысының үйіне ат басын тиейді. Сол үйде Қойшықара Боранбай деген кеншімен танысады. Шахтер жігіт: «Мен забойшы Боранбаймын. Шахтерлікке жиырма жігітті үйреттім. Кел, сені де үйретемін, - деді. – Мына кенді біз сиякты жастар өндірмегенде, кім өндіреді...».

Бұл аударманың ізіне түсіп, тағы да тереңірек үніліп көрсе, бірқатар жағдайлар анықталып қалар ма еді қайтер еді.

Биагаң дәл, қазір өзінің шахтер достарына үшінші рет келіп жолыққан болса, олардың бүгінгі табысына шаттана қуанып: «Бәсе, осылай боларын білгем», - дер еді-ау. Қарағандылықтар Арқа төсінде тамаша қала орнатты. Өндірістің сан-саласын дамытты. Содан бері Отанымыз Қарағанды кеншілерінен бір миллиард 400 миллион тонна көмір алды.

Қыстаубайдың Боранбайы, Құзембайдың Тұсібі болып, (назар аударыныздар: Қыстаубай-Құзембай емес пе екен? З.Т.) қазақ кеншілері арасында тұңғыш рет омырауына Социалистік Еңбек Ерінің «Алтын жүлдзызын» таққан. Бибіжамал Омарова әйел шахтерлер арасында Еңбек Ері атанды.

«Орталық Қазақстан» газеті
24, 28 желтоқсан 1986 жыл.

Е. ЗІКІБАЕВ АҚЫН ӘРІ КӨСЕМСӨЗ ШЕБЕРИ

Белгілі қазақ ақыны Еслем Зікібаевтың шығармашылық кабылеті зор, әр тараپты қаламгер екенін XX ғасырдың соңғы ширегінде өмір сүрген бірқатар замандастары айтып кеткен болатын. Ол өзінің журналистік кәсібінің шенберінде баспасөздің барлық жанрларын терең игеріп, қаламдастарынан оқ бойы озып шыққан еді. Еслемнің очерктері әрі көркем, тілге бай, әрі байқаыш та ойшыл автордың қаламынан туғандығын дәйім көрсетіп тұратын. Қазақ журналистикасында өзіндік айшықты қолтаңбасы қалған журналист Зікібаев ақын болмаса, майталман жазушы ретінде де қалыптасып, оқырмандарына

әдемі әңгімелер мен шытырман хикаяларды тарту етері сөзсіз. Бір басына жетерлік тіл өнері бар қаламгердің публицистикасы да өз алдына жеке сала болып қарастыруды тілейді. Қазақ баспасөзінің тарихында талай тамаша жазушының көркем шығармаларымен қатар, көсемсөзі де жарқырап, елдікке, ерлікке бастайтын салиқалы сөзі ретінде мұра болып қалғанын білеміз.

Қазак көсемсөз өнерінің майталмандары деп айтуға әбден болатын ақын-жазушылар аз емес. Әріге бармай-ақ, алғашқы қадамдарын мерзімді баспасөзден бастап, халқына өнегелі сөз ұсынып, елін әлемге танытқан Мұхтар Өуезов сынды дарияның қайнары көсемсөз еді ғой. Кейін толып-болған кездің өзінде ұлы жазушы мерзімді баспасөз ретінде өзінің бірнеше көркем очерктерімен көрініп, былайғы жүртқа қаламды қалай ұстая керектігін үйреткендей болған. Сұлу сөздің сүлейі Жусіпбек Аймауытов та журналист ретінде көрінді. Бертінде Габит Мұсірепов пен Сәбит Мұқанов, Габиден Мұстафин мен Әлжаппар Әбішев күнделікті газеттің дүкенінен етіп, журналистиканың көрігінде қайнап, шындалды. Жақсы журналистің жақсы жазушы бола алатынының мысалы өте көп. Бір ғана Әзілхан Нұршайықов пен Шерхан Мұртазаның шығармашылық өмірбаяны осының дәлелі. Соңғы он жылдың көлемінде шығармашыл жастар қазақ публицистикасының тарихын толтыру мақсатында бірқатар ақындар мен жазушылардың көсемсөзін арнайы зерттеп келе жатқаны куантады.

Біз де осы үдерісті жатсынбай, негізінен ақындығымен танылған **Есләм Зікібаевтың көсемсөзін** жеке алып, қарастырдық. Ондағы мақсатымыз бұл автордың қаламынан туған көсемсөз нұсқаларының бірнешеуін талдау арқылы қазақ баспасөзіндегі көсемсөздің даму ерекшеліктеріне қанығу болып отыр. Осы уақытқа дейін арнайы зерттелмеген Е.Зікібаев көсемсөзі туралы пікірлерді бір арнаға тоғыстырып, ой қорыту, оның көсемсөзіне тән ерекшеліктерді көсемсөз теориясы тұрғысында негіздеу қажет. Сөйтіп, автордың тақырып таңдау талғамына, сол тақырыпты ашуға қолданған әдіс-тәсілдеріне, ой-толғамдарының идеялық негізіне барлау жасау мақсаты

етілді. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл тақырыптың өзектілігі ақынның шығармашылық өмірбаянының кесек бір бөлігін арнайы қарастыру қажеттігінде деп ойлаймыз. Әрбір автор – бір әлем, өзіндік қайталанбас стиль екені рас болса, Е.Зікібаев көсемсөзінің зерттелуі арқылы өз заманымыздың көсемсөз шеберлерін танып-білуге құштарлықты ояту маңызды міндет болса керек.

Зерттеу нысаны дегенге келетін болсақ, әлбетте, Е.Зікібаевтың ұзак жыл әртүрлі баспасөз органдарында істеген кезінде жариялаған хабарлары мен заметкаларын, корреспонденциялары мен мақалаларын, фельетондары мен репортаждарын, жүргізген интервьюлерін, жазған есептері мен жолжазбаларын түгел тізіп қарастыруды мақсат тұтқанымыз жок. Кәсіби журналистің қаламынан күн сайын туып жатқан ұлылы-кішілі шығармаларды үстірт шолып шыгудың өзі мүмкін емес. Жұздеген, мындаған авторлық материалдарды санамалап өтудің қажеттігі де болmas. Сондықтан, Есләм Зікібаевтың көсемсөзші тұрғысындағы қалам қайратына баға беру үшін, оның жеке мұрагатында сақталаған жиырма шақты очерк пен жеке қайраткерлер туралы жазған очерктері мен салмақты мақалаларын салыстыра отырып саралауды жөн көрдік. Зерттеу әдісіміздің өзі де осы. Марқұмның «Кім оянып мәңгіге кім жатады.

Тоқтамайды күн шығып, күн батады...

Өзім кетсем, артымда сөзім қалсын,

Ерік бердім жан сырым – жырға тағы», -

деген бір шумақ өлеңі алғысөз ретінде берілген «Жыр - тағдырым» деген атпен ескерткіш сипатында шыққан кітапті негізге алдық. Оны құрастырушылар Е.Зікібаев туралы: «Ол адалдықты актарла жырлаған Ар мен Ақиқаттың жаршысы еді. Көсемсөз һәм әдеби көркем сын салаларында да көп тірлік тындырған көшелі қайраткер еді. Кісілік пен кішілікті ғана ардактаған кішіпейіл Жүрек еді...» деп жазылты. Осының өзі марқұмның бақылық болғаннан кейін жарық көрген туындының сындарлы сипатын, салиқалы салмағын көрсетсе керек. Сондықтан, бұл кітапты зерттеу жұмысының дерек көзі

ретінде алдық. Толық мағлұмат мынадай: Есләм Зікібаев. «Жыр-тағдырым» (өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер). Алматы, 2003 жыл. 372 бет.

Қазақтың көрнекті ақыны әрі үлкен көсемсөз шебері Есләм Зікібаев тірі болса биыл тұра 71 жасқа келер еді. Орыс отаршылығына ерте үшырап, қазақтың салт-дәстүрі, тілі мен ділі қыл үстінде қалған теріскейде ойдым-ойдым аймақта, арал-арал сақталып қалған шағын-шағын қазақ ауылдары бар. Олардың бір кездегі салиқалы-салмақты, ойланып-толғанып қойылған қазақша әдемі аттары жоғалып, орысша Ивановка, Николаевка, Петровка, Мария тағы сол сияқты жаңаша атаулармен таңбаланған жағдайы бар. Сол ауылдардың бірі, Николаевка болса соның маңындағы Еңбекте дүниеге келген дарынды қазақ баласы жасынан әдебиетке құмар болды. Кітаптан, газеттен өлең көрсе жаттап алады екен, деседі замандастары. Сол бала өсті, оқыды еліне танымал ақын болды.

Бабалардың өмірін жалғасын деп,
Келеді арман әзірге алға сүреп.
Шабыт берді бойыма талмасын деп,
Қанат берді ойыма самғасын деп,²²

акын өзі жазғандай, табиғат берген дарынның арқасында еліне жақсы-жақсы жыр силады. Өмірінің соңына дейін туган халқына, замандастарына, артындағы ұрпаққа рухани азық болғандай көптеген кітаптар жазды. Есләмнің ақындығы кезінде өз бағасын алып, қазақ поэзиясының дәриясына кәусар бұлақ болып құйылды.

Әдетте, бакильтық болған азаматтар туралы ең ақиқат сөзді, жүрекжарды пікірді замандастарынан естігеніміз дұрыс болар. Осы дағдыдан айнымай, Е.Зікібаевпен бірге өскен захамандасы журналист әрі жазушы Бақыт Мұстафинның естелігіндегі мына жолдарға көз жүгіртейік:

«...Ол өзі туып-өскен Ленин ауданындағы Өрнек, Жарғайын, Николаевка мектептерінде оқып жүргенінде-ақ өлең

²² Зікібаев Есләм. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 5-бет

жазуга талпынып, поэзияның ақ перште-тұлпарының жалына жармасуға үмтүлушы еді. Одан кейін Қазақтың мемлекеттік университеттің журналистика факультетіне оқуға түсті, әдебиеттің касиетті босағасын еркін аттамақ болып, талмай ізденді, құлышына еңбек етті, қажымас табандылықпен талпынды. Есләмнің қаламын ұштап, қанатын қатайтқан біздің «Ленин туы» газеті. Оның алғашқы өлеңдері, поэмасы осы газеттің беттерінде жарияланып, оқырман жүргегіне жол тауып жатты»²³.

Қазақ баспасөзі талай таланттың бағын ашып, ақындық-жазушылық таланттың қозғап, қоздатып үлкен жолға салғанының мысалы көп. Бұл ағдыр Е.Зікібаевтың да басынан өткен. Ол өзі тұған өлкедегі облыстық газетте қаламын жаттықтырып, қазақ мәдениетінің алтын отауы, асыл ошағы алматыға барған соң, кеңінен көсіле алды. Ақындық оргада жүріп, журналистік қызметімен бірге көркем шығармашылығын байыта берді. Республикалық «Қазақстан пионері» газетінде қызмет істеді, мектеп окушыларына арналған басылымда түсінікті де әдемі женіл тілмен мақала жазуға машықтанды. Бала сезімнің нәзік тамырларын дәл басатындей шеберлікке үмтүлды. Онысына жетті.

Кейін, алматы облыстық «Жетісу» газетінің редакциясында қызмет атқарған кезінде Есләмнің ойлы корреспонденциялары, көркем очерктері оқырман назарына тез ілікті. Ол уақыт тынысын дәл сезіп, күнделікті баспасөзде бұқара халықтың күтіп отырған мәселелері бойынша, салмақты да, салиқалы сөз қозғайтын журналист деңгейіне көтерілді. Баспасөз бір ғана сарында, коммунистік партияның идеяларын ғана насиҳаттайтын басты бағытта жұмыс істейтін үгіт-насиҳат құралы болған шақта құлашын кең сермен, ойындағысын айта алатын журналистер кем де-кем болған жағдайдың өзінде ақын Зікібаев көсемсөзші ретінде де еркін көрінді.

Жас шамасы жағынан әріптестерінен көп кіші болса да, ол «Социалистік Қазақстан» сияқты «аға газет» атанған үлкен

²³ Байтұсырынов А. Шығармалары, Алматы, 1989, 290-бет

басылымда жауапты қызмет атқарды. Әр жазғаны оқырман назарынан тыс қалмайтындаш шеберлік әрі қажыр танытты. Әлбетте, газет бір күндік деген ұғым бар. Бірақ, бұған қарал, журналистердің берінің жазғаны бір күндік қана ғұмыры бар деуге болмас. Мәселе, сол материалдың, жанры қандай болғанына қарамастан, мақаланың немесе корреспонденцияның, очерк пен фельетонның тақырыбы қалай ашылғаны, ондағы ойдың оқырманға қаншалықты ықпал етпегі маңызды десек керек. Осы орайда кәсіби білімімен қоса, алғырлығы қолданған көп жылғы журналистік тәжірибе дүкені Еслем Зікібаевты тісқақкан көсемсөз шебері ретінде қалыптастырды. Осында жүріп ол очеркистердің Бүкілодактық аймақтық семинар-кеңесіне қатысты. Мактау-марапатқа ие болды.

Өзінің «Социалистік Қазақстандағы» журналистік қызметі туралы Еслем марқұмның мына естелігін келтірсек, біраз мағлұматқа қанығамыз.

«Жақсы журналист болам десен, «СК»-ның қазанында қайнап шық» деген ұғым дүрілдеп тұратын онда. Генерал болуды армандамаған солдат солдат па?! Редактордың бірінші орынбасары Қайыркен Сағындықов дейтін ағамыз бастығы демалыста жүргендеге топырлатып бір топ жасты алып жібергені бар. Қазірде белгілі қаламгер Сәрсекеев Қоғабай, майталман журналист, философия ғылымдарының кандидаты Беркімбаев Тоқтасын және мен үшеуіміз бір бүйректың үш тармағымен осылай баспасөздің қара шаңырағына келгенбіз»²⁴.

Партиялық баспасөздің әлуеті күшейіп тұрған шақта, Республикалық газетте істейтін жүйрік журналистердің де атагы аспандауы заңды еді. Еслем Зікібаевтың есімі мықты тілші, шебер очеркист ретінде «Правда» газетінің бетінде атақты жазушы Әзілхан Нұршайықов, сақа қаламгерлер Бегділда Абдуллин, Пернебек Бейсеновпен қатар атальып шыққан кезде ол отызға да толмаған жігіт еді.

²⁴ Зікібаев Еслем. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 273-бет

Келесі бір кезеңде әдебиет ісі мен баспа өлкесіне бет бұрган Еслемға журналистік тәжірибесі тағы да қомекке келді. Ол әртүрлі жанрлардағы кітап редакторы ретінде өз ісінің шебері еді. Әдеби сынымен басыбайлы айналысып кетпесе де, проза мен поэзияга бірдей жорға Зікібаев үшін баспадағы жұмыс онша қын бола коймады, жетілген үстінен жетіле берді.

Кейіпкеріміздің адамгершілігі туралы жаңа ғана атын атаған досы Бақыт Мұстафин он жылдан кейін мына бір көргендерін қағазға түсіріпті. Еслем екеуі әдебиет мұддесімен ел аралап жүргенде бір ақсақалды қарияның мынадай ақ тілегін естігенін қалдырған: «- Айналайын ақын балам, сөз қадырын қымбат санаган қазақпыз гой. Баяғыда аталарымыз разы болғанда, «бір аттық сөз айтты» деуші еді. Сен жұз ақтық сөз айтқандай болдың. Мениң көnlімдегі, менің көкірегімдегі сөзді айттың. Бір жасап қалдым. Өлең шіркіннің шапағаты шыгар бұл. Сөздерінді естуді, содан соң жүздерінді көруді аңсаймыз. Шырағым, сен менің үйіме отын-шөп әкеліп, табағыма ас салып бер деп айтпаймын, мына тәтті сөзіңмен, есті сөзіңмен еңсемді көтеріп бір масайратсан біразға жетер қуат емес пе маған. алыста жүріп біздің сөзімізді, ойымызды айтқаның – біздің мақтанышымыз...» деген екен. Ақынға айтылған әрі қошемет, әрі аманат осында болса, бұл әрі ел қамын жеген қайраткерге, ел сөзін айта білген көсемсөзшіге арналғанына кімнің дауы бар.

Ақын Зікібаевты осылайша аз-кем таныстырып отырған себебіміз, көсемсөзші Зікібаевтың қаламгерлік тұлғасын ашуға жасаған барлауымыз.

Әлбетте, ол ақын ретінде таныстал. Қазақтың көрнекті көсемсөз шебері, көп жыл баспасөзде басшы қызмет атқарған Сарбас Ақтаев әрі ақын әрі көсемсөзші Е.Зікібаевпен қалай танысқанын, қалай дос болғанын айта келіп, оның шыгармашылығы туралы былай дейді: «...Бір қызығы – қырық жылға жуық сыйлас-сырлас, дәмдес-тұздас болып, жұбымыз жазылмай жүрсек те, не тындырып, не қойғанымызды, қай денгейге көтерілгенімізді, бағамдап-бағалай бермейді екенбіз. Әлбетте, қолда бар заттың қадірі, қасында жүрген жанныңғ қасиеті білінбейтіні секілді, ерте үйреніп кетсе ұлылықты да

ешкім елемейді ғой. Күнделікті жазып жататын жыр, жылдағы шығып жататын кітап – бәрі-бәрі дағдылы дүние іспетті...әуелі «Егемен Қазақстан», «Жетісү», «Ұлан» сияқты ұлылық-кішілі басылымдарда журналистік жұмыс атқарып, өзінің қарымды қаламгер екенін танытып, қыруар тәжірибе жинақтаған Есләм кейінгі ширек ғасырда ат басын бірынғай жырға бұрып, өндірте еңбек етті».²⁵

Осы уақыттың ішінде онға жуық өлеңдер кітабы жарық көрді. Есептеп отырсақ, Есләмнің кітапқа жарияланған өлеңдері отыз мың жолдан асады екен. ал кезінде жергілікті және Республикалық газеттер мен журналдарда шыққан өлеңдері бұл есепке кірмейді. Демек, осыны нәзі қаншама көз майын тауысып жүйке жұқартқан күлкісіз күндер мен үйкесіз түндердің жемісі екенін түсіну қыын емес. Оған соңғы төрт-бес жылда мерзімді баспасөздеғана жарияланып, жинаққа сұранып тұрған он-он екі мың жолдай өлеңдері мен он бес баспа табақтай очерк-эсселерін қосса, жанкештілікке пара-пар еңбекқорлықты байқаймыз. Осыларды аудара қарап, актара шолып шыққанда Есләм ақын және табиғатынан тума ақын деген бірғана тұжырымға тірелесін. Оның үстіне кей біреулердей саусағын сорып отырмай, қара сөзде де, өлең сөзде де төгіліп, егіліп кететін ақын.

Өмірде мезгілсіз кететінін сезгендей, Есләм Зікібаев өзінің артындағы ұрпакқа жәйғана ескерткендей етіп:

**Кім оянып, мәңгіге кім жатады,
Тоқтамайды құн шығып, құн батады...
Өзім кетсем, артымда сөзім қалсын,
Ерік бердім жан сырым жырға тағы,**

деп ағынан жарылған адал ақынның осы бір сөздері оның бүкіл шығармасының шынайлығын аңғартып адамдық пен азаматтық, елдік сезім мен ерлік сенім, даладай кемдікпен анадай мейрімділік шашады. Бабалардың өсietіндей даналық жүгін арқалаган, баланың ниетіндей тазалығы мөлдір маржандай Ақын деген сөздің бағасы қымбат. Ақын жүргегі өз

²⁵ Ақтаев Сарбас. Қос тізгіні тең тарлан. Ана тілі. 2006 жылғы 9-қараша.

дәуірінің дүбірлі оқиғалары бұрк-сарқ қайнап жататын тайқазан. Былайша айтқанда, заман құбылысы мен қоғам құрылышын сарап отыратын сана сүзгісі. Ақынның қыран жанарынан қалт еткен қимыл, жарқ еткен жаңалық қағыс қалмақ емес.

Өмірінің сонына қарай үлкен толғаныс үстінде қағазға түсірген «Арманым» деп аталатын толғауында қазактың тегін, өзінің қасиетті ата бабаларын, халқының аяулы азаматтарын мактаныш ете отырып, тәуелсіз елдің ұлдарын пенделіктен сақтандырады, бірлікке татулыққа шақырады. Сол өлеңнен екінші шумак оқып көрейік. Тақырыбымызға байланысты ақын Еслэмнің бұырқанысты шабыт сәті үстінде көпке ой салар даалалық пікірлерді төгіп-төгіп жібергенін байқаймыз.

Мен де «Арғынмын Әсеттей арындаған,
Арындалап эн сала ма дарымаған»...
Шығатын биіктері көп болар деп,
Тәңірім аздап сыйлаған дарын маган.

...Болмаған біріміз құл, біріміз күн,
Таралған тегі тұтас тубіміздің.
Орта жұз, Кіші жұз бар...бәріміз де
Тетелес інісіміз Ұлы жұздің,

деп келеді де, Жұзге, руға бөлінбей, тұтас қазақтың әрбір ардақтысын қасиеттей білуғе үндеген ақын, мысалы, қазақ кім дегенде:

... Елім деп айқара ашқан ақ жаны бар,
Еніреген Ер Түрік деп Мағжанның ал.
Қонар тұсын таба алмай тентіреген
Кей-кейде тайқымаңдай бақ жаңылар.

Көңіліме толса да, толмаса да,
Біреуді зор, бірдеу қорға сана
демеген арғы-бергі бабаларым.
Әр қазақ түп-тегімен мақтанады,
Бірі артық бірі кем болмаса да...

Шын ақын не айтса да, әділін айтып, алдаспандай орып тұсуі шарт. Оған жалған айту, жалтақтық пен жағымпаздық

атаулы жат. Философтардың қияннан қайырып, көп толғап қисындырар сырын, ой қорытындысын ақын оп-оңай құя салады.

Сөзің бітсе,
Айтатын ойың бітсе,
Жол қысқарып,
баратын тойың бітсе...
Ақынның да өлгені ел көзінде,
Бүкпән тайлап дауылда бойын күтсе.

Ақындық өнердің һөлшемі осы болса керек. Ой орамына пікіп-пайымына қарай бағалар болсақ, Есләм де ештеңеден тайынбайтын дәл осындаі алғыр да арынды, айтқыр да қарымды ақын. Жыр бәйгісі атты ұлы дүбірде тізгінін сүзе тартып, қалың топтың қеуде тұсында келе жатқан жүйріктей оның қара үзіп шығып, көзге ерек тұспей жүргені бізде тұлпар таланттардың көптігі ғана емес, барымызды бағалап, жұртқа таныта алмай жүрген әдеби сынымыздын әлсіздігінен. Ақын және жақсы ақын көп те, сыншы жоқ. Бірді-екілі сын сарбазы шыға қалса, «түйенің танығаны - жапырак» дегендей, танымал тарландардың төнірегінен айналышқтап шықпай қояды. Сондықтан Есләм сияқты сан ақын әділ бағасын ала алмай, өлендегі лайықты орнын таба алмай жүр.

Есләмнің шынайы шабытын туған жырларын оқығанда құлағына Есілдің бойындағы ен тогайдың сыйбыры, қырдан асып, бүрқана тасып жатқан ерке өзеннің гүрілі келгендей, танауынды, дала гүлі мен таба нанның иісі қытықтағандай, көз алдында манаар таулардың маңғаз шындары манаурап, бүрала билеген бикештей ақбалтыр қайындар түргандай болады. ал оның «Бораннан» оқысам-ақ, Арқаның актүтек алақүйін боранның талайын көрген өз басым, арқамнан құмырска жоргалап өткендей, денем түршігіп жылы үйде отырып жаурагандай сезінемін. Ақындықтың құдірет күші де осы болса керек. Әлбетте, Арқаның сәні - ақ бораны мен ақ жауыны, сайын белдері мен саумал көлдері ғой. Қазір сол көлдер тартылып, сол белдер тақырланып, тіпті қазактың қос жанары сынды Арал мен балқаш сарқылып бара жатқанда ақын жаны

шарқырап, шағалайды шаңқылдап шарқ ұрмай қайтпек. Туган табиғаттың тірідей тоналып, кіндік кесіп, кір жуған жерінен жұрт амалсыздан ауа көшіп жатқанда азаматтық үн көтермей қай ақын отыра алмақ. Еслемнің «Ата жұрттан айрылу қандай киын...» деген тұралап жатқан туган жердің табиғатын сақтап қалуға шақырып қанатымен су сепкен қарлығаштай шырылдаған жанайқайын анық естігендей боласын. Кезінде ядролық қаруды ашықтан-ашық сынаған айдын даланың қазіргі кейпі шынында да жан шошырлық.

Тартылғын өзен,
Сағымдай сарқылғын көлдер.
Ортеніп отқа,
Жалынға шарпылған белдер.
Суырган құмды аңызак аңқылдақ желдер,
Әзіреттей алапат ант ұрған кендер...

Осыларды көзбен көріп, көнілмен түйсіне отырып қай азамат түшіркеніп, тыныш ұйықтамақ. ал «бірде ашық көнілі, бірде тұман, бір беті мұң өмірі, бір беті ән» ақын үшін тұған жерінің көнтулаққа айналуынан ауыр да аянышты ештеңе жоқ шығар, сірә.

Ұйқы қашты мезгілсіз неге менен.
Күлкім аңы, боламын елемеген.
Өн бойымды мың ине шабақтайды,
Шырылдатып қаққандай шегеменен,
Көп іздедім інжуді, ойға қанбай,
Нұрын төктім талайға толған айдай.
Келгенің не өмірге, кеткенің не –
Ізсіз өтсең ештеме болмағандай, -

деп тебірегенде, ол өзінің елі үшін де, жері үшін де болашақ алдында жауапты екенін жан жүрегімен сезініп, шырпры шығады. Оның қазіргі халықты қарық қыла алмаған нарық заманындағы елдің жай-күйі туралы толғаулары өз алдына бір тәбе. Аңы да болса шындықты ашып айтЫП, қалың бұқара тірелген тығырықтан жұртты қалай аман алышп шығу жөнінде жұз ойланып, мың толғанған азамат тағдыры оңай да емес. Дүние атаулының бәрі қымбаттап, оны тірнектеп жинап, тер

төгіп жасаған Адам арзан тартып, аяқ асты болған кезеңде ашығын айтсан ғайынға жақпайсын, ақиқатын айтсан әкімдерге жақпайсың. Қу тіршілік үшін тырбанып басынды тауга да, тасқа да ұрып жүргенің. Баяғы «Бағлан сойып, сары қымызды сапырып, шалқытып әнді ақ таңды көзбен атырып» жүрген күндер бұлбұл ұшып арманға айналды.

Арман ғой шіркін,
Арман ғой бәрі, арман ғой.
Өреміз тәмен.
Көрсетіп жүрмін жалған бой.
Жақсылық күтіп
Емексүменен ертеңге,
Жол қарағандай көзіміз ұзақ талған ғой,-

дейді ол бертінгі бір өлеңінде. Құтуден көз талса да үміттің үзілмегені, арманның бітпегені жақсы. Армансыз пенде – алғаусыз көже сияқты, көңілі лайланып бәріне енжар қарал қаракет-қымылдан қалады. Өз өмірінде не атқарып, не көргенін түгел айтып беретін өлеңіне сенетін Есләмнің

Уа, аққу арманым,
Төрт құбылам түгел,
Ойы-қырымды бүтін қып,
Сезімге бір сәт ұялатып алсам күпірлік.
 Тағдырым-дағы таусылып қалар секілді,
 Сондықтан сенің талтырмaganыңда шүкірлік,-

дейтіні де шын.

Тек сол аққу арманы алысқа самғап жеткізбей қызықтырып, сонынан күгизе берсе, дарыны кемелденіп, қарымы қүштейген ақынның әлі де талай жырлар туғызыра күмәнсіз еді. Амал не, он жылдай алысып, бой бермей келе жатқан ауыр науқасы жетпісіне жеткізбей арамыздан алды да кетті. «Сынығымын алмастай асылдардың, тұлғасымын тұңғиық ғасырлардың» деп өзі айтқандай, ақынның ақыны Магжанның ғасырдың шежірелері, Сәбит пен Габиттің туған топырағынан түлеген қарымы күшті, қаламы ұшқыр, жалыны мол дос туралы сөзді оның:

Таусылып татар дәмім көреріммен,

Ерте ме, кеш пе - әйтеуір өлемін мен.
Сол күндер кім болғаным айтылады
Шежіре - өмір сыры өлеңіммен,-
деген жыр жолдарымен түйгенді жөн көрдік. Өмір жолын өлең жолымен өрнектеген ақынның өзі өлгенімен сөзі өлмек емес.

Есләм Зікібаевтың алғашқы өлең жинағы 1975 жылы «Ақ қайындар» деген атпен жарық көрді. Кейін Есләм қаламынан шыққан шығармалар шеруі «Ақ қайнарға», «Ақ айдыңға» және «Ақку арманға» ұласты. Ақыры, өзі қайтыс болғаннан кейін «Жыр -тағдырым» деген атпен бұрын жарияланбаған бірталай өлеңдері мен очерктері, естеліктері жарық көрді.

Есләмнің аудармашылығы өз алдына жеке сөз етуге тұратын өнімді бір сала. Ол түркімен жазушысы Керім Құрбаннепесовты, қырғыз жазушысы Жәлел Садықовты, башқұрт ақыны Шариф Бекколды қазақ тілінде сөйлетіп, түркі тілдес туысқан халықтардың жыр-сезімін отандастарына жеткізді. Бұл арада оның аудармашылығы биік дәрежеде, түп нұсқаның егізіндегі болып шығып отыратынын атап айткан жөн. Аударманың теориясына жетік ақын түпнұсқа авторларының бәсекелесі деңгейіне көтеріліп, үнемі үзенгі қағысып отырады. Әлбетте, ақындық таланты мол, тәжірибесі толысқан шағында, қол тисе, Есләм әлі талай шаруа бітіретін еді. Оның аудармашылығы оқырмандарын тәнті еткен, тісқаққан шебердің өніміндегі сапалы жұмыс екенін замандастары да, ұрпақтары да мойындаған.

Ақынның шығармашылығы қазақ әдебиетінің кесек тұлғалары тарапынан лайықты бағаланып, өлеңдері жөнінде жылы лебізді көзі тірісінде естіп кетті. Бұл да – бір бақыт. Қазақтың әйгілі ақындары, әдебиет өлкесіне жыр шуағын төккен талантты ағалары Әбділдә Тәжібаев, Мұзатар Әлімбаев, Қадыр Мырза-Әлі сияқты тарландар сыпайы да сыршыл ақынның қолынан туған жырларға қалдықсыз тәнті сезімдерін білдірді. Үлкен ғалым Ебіней Бекетов оның дарынын қастаерлеп, туған інісіндегі бауырына басты.

Жоғарыда айтқанымыздай алғашқы жинағы шыққанда қазактың үлкен сөз шебері Қадыр Мырза-Әли 1975 жылдың маусым айында «Қазақ әдебиеті» газетіне «Шынайы шыншылдық» деген атпен мақала жазып, пікірін білдірген болатын. Сол мақаланың жарық көргеніне отыз жылдан асып кетсе де, ақынның әрағына деген шын көңілден шыққан сый-құрмет осындай-ақ болар деген ниетпен мақаланың қалай басталғанына назар аударып көрейік. Қ. Мырза-Әли былай жазыпты:

«Жасыратыны жоқ, Есләм Зікібаевтың «Ақ қайындар» атты түңғыш топтамасын құдіксіз оқи алмадым. Әдебиетке біздермен шамалас келіп, бірер өлеңдерін бұдан он-он бес жыл бұрын жариялағанмен, алғашқы жырлар жинағын осыншама кешіктіріп, зарықтырып берген автордан бірдене күту де, күтпеу де киын гой. Оның үстіне, соғыс салдарынан бірі экеден, бірі ағадан, кейбірі тіпті ата-анадан қатар айырылған қамкөңіл өкілдерінен, ерте есейген жарты жетім жігіт-қыздардан балалық, сәбилік табудың өзі ақылған сыймайтын нәрсе...»²⁶ Ақын агасы Есләм жинағының осы мінезі жөніндегі ойын «Жеңеше» деген атпен кітапқа кірген поэмасының мына бір жолдарымен бекіте түседі:

Бір үйдің жалғыз қалған еркегімін,
Жараспайды бала боп еркелігім.
Алдында – аға,
Артында – жеткіншек жоқ,
Ойдың да орманына жеке кірдім.

Иә, бұл соғыс кезінде балалығын өткізген қабагы ашылмаған үрпақтың көбінің басынан өткен тағдыры еді. Мүмкін, тіпті содан ба – белгілі бір кезеңнің ойсырап жатқан орынның балалықтың орнын тек өзіне ғана лайықты күш – құдіретпен толтыру қажет болғандықтан ба – Есләм Зікібаев ұзақ уақыттар бойы жоғалтпай, жүрегінің бір түкпірінде ақындық қасиетін сақтар жүріпті. «Ақ қайындағы» өлеңдер

²⁶ Зікібаев Есләм. Жыр-тәгдышырм. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 280 бет.

көбіне шынайы, бүкпесіз, бала сөзіндей тура. Ақын не айтса, не жазса да иланасың.

Көзі тірісінде классик атанған екінші бір аяулы қазақ азаматы, қазір ақындардыңabyзы атанаып отырған Мұзафар Әлімбаев та Еслемнің поэзияға біраз кешігінкіреп келгеніне өкінішін жасырмайды. «Алайда кенже қалған жоқ. Біз оның поэзия кешине орта жолдан, өкпе тұстан қосылға «көлденең көк аттының» біреуі емес екендігіне жинақты оқып шыққанда көзіміз жетे түсті. Ақындық өнер жинақтың санымен емес, жырдың сапасымен, өлеңнің өрелігімен өлшеннер болар»²⁷

Алғашқы жинағымен-ақ осылайша өлеңнің қадірін білетін сака ақындарды тамсантып, тандандырган Еслемнің өмір бойы есінен шықпаған өзекті де өрелі тақырыбы – азаматтық, Отанға, туған елге деген ыстық сүйіспеншілік. Аға ұрпақтың салып кеткен күрес жолын жаңа ұрпақтың жалғастыруы кітаптың өн бойында өріліп отырады.

Қаһар жауға қарысып,
Айдаһардай атылған.
Өлу мұнда ар үшін
Мирас бопты батырга,-

деген өлең жолдары ерлік мұрагерлігін, дәстүр мирасқорлығын мадактаудың, насиҳаттаудың өнегесі десек те болар.

Әбділдә Тәжібаевтың пікірінше, Еслем: «Кейде күтпеген қорытулар айтса, кейде мұнды ойларды юмор, әзілмен жадыратып отырады. Бұл жырлардың ұзына бойында шешендікті, сезімталдықты шебер, келісті ететін жерлер көп. Соның бәрі Еслемнің шабыт, көңіл, арман, үміт туралы жазылған жырлар екендігін, нағыз ақындық өнер деп таныдым».²⁸ Бұл – Еслем Зікібаевтың «Ақ қайнар» деген атпен жарық көрген тағы бір жинағы туралы пікір болатын. Ақын әрі ұстаз ағасы інісінен көп үміт күтіп, оның «Мен болмасам» деген

⁶ Зікібаев Еслем. Жыр-тағдырым. Өлендер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 282 б.

²⁸ Сонда, 284 б.

өлеңіне «тамаша» деп баға берген. Мына жолдарды мысал нұсқа ретінде ұсынған:

Сен ренжіп кеттің-ау, білем, білем,
Өзім дағы соны ойлап жүрем кілең.
Өкпелейтін жөнің бар, мен – ағамын,
Мен болмасам, кімдерге ренжір ең,-

деген шумақпен басталып, осы шумақпен аяқталуын жас ақынның үлкен олжасы деп біледі.

Айтса-айтқандай, «Мен өкпелей алғам жоқ сен сияқты, соны ойласам, жүректі шертеді мұн» деген жолдар да оқырманын толқытпай қоймайды. Салт-сана, дәстүр-әдет деп аталатын ұлт рухы (халықтық) күйдей күмбірлеп, әндей шертіліп жүр. Әр сөзі өлең, әр дыбысы музыка болғандықтан да, ұлт рухының керуенін сеніммен жетелейді. Жинақтың жалпы бітімі осы сияқты, деген ойды Әбділда ақын тек айтпаған болар. Үлкен бедел иесі мұндай мадақты арнауы Еслем поэзиясына деген құрмет пен ізет болса керек.

Осындай пікірлер қадау-қадау ғана болса, көніл аудармай өте бермек едік. алайда, қазақ көркемсөзінің екінші бір талғампаз тарланы, бұл өмірден көргені де түйгені де көп шын мәніндегі қазақ ақсақалы Әлжаппар Әбішів Еслем ақынның шығармашылығы туралы айтқан ас сөзіне «Азаматтығын ұнатам» деп атамаса. Қашан да жолдастыққа берік, достыққа адап өлеңде де өтірік сөйлей алмайтын пікірлес жақынына лебіз білдіріп, Еслемнің лирикалық кейіпкері атынан айтылатын мына шумақтарды мысалға келтірген қарт жазушының көкейін түсінуге болады.

Көңілімді сұрайтындар бар,
Сұрамайтындар бар,
Мен өлсем,
Жылайтындар бар жыламайтындар бар.
Таңданба, өмірдің ол өз қойшылығы,
Маған да ұнайтындар бар,
Ұнамайтындар бар.

деп ұлына қараты өзі айтатында, өмірдің қым-
қиғаштықтарына тұра қарайтын ақынның жүрегі адап.

«Мықтылары сөз айтса, шыбындал бас изейтін» жалпақшешей-жалтақтығы жок, күні үшін көлбектеп-көлгірсі алмайтындығы әркімдерге әрқалай қөрінгенімен, маган ұнайды. Осы заманда екінің бірі алып журе алмайтын ауырлық бұл да!»²⁹

Әлжекенің бұл сөздері ақынның азаматтық келбетін аша түсетін сыншыл ағаның сыйластықты пікірі деп түсінеміз.

«Ұзақ жолдың асуы, басуы көп. Талантка да келмейді табыс онай», - ақын өзі айтқандай мына жалған дүниеде өз отандастарының алдындағы жауапкершілікті түсіне білу нышаны оның шығармашылығынан да айқын сезіледі. Оқырман жанына дәп тиетін әсерлі, тұшымды өлеңдерді оның кез келген жинағынан кездестіреміз. Әсіресе, тұган өлкеге деген перзентті құштарлық, адамдарға сүйіспеншілік, табиғатқа іңкәрлік сияқты сүбелі мәселелерді іркілісіз сезіммен, сергек шабытпен жырлауы ақындық қуатты айқынырақ танытады.

Иә, ағайын,

Бәрі сендер үшін деп

Бастап қойып,

Тастан кеткен ісім көп.

Салғырттық па,

Аңғыртықла,

Білмедім.

Ал басқа жұрт мұны қалай түсінбек? –

деген жалғыз шумактан-ақ ақынның азаматтық келбеті, творчестволық бейнесі жылт етіп көрініп қалады. Өз мінін риясыз мойындал отырған ақынның ойын жеткізу тәсілі шымырда айқын. Өз басына, еңбегі мен талантына осылайша шын көзben қарай отырып, іркіле тіл қатуы, жеткен жетістігінен гөрі кемшілігін алға тарта сөйлеуі Еслэмнің барша жинағына тән байсалды мінез десек жарасарлық.

Ақын Нұрдәulet Ақышевтың баспасөздегі мына бір пікірі Еслэм бейнесін тағы бір қырынан ашып көрсетеді-ау деген ниетпен мақаладан үзінді алдық. Ақын ақын туралы айтса,

²⁹ Зікібаев Еслэм. Жыр-тәгдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 286 бет.

жеткізіп айтса, оған сөз қосарлық жай бар ма? «Е.Зікібаев - өмірдің күрделі әрі қайшылықты шындығын, бір сөзben бағалаң айту қын көрінетін алуан пішінді күбылсын қаралайым логикамен көркемдеп жеткізуге бейім ақын. Отан, тұған жер және махаббат туралы өлеңдеріндегі ақындық ой айқын, идеялық қазық мығым болып келеді. Ұзын сонар баяндауға берілу, сюжеттік босандыққа ұрыну секілді олқылық сезіле бермейді. Жоғарыда айтылған тақырыптар ақынның шын көнілден актарыла, шабыттана жырлайтын тақырыптары».³⁰

Е.Зікібаевтың елу жасқа толуына байланысты хатка түсken әріптесінің пікіріне тұздық ретінде ақынның «Ақ сағым» жинағы, ондағы «Намыс» деген өлеңді оқып көру ұсынылыпты. Өлеңнің мазмұны мынадай: Бір ауылда жастайынан үзенгілес тату-тәтті екі қарт өмір сүріп келеді екен. Ойлары, кезқарастары ұқсас, әзілдері жарасымды ауыл ақсақалдары кеңдіктің, мейірмандықтың ел арасында кездесетін тірі үлгісіндей. Міне осынданай, жарасымды жандардың аражігі аяқ астынан ажырап шыға келеді. Оған себеп болған үлкен жиында күреске түсken немерелері екен. Әр қария өз немересінің жыққанын қалайды, сол арқылы көнілі өсіп марқайып қалмақ. Жанкүйерлік сезім екі достың ежелгі татулығына жарық шақ түсіреді. Дәл осы сәтте қазақтың екі шалының біріне-бірі қалай қарағанын байқайық. Есламнің көзімен қарайық. Сөйтсе жаңағы екі қария:

Қарады бір-біріне тұңғыш рет

Жауығып, оқты көздер лайланып.

Әрі қарай не болды? Мереке аяқталды. Қалың қауым тарасып жатыр. Топ-топ болып қайтып жатыр. ал немерелері жаңағана күрескен құрдас, мұндас екі қария тұңғыш рет екі бөлек кетіп барады. Әрине, екі немеренің күрескені, бірін-бірі жыққаны үшін ауылдыңabyzdarы саналған ақсақалдар жауығып кетпес. Қайта татуласар, баяғы достық арқауын қайта жалғар. Бірақ мәселе онда емес. Ақынның байқампаздығында. Өмірде кездесіп қалатын, сырт көзге байқалмайтын

³⁰ Зікібаев Еслам. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 287 бет.

кайшылықтың бір мыскал сәтін дәл аңдауы және байқап қана коймай, ыкшамдап, түсінікті әрі әсерлі етіп жеткізе алған ақынның олжасында.
Сол елуге келген жылы Е.Зікібаев мына шумақты қағазға түсірген екен.

Бақыт – тұлпар бас бермей, ала қашып,
Жалынмен де дауылмен араласып,
Белен-белен белестер артта қалып,
Елуді де еңсеріп барам асып.

Кемел шактагы қаламгердің шыны да, сырды да осы еді. Өмірінің соңына дейін осылай «Жалынмен де, дауылмен де араласып талай белден өткен» ақын мұрасы бұл күнде ұрпақтарының рухани игілігіне айналып отыр.

Тақырыбымыз «Есләм Зікібаевтың публицистикасы» деп атала тұра, оның ақындығына біраз тоқталғанымыз, сөз таба алмағандықтан емес екенін ескертейік. Публицист, қазақша көсемсөз шебері алдымен адам болғандықтан, оның адамдық бейнесін толық танымай тұрып, өнеріне баға беру онай емес. Оның үстінен өзі күшті ақын болса. Ақын Зікібаев өз шығармашылығы арқылы бойына құдай берген дарынын басқа да қырларынан ашып көрсетті. Ақындығын талдай отырып, біз Есләмнің азаматтық болмыс-бітімінен біраз хабар алдық. Әрбір адам - өз алдына бір-бір әлем екенін түсінсек, Есләм әлеміне бойлап барып, оның қалам қайраткерлігін жан-жақты қамту онай емес. Ол үшін бір дипломдық жұмыс аздық етеді. Оның шығармалары автордың өмір жолын, мінезін, талап-талғамын көрсететін айна еді десек, артық болмас.

Өмірінің соңғы жылдары мен айларында, мына жарық дүниемен қоштасар сәттің жақындығын сезгендей, Мұқағали ақын айтатын «Келместің кемесіне» мініп алыс сапарға, бір-ақ бағытқа жол шегетінін билетіндеги мына жолдар 2002 жылдың 12 ақпанында қағазға түскен екен. Оған «Білмесем деймін» деген тақырып қойыпты.

Өзімді-өзім алдаумен күн ұтам ба деп,
Өлең өремін ауырғанымды
ұмытам ба деп.
Соданда шығар, көбінде жазғандарымда
Қалатұғындай жанымның мұңы таңба боп.

Әрі-сәрілеу әуремен күн кешердеймін,
Бірде желдеймін,
Сөгілген бірде сендеймін.
Сенделіп жүріп, өлеңмен емделіп, күліп...
Тамырын басып уақытпен тілдесердеймін.

Тамырын басып уақытпен тілдесер деймін,
Жанымды жеген жегідей жыр кесел кей күн.
Куаныш, қайғы арбасып-арбаласқанда,
Ұйықтап кетіп, бірін де білмесем деймін.

Қазақ көсемсөзінің мәселелерін қарастырғанда Ахмет Байтұрсыновқа жүгінеміз. Ол көсемсөзді негізінен шешен сөзben туыстырады. Демек, ғалымның шешен сөздер жөніндегі пікірлерін санамалап келтірсек артық болmas. Шешендер, дейді А.Байтұрсынов, жиынды аузына қаратып, нандырып, сендеріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлегенде – саясат шешен сөзі деп аталады. Екінші жағдайда шешендер сотта айыпкер адамдарды айыптау, иә қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері – билік шешен сөзі деп аталады. Келесі жағдайда біреудің халы алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошаматтеп сөйлеген шешенниң сөзі – қошамет шешен сөзі деп аталады. ал білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені – білімір шешен сөзі деп аталады. Сондай-ақ, ғалым дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі – уағыз деп аталады, дейді де уағызды да шешен сөзге жатқызады.

Ал енді көсемсөздің тікелей өзіне келетін болсақ, ғалым оған мынадай анықтама береді. «Көсем сөз шешен сөз сиякты

элеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айрылатын жері – шешен сөз ауыз айттылады, көсемсөз жазумен айттылады. Көсем сөз элеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезінде элеуметке керек іске мұрындық болып, істеу ыждағатымен айттылады».³¹

Байқап отырғанымыздай, қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы А.Байтұрсыновтың пікірінше, жалпы алғанда шешен сөз бен көсем сөздің түрі, айтылу мақсаты, пікір білдірудегі белгілері ортақ. Айырмашылық – шешен сөз бен көсем сөзге арқау болған маңызды қоғамдық пікірді ауызша, яки жазбаша берілуінде ғана екен.

Біздің ойымызша, шешен сөз бен көсем сөз тек туыс қана емес, бірінен-бірі ажырағысыз ұғымдар болса керек. Мәселе көсем сөздің қай түрде, қандай құралда берілгенінде емес-ау. Әуелі ауызша айттылып, соңынан қағазға түссе де, немесе әуелі қағазға түсіп, сол мәтін тікелей оқылмай мінберден ауызша айттылса да көсем сөз сол көсем сөз түрінде қабылдануы, бағалануы қажет деп санаймыз.

Әрине, бұл арада біз Аханнан онша алыс кеткеніміз жоқ, алайда кесем сөз теориясының дамып, қалыптасқан қазіргі жағдайында оның анықтамасын түзетсек, айып болмас.

Ахаң осы еңбегінде көсемсөздің (теориялық және практикалық ұғымдарында біріккен осы екі сөзді бірде косып, бірде бөлек жазуымыздың мәнісі бар) айтылу және жазылу мақсаты, мүмкін боларлық тақырыбы, түрі жөнінде таратып келіп, былай дейді. «(Көсемсөз) элеумет, шаруалық, қазыналық, мектептік, сottық, саясаттық, тағысын-тағы сондай қоғамшылық істерін түзеу, жаңалау, өзгерту керек болған кезде халықты соған көсем сөз арқылы үйттылып, көбінің миына қондырып көңіліне сіңіреді.

Көсем сөз элеуметке басшылық есебінде айттылатын сөз болғандықтан, жұрт ісіне мәні зор болады. Басшылығы дұрыс болса, элеуметті түзейді, теріс басшылық қылса, элеуметті

³¹ Байтұрсынов А. Шығармалары, Алматы, 1989. 223-224 беттер.

адастырады. Солай болған соң, көсем сөз жазып, әлеуметке басшылық қылатын адам көпті көрген көсем, білімді адам боларға керек.³²

Міне, осы уақытқа дейін маңызын жоймай келе жатқан ғылыми тұжырым осындай. Кеңес заманындағы қазақ оқымыстылары көсемсөз жөнінде түрлі пікір білдіріп, уақыт жағдайына қарай бейімделген анықтамалар берген болатын. Олар көбінесе коммунистік идеологияның ту ұстаушысы болған Владимир Лениннің публицистердің міндеті туралы айтқан қагидасын негізге алды. Яғни, публицистердің міндеті тап күресінің шежіресін жазу және жазғанда, кедей таптың күрестегі ауыртпалығын жөнілдететіндегі етіп жазу керек деген бағыт ұсталды. Көсемсөзге анықтама ретінде алуға жарамайтын, көсемсөзшілердің міндетін тар шенберде, бұрмалап көрсететін мұндан пайымдаулардың қазір қажетсіз болып қалғаны түсінікті.

Қазақ зерттеушілері тарапынан айтылған: «публицистика – дәуір үні», «публицистика – социалистік күрылыштың шежіресі», «публицистика – саяси күрестің белсенді қаруы», «публицистер – компартияның қолқанаты» т.с.с. анықтамалардың да құлаққа қонып тұрғаны шамалы. XX ғасырда, еліміз коммунистік жүйенің күрсауында тұрғанда Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Владимир Ленин, Иосиф Сталин, Георгий Плеханов, Лев Троцкийден бері қарай, Никита Хрущев пен Леонид Брежневке дейін данышпан көсемсөзшілер деп оқытылды. Олардың әр кездегі макалалары, кітапшалары, баяндамалары көсемсөздің озық үлгілері ретінде мысалға алынатын. Бір қарағанда, мұндан шығармаларда көсемсөздік белгілер бар екені рас, қалың қауымға арналып, олардың назарын аударуға арналғаны рас. алайда, жоғарыда Ахмет Байтұсынов әділ атап өткендегі, көсемсөз әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан, оның тындаушыға, оқушыға әсері, сол әсерден туатын нәтижелері маңызды болғандықтан, екінші жағын да ұмытпайық: көсемсөз авторы

³² Байтұсынов А. Шығармалары, Алматы, 1989ж. 223-224 беттер.

«теріс басшылық қылса, әлеуметті адастырады». Жоғарыда біз санап өткен өз заманының «айтулы көсемсөз шеберлері», Ахан дәл көрсеткендегі «теріс басшылық қылып, әлеуметті адастырыды». Яғни, адамзатты бақытқа, игілікке жеткізудің жолын тап күресінен іздеді, қантөгіс тіледі. Айрандай ұйып отырған ұлттар мен халықтардың берекесін кетіріп, бірлігіне іріткі салды. Жұздеген жылдар бойы қалыптасқан мемлекеттерді, қауымдастықтарды ыдыратып, қарулы қактығыстарға, жаппай азамат соғысына әкеліп соқтырды. ал енді осында «көсемсөзшілдердің» айтқанын, жазғанын шын мәнінде көсемсөз деп бағалауға бола ма? Болмайды. Себебі, Ахан айтып отырған көсемсөз – игі ниетпен айтылған, жазылған сөздердің атауы. Іріткі, бұзакы, арандату сөзі емес, ұйыстыру, туыстыру, сабырға шақыру сөзі деп білейік.

Қазақ көсемсөзінің анықтамасын іздегенде осы жағдайлар есте болса еken деп ойлаймыз. Әлбетте, публицистиканың жалпы теориясына қарсы емеспіз, бірақ осы күні қолданылып жүрген, көбінесе орыстілді авторлардың жазуындағы публицистика анықтамасын, қазақ топырағында нақтылап түсініп, қазақ көсемсөзінің анықтамасы түрінде қалыптастырған жөн болар еді. Сайып келгенде, қазақ көсемсөзі қазақтың игілігіне, қазақ ұлтының көркеюіне, келешегіне қызмет ететін көсемсөз болуға тиіс.

Реті келіп тұрғанда назар аударатын екінші бір мәселе - көсемсөздік шеберлік мәселесі. Ахмет Байтұрсыновтың әдебиет теориясына байланысты пайымдауларының тікелей көсемсөзге де қатысы бар. Галым ақынның, көркем шығарма жазушының тілі мен стиліне қандай талап қойылатынын тәтпіштеп көрсетіп, тұнғыш рет теориялық жағынан негізделген болатын. Сол қағидаларды көсемсөзшіге қолдануға толық хақымыз бар. Ахан былай дейді:

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді». Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз онтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады... Шеберлердің қолынан шықкан нәрселермен таныс

адам, сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсө де айнытпай таниды; мәселен, пышақты көріп, «Мынау пәлен ұстаның қолы екен» дейді, ерді көріп «мынау пәлен ершінің қолы екен» дейді.

...Сөздің өзін танытатын белгі – тіл лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ынгайымен, өз онтаймен сөз тізіп әдегтенуінен, салт тануынан болады.³³

Бұл арада ғалым автордың стилдік ерекшеліктері туралы сөз қозғап отырганы түсінікті.

«Стиль - адам». Бұл анықтаманы белгілі ғалым Бюффон бергенін білеміз. алайда, одан да бұрын айтылған, дуалы ауыздан шыққан, дәл осы мағынаға сай келетін анықтамалар да бар. Платон «Мінез қандай болса, стиль де сондай» депті, ал XIX ғасырдың Стендаль деген мықты жазушысы «Адамның күллі қасиеті стильде тұрады» десе, өзіміз күнде аңғарып жүрген стиль ажырату мәселесін теренірек тексергеннің айыбы жоқ.

Стиль деген ұғым ғылыммен өнер атауының бәріне қатысты екендігі рас, алайда олардың әр саласындағы стиль көрінісі әр алуан. Ғылым не өнер ғана емес екен-ау, бұл ұғым тіпті өмірдің өзінде қаптал жүр. Мысалы, бәленишекеннің жұмыс стилі, түгеленшекеннің қолынан ғана келетін өзіндік шаруа, кеңсе стилі, қағаз жазудағы газет стилі, шахмат стилі т.с.с.

Тәтпіштеп тоқталып отырганымыз, әлбетте, кең мағынасындағы стиль мәселесі емес, жеке тұлға шығармашылығын қарастырып отыргандықтан, қаламгердің бетін айқындайтын жазушылық стильді сөз өтеміз. «Ақындар өзара ұқсастығымен емес, ерекшелігімен қызық» дейді Блок. «Ақын - өзінің ешкімге ұқсамайтындығымен ақын. Бұл анықтаманы Еслам Зікібаевтың көсемсөз мұрасына қатысты да айтуға әбден болады. Ол қазақ көсемсөзіне жаңа ырғак тегеурінді екпін, жанына тыным бермеген ағыл-тегіл сезімінің иірімдерін әкелді десек, біз оның жазу стилінің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне назар аударып отырмыз.

³³ Байтұсырынов А. Шығармалары, Алматы, 1989ж. 142 бет.

Әдебиет теориясында стильдің пайда болуы, қалыптасуы және дамуы жөнінде не айтылған екен? Немістің ұлы ақыны Гетеңін айтуына қарағанда шығармашылық ерекшелік, дәлірек айтканда, біз сөз өтеп отырған стиль, оның ішінде әдеби стиль эволюциялық даму барысында үш кезеңнен өтеді екен. Бірінші кезең – жас адамның, ақын-жазушының өзінен бұрынғы үлгіге жалаң еліктеумен жүрген шағы. Екінші кезең - өзгеден бөлегірек, азын-шоғын мәнер, машық тапқан тұс екен де, үшінші кезең - өзінен басқа ешкімге үқсамайтын өзгеше стиль белгілеген кезге сәйкес келеді.

Соңғы кезең, яғни шын мәніндегі шығармашылық стиль қалыптастырылған кез, шығармашылық эволюцияның ең жоғарғы сатысы, бұл сатыға көтерілу үшін адамның бойында әбден шындалған, кемеліне келіп пісіп-жетілген ойы-қыры бүтіндеп, қырналып, артық кемінен арылыш жетілген, суреткерлік шеберлік керек. Өмірдің өзінен көріп жүргеніміздей әдебиетпен әуестенгенін бәрі бірінші сатының төңірегінен көріне алады. Еліктейді, солықтайды, кезінде Мағжан айтқандай «Тerezеге қарайды, қарындашты жалайды». Рас, оқиды жаттайды ізденеді. Сонымен біреуде көп, біреуде аз уақыт өтеді. Табиғат берген талант жағы жетпей жатқаныны сезсе, мұндай сергек жас, әдебиет ауылданан өз еркімен аттанып, қолынан келетінге, маңдайына жазғанға жақындаі бастайды. Дұрысы да осы. Сонымен бірге, өлермен болып, өзінің еліктеуден туған шимайларын шығарма деп ұсынатын күшенишектер де болады. Олардың жолы тар, шығармашылық келешегі бұлыштыр. Әрі кеткенде, жанағы біз айтқан екінші кезеңге жақындаіды.

Екінші кезең – стильдің қалыптасуының шешуші өткелі десек, біреу қолдар, біреу қолдамас. Дарынға талпыныс қосылып, еңбекке білім қосылып, там-тұмдап көрініп келе жатқан тобықтай ерекшеліктерді толыстырып, ақын болып кетуі де гажап емес. Өкінішке қарай, М. Әуезов айтқандай, «толыспаған Толстойлар, шикі Шекспирлер» баршылық. Қоғам болған соң, адамдардың ала-құласы, ақындардың әрім-перімі бола бермек.

Демек, стиль – шын талант, ұлы ақын жазушылардың қаламдарына тән сипат. Кез келген ақын-жазушыдан стиль іздеу – бекершілік. Өйткені барлық өлең қыстырышыларды ақын, сөз жаза білушілерді жазушы десек қателескен болар едік. Дарын жоқ та – стиль жоқ. Бұл екеуі сабактас.³⁴

Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейік. Еслемің «Жан – сезімнің жаңғырығы» деген очеркі бар. Өз елінің, жерінің әрбір адад перзентінің қаламына оралған патриоттық сезім сыры. Бірақ, осы тақырыпты қосемсөзші Зікібаев өзінше, ерекше шабытпен ашқан. Басталуын көрейік. «Әркімнің Туган жері – Мысыр шәһары. Бағзыдан айтылып та, жазылып та келе жаткан осынау ақықатта жан біткеннің Туган жерге деген ықласы, меірім-махаббаты ұшқын атып тұрғандай емес пе ?! Адам ата, Хаяу анамыздан бермен қарай бір пенденің осыны жоққа шыгарғаны бар ма екен, сірә! Сол сенімнен бе, әйтеуір өзім қай кезде, қай жерде жүрсем де, кіндігімнің қаны тамган қасиетті жұрттымның, әлемдік өлшемде көріне бермейтін кішкентай ауылымның тыныс-тіршілігімен дем алып өмірінен өріс табардаймын».

Осы үзіндіге біраз тоқталайық. алдымен, осынау шын ниеттен шыққан сөздердің қағазға түскен графикалық кескініндегі ерекшеліктерді байқамай тұра алмаймыз. Бір абзацта, тіпті бірінен соң бірі келген екі жолда Туган жер деген тіркес қайталанып келген. Бұл не? Автордың сөз қорының тапшылығы ма? Әлде, ауызекі сөйлеу стиліне тән лексика ма? Жоқ. Бұлар ақынның аузынан шығатын, поэзияға тән сезім білдіру тәсілі.

Еслэм сөз басында өзінің туып-өскен мекенін Туган жер деп екі рет, бәлкім, одан да көп қайталап, ауызын тұштып, құмарын қандырып алғысы келгенге үқсайды. ал енді Туган жер деген сөздерді бас әріппен жазу – сирек кездесетін, бәлкім, Еслэм Зікібаевқа ғана тән міnez десек, қателеспейміз. Әдетте, Отан, Ел, ғаламшар ретіндегі Жер бас әріппен жазылатының білеміз. ал мына жолы «Мысыр шәһарына» теңеп отырған

³⁴ Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы 1976, 362-бет.

көсемсөзшінің туған ауылы – Тұған жер деген жалқы есімге ие болған. Осылайша, біз бұл мәтіннен орфографиялық қате таба алмаймыз, керісінше автордың жан түкпірінде жатқан сезім жанғырығына құлақ түреміз.

Оның туып-өскен жері шағын ғана Өрнек ауылы бәрінен кымбат. «Тұған ауылымда ту көтерген сол қеншардың әр қадамы - озғаны, қалғаны, бергені, алғаны, сүрінгені, жүгіргені... бәрі-бәрі көз алдында менің. Жолым түскен сайын балғын құндерімнің белгісі – балалығымның іздері қалған сай-сала, орман-тоғай, бел-белестерін... түгел шарлап шығам». Очерктиң басты кейіпкері, өлеңдегі лирикалық кейіпкерге бергісіз – автордың өзі. Ел туралы, Жер туралы толғана отырып, сол Ел мен Жерге тұтасып кеткен өзінің бейнесін автор былай ашқан: «Бұрын балаларымды ертіп апарушы едім. Соңғы сапарда немерем жүрді қасымда. Көрсін, сезінсін баба жұрттың жылуын, ұқсын қадір-қасиетін. Қасиетіне орай қасіреті де аз болмаған осынау мекеннің тасына да тамыр жайған өзінің түп дінгегі жатқанын айта жүрер жерлесі болса!»

Бір қараған адам бұл жолдарды әдеткідей, қызыл сөздің қызыдырмасы болса керек, деп түсінуі де мүмкін. Жаңағы өзі қызықтаған ауылының өткенін шолып, жетістіктеріне қуанған, кемшиліктеріне күйінген ауыл перзенті, сонымен бірге, тарихи шындықты да айтпай тұра алмайды. Осы қунге дейін көпшілік жұрт, әсіресе, омырауы орден-медальға толған ага ұрпақ бір кездегі тың көтеру науқанын дақпырттаудан танған жоқ. Коммунистік идеологияның жылдар бойы сананы илеп, мәнгүрт қылып жібергені соншалық, сол Кеңес үкіметі қарқындата бастап, күркірете жүргізген тың игеру деп аталған солақай саясаты қазақ халқына зор бақыт экелген деген миф әлі тірі. Әсіресе, қазақ ұлты азырақ Солтүстік және Шығыс өнірлерде тынның мерейтойларын даурыға атап өтіп жатады. Бір обалы соны қөрген жас ұрпақ құлдық сезімнен құтыла алмай, Кеңес өкіметі болмаса, тың игерілмесе: «қазақтың даласы осы уақытқа дейін қаңырап бос қалады екен»; «совхоздар құрылмайды, кенттер салынбайды, жол тартылмайды екен»; «қазақтар

орысша үйренбей әлемнің ғылым-білімінен мақұрым қалмақ екен», тағы сол сияқты.

Міне, осындай «екендердің» ешқандай қисынсыз өтірік екенін, қазақ даласын XX-ғасырда аяусыз отарлаудың алапат көрінісі екенін көсемсөзші, өз ұлтының адал ұлы Есләм Зікібаев былай әшкерелейді: тың игерудің алғашқы жылдарының өзінде «... Еслідің ен алқасы – ырыс-құттымыз да қуырдаққа тураған өкпе-бауырдай жайрады да қалды. Көк кілем жамылғандай деп жаңа ғана мактандың көрген көшелеріміз шынжыр табанның астына түсіп, құлышнандаған дауысы құраққа ұшты». Бұл көрініс – бозбала Есләмнің жүргегін дір еткізген сорақылық мәнгіге есінде қалғанын, кейінде сол жастық сезім қайта оянып, ойшыл, ересек азаматтың аузынан мынадай сез болып шыққаны тегін емес. «Кеше ғана оқып едім, топыраққа, ғалымдардың есептеуінше, 18 сантиметр құнарлы қабат түсіп үшін табиғат-анаға жеті мың жыл керек болады екен. Жеті мың жыл! Ойлап қара, әр жүз жылда төрт-бюес буын алмасып отыратынын еске алсак, қанша үрпактың ғұмырына жетер жұмыс тауып беретінімізді». Автордың жазуынша, қара жердің «Сай сүйегін сырқырап, түбітше түтілген».³⁵

Осы жолдарды оки отырып, жазушы Габиден Мұстафиннің мына айтқандарын еріксіз еске аламыз. «Іштегі пікір сыртқа сез арқылы шығады. Сөз қалай шығарса, солай шығады. Әдемі ойды орашолақ сез бұзса, орашолақ ойды шебер сез түзеп тұрады. Зады сез бен пікір тен түсіү шарт. Өйткені, сез жетпей қалса, пікір толық көрінбей қалады. Сөз асып кетсе, қазақ оны мылжын дейді. Не нәрсе болса, тілек мөлшерінен асса, қадірсіз болмак». Сәуегейлік емес, Есләм алыптар тобының жуан ортасында әрқашан зорайып көрінетін Габиден Мұстафин сынды сырбаз сез зергерінің осы бір өсietіn өз құлағымен естігендей.

Мұның бір айғағын автордың «Ұлылар ұшқан ұяды» деп аталған очерк-эссе сінен молынан табамыз. Басты кейіпкерлері

³⁵ Зікібаев Есләм. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естелікттер. Алматы 2003, 111-112 беттер.

әйгілі Сәбит Мұқанов пен Габит Мұсірепов. Әңгіме солардың туған жерінде өткен жүз жылдық мүшел тойлары жайында. Әрине, репортаж немесе корреспонденция емес. Ағып тұрган көсемсөз. Тайпалған жорғаның мәнері айқын очеркте тағы да лирикалық кейіпкер – автор Есләм Зікібаевтың өзі. Пікірге лайық сөз, сөзге татының пікір дегениңіз мынау емес пе?

«Біздер, терістіктің адамдары, еліміздің табиғаты секілді бір-бірімізді жақсы көріп тұрып-ақ, жалпылдан-елпілдеп алмаймыз. Эрқайсымыз өзімізді ай мүйізді, арыстан жалды сезінеміз бе, көшениң арғы бетінде кетіп бара жатып, кішіміз үлкенімізге жүгіріп бара алмаймыз. Кен құшағын ашып, қамқор қолының ұшын ұсына қою – агаларымызға да жат. Осылай жазамын деп бір үлкен ағамды қатты өкпелетіп алғанымда бар. Көкелеп көз алдында көлбендей алмайтын өзімізге де аз. Төтесіне келсек, қан-жынымыз араласа кеткен орыс агалардан алған «асылымыз». «Өзбек - өз ағамды» тұстіктің азаматтары тілімізге тіркелген болар, ал біздің бағыттағы «өз ағамыз орыс» болғалы қашан. Кімге жақын жүрсөн, содан жүқтыврасың».³⁶

Ақыры, Туған жердің өзіне көркі де, қасиеті де тартқан атақты перзенттері туралы сөз басталған соң, осы очеркте Есләм Зікібаев кескіндеген, Сәбит, Габит, Сафуан бейнесіне тоқтала кетсек артық болмас. Автордың бір мысқал жалғаны жоқ, шыныдай мөлдір сүйіспеншілік сезімінен туған мына бір жолдар көркем шығарманың да шырайын келтіретін толғау десе болғандай гой.

«Көзі тірі жүрсе осы күндері, сексенін дүбірлі думанға айналдырып, мәз-мейрам көnlіміздің қуанышын баса алмай, беркімізді аспанға атып жүрер ме едк, кім білген... дегенмен аңыздағы кек өгіздей халқының өрге салар мықтысы болғанын реєми құжаттар құдьыреті мен ғана емес, ел-жүртynың ұғымындағы бұқаралы болып кеткен ол кісінің орда төріндегі орны үнірейіп бос тұрганын үлкеннің де, кішінің де бай-багланың да, кемші-кемтардың да аузынан естігендегі

³⁶ Сонда. 124 бет.

әсеріңнен басқаша күй кешеді екенсін». Бұл – кім туралы екен деп бас қатырмайсын. «Кәдімгі Сәбит Мұқанов.

Екінші үзінді, осыған жедеқабыл тагы бір қадірлі қазақтың бейнесін қара сөзбен ғана ашып, ұлылықты қарапайымдылықпен әдіптеген әдемі жолдар мынау:

«Тұра қалған жерде Габенің атына қарай айтылатың марапат-мақтау сөздер шала-шарпы басты айналдырып жіберердей, бірінен-бірі асып, бірінен-бірі озып есінді кетіреді. Бұрын көп көріп, көп естімеген мен үшін таңғажайып. Көбі үйреніп, көнбіstenіп алған ба, әлде тек маган солай ма, қайранмын. Осыншама құдайдай көкке көтерудің әсері қандай екен? Габене қараймын. Құдай-ау, бір өзгеріс болса ше! Жүзінде, бет пішінінде, көз жанарында ризашылық рия таныту, сүйсіну... сияқты. Сәбен тойы екенінде дау жоқ, көбіне-көп «жылы-жұмсақ» лебіздердің бәрі Габене араналып айтылатындай. Ал, Габен болса, оған да сыр алдырмайды. Ара-арасында ыргалып, ыңыранып сөйлеп, әдемі әзіл айтып қойғаны болмаса...»³⁷

Мына суретті көз алдына елестеткен әрбір окушы автордың сыпайы шеберлігінің құдіретіне көз жеткізер еді. Қөрмесе де, тілдеспесе де, Габит Мұсірепов сынды сырбаз да, сері қазақтың, ғұлама қарияның, ақылгөй абыздың бай мінезіне қанығар еді. Егер, әрбір жазушы, әрбір көсемсөз иесі аз сөзбен осынданай кестелі портрет тоқып беретін болса, ондай елдің рухани байлығы ортаяр-ма? Бұл жөнінде Габиден Мұстафиннің мына бір пікірлері қашан да өміршендігін жоймайтынын, қазақ көсемсөзінде ұстанар шам-шырақ боларлығын да айтайық. Бұл ғұлама не дейді?

«Бірсыыра қазақ жазушыларының басынан бір жалған ұғым қалмай жүр. Оларша, әдебиеттің шағын түрлерін шағын жазушылар ғана жазатын сияқты. Шынында шыгарма көлемімен емес, көркімен, салмағымен бағаланады. Көлемі кіші шыгармаларымен үлкен жазушы болғандар аз ба? Бізде әлі күнге өзін танытқан шебер әңгімелі, фельетоншы, ән текстерін

³⁷ Зікібаев Еслэм. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 118 бет.

жазушы, очеркшілер жоқтың қасы»³⁸. Шынында, көсемсөздің бейнеті көп екендігі болса керек, қазір де, бас-аяғы жинақы, ойлы, көркем очерк көрінбей барады да, көп жазушы повест пен роман тектес шығармаларды егіздетіп жатады.

Жоғарыда Есләм Зікібаевтың «Ұлылар ұшқан ұяда» очеркіндегі екі жазушының бейнесін қалай бергенін екі үзіндімен дәлелдеп көрмек болдық.

«Сөз қадірі - өз қадірі деп бағалайтын қайран ағалар ай. Сәбен Габит әйелдерге жақын жүру үшін жасарғысы келген деп сүйкей әзілдесе, Габиден екеуінің кей қалжындары тегіс жерде тәйкеңнен түсірердей». Осы үш жол сөзде қазақтың үш ақылман аксақалының міnez ұшығы көрініп тұрган жоқ па? Қайран ағаларының «сөз қадірін - өз қадірі деп түсінгені» Есләмнің өз шығармашылығына да тікелей қатысты.

«Мен қазақпын!» дегенді бәріміз айтамыз. Тұған Ел, ескен жерді шама-шарқымызыша бріміз де жырлап келеміз. Кейде соның бәрі ет пен терінің арасындағы сәл желіктей сезіледі маған», дегенде автор Сәбен мен Габенің өз елі мен жерін қалай сүйетініне сөз таба алмағандай тебіренеді. Тебіренеді де: «Мен ылғи да сол ұлыларды тұған қырандар ұясындағы қасиетті ЖЕР-АНАҒА тағзыым еткім де тұрады... Сәбен мен Габенің айтып мақтана бастасам, алдымен ғұламадай, ұлы анадай көгінде қос жүлдізының қатар жарқыратқан Жаманшұбар, Дос көлі, Елтінжал тұрады көз алдымда», ³⁹ деп қайырады. Және де Есләм «әр балшықшы өз көлшігін мақтайдының» керін келтірген, басқаның бағын көргісі келмейтін керітартпа емес. Оған, «өзі жазғандай: «Абай, Шәкірім, Мұқтарды дүниеге берген Шыңғыс өнірі, Құрманғазы, Дина, Махамбетті толғатқан Атырау аймағы, Шоқан, Ақан, Біржанды тұған Көкшениң топырагы...» деп жаза бергісі, жалғастыра бергісі келгендей.

Өмірінің соңына қарай, 2002 жылдың 22 наурызында «Егемен Қазақстан» газетіне бастырған «Тағлым» деген

³⁸ Мұстафин Габиден. 5-томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1984. 28-бет.

³⁹ Зікібаев Есләм. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003., 120-бет.

мақаласын Есләмнің өзі туралы толғауы десе болғандай екен. Мақала былай басталады: «Ұлы Сәбен әйтқандай: «Менде адаммын жараган сүйек, еттен» - деп оңаша ойға батып өзімен өзім сырласар сәттерім көп. Сонда: «Дұшпаны көп, санаулы досы, ұшқаны жоқ, мен кіммін осы?», - деп өзіме өзім сұрақ қоямын. Ақыл-есті пендеге біткен қайшылық аталының бәрі бардай бір басымда. Өле сүйсем, өле жек көремін. Бір өлеңімде: «Жақсылықты да, жамандықты да күт менен», - деген жол бар. Ойындағының бәрі де тілімнің ұшында. Арты не болады екенмін деп, шидің түбін паналагандай жасырынып қалған кезім жоқ. Айтарым алға түсіп, ақылым соңымнан келіп жататын бейбакпын. Аузым да аз күйген жоқ, сабак ала алмай жүрген өзім»⁴⁰. Осылайша өзін айта отырып, өзі қатарлыларды актап алғысы келеді. Мұнысы, әрине, ақжүрек адалдығы. «Мұқагали мен Асқардың алдында да заман, қогам кінәлідей. Қатар жүрмесек те, соңынан ілесіп біз де көрдік қой. Арғы шет елден келген Қабдеш, Марфуға, бергі шет елдей сонау Атыраудан Әбіш, Фариза, қыыр терістіктен бізді сол қоғамда, сол заманда өмір сүрдік емес пе? Бес жұз шақырымдық Нарынқол, жеті жұз шақырымдай Шымкентпен салыстырығанда біздердің елдеріміз Қытайдан да қашығырақ қой. Сол тар қыспактың, қыттымыр қоғамның шенберінде Жұбан мен Сыrbайдың, Faфу мен Қадырдың, Saғи мен Tұманбайдың жүргенін көріп сезінбедік пе?»⁴¹ Бұл да өзі. Өз тағдыры, замандастарының бақ-талайы.

Жазылу стилі естелікке қарай тартып тұрса да, Есләм ақын келешекке, өзінен кейінгі үрпаққа аманат сөзін айтқысы келгенін сеземіз. Мұқагалидың қын тағдырын айта отырып, оған көзі тірісінде бірнеше өлең арнағанын есімізге салады. Сол өлеңдерінде ақын әрқашан ақтарылып, төгіліп айтқанының бір мысалы мынадай екен. Бір мысқал жалғандығы жоқ, өз жүрегінің тербелісі оқырман жүрегіне әсер еткендей, Мұқагали

⁴⁰ Сонда. 133-бет.

⁴¹ Зікібаев Есләм. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003., 137-бет.

акындығының қайғылы ақырын есіне алып, ақын біткеннің тіршілік сипаттың былай аңдатады:

Саған қайғы болған жыр – маған қайғы,

Жырга ғашық жүрегім алаңдайды.

Жыр мен сән деп бастаған тіршілігін

Ақын біткен жырменен тәмәмдайды. – деген жолдар өмір шындығын алдымызға жайып салып тұрған жоқ па?

Е.Зікібаевтың көсемсөз мұрасында жеке тұлғаларға арналған кесек-кесек бірнеше очерк бар. Кесек-кесек дегендे, очерктің жанр ретіндегі ерекшелігін көрсеткіміз келеді. Жақсы көсемсөзші шабыты тасып тұрғанда үш жұз жолдық очеркімен-ақ жарқ етеді. Алыстан сермел, Адам атадан бастайтын авторлар, көбіне очеркке қойылатын талапты біле бермейді-ау. Аз сөзben көп мағына білдіруге күш салатындар әдетте газет пен журналдың көрігінде балқып, шыныққандар. Мерзімді баспасөздің очеркке берер орны қашан да шектеулі болғандықтан, газет очеркістері көбіне ықшам да шымыр жазуды парыз көреді. Есләм Зікібаев очерк жанрына қойылатын талаптарды жақсы біледі. Өйткені, журналистика мамандығында оқып, теорияға терец бойлаған, мерзімді баспасөзде көп жыл жұмыс істеп тәжірибеге қаныққан. Оның үстіне тамаша ақын болса, мұндай автордың очерктері болашақ журналистер үшін оқулық тұрғысында талданғанын жөн көремін. Жоғарыда айтылған кесек очерктерінің бірнешеуін атап өтейік, кейбіреуіне тоқталайық.

«Ардай биік еңселім» - академик, техникағылымдарының докторы, әрі көсемсөз шебері, әрі аудармашы, әдебиеттанудың білгірі Ебіней Арыстанұлы Бекетовқа арналған. Е. Бекетов тірі кезінде-ақ үлкен ғалым ретінде аты шықты. Техникалық мамандықтың иесі болып және сол жолда қазақ баласы жететін шыңға шыққан сегіз қырлы бір сырлы азamat туралы мерзімді баспасөзде жиі жазылатын. Әлбетте, инженер көп, профессор-докторлар да аз емес. Солардың арасынан ел ықыласына бөленіп, суырыла шығып танылған Бекетовтың ерекшелігі бір басына жетер еді. Техникалық жоғары окуорнында оқып жүргенде-ақ, театрдағы қойылымдарға сын

жазып көзге түсken жас жігіт, келе-келе қаламы төсөліп, танымал жазушы деңгейіне көтерілді. Бірнеше кітап жазды, соның ішінде оның көсемсөзі, әсіресе мықты болатын.

Еслэм Зікібаев міне осындай тұлға туралы очерк жазудың жауапкершілігін жақсы түсінген. Бірақ, талай оқтанса да, батпаған. Өзі жазғандай: «Күндердің күнінде Евней Бекетов жайлы естелік жазармын-ау деген ой қаперіме кіріп пе?! Алдымда қағаз, ой шытырманына сұнгіп кетіп, көп жайларды жадымда қайта жаңғыртып, жанымды қинап отырганым мынау», деп шығармашылықтың азабын тартқанын жасырмайды. Очерк бірінші жақтан жазылған. Өзі оныншы сыныпта оқыған кезінде мектебіне келген жас инженермен қалай танысқанынан бастапты. Кейіпкерінің сол кездегі сипаты мынадай. «Ұзын бойлы, ат жақты, тік жүретін, денесі әлі ет ала қоймаған сыла жігіт. Кескін-келбетіне кереметтей мән беріп жүзіне тесіле қарайтын жасымыз емес, ал сөзін ықлас қоя бар зейінімізben тындағанымыз бар».

Енді, келесіде, Еслэм онымен университет бітіріп, журналистиканың мамандығын алып, қызметке де араласып, ат жалын тартып мінген кезінде, екінші рет кездеседі. Алғашқы «Ақ қайнар» жинағын ұсынады. Е.Бекетов кешіктірмей Еслэмға хат жазып жібереді. Сол хатты сақтап, Евней ағасының әруағына бағыштаған естелік очеркіне қосқаны дұрыс болған. «Ақын інім табылғанына қуанып жүрмін» деп аяқтаған аға пікірі жас ақынға жолдама болғандай қасиетті жәдігер екені түсінікті. Осыдан кейін ол әйгілі ғалымды зердесінен тастамай, ыңғай келгенде кездесіп жүреді. «... құдайдың өзі дүлдүл ғып жаратқан Евекене» арнаған бұл очеркі үлкен шабытпен, ағасын сағынған інінің сүйіспеншілік ағыл-тегіл сезімі мен жазылған екен. Қара сөздің құдыреті жетпей қалды-ау деген кезде бірнеше шыныайы өлең шумақтарын да қосып, очеркті поэзиямен кестелегені, әсіресе, сәтті шыққан. Очерк жазудың мұндаиды мысалдары сирек емес, дегенмен оларда өлең бір басқа, очерктің жанрлық ерекшеліктеріне қойылатын талаптар өзінше, басы бірікпей жататын мысалдарын білеміз.

Очерк аяқталды. Автор тебірене отырып, мына жолдарды шығарманың кілті, орайы келсе түйі ретінде ұсыныпты:

«Тағы да Евней Арыстанұлының тұлғалы кескін-келбеті келеді көз алдымға. Табиғат-ана да жаратады екен гой. Теніздей терең ой, телегей тұлғалы бой беріп, болсаң осындағы бол деп қызықтырп қойғандай. Асылы, биіктік пен терендіктің өлшемі іспеттес. Қызғаныштар қызғанғандай-ақ. Сол өр рух, асқақ тұлғаның ел санасында аласармай, жылдар асқан сайын айбынданып, асқақтап бара жатқаны қандай мақтаныш. Жанымның ішкі иірімдері ирек-ирек Есілдің ііріндей жыр жолдарына ұласып толқи түседі».⁴²

«Арман адастырмайды» - академик, экономикағылымдарының докторы Аманжол Қошановтың алпыс жасқа толуына байланысты жазылған.

Жаңағы очерктиң кейіпкері Е.Бекетовтің ізімен, сол мектепті алтын медальмен бітіріп, қазір академик дәрежесіне жеткен айтұлы ғалым Аманжол Қошанов туралы очерк кейіпкердің әкесі Қошаннның өмір жолын қысқаша шолудан басталыпты. Мынадай ұлға әке болуға жараган Қошаннның да басынан кешкені аз емес. «Байдың тұқымы, Қажының немересі, молданың баласы...» Кеңес өкіметіне жаққан емес. Қара басына пәле-жала жабыла берген соң, бір күнде тік көтеріліп, Ресейдің Түмен өлкесінен бірақ шығады...

Тарихқа Шал ақын болып енген Тілеуке Құлекеұлы Аманжолдың бесінші атасы. Өз атасы Бекмырза – қажы. Бір сезбен айтқанда асылдың сынығы, ар жағы текті. Осылай келеді де, очерк авторы мынадай бір байқампаздық анғартады: «Арага бірнеше ұрпақ салып қайталанар қасиет, айналып қонар бақ құсы болса, Қошан балаларының біреуін іздеп табардай. Тек сол бақытты баян таптыратын ақыл да керек-ау».

Еслем өз кейіпкерін сырбаз сипаттап отырады да, бір ауылдан шыққан екі академиктің болмысына салыстыра

⁴² Зікібаев Еслем. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныштар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003. 150-155 беттер

қарайды. Ортақ белгісін, міnezін, арман-тілегін іздейді. Табады, «Екі ғұмыр, екі тағдыр. Бастау алған қайнар көздері бір, асқақ арман, айтар сөздері бір – ертенгі ел қамы, ұлт үрдісі, халық тағдыры »... Бұдан кейін, алпысқа келген азаматтың суреттеген автор қажет кезінде құрғақ цифрлардан, ресми атаулардан да қашпайды. Олар келісті сөйлемдердің мәтініне шебер тоқылып, автордың ойын байыта, тиянақтай түседі. Очеркке қойылатын талап дегенде, алдымен нақтылық, деректілік жағын да естен шыгармау керектігін көсемсөзші жақсы біледі. Бұл талапты автор Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы, сыншы әрі аудармашы, ұлты неміс Герольд Бельгердің мүшелтойына арнап жазған «Тағдыр» очеркінде қатты ұстанады.

Очерктің бас тақырыбының өзі кейіпкердің басынан өткен құлы-құлы тағдырдың өткелектерін көрсететіндігін білдіріп тұрғандай. «... Есіл бойына кім келіп, кім кетпеді. Еділ, Жайық, Ертіс бойын баса қоқтеп жеткен Ермак жасақтарының жұрнағы казактар да, одан бері де тынды тулетеміз деп, көп жерімізді күл етіп кеткен кей бір есерсоқ қәzzаптар да иен даланың, жомарт өлкенің төрі ғана емес, төбесінде аз ойнақтаган жоқ. Асылы, бәрі де заманына ғана емес, адамына қарай». ⁴³

Иә, жерді көркейтетін де, құртатын да адам. Оның ниеті. Қазақ ұнатқан жанды ниеті түзу деп атайды. Міне, «Тағдыр» очеркінің кейіпкери жас Гераның, қазіргі үлкен жазушы-қайраткер Герольд Бельгердің әкесі, әскери фельдшер Карл Федорович Бельгер деген неміс жігіті Есіл жағасындағы Тасөткел ауылына тағдыр айдал келіп, ниетінің түзулігінен мұндағы қазактарға тез сіңіп кетті. Ал, оның баласы «Табиғатынан ұғымды, зерек Гера» бірер жылдың ішінде-ак қара домалактардың өзімен таласып, айтысып жүретіндей тіл үйренді... Міне, бұл да – тағдыр талайы. Қалыпты арнасы бір бұзылған тағдыр дүлей толқын айдал әкеткен ескексіз қайық

⁴³ Зікібаев Еслем. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 157-бет.

үстінде өзі секілділердің талайы сияқты, туған, өскен жерінен жырақтап қазак даласынан бір-ақ шыққан неміс отбасының бір баласы талабының арқасында жұлдызы жанып, бәлкім қазак тілінің арқасында, сол тілді сыйлап, сол тілмен құнарланудың арқасында, міне, бүтін Қазақстанның айтулы азаматтарының катарынан оқшау көрініп, құрметке ие болып отыр.

Еслем Зікібаев осындай шытырман тағдырлы адамның өмір жолын, өсу-өркендеу кезеңдерін әдемі суреттей отырып, барша қазак билетін Герольд Бельгерді бізге қайта таныстырады. Жана қырынан, жана қасиеттерімен көрсетеді. Әлбетте, кейіпкердің бойында жоқ қыр мен сырды ойдан шығарып киыстырмайды. Көсем сөздің қуатымен, өзінің сезімі мен жүрек жылуын қоса отырып, үлкен қайраткердің ұмытылmas бейнесін жасап шыққан. «Ел дегенде Едіге-көңілмен елеңдеп тұратын ол тумаса да тугандай болған, биік ұшар тұғырға қондырган Есілге барып, топырағына бауырын төсеп, Тасөткелден тағы бір кешіп өтсем деген арманда».⁴⁴

Авторы ақын болғандықтан бұл очеркте де өлеңмен өрілген жолдар бар. Және бұл шумақтар очерктің көркемдік құнын арттырып, кейіпкердің жан иірімдерін, ішкі толғаныстарын білдіруге арналған. Жеке адам туралы, оның ішінде өнер адамы туралы жазылған деректі шығармалар жөнінде сөз бола қалса, үлгі етуге де, басқамен салыстыруға да жарап тұрған салмақты шығарма осындай.

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәкен Жұнисов жайлы сырын автор «Ел деп соғар елгезек жүрек» деп атаган. Көзі тірісінде классик атанип, бермеген жулдені жолынан тартып алғандай үлкен дарын иесі әрі сері жазушы Сәкеннің өмірі мен шығармашылығы туралы көп жазылғанын білеміз. Тіпті, «Сәкен айтыпты», «Сәкен істепті» т.с.с. анызға бергісіз әдемі әңгімелердің басын қосса, толымды том кітап шығар еді. Ал, енді Сәкен шығармаларына сын-пікір түрінде

⁴⁴ Сонда. 161-бет.

жазылып, көбіне тек қана жағымды пікір жеткізетін мақалаларда шек жок.

Сәкен Жұнісовтың шығармашылығы өзінше ерекше десек, жүріс-тұрысы, мінез-қалпы да тек Сәкенге жарасқандай еді. Оқыс айтып қалатын, батыл сөйлеп жіберетін, шалт қимылдайтын салты да жоқ емес. Сонысына қарай, көп қаламдастары Сәкеннен именіп жүреді, інілері әрине, сыйлайды, бірақ, ығыпта жүреді. Міне, осындай әркелкі мінездің иесі, шығармашылығы терең де құрделі жазушы туралы очерк туғызу Еслем Зікібаевқа онай болмаған. Мұның тағы бір себебі, шоқтығына қол салдыра бермейтін, тіпті кейде шамшыл Сәкен Жұнісов, алда-жалда бұл жазғандары ұнамай қалса, әлде не наразылық айтып тастаудан да тайынбайды. Осылайша, Еслем Зікібаевтың «Ел деп соғар елгезек жүрек» деген очеркіне шүйілгенде, алдымен кейіпкер мінезін қалай кейіптеді екен деген сезімде болдық.

Автор қызмет жағдайымен Қазақстан жазушылар одагы деп аталатын қасиетті ұйымда өз кейіпкерімен он жылдан аса бірге қызмет еткенін көрсетеді. «Жазушы Сәкенді ғана емес, азамат Сәкенді, Сәкен Жұнісовты бір адамдай-ақ біліп кеткен сияқтымын».⁴⁵ Сонда да, қаламгер ретіндегі жауапкершілігін түсінеді. «Иір бұтағы қарсы біткен қайсар емендей қарт қаламгер қай кезде де басқаның атына, атағына жығылмай, ойын бүкпесіз сарқып айтып дағдыланған. Дауалы ауыздан шықсан шынай сырға көніл шіркіннің дауалай бертіні де сол». Бұл - көсемсөзші Еслемнің сырлы.

Очеркте Сәкен Жұнісовтың жазушы ретінде не жазып, не қойғаны, қалай жазғаны сез болмайды. Мұны өзі аңғарта кетеді де, «... Сөз зергерінің жасау-жиһазындағы көз тартар көлікті жайлауына әдейі аяқ» баспағанын атап айтады. Автордың өзінің ой көрігінен шықсан толғамдар қағазға түсіп, үлken жазушының бедерлі бейнесі көз алдыңызға келеді.

⁴⁵ Зікібаев Еслем. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003., 171-бет.

Есләмнің мақсатының өзі Сәкеннің азаматтық, адамдық тұлға-тұрлаты туралы айтқысы келген, сол мақсатына жеткен.

«Ән самалы» еліміздің тамаша сазгері, кезінде қазақ жаста арының сүйікті әндерін дүниеге келтірген Әсет Бейсеуовтың шығармашылығына арналған очерк екен. Казақстанның еңбек сінірген қайраткері Мактай Сағdiевқа «Тұғырдағы тұлға» очеркінде тірідей ескерткіш тұрғызыған. Тағы бір қайраткер, қазак тарихында жақсы атпен қалған Еркін Әуелбековтың есімі кезінде бүкіл елімізге танылып, осынау қарымды қызмет етіп бүкіл қазақ атаулыға бас болғандай анызға айналған тұлға еді. Есләмнің бұл очеркі «Аңыз аға» деп аталуы тегін болmas. Біріне-бірі тағдыры, өмір, еңбек жолы үқсас екі кесек кейіпкерді сомдағанда, очерк авторы тағы да талант биігінен танылып, ұмытылmas дара-дара бейне жасағанын көріп отырмыз.

Журналистиканың қыын да қызықты жолына қатар түсken көсемсөз шебері Сарбас Ақтаев алпыс жасқа толғанда «Доспен сырласу» деген очеркін жазған. Бұл, сөз жоқ сырлы шығарма екен. Кейін, Есләм Зікібаев қайтыс болғаннан соң, естелік жанрында жазылып, қалың қырыманға таралған «Ақын әрі публицист» деген мақаласында Сарбас Ақтаевтың өзі Есләм шығармашылығына мынадай баға берген:

Ол «... еті қызып, тері шыға келе бауыры жазылып, шабысы үдей түсетін жүйріктей, тәжірибесі толысқан сайын шабыты шарықтай түсken еді. Әсіреле, соңғы жылдары оның шығармашылық екінші тынысы ашылғандай көрінеді маған. Қазіргі қоғамды да, адамды да толғандырып отырған күрделі мәселелер төнірегінде жиі тебіренетін-ді...».⁴⁶

Қаламдасы әрі замандасы болған Есләм Зікібаев көсемсөз шеберлігі жөнінде публицист Сарбас Ақтаев айтқан бұл пікірлер марқұмның көсемсөз мұрасына зер салған әр адамға-ақ орынды көрінері сөзсіз.

⁴⁶ Ақтаев Сарбас. Ақын әрі публицист. // Жанағасыр журналы, 2006ж №11, 51-55 беттер.

Қазақтың үлкен ақыны, баспагер, қалам ұстаган талай жастың қолтығынан демеген айтулы азамат Қабдықәрім Ыңдырысов марқұмға ыңғай бір өткен шақпен толғаған очеркін «Жүргегі жырлап тұратын» деген сөйлеммен таңбалапты. Атақ-абыройы толысқан ақын, мемлекеттік қызмет дәрежесі үлкен, әсіреле, адамгершілік асыл қасиеттерін ашқан бұл шығарманың да жөні бөлек. Оның кейіпкері абыздай дана, баладай нәзік жүректі, сыпайы мінезді адам. Есләм бұл ерекшеліктерді баяндау жолымен емес, көркем сурет түрінде, бірнеше лирикалық шегінспен әдемі берген.

Ал, өз жерлесі, теріскей Қазақстаннан шыққан талантты үлкен шоғырдың жуан ортасында шоқтығы биік ақын ретінде, толықсып жүрген шағында өмірден өткен Ғалым Малдыбаевтың шығармашылығына Есләм «Аңыздай ақын ауылда» деген очеркін арнаған. Осы едәуір көлемді очеркten үзіп алынған мына бір жып-жылы жолдар үлкен ақынның тағдыр-талайна қатысты бір сәттен хабар бергендей. «Бір сезді бір сез қып кетеді, ақынның елге оралу себебі денсаулығына байланысты дей беретін деректерден гөрі, бала кезімізде біздің билетініміз басқашалау еді. Онда Ғалекен ел астанасындағы қызметін де, баспанасын да ұлы сезімнің құрбандығына шалып, оныншыны жана бітіріп жатқан Зурәш апамызға деген махаббаты ауылға матап тастагандай туғын».⁴⁷

Әдебиеттану, жалпы көркеменер тілінде мұны «штрих» дейді. Яғни, үлкен жолдың бойындағы көз сүріндірер елеулі белгі осындай болады. Шебер очеркистердің штрихтары есте қалады, кейіпкер бейнесін ашуға көмектеседі. Жалпы, Есләм өз очерктерінде көркемдік элементтерін молынан және ұтымды түрде үқсатып қолдана біледі.

Бұған қоса өзінің ежелден Мысыр шәһәріна балап өткен Өрнек ауылының омырауына таққан алқасындаі бір топ журналистер жөнінде «Өрнек журналистер ауылы» деген шал-

⁴⁷ Зікібаев Есләм. Жыр-тағдырым. Өлеңдер, толғаныстар, эсселер, естеліктер. Алматы 2003, 222-бет.

шагын толғауын кара сөзбен өріп шығыпты. Теріскейдің бір кирында жаткан «Өрнек» деген әдемі сөзбен ат алған шагын ауылдан шыққан Ерғали Әбілмәжіновтің есімін «журналист» деп бадырайтпай сыппайылап қана атап өтсе, Кенжеболат Шалбаевтың іскерлігімен алғырлығын, елді аузына қаратқан кесек мінезді ұлағат иесі екендігін автор аз сөзбен-ақ білдіреді. Еслем Зікібаевтың «журналистер ауылы» деп көпке жайған пікірі, «жаксы сөз – жарым ырыс дегендей», қабыл болып, кейін осы Өрнектен талай-талай тамаша журналисттер түлеп үшты...

Өмірінің сонына дейін өлең мен көсемсөзді қатар жарыстырған Еслем Зікібаев бұл салтынан ауған емес. «Оянатын еліңі күні келді, оята алса жарады жырым елді!» дегенде де ол өлең құдыретіне көсемсөз қуатын қосып, туған елінің санасын оятып, көзін ашуға үлес қосты. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шыгарып, ортақ іске жаппай жұмылғандаған Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттігі нығайып, іргесі берки түсетінін Еслем өз көсемсөзінде үнемі уағыздал өтті.

«Ақиқат» журналында қызмет еткен кейінгі жылдарында ол көсемсөзге көп уақыт бөлді. Қазіргі заман, қоғам және адам жайындағы толғамы терең талдауы тиянақты публицистикалық мақаллары оқырман жүрегіне жол тауып, жылы қабылданып жүрді. Байқауымызша, әлі толық жиналып болмаған шығармалары аз емес. Бүгінгі күн тақырыбындағы сондай публицистикалық толғаулары мен замандас қаламгерлер туралы естелік-эсселерінің өзін құрастырып шығарса қалың бір кітап болар еді.

Сонымен, қазақтың көрнекті ақыны әрі көсемсөзші журналист Еслем Зікібаевтың публицист ретіндегі шығармашылығын өз әлімізше жүйелеп, талдап, бағалап көрдік. Әр қайраткер бір әлем, дегендей, бұл жазылғандар аздық ететіні түсінікті. Бір ғана шагын зерттеу жұмысының көлемінде Е.Зікібаев сиякты көп қырлы журналист, күшті публицист, оның үстіне үлкен ақын азаматтың әдеби мұрасын толық еңсеру мүмкін емес. Біз тақырыбымызға орай, Е.Зікібаевтың көсемсөз мұрасынан бірнеше очеркіті іріктел алып, оларды тақырып бойынша жіккеп, жазылу мәнеріне қарай рет-ретімен талдадық.

Очеркіст тәжірибесін көсемсөз теориясымен тианақтап отыруға тырыстық.

Ондағы мақсатымызбұл автордың қаламынан тұған көсемсөз нұскаларының бірнешеуін талдау арқылы қазақ баспасөзіндегі көсемсөздің даму ерекшеліктерін бағамдаш, біз зерттеп отырған автордың шығармалары да осынау өлкедегі бедерлі биік екендігіне көз жеткіздік.

Осы уақытқа дейін арнайы зерттелмеген Е.Зікібаев көсемсөзі туралы замандастарының пікірлерін бір арнаға тоғыстырып, ой қорыту, оның көсемсөзіне тән ерекшеліктерді көсемсөз теориясы түрғысында негіздеуге талпындық. Сейтіп, автордың тақырып таңдау талғамына, сол тақырыпты ашуга қолданған әдіс-тәсілдеріне, ой-толғамдарының идеялық негізіне барлау жасау мақсатында біраз ізденістерге бардық. Сейтіп, автордың өзгеге ұқсамайтын даралығын анықтауға, сондай-ақ журналист-публицист атаулыға тән ортақ белгілерді тануға ықжадағат жасадық.

Осы түрғыдан қарағанда, бұл тақырыптың өзектілігідау тудырмасқа керек.

Е. Зікібаевтың шығармашылық өмірбаянына тоқталғанда, эрине, оның ақындығына лайықты орын беру қажет екендігін түсіндік. Мұның өзі шығармашы тұлғаның жазу мәнері, ойлау машығы, дүние танымы, қоршаган ортаға көз карасы қандай еді деген сауалдарға жауап болуға тиіс.

Ақын Зікібаев пен көсемсөзші Зікібаев арасындағы байланысты және айырмашылықты автордың жазу машығы мен мәдениетінен таптық. Яғни, әрбір кесек тұлға сияқты, Е. Зікібаевты да ең алдымен Заман, сол заманның тұған халқына тигізетін жақсылы-жаманды әсері толғандыратынына көз жеткіздік. Ол пенделік Меннен өсіп, тіпті өзінен-өзі озып, Елдік Менге айналып отырады. Нагыз азamat қаламгерге тән ерекше касиет осындаи болса керек. Демек, Е. Зікібаев шығармалары жас журналистерді тәрбиелеуғе оку құралы ретінде, аса қажет өнеге-үлгі екенін байқадық.

Әрбір автор – бір әлем, өзіндік қайталанбас стиль екені рас болса, Е.Зікібаев көсемсөзінің зерттелуі арқылы өз

заманымыздың көсемсөз шеберлерін таңып-білуге құштарлықты оятуды маңызды міндеп ретінде үстандық.

Әлбетте, Е.Зікібаевтың ұзак жыл әртүрлі баспасөз органдарында істеген кезінде жариялаған хабарлары мен заметкаларын, корреспонденциялары мен мақалаларын, фельетондары мен репортаждарын, жүргізген интервьюлерін, жазған есептері мен жолжазбаларын түгел тізіп қарастыруды максат тұтқанымыз жоқ. Кәсіби журналистің қаламынан күн сайын туып жатқан ұлылық-кішілі шығармаларды үстірт шолып шығудың өзі мүмкін емес. Жұздеген, мындаған авторлық материалдарды санамалап өтудің қажеттігі де болmas. Сондыктан, Есләм Зікібаевтың көсемсөзші тұргысындағы қалам қайратына баға беру үшін, оның жеке мұрағатында сақталаған жиырма шақты очерк пен жеке қайраткерлер туралы жазған очерктері мен салмақты мақалаларын салыстыра отырып сараладық, тақырыбы, жазылу ерекшелігі және уақыты бойынша жікtedік. Осылайша тандап алған зерттеу әдісіміздің дұрыстығына көз жеткіздік. Мәселе, жеке автордың шығармашылық ерекшелігі жөніндегі ойларымызды шашыратып алмауда ғой.

Осы мақсатта, назарымызды автор бақылық болғаннан кейін «Жыр - тағдырым» деген атпен ескерткіш сипатында шыққан кітапқа тоғыстырыдық. Жинақты құрастырушуылар Е.Зікібаев туралы: «Ол адалдықты актарла жырлаған Ар мен Ақиқаттың жаршысы еді. Көсемсөз һәм әдеби көркем сын салаларында да көп тірлік тындырған көшелі қайраткер еді. Кісілік пен кішілікті ғана ардақтаған кішіпейіл Жүрек еді...» деп жазыпты. Бірінші бөлімінде «Өзім кетсем, артымда сөзім қалсын» деген жалпы тақырыппен өлеңдері, екінші бөлімінде «Көкейкесті көп ойлар көңілдегі» деген айдармен отыз шақты очеркі, эсселері, карасөзбен жазылған толғаулары берілген бұл жинақтың, бізге, әсіресе осы бөлігі көп көмектесті. Сонымен бірге, мерзімді баспасөзде жарық көрген жекелеген очерктерін де іріктеп алып қарастырыдық.

Е. Зікібаевтың азаматтық, ақындық, көсемсөзші ретіндегі бейнесін толығырақ қамтуда осы кітаптың «Өлең жолы –

ақынның өмір жолы» деп аталған үшінші бөліміндегі мақалалар мен естеліктерге жүгіндік. Бұл материалдардың ерекше құндылығы сонда, ақынның үзенгілес әріптері, қаламдас ағалары мен жерлестері қаламнан туғандықтан, шынайы әрі нақты деректер ретінде пайдалануға әбден жарады. Әрине, көземсөзшінің шығармашылық зертханасына осы материалдар арқылы барлау жасады.

«Жақсының аты, ғалымның хаты» өлмейді деген халық даналығы Е. Зікібаев шығармашылығын бағалауға әбден лайық келіп тұр. Тұып-өскен Есіл өңірінен басталған ой-өрнектері, сырлы толғаулары кең-байтақ қазақ даласына ерке толқындағы есіліп, тарап жатқанына күэ болып отырмыз. Тұған елінің топырағына жанымен де қанымен де тамырын терең жіберіп, алтын қазығы – атамекенімен мәңгі туысып жатқан қаламгер шығармашылығының ерекше бір саласы жөнінде түйген ой-пікірлеріміз осындай.

«ТАС ШАЙНАП, ҚҰМ ТҮКІРГЕН СЕРИК ЕКЕН» *Кешелі-бұғінгі жаңаша аңыз*

...Не жаз екені, не қыс екені белгісіз, тәулігіне төрт құбылған тұрлаусыз дүбәрә шақта, әйтеуір, Құн мен тұн теңелген, деседі, жер бетінде бір ғаламат оқиға болыпты. Халифа ананың тынышы кетіп, толғақ қысқанынан хабарланған көрші-қолаң жинала бастайды. Ол кезде салт болады екен, ауылдағы біреудің шаңырағына сәби келсе, қауым болыш қарсы алатын. Ананың, содан соң гана баланың амандығын тілейді екен. Шілдехана ансал, куанысып, той қамын бастай береді екен.

Бірақ, мына толғакта бөлек, шыр еткен перзент даусын күткендердің халі де бөлек. Басталып басылып, басталып басылып, толғақ қысқан ананың жайы да бөлек. Шаңырақ астына жиналғандардың тұла бойын бір ғажап сезім билеп, елжіреп кетсе керек. Үрей мен үміт, қорқыныш пен куаныш араласып, қызылشاқаның туысына күэ болуға келген әже-абысын, женге-келіндер тілі байланып, біріне-бірі қарай береді.

Әрненің бабына аландаган сақа әйелдер көліншектерді ыммен жұмсағысы келеді, бірақ олар буыны босап орнынан тұра алмайды. Талай әйелді босандырып, жүрген сарықарын бәйбішелердің өзі дел-сал, не болғанын білмейді. Меніреу тыныштық. Бір сэтте есік-терезе сартылдап, күн күркірегендей, наизағай ойнағандай, аспанның асты, жердің үсті астан-кесті болды да кетті дейді. Абыржыған жұрт есін жиып, терезеден қарайды. Боран! Дауыл! Құйын! десіп, дабырласып, қалса керек. Сырттан естілген арсы-гұрсімен бірге, шар ете түскен сәби даусы шыққанда, біреу төрге, біреу есікке жүгірді дейді. Әлгідей болған жоқ, дауыл басыла қалыпты. Әйкен апа кіндігін кесіп, алаканына салып, бетін көлкелеп бүркейін десе, бала оң қолын сермей береді, жыласы да бөлек дейді. «Бісміллә, бісміллә, а, Құдай, сақтай көр...».

Осы құбылысты қөргендер, сол жерде сыйырласып: «Әй, бұл Халифаң жел сөзге жерік болған деуші еді, сонысы рас болды. (Қазақ ол кезде поэзия дегенді жел сөз деп біледі). Астағпиралла, мұндайда болады екен!» десіпті де қоя қойыпты. Содан бері елу тоғыз жаз, елу тоғыз қыс етіпти. Сол перзенттің атын Серік қойыпты. Кімге серік болады, қалай серік болады – бір Алла біледі. Әйтеуір, ырымшыл қазак ат таба алмай, аузына келгенді айта салғандықтан емес. Бір гәп бар. Ол жерде біз жоқпыз. Мен болсам, атын Дауыл, Боран, тіпті, Құйын, жаңаша Торнадо... қояр едім. Ел осылай айтады, әуезе сөз тарап, қөргендерден естігендердің айтқаны болуы мүмкін. Қоспасы да бар шығар.

Сол Серік Күннің қуатымен, Айдың нұрымен, Ананың сүтімен жетіліп, сағат санап, күн санап өсе берді, өссө берді. Ер жетті, етегін жапты. Ел қатарлы мектеп баласына ерді. Бірақ, пошым-бітімі кәдімгі бала болғанымен, мінез-құлқы, жүрістүрьысы бөлек, ойын-салты да өзгеше. Ол кезде қазіргідей мылтық ұстап ойнамайды, телміріп отыратын теледидар қымбат, интернет деген екінің бірінде кездесе бермейді, әйтеуір, Ақсұнқардың үйінде бұлар жоқ. Сондықтан ба, әлде бір басқа себептен, мына бала құрдас-тұрғыластарынан окшауланып, өзімен-өзі болып, Ләйлісін ізденген Мәжнүндей Қызыларайдың

қалыңына кіріп, сай-саласына сіңіп кетеді. Айлап, апталап жоғалады. Басы ауып, өзі келмесе, із кескендер таба алмайды. Сейтсе, оның аяғы жерге жерге тимейді еken. Ауылдан атташ шығып, жат көзден жасырынса-ақ, әлде пері, әлде дию жас баланы қанатына қондырып, алып кетеді дейді. Қөзімен көргендер бар ма, жоқ па? Ол арасы белгісіз, жорамал да болар... Бір кезде әлгі бала «қара аспанның қара бұлтына кіріп, қара нөсер болып саулайды», еken. Былайғы жұрт жаңбыр жауды дейді, қайдан білсін, не жауып тұрганын. Жауын да жаман емес кой, жауа берсін. Біресе, сол бала Қарқаралының тауын кезіп кетеді еken дейді, тас қарандырып түнде ақылға симай жаратылған «аты көріксіз» көлге шомылып тұрганын, жай емес, перінің қызымен аймаласып тұрганын көргендер болса керек, онысы енді... Жиренсақал әулиенің үшар басына шығып алып: «патшаң болам, мен!» деп шынғырады. Тау жаңғырып, үн қосады. Сол кезде әлгі баланың тас шайнап, құм түкіргенін көргендер бар. Жартастарға құлақ тұрсе, «пат-ша» деген екі буын, жалғыз сөз, қайырылып келіп, «А-қын! а-қын!» деп жаңғырады еken. Содан ақын болып кетіпті. Кім біледі, сонысы да дұрыс шығар, патша болып, мансап пен мазаққа жаратылғанша, ақын болып азап шеккені. Онысына өкінбейді. «Қайта тусам, мынау опасыз жалғанға, ақын болар едім мен!», деп Заманның жағасынан алып, өршелене түседі деседі...

Сонымен, дейді, дейді, дейді еken... аныз кейіпкері бойы Шатыршага жетпесе де, Ақсораннан асып, Ғалияға үйленіп, балалы-шагалы, Халифат деген немересі де бар, сарайдың ақыны болмай, өлең-жырды қайырып, иіріп, лашықта жата береді. Ата-бабасынан қалған қарасөзден көсіп алып, оған зәмзәм сезім сеуіп, алақаны тесілгенше ін қандырады; көкірек көрігін шамырқанта басып-басып жіберіп, жан-жүрегінің жалынына қақтап күйдіреді; пошымы жобаға келді-ау деген де төзім төсі мен дарын балғасының арасынан шындалып шықсан шумактарды ұлтшылдық уытымен суарады; сонда ғана қазактың ауыз тандамайтын қырық екі әріпі қаһарлы ұстаның құдіретінен қаймығып, үйіріне қосылып, әр қайсысы өз орнын табады. Осылайша, бірі аласа, бірі биік; бірі қыскa, бірі ұзын; өлең

жолдары қалпы өзгеше өріліп, ақ қағазға тізіледі. Оқып көрсөн - ойынды ойран-топан етеді; миынды шымырлатып, шытырман күйге жетелейді; татып көрсөн - дәмі бірде кермек, бірде бал - жай пендениң жұтқыншағынан өтпейді.

Сыры да бөлек, жыры да бөлек бұл не қылған жан? Әйтеүір, жұмыр басты пенде, осы қоғамның мүшесі болғаннан кейін оны қалың жұртқа таныстырып қойса, артық болмас. Ол кезде тілші дегендер болады, өздері әр нәрсеге әуес, жазғыш. Қалтасында қаттап салып алған сұрақтары болады. Сол тілші күндердің күнінде қаламын кезеніп Серікке де жетіпті. Естіген әңгіменің сорабы мынадай болса керек:

Тілші: Серік аға, мақалаңыз шығыпты «Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» деген. Оқып көрсек, не айтқыңыз келгенін аңғара алмадық.

Серік: Пәлі, тағы бір оқы. Ол мақала емес қой...

Т: Ақын болудағы мақсатыңыз не?

С: Сөз-ақ... сосын...

Т: Абай ақын айтады: Максатым – тіл ұстартып, өлең шашпақ, Көзін қойып, наданның көңілін ашпақ.

С: Сосын...

Т: Сосын: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», деген...

С: Сосын. Мен Абай емеспін ғой...

Т: Сұрағыма жауап берсеңізші. Ақын болудағы мақсатыңыз...

С: Египеттегі пирамидаларды піргауындар қандай мақсатпен салған деп ойлайсың, шырағым?

Т: Бұл құпияны әлі ешкім тапқан жок. Ғасырлар бойы ізден келеді. Әзірге екі аяқты пендениң ақыл-ойы, ғылым-білімнің деңгейі жетпей тұр ғой. Түсініксіз бір әлем... Біреу құдайдың құдіреті дейді, біреулер, бәдәуилер мақтан үшін салған деседі.

С: Еріккеннен салған ғой, сірә. Иә, сосын?

Т: Пирамидаларға 10-20 мың жыл болыпты деседі. Сіз енді одан берісіз ғой. Заманымыз бір. Сұлбанызды сырттан көреміз, кездессек, дауысыңызды естіп, қолыңызды ұстаймыз. Өзіміз сияқты адамсыз, қазақсыз.

С: Иә, материя болған соң, көресіз, танисыз. Қазақ болған соң, кейде сәлем де бересіз. Оныңыз рас. Адамзат та материяның бір құбылысы ғой. Маркстік ілім бойынша... Жүрек те материя, жұдырықтайған бұлшық еті. Насос. Қанды айдан тұратын. Ол тоқтаса, адам өлеңді дейді. Рас па? Тағы рух деген бар. Оның мекені – мына жүрек. Демек, рух мәнгілік болса, жүрек те мәнгілік. Рух өлмейді. Артық айтсам, құдай асылыққа жазбасын, Анамның ақ сүтімен кеп құйылған маған, Абай рухы. Ал, сен, мақсат... дейсің.

Т: Менің сұрағымды қигаштау көріп отырсыз ғой, дәл сол сіз табынатын Абай тағы былай деген: «...біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке атанамын, біреу білгіш, ку, сұм атанамын деп, сол харекетте...».

С: Міне, сол Абай атаңдікі дұрыс. Пенденің мақсаты не дегенді өзің де біліп отырсың, менен несін сұрайсың енді...

Т: Жо...ок. Абайдың заманы басқа. Ол он тоғызынышы ғасыр. Ал, сіз бен біз жиырма бірінші ғасырдамыз. Әр ғасырдың алға қояр арманы, діттейтін мақсаты, күйттейтін мұддесі өзінше емес пе? Сіз мені басқа қыырға жетеліп баrasыз...

С: Мұның да дұрыс. Ақын – адам ғой. Адам қай ғасырда да адам, ол өзгермесе керек. Қылдан тайып, әзелде Алла жаратқан бейнесінен алшақтап, өзгере бастаса, Күн сөнеді, тіршілік атаулының мәні болмай қалады. Сонда ақын кімге керек? Олай болса, азаматтықтың да, ақындықтың да өлшемі, тіпті мақсаты десем де болады, ол мынау: «Адамды сүй, Алланың ҳикметін сез, не қызық бар өмірде, одан басқа».

Т: Қазақ ақынсыз болған емес. Осы күні ақын көп, соларға қалай қарайсыз?

С: Базарға қарап тұрсам, әркім баар. Барма деп кім айтады? Қажетін алсын, ақысын төлеп, мұқтажын өтесін. Алушының көптігінен базар жұтамайды.

Т: Өлеңді қалай жазасыз, Тақырыпты кім береді?

С: Әрбір жырым – Махаббаттың баласы,

Занды, не зансыз тұган, шамасы.

Әкесінің кім екенін, кім білген?

Менмін оның анасы.

Орыстың Марина Цветаева деген ұлы ақыны осылай деп менен бұрын айтып қойыпты. Ертерек туган ғой.

Т: «Сүюді білмеген адамның, осынау өмірде несі бар?!» деген сөздеріңізді әке-шешелеріміз айтып отыратын. Он жеті жаста болсаныз керек, «Шайтанкөлді» жазғанда. Алпыстағы Серік Аксұнқарұлы қандай екен?

С: Баяғы Серікпіз. Ақынның жасы жыл есебімен өлшенбейді.

Т: Жас ұрпакқа не айтасыз?

С: Өмір болса, әлі де айтармыз. Елдің амандығын, жердің бутіндігін тілейік. Артымызда қайсың қалсан да:

«Ұргызыландар, ұлдарымды басынан! Жұлғызыландар, қыздарынды шашынан!» Тас шайнап, құм түкірген Серіктің сөзі.

Аңыз осылай дейді. Кеше бала еді. Бүгін ақсақал. Алшаңдал ақын кетіп барады... Бір Ақсұнқардың шаңырағына бір ақын көптік етпес, аман болып, қазағының бақытына жасай берсін!

Замандастың Зарқын ағаң

ҚАРА НАРДАЙ ҚАЙРАТТЫ ЕДІ *Іште жатқан сырым ғой*

Бала кезде мән бере қоймаймыз, «бәленшекең он жыл түрмеде отырып келіпті» дегенге таң қаламыз, «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», «кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деп, үлкендердің әңгімесін естіп өстік.

Солардың бірі – көп жыл Едірей сыртында қой баққан Қайыпов Балташ деген кісі еді. Бертін келе, қара танып, тарихтан біраз мағлұматымыз бар, сол он жыл отырып келгендердің біреуі ретінде Балташ ақсақалдан әңгіме сұраймыз. Мінезі біртога, көзін сығырайтып қана сынай қарайды, ептеп, әзіл араластырып сөйлейді. Көп шешілмейді. «Несін айтасың, ол бір қызық дүние еді ғой, өтті, кетті, ұмытып та қалыптыз», деп қояды. Білдірмей құрсінеді-ау деймін. Бізге әңгіме керек.

Онымыз – қарияның қанталаған жаралы жүрегін тырнап, есіне түссе жаны түршігетін азапты өмірінің баянын қозғал, қиянат жасап отырганымызды қайдан білейік. Жазықсыз тұтқындағы шеті жоқ, шегі жоқ күндерін, айлары мен жылдарын өткізіп, елге оралғанына өзі де сенбейтіндей еді.

«Он жылың бері ғой, түгел есептесен, жиырмадан бірі кем емес», – деп ныгарлап қоятын. - Солтүстік Мұзды мұхиттың іргесінде, ел айтатын «итжеккенде» жарты ғұмыр өтті. Онда тұтқын атаулының арасында неше түрлі көсем де, шешен де, би де, батыр да, бақсы да жүреді. Ишан, моллалар болады. Солардың біреуінен екі-үш сөз аят жаттап алдым. Уақыт жетеді, асығатын жағдай емес, жан құдайдікі де емес, үкіметтікі. Дінге бет қойып, аят-хадисті қөбірек жаттасам, қазір әжептәуір молла болып отырар ма едім, - деп тағы әзіл қосады. - Бой қуатым едәуір еді, альса түссем, әлде біреу-екеудің астында қалмаймын. Оным – бұзықтық емес, дене еңбегіне беріктігім десем, дұрыс болады және қазақ баласы үшін күрес пен төбелес оншалық жат та емес қой, ежелден. Бірақ, маған ешкім тиіспейді...

Тапсырған жұмысын қажымай істеймін. Қажымай дегенім, жай ғой, қу өңештің қамы, қайла сермен, мың жылдық тоңға күрек басу, қалаи берсе мықшындал қап көтеру оңай емес. Әйтеуір, жілігімнің майы үзілмесе керек, онда өліп қаламын ғой.

Бойым дейілдеу, денім сау, окуым жоқ, ештеңені ойлап, мәнісіне бойлай алмаймын. Неге жүрмін, не үшін сottалдым, мен үшін басқалар қайғырысын, деген сиякты. Соры қайнаган жүздеген, мындаған тұтқындардың бірі екенімді білемін. Осынау ұшы-қырысыз сұрқай қапастан бір күні шығамын-ау, шыр етіп дүниеге келгенде көзімді ашып көргенім, өзіміздің Едірей-Арқалыққа табаным қайта тиер-ау деген ой жоқ. Одан басқа жер бар екенін білмеймін, білсем деп армандаған да жоқпышын. «Итжеккенің» қысы мен құзі қайсы, көктемі, қайда білмеймін. Жаз дегенді ұмыттым... Күні қысқа болады екен, аңғарғаным сол. Таң атады, күн батады, сағындырмай ымырт түседі. Кешке быламық-шалапты шайқап-шайқап ішіп, бер жағынан қара нанмен тығындал, тақтай төсекке жатамын. Қарны орта қазақ шөлдеуік келеді-ау деймін, ашы қуырдақ

жегендей қаталап, бақырашқа су қайнатып, оған қарағайдың қабығының асмтарында болатын қоңыр түсті үгінді салып, өзімізше «шай демдеп» ішеміз. Сол жай ұнтақ емес, бір қасиеті бар, кәдімгідей нәр береді, шөл басады. Кейде ойлаймын, соны білгіштер неге зерттеп көрмейді екен деп.

...Таңертең оянамын, тірі екенмін, көрер жарығым, татар дәмім таусылмапты. Тіршілік деген тәтті ғой, бүгін бармын, оған да тәубә, деп өзімді өзім жұбатамын. Ел қайда, жұрт қайда? Жұрагат қайда, елде бәйбішем, оның жанында бір қызы қалған, түрін де ұмытып қалыптын, атынды атататын ұл болса, тіпті жақсы ғой, деп қояды жанымдағылар. Маған бәрібір. Менің атамы аталды не, аталауды не.

Әйтеуір, өзім түсінген, өзім мойныма алған иманды бір жұмысым бар. Таңертең, көрші барактарды аралап шығамын. Өлім-жітімге таң қалмайсын. Ісіп-кеуіп жан тәсілім бергендердің әлпеті бұзылып кетеді, бетін бұрып, бейнесіне қараймын да, ішінен, осы мұсылман-ау, дегенінің көзін жауып, жағын таңып, көтеріп алып шығып, шанаға саламын. Апарып жерлеймін. Қалай жерлейсің, Колыманың даласы мәңгі мұздақ, топырағына жете алмайсын, күпсек қарды қазып көмемін. Әйтеуір, бетін жасырғаным ғой. Боран тегістеп кетпесін деп, басына тапсам, таяқ, таппасам шыбық шаншып қоямын, тізерлеп отырып, өзім білетін бір-екі аятымды оқимын. Бұл - күндеңі ісім, жаңылмаймын, жалықпаймын.

Міне, шырақ, әңгіменің сиқы осы. Құдай басқа бермесін. Не үшін, кім үшін соттады? Шықлаған жан, таусылмаған дәм, міне, елге келіп, ұлды болып, оның атын көп ойланбай-ақ, Ермек қойып, қалған өмірде ермек қылып жүрген жағдай бар», деп бір тоқтайды.

«...Басқалар..дейсің бе? Иә, жазықсыз сотталғанын айтып, өткен өмірінен мысал келтіріп, сыр шертетіндер, әрине, аз емес. Маған, солардың әңгімессі, бір түрлі ұнамайды. Шынымен жазықсыз жаламен кесіліп кетсе керек. Ал, менің кімге не жазғаным, қылмыс деген не өзі, соны білген емеспін. Әлде, түсінбейтін шығармын. Кезінде болған-толғанын айтып, біреулердің атын атап, түсін түстеп, кейде мақтап, кейде даттап,

қарғап-сілеп отыратындар болады. Сөйтеді де, уайымдайды, күйзеледі. Бармағын шайнап, аһ ұрғанда, ауыздарынан жалын атқандарды көрдім десем, әй, иланбассың. Бұл адам деген, қызық жаратылыс қой. Сөйтіп, қан жылап отырып, сәл нәрсеге балаша жұбанып, құледі, түкке тұрмайтын сөз үшін ызага булығып, әлем-тапырық қүйге түседі. Көздерінен жас та шықпайды. Бір сағат, жарым сағаттан кейін көрсөн, тағдырдың тауқыметіне бағынған, не қолынан, не тілінен ештеңе келмейтін, сол баяғы мұсәпір, қауқарсыз қалпы. Әлгі бейшараның өліп қалғанын бір-ақ білемін. «Иманды болсыннан» басқа шара жоқ, сүйретіп шанаға саламын да, әкетіп бара жатамын. Мені ешкім жұмсамайды, өз кәсібім, өз шаруам, өзім ғана білемін. Тізімнен сызылып қала берген әр мұсылман менің қарауымда...»

Сол сотталу, айдалудың арасында соғысқа алынып, немістің тұқынында тепкі көріп, елге де келіп қайтты. Қайтадан он жылын арқалап тағы айдалып кетті. «Неге, не үшін, кімге жасаған жазығы үшін, әлі күнге білмеймін. Миым жетпейді, сол жетпегенінің өзі дұрыс болды-ау, деймін». Осы екі ортада тағы бір қызға әке болды. Қара шанырақ, қазан ошак, қайран ел, көз үшінда қала берді.

Ана бір жылы, Тәуелсіз қазактың өз Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан құттықтау тапсырылып, аты жазылған алтын сағат бергенде, Мәшәкәр шешеміз: «Бұл маған берілген сыйлық. Сенің нең кетті, айдауда, тұрмеде жүріп, өкіметтің тегін тамағын ішіп келдің, біз мұнда сорымыз қайнап, жетім бала, жесір қатын колхоздың жұмысында қысы-жазы бел шешпей, азапты бейнет шектік», деп аңы болса да, шындықты күйіне отырып, қуана отырып айтқаны есімде. Қуанғаны – шалының соғыс ардагері саналып, қырық жылдан кейін мойындалған ақиқаттың нышаны болатын.

Бұрынғылар айтады екен. Далада жатқан қара тас та жылайды. Істыққа қызып, сүйкқа мұздап мүжіледі, су шаяды, жел тоздырады. Ал, адам баласы сол қара тастан да берік. Қанша ауыртпалық көрсе де, шыдайды, тағдыр-екеңнің тауқыметіне төзіп, жарық дүниеде өзіне бұйырғанын еншілейді...

Айтайын деп отырғаным, отталып-сотталып жүрсе де, адамгершілік бейнесін жоғалтпаған, мінезі ұстамды, артық қимыл, асыра сөзге жоқ, жаны сірі осындай жандарға таң қаласын. Тіпті, кесікті мерзімін өтеп, қайтар шағы жеткенде, тағдырластарымның дені сауымен қоштасамын, ауру-сырқаулысымен кешу алысамын деп, барак арапап аптығып жүргенде маусымның соңғы пароходынан қалып қойып, келесі көктемге дейін жеті-сегіз ай ерікті тұтқын болып жүргені тағы бар. «Оған да қайғырганым жоқ. Үйренген тозағыма қайта келсем, сен басы бос азаматсың, деп сасық түрмеме кіргізбейді. Бұл да тағдырдың жазғаны», деп күлімсіреп қоя салатын.

Осы жазбалардың қағазға түскеніне де жиырма жылдан асып кетті. Күндердің күнінде жатып қалды деген хабар да келеді. Қол тиғенде барып көнілін сұраймын. Айдың-күннің аманында талай қазақ «ақтабан-шұбырындыға» ұшырап, туған жер, өсken елден босып кеткен кез де бастан өткен. Сүйегім сахара да курасын, Едірек-Арқалықтың сайында қалсам... деген талай шал-кемпір, жылай-жылай, қара бейітке қарай-қарай қалаға көшкен. Балтекен де қалада.

Елден жыракта жүрміз, анда-санда жылап көрісеміз. Ақсақал қуанып қалады. Өнімсіз әңгімелі болады, жеңіл ғана әзіліміз таусылмайды. Сонда мына заман, жалған дүние жайында жақ ашпады ғой деймін. Әйтеурі, ондай бір сөз қозғап, мысалы саясат, ақша, мал турасында сөйлесе де, жарытып бірдене айтқаны есімде жоқ. Ондайды сұрамайды, айтсаң да, тұшынып құлақ түрмейді. Мұнысын мен де білемін, мінезіне бұрыннан қанықпын. Өзім көргенде ерекше жаратыла салған жұибак жан еді...

Қазақтың қасиетті қара шалдарының тағы біреуі, жай біреуі емес, өзім білгенде Қажымұқандай қайраттысы, «әй, бір жұз жылдың жүзін аудармай, өле қоймас,» деуші едік, сол Қайыпұлы Балташ та осыдан он жыл бұрын 88 жасында дүниеден өтті. Өз аманаты бойынша сүйегіне түстім, ағайынтыс жиналып, ақ жуып, арулап қойдық. Жалғыз ұлы Ермекті

«саған тапсырдым, о, дүниеде қолыңдан аламын», деп өсиет етті. «Хош» дестік, кешу алыстық...

Әкеміздің рухына құран оқытып, ас беремін деген талпынысың құптарлыш екен. Жер шалғай, ақ қар, көк мұзда жете алмадым, Ермегім!

Киырда жатып қол жаямын, дұға бағыштаймын.

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақ» газеті және отарлық езгі мен феодалдық мешеуілкке қарсы күрес идеологиясының қалыптасуы. - б.141-165 / М. Қойғелдиев. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995.- 368 б.
2. «Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст. С.О. Смағұлова, Г.К. Өнес, Т.А. Замзаева. - Алматы: Арыс, 2009. - 480 б.
3. «Қазақ» газеті / Бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 560 б.
4. «Қазақ» газетінің Бас жазушысы. - б.153-173 / Әбдіманұлы Ә. Ахмет Байтұрсынұлы. Зерттеу эссе. - Алматы: Арда, 2007. - 296 б., жапсырмалы.
5. Алаш ақындары: Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. - Алматы: Алаш, 2006. - 288 б.
6. Алаш көсемсөзі (хрестоматия) З.С. Тайшыбай.- Петропавл: СҚМУ баспасы, 2003. - 254 б.
7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. - мамыр, 1920 ж. Движения Алаш. Сборник документов и материалов. Декабрь 1917. - май 1920. - Алматы: Алаш, 2005. - Т.2.- 496 б.
8. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст. Г. Өнес, С. Смағұлова. - Алматы: Арыс, 2009. - 544 б.
9. Апашева С. Тың тарихи деректер арқылы Алаш қозғалысы және қазақ зиялышарының тағдырын зерттеу // Қазақстан тарихы. (әдістемелік журнал). - 2013. - №2. - б.13.
10. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 168 б.
11. Әлихан Бекейхан. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. - Астана: Сарыарқа, 2009. Т.1.: 1889-1903 (Омбы- Қарқаралы – С.-Петрброр-Омбы).- 364 б.
12. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу/ Құраст. Р.Нұргалиев.- Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
13. Байтұрсынов А. Қазақ өкпесі // Қазақ үні. - 2012. - №.1. - б.103.

14. Байтұрсынов А. Қазақ өкпесі // Қазақ үні. - 2012. - №1. - 6.103.
15. Байтұрсынұлы Ахмет. Бес томдық шығармалар жинағы.- Алматы: Алаш, 2003. Т.1. Өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер. - 408 б.
16. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). - Алматы: Мектеп, 1981. - 238 б.
17. Болғанбай Х. / Х. Болғанбай (құрастырып және жалпы редакциясын басқарған проф. Д. Қамзабекұлы). - Алматы: Арыс, 2009. - 288 б.
18. Бекейхан Ә. Таңдамалы / Ред. Р. Нұргалиев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
19. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы/ Құраст. Г. Дулатова, С. Иманбаева. - Алматы: Мектеп, 2002. Т.1.: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. - 368 б., сур.
20. Елеуkenов Ш. XX ғасырдың басында тәуелсіздік идеясын көтерудегі қазақ баспасөзінің қызметі // Жұлдыз. - 2013. - №1. - 6.174-175.
21. Зарқын Тайшыбай әлемі: Тарих. Тұлға. Тағылым. Тарихитанымдық басылым. - Қарағанды: Болашак-Баспа РББ, 2012. - 124 б.
22. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлагы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрагат деректері негізінде). Монография.- Астана: Педагогика Пресс, 2010. - 304 б. Мұрагаттық суреттер, деректі құжаттардың ксеросканерлі көшірмелері.
23. Кеменгер Қ. Омбыда оқыған қазақтар: Зерттеулер мен мақалалар.- Астана, 2007.- 218 б.
24. Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. - Алматы: Қазақстан, 1996, 296 б. «Тарихи тұлғалар» сериясы
25. Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. «Тарихи тұлғалар».- Алматы: Қазақстан, 1996. - 296 б.
26. Козыбаев С. Первая ласточка национальной печати // Казахстанская правда. - 2013. - 31 января. - с.6.
27. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. - Астана: Елшежіре, 2008. - 360 б.

Киянатұлы З. Алаш ұраны қазақтың ұлттық идеологиясына айналуы тиіс // Ақиқат. - 2012.- № 7. - 6.27.

Қозыбаев С. Родоначальница демократической прессы// Мысль. - 2013. - №1.- с.67-70. Т.7. Мерзімді басылым тәлімі. - 480 б.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы :Көмекші оқу құралы.- Алматы, Санат, 1995. - 368 б.

Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX-ғғ.). Зерттеулер. - Алматы: Жалын ЖШС, 2004. - 400 б.

Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. - Алматы: Жеті жарғы, 2001.-160 б.

Куандыков Е.С. Сүрең салған сұрқия саясат. Ғылыми мақалалар мен зерттеулер. (Ф. Голощекин тұсындағы Қазақстандағы әкімшіл-әміршіл жүйе негізінде жүргізілген саяси билік туралы). - Алматы, Санат, 1999.- 104 б.

Құмғанбаев Ж. Әлихан Бөкейханов және «Қазақ» газеті // Қоғам және дәуір. - 2012. - №1. - 6.97-103.

Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. - Астана: Фолиант, 2007. - 320 б.

Қызыл қырғын. / Құраст. Қ. Қасенов, Ә. Төреканов. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 80 б.

Махат Д. Қазақ зиялыштарының қасіреті. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 304 б.

Міржақып Дулатов. Қазақ зиялыштары // Ақиқат. - №3. - б.3. Нұрпейіс К. / Бас ред. Б. Аяған. - Алматы: Қазақ әнциклопедиясының Бас редакциясы, 2007. - 376 б.

Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар / Бас ред. Б. Аяған. - Алматы: Қазақ әнциклопедиясы, 2007. - 376 б.

Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.

Омашев Н.Н. Алаш арыстарының саяси басшылығы: Оқу қурал.

Өзбекұлы С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер - Алматы: Жеті жарғы, 1998. - 192 б.

44. Сүлейменова Д.Д. Батыс Алашорда тарихы-әлке тарихының құрамдас бөлігі. - Алматы: Арыс, 2007. - 136 б.
45. Тайшыбай З., Ахметжанова Т. Баспасөз тарихы. - Петропавл: СҚМУ баспасы, 2003. - 181 б.
46. Төлепберген Б. Мәнгі жас - Алаш идеясы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. - Алматы: Баспа үйі, 2008. - 304 б.

МАЗМҰНЫ

1. АБЫЛАЙ ХАНГА БАРАР ЖОЛДА.....	3
2. АУДАРМАШЫНЫң ТУСІНІКТЕРІ.....	10
3. ШОҚАН ҮӨЛИХАНОВ ЖӘНЕ АБЫЛАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	14
4. БАЯН ЖӘНЕ САРЫ БАТЫРЛАР ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР.....	58
5. ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН.....	65
6. МАҒЖАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ.....	68
7. ДҮНИЕГЕ ҒАББАС ӘҢШІ ОСЫЛАЙ КЕЛГЕН.....	104
8. АРДАҚ.....	104
9. ҚАНАПИЯ.....	110
10. ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ.....	118
11. СӨЗДЕР БІРІНЕ - БІРІ СӨУЛЕ ТУСІРЕДІ.....	121
12. ЗЕЙНЕЛ БОРАМБАЙҰЛЫНЫң ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЖАНАШЫРЛЫҒЫ.....	125
13. ҚАЗАҚ АЛФАВИТІ ЖӘНЕ ОРФОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ.....	128
14. «ЖАС АЗАМАТ» ГАЗЕТІ.....	135
15. ТАС ТҮГҮРДА – ХАС БАТЫР.....	173
16. ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢДЕР ЕСІМДЕ.....	178
17. БЕЙІМБЕТ ЖӘНЕ ҚАРАҒАНДЫ.....	183
18. Е.ЗІКІБАЕВ АҚЫН ӘРІ КӨСЕМСӨЗ ШЕБЕРІ.....	195
19. ТАС ШАЙНАП, ҚҰМ ТҮКІРГЕН СЕРІК ЕКЕН.....	238
20. ҚАРА НАРДАЙ ҚАЙРАТТЫ ЕДІ.....	243
21. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	249

Тайшыбай Зарқын Сыздықұлы

БАБАДАН ҚАЛҒАН БАЙТАФЫМ

1 том

*5B050400 «Журналистика»
мамандығының студенттері үшін
оку-әдістемелік құралы*

Редакторы К.Б. Ахметжанова

Подписано в печать 06.04.2018 г. Формат 60×90 1/16.
Гарнитура Times. Ризография. Объем 15,75 усл.печ.л.
Тираж 30 экз. Заказ №118-11. Бумага книжно-журнальная.
Отпечатано в ИПО СКГУ им.М.Козыбаева.